Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 323.22/28(574)(520)

Қолжазба құқығында

АҚЫН БАҚДАУЛЕТ ҚАЛИАХМЕТҰЛЫ

Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі

6D020900 – Шығыстану

«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
тарих ғылымдарының
докторы, профессор
Ким Г.Н.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Ph.D., профессор Дадабаев Т.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 3
КІРІСПЕ 4
1 МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 18
1.1 Жаңғыру немесе модернизация теорияларының концептуалды негіздері 18
1.2 Жапония мен Қазақстанның жаңғыру процестерінің теориялық және әдістемелік негіздері 29
2 ЖАПОНИЯНЫҢ САЯСИ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРУ ПАРАДИГМАСЫ 56
2.1 Жапонияның саяси жаңғыру процесі, оның кезеңдері мен нәтижесі 56
2.2 Жапонияның жаңару процесіндегі либералды және неолибералды идеялар: дәстүр мен жаңғыру сұхбатындағы «Ва» феномені 62
2.3 Жапониядағы саяси партиялардың даму модернизациясы 82
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЖАПОНИЯНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ 87
3.1 Қазақстан Республикасы мен Жапонияның басқару формалары: салыстырмалы талдау 87
3.2 Жапонияның Либералды-демократиялық партиясының тәжірибесі негізінде егеменді Қазақстанның партиялық жүйесінің дамуы: қолдану жағдайы мен мүмкіндіктері 104
3.3 Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің жаңғыру процестерін жетілдіруде Жапония тәжірибесінің маңызды қырларын тұжырымдау 126
ҚОРЫТЫНДЫ 136
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 140

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ – Америка Құрама Штаттары
ЛДП – либералды-демократиялық партия
ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйым
ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ДСҰ – Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЖКП – Жапонияның коммунистік партиясы
ЖСП – Жапония социалистік партиясы
ЖШП – Жұмысшы-шаруа партиясы
ЛП – Либералды партия
ДП – Демократиялық партия
ИСЖП – Испания социалистік жұмысшы партия
ҮҰК – Үндістан ұлттық конгресі

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақстан мен Жапониядағы жаңғырудың теориялық және практикалық аспектілері кешенді түрде қарастырылып, мемлекеттің басқару институттары, екі елдің партиялық жүйесінің, мемлекеттік қызметінің қалыптасуы мен дамуына талдау жасалды. Сонымен қатар, Жапониядағы модернизациялық тәжірибені салыстыра талдау барысында қазақстандық қоғамның ұлттық ерекшеліктері мен салт-дәстүрін ескерген модернизациялық, демократиялық процестерді жеделдету жөнінде нақты практикалық ұсыныстар жасалды.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Жиырмасыншы ғасырда Жапония даму жағынан артта қалған феодалдық елден қазіргі заман талаптарына сәйкес технологиясы дамыған, демократиялық мемлекетке айналды. Қарқынды даму нәтижесінде, қазіргі Жапония бұл аса дамыған державалардың бірі болып есептеледі. Жапонияда американдық және еуропалық құқықтық нормалар ұлттық салт-дәстүрмен тиімді үйлескен.

Жапон елінің қарқынды дамуы тарих, саяси ғылымдар, шығыстану саласындағы көп зерттеушілердің назарына болды. Сондықтан, Жапонияда болған көптеген қоғамдық-экономикалық және саяси өзгерістер, оларды талдау және мемлекеттің тарихи трансформациясы мен дамуы жапонтану саласының басты тақырыбына айналды. Тақырыптың өзектілігі ғаламдық рухани-экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын іздестірумен байланысты батыс елдері қоғамының қазіргі шығыс елдерінің, атап айтқанда, Жапонияның тарихы мен мәдениетіне қатысты қызығушылықтың артуымен анықталады. Сыртқы саясатта Жапонияның Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы осы тақырыптың маңызын арттыра түседі.

1990 жылдардың басында ҚР-ның сыртқы саясатында Жапония елінің негізгі актор ретінде пайда болуы екі ел арасындағы өзара әрекеттестіктің дамуымен айқындалады. Бұл қарым-қатынас халықаралық қатынастардың түрлі салаларында іскерлік өзара ықпалдасудың нығаюымен байланысты. Жапонияның саяси жүйесі өзектіліктің негізгі іргесін құрайды. Себебі, шығыс мәдениеті дәстүрге, тарихи сабақтастыққа төзімді және ұлттық менталитетпен ұштасады. Сол үшін жапон саяси жүйесін мұқият зерттеу қажет. Өйткені мұның Қазақстандық шығыстану үшін теориялық маңызы жоғары және осы мемлекетпен ынтымақтастықты нығайту үшін тәжірибелік мәні орасан зор. Мысалы, қоғамның саяси дамуына және оның ішінде дәстүрдің сақталуына тікелей қатысы бар. Саясат пен дәстүрдің өзара әсер етуші қырлары кездеседі, яғни, бір жағынан дәстүр саясатта түрлі бейнеде көрініс тапса, екінші жағынан саясат дәстүрдің өміршеңдігіне әсер етеді [1].

Саяси жаңғыру дәстүрлі саяси жүйелерден қазіргі заманға лайықты саяси жүйеге өтуді білдіреді [2]. Саяси жаңғырудың қалыптасқан тұжырымдамасы бұл процесті негізгі екі түрде қарастырады. АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне тән жаңғыру моделі дамудың ішкі қажеттіліктеріне байланысты табиғи эволюция нәтижесінде қоғамдық құрылыстың

рационалды моделіне өтуді қарастырады. Жаңғырудың тағы бір үлгісі дағдарысқа ұшыраған елдерде қолданылып, бұл мемлекеттер жаңғыру серпіндерін жасаған дамудың қуып жету моделін жүзеге асыруға талпынды.

Жаңғырудың жалпы заңдылықтары көптеген Шығыс елдерінде, әсіресе, отаршылдықтан азат болған елдерде байқалады. Жаңғырудың осы түрі Жапонияда да көрініс тапты. Жапония жаңа дәуірде екі жемісті жаңғыру сатысынан: Мэйджи кезеңіндегі (1867-1911 жж.) және екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі демократиялық реформалар кезеңіндегі жаңғырудан өтті. Бастапқы кезде жаңғырудың осы талпыныстары институционалды реформалар түріне ие болып, кейінгі кезеңде түбегейлі қоғамдық-экономикалық өзгерістерге үлкен серпін берді. Қос кезеңнің реформалары әлеуметтік-саяси топтардың құндылықтарын түбегейлі өзгертті.

Жапония мен Қазақстанның саяси жаңғыру феномендерін салыстыра талдау тарих, шығыстану салаларында жаңадан талқыланып жатқан тақырыптардың бірі болып саналады. XX ғ. соңғы он жылында бірқатар мемлекеттердің әлсіреп қалуы заманауи процестерді сипаттайтын әлемдік саяси дамудың ең елеулі оқиғалардың біріне айналды. Аталмыш жағдай тоталитарлық және авторитарлық режимдердің жүйелі дағдарысымен байланысты. Қазақстанның саяси эволюциялық дамуын кешенді түрде зерттеп, мемлекетіміз басқа посткеңестік мемлекеттермен бірге тұрақты қоғамдық-саяси дамудың қазіргі өркениеті дамыған жағдайға өтуімен байланысты түрлі саяси және басқа да өзгерістерге ұшырауда. Зерттеу жұмысында жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттік құрылыс түрлерін қабылдап қанай қоймай, сондай-ақ, қазақстандықтардың қоғамдық дамудың басқа да саяси-әлеуметтік аспектілеріне және әлемдік қауымдастыққа ықпалдасуымен де тығыз байланысты. Сондықтан, біз Қазақстан Республикасының саяси жүйесінде Жапонияның жаңғыру тәжірибесін қолдану мүмкіндігі еліміздің әлемде орнықты бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді деп сенеміз.

Көптеген ТМД мемлекеттерінің қоғамдық-саяси өзгерістері мен реформаларының тәжірибесі дамудың демократиялық және авторитарлы үрдістерін өз бетінше үйлестіре алатынын растайды. Сол себепті, қазіргі саяси ғылымда аталмыш жүйелерді тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық түрлерінің біріне жатқызу қиындық туғызады.

Саяси басқару жүйесінде қалыптасқан жағдай соңғы кезде ғалымдар тарапынан Жапониядағы саяси жаңғыру мен дәстүрдің үйлесімділігіне ғылыми-практикалық қызығушылықтың артқандығын аңғартты. Мемлекетте жеке мәдени және саяси бірізділігін сақтап қалуды және жапон қоғамының жаңаруға ұмтылуын терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет ететін маңызды мәселе болып отыр. Жапонияның жаңғыру тәжірибесін зерттеу жаһандану заманында әлемдегі жағдайда Жапония мен Қазақстанның саяси сұхбатын қалыптастыру үшін қажет. Түрлі мемлекеттердегі басқарудың ерекше формаларының болуына қарамастан интеграция, жаңғыру, демократияландыру, дағдарыс, жан-жалдар және т.б. ұқсас саяси моделді қалыптастырудың жалпы заңды үрдістері бар.

Басқаша айтқанда жаһандану дәуірінде саяси жаңғыру процесіне қатысы бар әлемдік саяси көзқарас пен мәтін барынша айқындалып отыр.

Даму мен қоғамдық құрылыстың әмбебап модельдерін ғана қолданатын болсақ, географиялық тұрғыдан әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан мемлекеттердің (Оңтүстік Корея, Сингапур және т.б.) әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғырудың жолына қалай және неліктен түсті, жаңа индустриалды мемлекеттердің қатарына қалай кірді, технологиялық және тарихи артықшылығы бар, табиғи қорларға бай басқа мемлекеттер (мысалы, Қытай) өз дамуында неліктен біршама артта қалды деген сауалға жауап бере алмаймыз. Осы тақырып төңірегінде зерттелген материалдардың айтарлықтай мөлшерде болуына қарамастан, кей жағдайларда өзгерістер рет-ретімен әрі қарқынды күйде, ал басқа бір жағдайларда тоқырау немесе кері бағыттағы қозғалыс неліктен болады деген сауалдың жауабы әлі табылмай отыр.

Бүгінгі күнгі Қазақстанның бастапқы кезеңіндегі демократиялық құрылыс мәселесі «демократияның» батыс моделін көшіріп алу құштарлығынан туындады. Бұл жағдай басқару жүйесі мен түрлі қоғамдық-саяси ұйымдар арасында қарама-қайшылықтарды туғызып, түрлі әлеуметтік-бюрократиялық құралдардың әлеуметтік-экономикалық салаға ықпалын күшейтті. Осы тұрғыда өте маңызды әлеуметтік-саяси, экономикалық және өзге мәселелерді шешу, сондай-ақ, елдің тұрақты даму басты бағыттарын анықтау маңызды. Елдің әлеуметтік-саяси демократиялық реформаларын тұжырымдау кезінде Қазақстанның ерекшелігін, халқымыздың менталитетін, мәдениетін, саяси дәстүрін ескеруі қажет. Нақ осы аспектілерді Қазақстан Республикасының саяси процесінде жаңғыру тәжірибесінің жапондық моделін қолдану мүмкіндіктерін жасаған кезде есепке алу қажет.

Қазақстан Республикасының тұрақты даму талабы ретінде саяси жаңғыруды жан-жақты талдау өзектілігі мен маңыздылығының деңгейі артуда. Себебі, бұл жағдай Қазақстан Республикасының қоғамды демократияландыру жөнінде саяси реформаларды іс жүзінде жүзеге асырумен және мемлекетіміздің саяси өмірінде бірқатар жалпыұлттық міндеттерді орындаумен байланысты. Осымен бірге, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың пікірі бойынша «бізде саяси реформалардың өзіндік моделі қалыптасып келеді, саяси транзиттің «Қазақстандық» жолы қалыптасуда». «Оның ерекшелігі мен басты сипаттары – президенттік басқару түрін сақтау, реформалардың кезең-кезеңмен өтуі, қабылданатын шешімдердің теңгерілген әдісін ұстану және негізгі саяси күштерді біріктіру» [3]. Біздің пікірімізше, мемлекеттің инновациялық даму стратегиясы және адами әлеуетті жүзеге асыру есебі азаматтардың демократиялық құқықтарын және бостандықтарын ұлғайтатын, мемлекеттік қызметкерлерді басқару түрлерінің демократиялық әдістерін игеру мүмкіндігін ұсынатын демократиялық институттарсыз, биліктің қоғам алдында ашық болу жағдайынсыз, қоғамның елдің қоғамдық-саяси өмірге белсенді түрде қатысуынсыз жүзеге аспайды.

Қазіргі ішкі саяси (конституциялық реформалар) және сыртқы саяси (әлемдік экономикалық дағдарыс және т.б.) жағдайлар кейінгі эволюциялық

қоғамдық-саяси дамудың жаңа нұсқалары мен бағыттарын іздестіру, Қазақстандықтардың ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрін, демократиялық құндылықтарын ескере отырып, дағдарыстың болмыстарымен күрес жүргізудің тиімді амалдарын жасау қажеттілігін туындатуда.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 31 қаңтар 2017 жылдағы Қазақстан халқына арналған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: ғаламдық бәсекелестікке қабілеттілік» жолдауында мемлекетіміздің 25 жыл бойы тәуелсіз дамуының жетістіктері дұрыс саяси жолды таңдау нәтижесінде болғаны атап өтілді. Республика саяси жүйесінің сатылы әрі тиімді жаңғыруы осы жолды сеніммен өтуге көмектесті.

Қазіргі тарих дискурсында неолибералды парадигма басымдыққа ие. Осы парадигма аясында шоғырландырылған демократиясы бар елдердің саяси жүйелері мемлекеттік құрылыстың эталоны және әмбебап стандарты ретінде қабылданды. Ал, Аристотель болса, мемлекеттік құрылыстың саяси формалары туралы мәселені абстрактілі қоюға және институционалды анализбен ғана шектелуге болмайды деп айтты [4, 42 б.]. «Саяси философия практикалық ғылым ретінде мемлекеттің қандай құрылысы ойлап пайымдау тұрғысынан ең жақсы» деген сұраққа емес, қай саяси жүйе немесе басқару түрі сол елге оңтайлы деген сұраққа жауап іздеуі тиіс.

Қазақстанның саяси жүйесіндегі жаңғыру мақсаттары мен міндеттерін түсінудегі келесі шешуші бетбұрыс мемлекеттің жаңа даму кезеңге өтумен байланысты. «Қазақстан-2050» стратегиясында заманауи, қалыптасқан мемлекеттің құрылуы тәуелсіз дамудың алдыңғы жылдарының қорытындысы деп тұжырымдалған. Мұндай мемлекет экономикалық өсуі қарқынды болуын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді даму саясатын жүзеге асырады. Саяси жүйені реформалау қағидалары қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытына негізделуі қажет.

«Қазақстан-2050» стратегиясы «неомодернизация» теориясын жүзеге асыру үлгісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Жаңа саяси бағыттың экономикалық құрамдас бөлігінің мәнін түсіндіре отырып, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тұтастай қамтыған экономикалық прагматизм» түсінігін қолданады. Бұл ұғым экономикалық мақсатқа сай болу және ұзақ мерзімді мүдде тұрғысынан барлық экономикалық және басқару шешімдерін қабылдау дегенді білдіреді. Сонымен бірге, Елбасы «Ең алдымен – экономика, содан кейін – саясат» тұжырымын ұстанып, оның әр саяси реформасы экономиканың дамуымен тығыз байланыста болды. Н.Ә. Назарбаев институционалды реформаларды жүзеге асырудың жаңа амал-тәсілдерін саяси прагматизмге бағыттады.

Жоғарыдағы айтылған көзқарас аясында саяси жаңғыруды ғылыми зерттеу мәселесі саясаттану, әлеуметтану, заң, экономика, мәдениеттану саласындағы мамандарды қызықтырады.

Диссертациялық зерттеудің объектісі. Жапон қоғамын түсіну үшін Жапонияның жаңғыру моделін анықтау, Қазақстан мен Жапониядағы жаңғыру процестерін түсіну.

Зерттеу пәні. Жапонияда жаңғыру процесінің қалыптасуы және дамуы негізінде оның саяси жүйесінің ерекшелігін жүйелі талдау, Қазақстанда Жапонияның жаңғыру тәжірибесін қолдану мүмкіндігін анықтау.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Зерттеудің мақсаты - Жапонияның жаңғыру тәжірибесін Қазақстан Республикасының саяси дамуында қолдану мүмкіндігі мен мәселелерін қарастыру.

Көздеген мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** алға қойылды:

- Жаңғыру теорияларының концептуалды негіздерін айқындау;
- Қазақстан мен Жапонияның жаңғыру процестерінің теориялық тұжырымдарын талдау;
- Жапонияның саяси жаңғыру процесін, оның нәтижесін анықтау;
- «Ва» қағидасы негізінде жапон қоғамының дәстүр мен жаңғыру сұхбаты стратегиясын сараптау;
- Жапондық жаңғыру моделінде саяси партиялардың даму үрдісін түсіндіру;
- Қазақстан Республикасы мен Жапониядағы басқару формаларын талдау;
- Жапонияның билеуші партиясының неолибералды техникаларын және оларды «НұрОтан» партиясында қолдану тәсілдерін қарастыру;
- Қазақстанның мемлекеттік қызметін жетілдіру үшін Жапонияның мемлекеттік қызмет тәжірибесін қолдану мүмкіндіктерін анықтау.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері. Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері Жапонияның Мэйджи дәуірінен (1867-1868 жж.) басталып, қазіргі кезге дейінгі аралықты қамтиды. Зерттеу жұмысында Қазақстан мен Жапонияның жаңғыру процестерін тиісті түрде талдау үшін кейбір тарихи жағдайларды қарастыру кездері болады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысының теориялық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми сараптамалары, тұжырымдары мен қорытындылары құрайды. Жұмыста мемлекеттік мекемелердің, саяси партиялардың құжаттарын жинақтау, талдау және сараптау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысы тарихи және логикалық, нақты талдау бірлігі, субъективті фактор мен объективті жағдайлардың қатынасы мен фактологиялық материалды пәндік-мазмұндық және сыни өңдеу арқылы зерттеу объектісін жүйелі талдау негізінде әзірленді.

Мысалы, салыстырмалы талдау әдісі түрлі қоғамдарда саяси жаңғыру процестерінің ерекше қырларын ажыратуға, саяси жаңғыруға түрлі өркениеттердегі тарихи құбылыс деп қарауға мүмкіндік береді. Қалған әдістер де Жапония мен Қазақстанның жаңғыруын жүйелі түрде айқындауға жағдай жасады.

Мәселен, тарихи-салыстырмалы әдіс Қазақстан мен Жапонияның мемлекеттік басқару формасын анықтауға көмектессе, контент анализ әдісі Қазақстан мен Жапонияның мемлекеттік қызметін реформалаудың негізгі бағыттарын анықтайды. Ал, диссертацияда қолданылған жүйелік әдіс екі мемлекеттің ішкі саяси жүйесін зерттеуге көмектеседі.

Зерттеу жұмысының дерекнамалық негізі. Автор диссертациялық жұмыстың деректік негіздерін төмендегідей топтарға бөліп қарастырады. XX ғасырдағы Жапониядағы саяси партиялардың қалыптасуы мен дамуы, екі елдің жетекші партияларының саяси платформаларына, жапон мемлекеттік қызметтің реформалануына байланысты деректердің **бірінші тобына** заңдар мен заң актілері [5-13], **екінші тобына** мемлекеттік және стратегиялық құжаттар [14-22], **үшінші тобына** саяси партиялардың құжаттары [23-25], **төртінші тобына** мемлекеттік қайраткерлердің сөйлеген сөздері [27-34], **бесінші тобына** Жапонияның статистика бюросының деректері [35-36] және **алтыншы тобына** БАҚ материалдары [37-44] кіреді.

Бірінші топқа кіретін құжаттарды талдау барысында екі елдің конституциясы, саяси партиялар мен мемлекеттік қызмет туралы заңдар негізге алынған болатын. Екінші топтағы құжаттардың ішінде екі елдің саяси-экономикалық дамуына оң ықпалын тигізген маңызды стратегиялық құжаттар сарапталды. Атап айтқанда, «Қазақстан-2030» және «Окано жоспары» стратегиялық құжаттарына ерекше мән берілді. Қазақстан мен Жапонияның билеуші партияларын зерттеу барысында негізгі дереккөз ретінде «Нұр Отан» және ЛДП-ның саяси құжаттарына, олардың ішінде, қазақстанның билеуші партиясының 2030 жылға дейінгі бағдарламасына және жапондық ЛДП-ның конституциясына, декларациясына ерекше талдау жасалды. Мемлекеттік тұлғалардың сөйлеген сөздерін сұрыптау барысында Елбасы Н.Назарбаевтың парламентте, жиындар мен «Нұр Отан» партиясының мүшелерімен кездескен кездегі баяндамалары маңызды дереккөз ретінде қолданылды. Бесінші топқа жататын статистикалық дереккөз ретінде Жапонияның статистика бюросының 2019-2020 жылдарға арнап шығарған деректері тың материалдар ретінде пайдаға асырылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Жапон саяси жаңғыруындағы консервативті-либералды және неолибералды түсінік туралы әлемнің көптеген саяси және арнайы ғылымдарында терең зерттелген. Алайда қазіргі ғылым қолда бар білім негізінде өзекті мәселелердің жаңа түсіндірмесін қажет етеді. Диссертациялық еңбекте жалпы саяси жаңғыру ерекшеліктері, жапон жаңғыруы, жапон либерализмі, индивидуализм және бір топта болу, жапон халқының ерекшелігі, Қазақстандық саяси жаңғыру мәселесі жөнінде көптеген авторлардың зерттеулері қолданылған. Екі мемлекеттің саяси жүйесін талдау барысында автор жарық көрген еңбектерді шартты түрде отандық және шетелдік деп екіге бөледі.

Отандық зерттеулер ішінде Қазақстанның саяси жаңғыру процесі туралы Н.Әмірекұловтың, Н.Масановтың бірлескен еңбегінде [45] Қазақстанның 20 ғ. 90-жылдарындағы алғашқы тәуелсіздік алған кезіндегі кейбір мәселелерін, Қазақстанның даму мәселелеріне сенімсіздік танытып отырғанын атап өткен жөн. Кейінгі Қазақстанның жаңғыру процесіне С. Жүсіпов, Қ. Берентаев, Е.Қарин, Н.В. Романова [46], Р.Қ. Қадыржанов [47], С.М. Борбасов [48], К.Сыроежкин [49], М. Лаумуллин [50] сияқты ғалымдардың еңбектері зор үлесін тигізді. Мысалы, Р.Қ. Қадыржанов, С.М. Борбасов атты ғалымдар жас

мемлекеттің саяси жүйесін қалыптастырып, саяси жаңғыруға президент институтының ерекше рөлін, оның маңызды тұстарын айқындап көрсетті. Сонымен бірге, Жапонияның жаңғыру процесіне қатысты Л.Т. Балақаева, Ж.Е. Ашинова және Н. Шаймарданованың [51] бірлескен еңбегін, жалпы жаңғыру теориясын зерттеуге арналған және Қытайдың жаңғыру моделін жан-жақты қарастырған Н.Ә. Алдабек, П. Бектұрғанова, А.Е. Серікқалиева, Д. Дәуен мен М. Асылдың бірлескен монографиясын [52], Оңтүстік Корея мен Қазақстанның стратегиялық әріптестігіне қатысты Г.Н. Кимнің еңбегін [53] атап өткен жөн.

Жоғарыда айтылған зерттеуші ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, профессор Р.Қадыржановтың мақаласында «жаңғыру процесі барысында дәстүрлі құндылықтар мен символдардан кету қоғамның өзінің ұлттық мәдениетімен байланысының жоғалуы қауіпті. Табысты жаңғыру ұлттық мәдениеттің нығаюы мен дамуынсыз мүмкін емес» -делінген [47].

С.Абдуллаев Қазақстанның әлеуметтік-саяси жаңғыруына қатысты «әлеуметтік-саяси жаңғырудың мән-мағынасы анықталып, әлеуметтік тұрақтылықты нығайту және әлеуметтік-саяси жаңғыру бірлігі негізделді, азаматтық қоғамның қалыптасу процесі және осы жаңғыру барысындағы оның рөлін» қарастырды [54]. Автор елдегі ішкі саяси және әлеуметтік тұрақтылық мемлекеттің экономикасына инвестициялардың көлеміне тығыз байланысты екенін атап өтті.

Н.Ж. Шаймарданованың жетекшілігімен жарық көрген монографияда [51] Қазақстан мен Жапонияның саяси жаңғыру процестері жеке-жеке талданған еді. Аталмыш еңбекте екі елдің жаңғыру процесіндегі негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері, Қазақстанның саяси жаңғыруын жетілдіру үшін алдыңғы қатарлы тәжірибе ретінде қазіргі Жапонияның саяси жүйесін демократияландыру процестерінде негізгі саяси институттардың рөлі талданды. Сонымен бірге, бұл жұмыста Жапонияның соғыстан кейінгі экономикалық реформалары, 1947 жылғы Конституциясы сарапталып, салыстырмалы талдау негізінде Жапония мен Қазақстанның партиялық жүйесін жаңғырту ерекшеліктері мұқият зерттелді.

Профессор Н.Алдабектің Қытайдағы жаңғыру мәселесіне қатысты еңбегінде [52] қытай елінің XIX ғасырдың ортасынан бастап қазірге дейінгі тарихи ретроспективасы талданып, мемлекет пен қауымның саяси, идеологиялық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер динамикасы байқалды. Қытайдың таңдаған жолы мен қабылдаған стратегияларының идеялық-теориялық базасы сарапталған. Қытай жаңғыруының аталмыш саласындағы құрылымдық өзгерістері мен шынайы жетістіктері сипатталған. Қазақстандық жаңғыру мәселелерін шешуге тиімді Қытай даму моделінің кейбір сипаттары анықталған.

Жапондық авторлардың ішінде зерттеу жұмысына байланысты бірнеше ғалымдарды айтуға болады. Мысалы, жапон зерттеушісі К. Масанаоның еңбегінде [55] Мэйджи реставрациясының алғышарттары, жапон саяси жаңғыруының ерекшеліктері мәселелері жаңа тұрғыда қарастырылып, олардың тәжірибесі егжей-тегжейлі зерттелген. Шюнсукэ Сумикава өз мақаласында [56]

«Жапонияның қазіргі басқару стилі Мэйджи дәуірінде сол кездегі батыс державаларына еліктеу арқылы қалыптасты» деп атап өтіп, «император атақты әрі мықты тұлғаға айналғандығы айтылды. Монархия ұлттық бірлікті құру мен сақтаудың тиімді құралы болған еді». «Дзайбацу деп аталатын отбасылық ірі бизнесті мемлекеттік қолдау көрсету жапон өнеркәсібі мен экономиканың дамуына ықпал етті. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дзайбацу таратылғанымен, бүгінгі Жапония экономикасында әлі де ұқсас конгломераттар жүйесі қолданылуда».

Тағы бір жапон зерттеушісі М.Дзюнносукэнің еңбегінде жапон тарихындағы саяси жаңғыру процесі ерекше бір тарихи феномен ретінде сипатталған [57]. Хисао Фурукава болса, «Жапонияның жаңғыру мәселелеріне тоқталу барысында жаңғыру қаншалықты ілгері кетуін анықтау үшін қала халқының шоғырлануы, жансыз энергияны пайдаланудың жоғары деңгейі, адамның өз ортасына енуі, мемлекеттік бизнес және өнеркәсіп сияқты ірі әлеуметтік институттардың өмір сүруі негізгі өлшемдерді» қарастырған еді [58, 234-б.].

Ал, Ичисада Миядзаки «Қытай тарихы» атты екі томды еңбегінде тарихи уақытты төрт кезеңге бөліп қарастырған еді [59, 82-83 бб.]. «Сөйтіп, қазіргі ғасыр жаңа дәуір болып, оны қазіргі заманға дейінгі кезеңмен сабақтастығынан бас тартуға болмайды. Осы дәуірлер арасында еуропалық және Қытай сабақтастығы өз бетінше қолданыста бар» [59, 84 б.].

Ватару Хиромацу «Қазіргі заманды жаулап алу» еңбегінде батыс модернді жаулап алуға қатысты пікірін білдірді. «Ешқандай жапон модернін жаулап алу туралы ешқандай мәселе қарастырылмайды» [60, 175-б.]. Сонымен бірге, Жапонияның қазіргі заманға дейінгі және қазіргі заман дәуірі арасындағы алшақтық негізінде мәдениеттен бас тарту көзқарастары қалыптасты.

Н. Коджидің жұмысында қазіргі Жапониядағы партиялық жүйенің ерекшеліктері терең зерттелген [61]. С.Сэйдзабуро, М. Тэцухисаның [62] еңбегінде 50 жылдан астам уақыт бойы Жапонияның саяси жүйесінде жетекші саяси партия рөлін атқарып келген Либералды-демократиялық партияның қалыптасуы мен дамуы ерекшеліктері, ал С. Ешия мен Т. Томокидің [63] еңбегінде партиялық жүйенің жапондық моделі қарастырылған. Алғашқы болып дамыған қоғамдардың индустриаландыру моделін қабылдау мәселесіне қатысты әлеуметтанушысы Ц.Кадзуки өз еңбегінде баяндайды [64]. Д. Такэо, И. Такэши, И. Сабуро [65], М. Масао [66], Н. Хироши [67], Н. Чиэ [68], Н. Сэйроку [69], Я. Кунио [70] сияқты жапон тарихшыларының аналитикалық еңбектері жұмыстың негізін құрады. Олардың еңбектеріне көптеген елдің жапонтанушылары жүгінеді.

Ресейлік авторлардың еңбектерін қарастыру барысында сан алуан түрлі материалдар кездесті. Мысалы, В.А. Ачкасов «қоғам өзінің дәстүр мен құндылықтар ерекшеліктерін басқа қоғамның құндылықтары мен салт-дәстүрін салыстырып қана түсіне алады» деген теориясын растайды [71, 173-175 б.]. Мұндай кезде дәстүрлер мен мәдениеттердің енуі мен өзара ықпалдастығына түрткі болатын жаңғыру ерекшеліктері мен бағыттары байқалады. Кейінгі

дамуы барысында саяси жаңғыру қоғамның дәстүрі мен құндылықтарының өзгертетін құралға айналады және қоғамдық мәдени, идеологиялық, символикалық дамудың мақсаттары мен құндылықтардың элементтерін иеленеді.

Ресейлік ғалым В.М. Раков жаңғырудың қоғамдағы құндылықтар мен дәстүрлі элементтермен қатынасын зерттеу кезінде құндылықтар өлшеміндегі саяси жаңғыру бір саяси жүйеден екінші саяси жүйеге өтетін дамып келе жатқан мемлекет үшін маңызды деп есептейді [72].

Қазақстандағы және Ресейдегі саяси жаңғыруды салыстыру негізінде Г.И.Мусихин құндылықтардың, саяси субъектілердің, халықтың, биліктің қарама-қайшылықтары саяси жаңғыруды жүзеге асырудың жеке түрлері мен формаларының қалыптасуына әсер ететінін растайды [73, 9-11б.].

Саяси жаңғыру типологиясы объективті тіршілік ету жағдайларында ғана мүмкін болады. Л.Гудковтың пікірі бойынша, жаңғырудың екі түрі кездеседі. Эволюциялық дамудың ішкі қажеттіліктері мен міндеттері аясында саяси өзгерістер болатын мемлекеттер мен қоғамдар жаңғырудың бірінші түріне жатса, саяси жаңғырудың екінші түріне кіретін мемлекеттер мен қоғамдар «қуалап жетуші жаңғыру түрін» қолданады [74].

Қазіргі Жапонияның барлық саяси жүйесі терең теориялық ұғынуды талап етті. Оның негізгі заңдылықтарын сараптау елдің соғыстан кейінгі дамуындағы үлкен тарихи бөлікке негізделген. Соғыстан кейінгі Жапониядағы саяси процестің өзіндік сипаты Ресей Ғылымдарының Академиясы Шығыстану институты Жапон зерттеу орталығының (РҒА ШИ ЖЗО) авторлық ұжымы әзірлеген «Японский феномен» монографиясында қарастырылған. Бұл монографияда К.О.Саркисов жазған «Японский тип государства» атты 3 тарауда жапон демократиясының мәні туралы «…дәстүрлі әлеуметтік психология, этикалық, моральдік және өзге құндылықтар элементтеріне толы демократиялық каркасты» деп айтады [75, 90 б.]. Осы еңбекте саяси жүйенің өзге ерекшеліктері арасынан жапон қоғамының саяси ұйымындағы топтық құрылымының рөлі, сондай-ақ, жапон бюрократиясының қызметі қоғамның саяси және экономикалық бөлшектері арасында «амортизатор» ретіндегі ерекшелігі аталып отыр.

Жапондық демократия моделінің теориялық сараптамасы Э.В. Молодякова мен С.Б. Маркарьянның еңбектерінде қамтылған. Авторлар Жапонияны дәстүр мен жаңғыру сипаты бейбіт түрде өмір сүріп жатқан саяси жүйе мен қоғамның қалыптасу үлгісі ретіндегі ойларын айтады. Э.В. Молодякованың ойы бойынша, демократия «жапон саяси мәдениетіне тән емес» болды [76, 61 б.]. жапон демократиясы конфуцийшілдік дәстүрлердің, сондай-ақ, дәстүрлі сипатты анық көрсететін әлеуметтік-мәдени, этикалық-құқықтық, ұлттық-психологиялық факторлардың әсерімен қалыптасты.

Э.В. Молодякованың тұжырымдамасы бойынша Жапонияның ерекшелігі Батыстың социал-демократиялық даму моделімен байланысты демократияның басты жетістіктері консервативті саяси элита жүргізген реформалардың нәтижесі болып саналады [76, 66 б.].

Сонымен бірге, аталған авторлардың жұмыстарында консервативті ұғымдағы бір элитаның ауыспай, ЛДП-ның ұзақ бір партиялы билік жүйесі де теориялық ұғынуды қажет етіп отыр.

Э.В. Молодякова жапон саяси жүйесінің плюралистік тұрғысына назар аударуда. ЛДП оппозициямен тікелей қақтығыстарға барудан аулақ болуды және ымыраға баруды қалайды. Ресей зерттеушісі «1955 ж. жүйенің» мәнін «доминантты партияның» авторитарлы беделінде емес деп айтты. «Билеуші партия мен қарсылық білдіруші партиялар арасындағы міндеттерді жіктеуден қалыптасқан тежеу және тепе-теңдікті сақтау жүйесінің үйлесімділігі деп қарастыруда» [76, 63 б.]. ЛДП ұлттық мүддені, ал оппозициялық партиялар халықтың жеке топтарының мүддесін ғана көздеп отырған сыңайлы.

Жапон саяси жүйесінің тұрақтылық факторлары И.А. Цветованың еңбегінде қарастырылған [77]. «Парламенттік жүйенің тұрақтылығын және парламенттің рөлін, сот билігінің тәуелсіз болуын, сондай-ақ, өз қызметтерін атқару үшін шынайы билік құқығы берілген сот билігінің тәуелсіз болуы» деп зерттеледі. Еңбекте жапондықтардың саяси мәдениетінің негізгі ерекшелігі, қоғамдық келісімге келу идеясына қызмет ету, бейбітшілікке ұмтылу сияқты пікірлер айтылды.

Жапон саяси жүйесінің жалпы сипаттамасында оның саяси-құқықтық және конституциялық-құқықтық аспектілері кең қозғалған. Бұл салада Ресей жапонтанушылары В.Н. Еремин, И.А. Цветова, А.В. Говоров және т.б. есімдері танымал В.Н. Еремин елдің құқықтық жүйесінің өзіндік сипаттарын таныстыра отырып, кабинеттік-парламенттік типтегі жапон конституциялық моделі аясында «...АҚШ-тың тәжірибесіне бағыт алу ойы жүзеге аспай, соғысқа дейінгі өмір сүрген дәстүрлі жапон ұстанымдары сақталды.» деп атап көрсетеді [78, 38 б.].

Жапон саяси жүйесінің жеке элементтеріне көптеген еңбектер арналған. Атап айтқанда, мемлекеттік биліктің жоғарғы заң шығарушы органы ретінде Жапония парламентінің ерекшеліктері Д.В. Стрельцовтың монографиясында баяндалған [79]. Еңбекте жапон парламенті қызметінің құрылымдық маңызы мен қағидалары туралы баяндалады, ЛДП-ның билігі кезінде парламенттік процестің болмысы қарастырылған. Зерттеу жұмысында ЛДП-ның «оппозициямен болған қарама-қайшылықтардың тепе-теңдігін сақтаудың тиімді механизмдерін» іске қосқаны, ЛДП мен оппозицияның ойлары түйісетін салаларда өзара ынтымақтастықты орнатқаны баса атап көрсетілген [79, 54 б.].

Жеке монографиялар түріндегі бірқатар ауқымды жұмыстар Жапонияның партиялық жүйесіне арналған. Мысалы, А.И. Сенаторовтың монографиясы 1992 жылға дейінгі негізгі саяси партиялардың, олардың саяси сахнадағы рөлі мен орнын, қызметінің әдістерін кешенді зерттеуден тұрады [80]. Еңбекте Қоғамдық лауазымды тұлғаларды сайлау туралы заң қарастырылған. Бұл заң сайлау науқанын өткізу барысында партияларға тең мүмкіндіктер берді. Монографияда жеке саяси партиялардың ұйымдастыру тәсілдеріне, атап айтқанда, партияға мүше болу, партияның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, орталық басқару және бақылау органдарының жұмыс істеу

қағидаларына байланысты мәселелерге ерекше көңіл бөлінген. Автордың ойы бойынша билеуші партияға қатысты саяси процестің жалпы векторы дәстүрлі консерватизмнен либералды бастамаларға, оппозицияға қатысты революциялық өзгерістерді енгізу талаптарынан бас тартуға қарай бағыт алудан тұрады. А.И. Сенаторов саяси күрес пен партиялардың бақталастығы билеуші күштердің ымыраға келу ұмтылысының себебі екенін атап айтады [80, 128 б.].

Соғыстан кейінгі партиялық-саяси құрылыстың мәселесі П.А.Павленконың еңбегінде де сөз болады [81]. Монографияда нақты материалдарға толы дәйектер негізінде ЛДП құрған тиімді билік жүйесі сипатталады. Автор ЛДП-ның ішкі құрылымында жапондық модельдің ерекше сипаттарын, ең алдымен, оның икемділігін, жағдайдың өзгеруіне бейімделуін, қоғам алдында жаңа партиялық имиджді құру қабілетін қамтамасыз ететін құрылымның фракциялық жағын ашып сараптаған.

Бюрократиялық жүйенің кейбір аспектілеріне келетін болсақ, Ресей жапонтанушыларының еңбектерінде мемлекеттік қызмет мәселесі кең түрде зерттелген. Мысалы, А.И. Сенаторовтың еңбегінде осы мәселенің көптеген аспектілері және неолибералды реформалар туралы жазылған [82]. Автор осы еңбегінде жапон тарихында неолиберализм ұғымы мен жапон қоғамының, саяси топтардың көзқарастарын білдірген.

Сондай-ақ, жалпы либералды идеяның тұжырымдамасын О.Д.Волкогонованың мақаласында [83], жапондық либерализмнің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы туралы Е.В. Верисоцкаяның [84], К. Кирквудтың [85] еңбектерінде, шығыс халықтарының көзқарастары туралы А.И. Кобзевтің еңбегінде [86], жапондықтардың рухани өміріндегі ұлттық идеология туралы В.М. Гайдардың еңбегінде [87], жаңғыру дәуіріндегі жеке тұлғаның еркіндігі туралы В.Н. Кобецтің еңбегінде [88], жапондықтардың жалпы тарихи даму заңдылықтары туралы Г. Норманның еңбектерінде [89] зерттелгенін атап өту керек.

Шетелдік авторлардың зерттеулері ішінде М. Вебердің [90], Т.М.Хубердің [91] немесе М. Элиаденің [92], жапонтанушы Фоско Мараинидің [93] зерттеулерін ерекше атап өткен жөн.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы. Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми жаңашылдығы Жапония мен Қазақстандағы жаңғыру процестерін жүйелі және кешенді талдаудан тұрады. Сонымен қатар, бүгінгі күнге дейін ұсынылып отырған тақырып төңірегінде толыққанды зерттеу жасалмаған.

Аталмыш мәселені талдау барысында автор диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған жаңа ғылыми нәтижелер алды. Атап айтқанда:

- алғаш рет жапон жаңғыру тәжірибесі шығыстану, тарих және саяси ғылымдар тұрғысынан сарапталып, оның Қазақстандағы демократиялық және неолибералды реформалар үшін әлеуеттік мәні нақтыланды;

- тұрақтандыру әлеуетін қамтамасыз ететін қос елдің басқару формаларын талдау барысында түрлі билік формалары анықталды. Осыған байланысты

жапондық басқару моделінде Қазақстанның жаңғыруы үшін қажетті ерекше біріктіруші тетіктер мен ұстанымдар айқындалды;

- түркілер әлеміндегі сұхбат дәстүрімен ұқсас «Ва» феномені негізінде дәстүр мен жаңғыру сұхбаты стратегиясын құрастыру қазіргі неолибералды саяси жүйелерде осы қатынастарды қайта жасау үшін өте өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығы дәлелденді;

- ЛДП-ның транспаренттілік, сұхбат, сенім, төзімділік, бірлік және халықпен тығыз байланыста болу сияқты неолибералды техникалары қоғам жаңғыруының дамуына ықпал етіп, «Нұр Отан» саяси партиясының жаңғыру бағдарламалары аясында жемісті түрде қолданылуы мүмкін екендігі тұжырымдалды;

- Жапонияның мемлекеттік қызметі мемлекеттік басқаруға тікелей әсер етіп, мемлекеттік қызметтің жапондық моделін Қазақстанның қазіргі замандағы жаңғыру саясатында, сондай-ақ, Қазақстанның демократиялық жаңаруында тиімді пайдалануға болатындығы бағамдалды.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдары. Жапон, ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі материалдарды салыстырып түсіндіру арқылы келесі тұжырымдар анықтап дәлелденді:

1. Жаңғыру процесі өзінің заңдылықтары, модельдері, кезеңдері бар қоғамның үздіксіз даму процесі болып саналады. Ол әлеуметтік даму теориялары мен жаңғырау теорияларының идеология формасына айналу кезінде өзіндік рөл атқарды.

2. Жапониядағы жаңғырудың дәстүрлі механизмдері саяси сана мен мінез-құлық үнемі өзара байланыста болады. Осының нәтижесінде жаңғыру процестерінің дәстүрлі механизмдері арасындағы ішкі дискурсивті байланыстар өзгерістерге ұшырайды. Сонымен бірге, Қазақстандық саяси жүйедегі институттардың жаңғыру стратегиялары легитимділік, тұрақтылық, бейімделгіштік өлшемдеріне жауап беруі тиіс. Бұл үшін қоғамдағы тұрақтылық пен экономикалық өсуді қамтамасыз ете алатын тежемелер мен теңестірмелер жүйесін жаңарту керек.

3. XIX ғасырға дейін Жапония таза қайталамалы типіндегі мемлекет болса, кейінгі кезеңде қуып жетуші мемлекеттер құрамына еніп, қазіргі таңда экономикалық дамуы жағынан әлемде төртінші мемлекетке айналды. Сондықтан, жапондық жаңғыру моделі қолдану мүмкіндіктерге бай.

4. Неолибералды жаңғырудың жапондық моделі дәстүрлі қоғамның қайнар-көздерін сақтап келуге өз ықпалын тигізді және қазіргі саяси ақиқаттың үздіксіз дамуын және түрлі нұсқаларға бөлінуін ескере отырып, ол теңгерілген либералды жаңғырудың сұхбаттық моделін айқындады. Қазақстанның жаңғыру реформаларында жаңғырудың жапондық тәжірибесін қолдану елімізде саяси жүйенің бейімделу механизмдерін дамытуға ықпал етуі мүмкін.

5. Қазақстан мен Жапонияның мемлекеттік басқару формаларына салыстырмалы талдау жасалды және жапон қоғамының бірігуіне ықпал еткен неолибералды реформалардың сынақтан өткен кейбір механизмдерін Қазақстанда қолдану мүмкіндіктері айқындалады.

6. Жапонияның неолибералды жолындағы дәстүр мен жаңғырудың бірлігі жапон халқының тұрақтылығы мен бірлігіне әсер еткен жапондардың дүниетанымының үйлесімділігі мен тұтастығын білдіретін «Ва» феномені негізінде жүзеге асырылды. Өз кезегінде қазақ өзінің болмысын сақтап қалу мен басқа әлемге ашық болу қабілетінде неолибералды өзгерістер мен жаңалықтарға қол жеткізу әлеуеті бар. Жапония мен Қазақстанның жаңғыруы дәстүр мен жаңғыру тұтастығының үйлесімді саясатының ортақ қағидаларына сүйенеді.

7. Либералды-модернизациялық өзгерістер мен Жапонияның билеуші партиясының алға қойған мақсатты жүзеге асырудың нақты саяси механизмдері «Күн шығыс елінде» үстемдік ететін партиялық жүйенің қалыптасуына түрткі болды. Осы жағдайда ашық болу, халықтың билеуші партияға деген жоғары сенімі, ЛДП-ның халықпен тығыз байланыста жұмыс істеуі сияқты неолибералды техникаларды пайдалану «НұрОтан» билеуші партиясының басқа саяси партиялармен және ұйымдармен конструктивті, жемісті сұхбаттың дамуына оң әсерін тигізеді.

8. Жапонияның мемлекеттік қызмет тәжірибесі аясында мемлекеттік басқару моделі қалыптасып, Жапонияның мемлекеттік қызметіндегі кейбір ерекшеліктерді Қазақстанның демократиялық өзгерістерінде тиімді қолдануға болатындығы анықталады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Материалдар мен қорытынды тұжырымдар Қазақстан мен Жапонияның жаңғыру мәселелері бойынша кейінгі зерттеулерді әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін. Зерттеу материалдары ҚР саяси жүйесіне арналған ұлттық стратегиялық бағдарламаларды даярлау кезінде ҚР сыртқы саяси құрылымдары үшін қызығушылық тудырады.

Сараптау орталықтары мен ҮЕҰ қызметкерлері диссертация материалдарын қолдануы мүмкін, сондай-ақ, Қазақстанда жаңғыру, саяси жүйенің құрылымдық реформаларын жасау мәселелеріне қатысты жоғары оқу орындарында жалпы және арнайы курстарын даярлау кезінде аталмыш материалдар қажет болады.

Зерттеуді апробациялау. Диссертациялық зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының мәжілісінде талқыланып қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған басылымдарда келесі мақалалар түрінде жарияланды: «Идейно-теоретические позиции Либерально-Демократической партии Японии» (Профессор, ғалым, педагог және қоғам қайраткері Ким Герман Николаевичтің 60 жылдығына арналған «Қазақстандағы Корейтану: даму тенденциялары мен перспективалары» халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. 18 қазан 2013 жыл. Алматы, 2013 жыл), «Қазақстандағы «президент» және Жапониядағы «император» феномені: салыстырмалы талдау» (10-шы өркениет жолы халықаралық ғылыми жиналыс: Тіл, мәдениет, қоғам аспектілері. 15-16 наурыз 2013 жыл, Алматы), «Особенности послевоенной политической модернизации Японии» (Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ-дің 80 жылдығына арналған «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. 8 сәуір 2014 жыл), «Жапонияның мемлекеттік қызметін реформалау: мәселелері мен болашағы» (Адам әлемі, № 2, 2014), «Civil Service of Kazakhstan: Status and Perspectives» (The Inaugural Asian Conference on the Social Sciences and Sustainability. Hiroshima, Japan. December 1-3, 2014), «Саяси ғылымдағы жаңғыру теорияларының концептуалды негіздері» (Адам әлемі, № 1-2, 2015), «Жаңғыру процесіндегі жапон үкіметінің саяси реформалары» (ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. -2015. -№ 5), «Қазақстанның саяси жаңару процесінде Жапонияның билеуші партиясының тәжірибесі» (ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. -2017. -№ 2), Scopus халықаралық мәліметтер базасында жарияланған мақала: Implementation of civil service reforms in post-soviet Kazakhstan: legal framework, opportunities and challenges (Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues, Volume 20, Issue 3, 2017).

Диссертациялық зерттеудің құрылымы оның мақсаты мен міндеттерін анықтау барысында белгілі бір логикаға сүйенеді. Диссертация кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР

Қазіргі қоғамды реформалау және жаңғырту барысында жүйелілік, бірізділік, біртіндеп жүзеге асыру, уақытылылық, адекваттылық, дәстүрлі құндылықтар, саяси мәдениет деңгейі сияқты талаптар сақталуы тиіс. Дәстүрлі құндылықтарды ескермеу әрқашан тиімді шешім болып саналмайтындығын көрсетіп отыр. Дәстүрлі қоғамның көп құндылықтары жаңғыру процесін күшейтіп қана қояды.

Жаңғыру көбінесе нақты бір мемлекетке байланысты жүзеге асатынын ескерген жөн. Себебі, жаңғыруды жүзеге асыру үшін әлеует пен ресурстар осы негізгі саяси институттың аясында ғана шоғырланады.

Саяси жаңғыру теориясы саяси даму тұжырымдамаларында маңызға ие болады, алайда, «саяси жаңғыру» мен «саяси даму» ұғымдары бірдей мағына бермейді. Мысалы, саяси жаңғыру индустриалды қоғамға өтіп жатқан елге қатысты қолданылады және бұл ұғым қоғамның барлық мүшелерінің саяси процеске іс жүзінде қатысуымен байланысты болады.

1.1 Жаңғыру немесе модернизация теорияларының концептуалды негіздері

Жаңғыру үрдісі «даму бағытындағы әлеуметтену» делінген жалпы әлеуметтік даму шеңберіне кіретіні бәріне аян. Қоғамның ғаламдық дамуы, қазіргі саяси дамудың шексіздігі ретінде дәстүрлі қоғамдардың қазіргі заманға сай қоғамға өту негізі саяси жаңғыру теориясының негізі болмақ.

Қазіргі ғылымда топтық, өркениеттік және жаңғыру деген үш әлеуметтану теориясы қолданылады. Соңғы теорияны жан-жақты зерттеу үрдісі жақында ғана жүзеге аса бастады.

Жаңғыру парадигмасы XX ғ. ортасында еуропалық отаршыл мемлекеттер әлсіреп, олардың орнына Азия-Африка және Латын Америкада «жаңа мемлекеттердің» көбеюімен қалыптасты. Алғашқы кезде жаңғыру теориясы коммунистік бағытқа қарсы бір қосалқы теория ретінде құрылды.

Аталмыш еңбектерде осы теорияның пайда болуына әсер еткен келесі факторлар анықталды. Бірінші фактор, Батыс елдеріне танымалдығы аз болған және сол кездегі әлеуметтік ғылымда аз зерттелген үшінші әлем елдерін зерттеу қажеттігімен байланысты әлеуметтік-саяси фактор. Екінші фактор, АҚШ пен оның одақтастарындағы тиісті мекемелер үшін нақты ұсыныстарды жасап шығаруды қамтитын ақпараттық-саяси фактор болып саналады. Үшінші фактор – *идеологиялық*, яғни, социализмге балама ретінде жаңғыру теориясын құру. Белгілі американдық қоғамтанушы С. Хантингтон былай деді: «АҚШ саяси тұрғыдан тұрақты, әрі экономикалық жағынан тәуелді әлемді құруға мүдделі» [94, 31 б.]. Төртінші фактор теориялық фактор [95, 21 б.]. Оның негізінде батыс қоғамтану ғылымы үшін тарихи дамудың оптимистік парадигмасын ойластыру қажет еді.

«Жаңғыру» термині ағылшын тілінен аударғанда «жаңа заманға лайықты сәйкестендіру» деген мағына беріп, қазіргі қоғамға тән бірнеше сипаттамамен анықталады.

Жаңғыру түсінігіне бірнеше анықтамалар берілген. П. Штомпка осы ұғымның үш мағынасын ұсынады [96]. Жаңғырудың бірінші мәні – қоғамда алға қарай бағыт алған дамушы әлеуметтік өзгерістермен байланысты. Алайда жаңғыру теориясына келесі екі ұғым мәндес келеді. Олардың бірінші мәні бойынша жаңғыру түсінігі «қазіргі заманға лайықты» ұғымына ұқсас келеді және Батыс елдерінде XVI ғасырдан бастап XX ғасырға дейінгі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және зияткерлік өзгерістер кешені дегенді білдіреді. Мұнда индустрияландыру, урбандалу, рационалдандыру, бюрократияландыру, демократияландыру, капитализмнің басым болуы, дербестіктің (дарашылдықтың) таралуы, ақыл-ой мен ғылымның бекітілу процестерін енгізуге болады.

«Жаңғыру» ұғымының екінші мағынасы даму жағынан артта қалған қоғамдарға қатысты баяндалып, олардың бір ғаламдық қоғам аясында тарихи уақытта бірге өмір сүріп келген дамыған елдерге жетуге бағытталған талпыныcты білдіреді, яғни, бұл жағдайда «жаңғыру» түсінігі қазіргі қоғамның аймақтардың ортаға қарай қозғалысын анықтайды. Жаңғыру қоғамдық-тарихи процесс ретінде сипатталады. «Осы процесс барысында дәстүрлі қоғамдар ілгерілеген, индустриалды тұрғыдан дамыған елдерге айналады» [97, 9 б.].

Жаңғыру ұғымы біріншіден инновацияға бағыт алу, инновацияның дәстүрден басым болуы, әлеуметтік өмірдің зайырлы сипаты, үдемелі дамуы, жеке тұлғаның айқындалуы, индустриалды белгісі, жаппай білім беру, белсенді психологиялық ойды және т.б. қамтиды [97, 10 б.].

Жаңғыру теориясы қалыптасқаннан бастап қазірге дейін дамудың бірнеше кезеңінен өтті. Жаңғыру теорияларындағы негізгі санаттар – «дәстүр» («дәстүрлі қоғам») және «қазіргі заман» («қазіргі қоғам»). Алғашқы кезде аталмыш теория бойынша осы категориялар абсолютті қарама-қарсы мағынада қарастырылды. Жаңғыруды алғашқы теорияларында дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға өту процесі революциялық, яғни, әлеуметтік өмірде түбегейлі өзгерістерді қажет деп есептейді. Сонымен бірге күрделі, жүйелі, ғаламдық, ұзақ, кезеңдік түрлері болды. Күрделі сипаты адамның ойы мен іс-әрекетінің барлық тармағын, жүйелі түрі бір саладағы өзгерістер басқа саладағы өзгерістерге себеп болады, ғаламдық түрі XVI ғ. Еуропада пайда болған жаңғыру процесі біраз уақыттан кейін әлемнің барлық мемлекеттеріне тарады, ұзақ түрі уақыт жағынан біршама кезеңге созылып, осы процестің қарқыны жеделдеді, қоғамдық жүйелердің жақындасуына себепкер болды. Жаңғыру процесінің алғашқы кезеңінде дәстүрге байланысты түсінік XX ғ. дәстүрге деген ғылыми түсінікпен ұқсас еді. Дәстүр тарихта тежеуші күш, жаңа өзгерістерге қарсы тұратын консервативті күш болып саналды [99, 75-76 б.].

XX ғ. елуінші жылдары жаңғырудың бұрынғы теорияларында сын пікірлер күшейе бастады. Сын пікірлердің негізінде өтпелі қоғамдардың әр түрлі болуы,

оларға тән ішкі динамика, сондай-ақ, қазіргі ерекше саяси және экономикалық кешендердің жеке даму ойы айтылды.

Ертедегі жаңғырудың сын пікірлері дихотомияға, яғни дәстүр – қазіргі заманға қарсы болу, осы үлгінің тарихи үрдіспен ешқандай байланыстың жоқтығы мен батысқа негізделуін анықтауға бағытталған.

XX ғасырда әлеуметтік және саяси зерттеулер Шығыс елдеріндегі жаңғырудың түрлі қырларына арналған болатын. Аталмыш елдердің арасында Жапонияның жаңғыру бағыты туралы мәселе ерекше назар аудартады. Осы елдегі жаңғыру процесі ұлттық дәстүр негізінде болды. Бұл жағдай дәстүрлі қоғамдағы жаңғыру ұлттық дәстүр аясында өтіп, барлық жағдайда оның түбегейлі өзгерістің қажетсіздігін анықтады. Нақты дәстүрде қандай тұстар жаңғыру процесіне кедергі болып, қандай тұстар оның дамуына ықпал еткені назарға ілікті. Дәстүр қазіргі өзгерістердің әсері болуына қарамастан, өз позицияларынан шегінген жоқ. Керісінше, дәстүр жаңғырудың қалыпты бейнелерін қалыптастырып, біршама бейімделу қабілеттерін айқындады.

XX ғ. жетпісінші жылдары жаңғыру идеясы эмпирикалық тұрғыдан да сынға ұшырады. Себебі, түрлі ой-пікірлер нақты деректерге қайшы келді. Қоғамды жаңалау серпіні күткен нәтижелер бермеді. Даму жағынан артта қалған елдердегі кедейшілік ауқымы өсті, сондай-ақ, басқа да жанама кері әсерлер де болды. Қалыптасқан институттар мен әдет-ғұрыпты жою әлеуметтік ыдырауға, тоқырауға, девиантты мінез-құлық пен қылмыстың өсуіне түрткі болды. Сыншылар дәстүр мен қазіргі замандағы жағдайды тікелей бір-біріне қарама-қарсы қоюды қате деп түсінді және кейбір салада олардың артықшылығына түрлі дәлелдер келтірді. Оның үстіне, жаңғыру процесі дәстүрді күшейтуі мүмкін. Осының бір негізі ретінде Жапониядағы жаңғыру ерекшелігін талдаудан аңғарамыз. Жаңғыру процесі модернизацияның бастапқы теорияларының негізгі ережелеріне күмән келтіріп, ұлттық дәстүр аясында жүзеге асты. Аталмыш жағдай дәстүрлі қоғамның жаңғыруы дәстүр негізінде өтіп, жүйені түбегейлі жоюмен жалғасын таппайтындығын аңғартты. Ғалымдарды жаңғыру процесіне дәстүрдің нақты қай тұстары кедергі келтіреді деген ой алаңдатты. Аталмыш кезеңде ауыспалы жүйелердің өміршеңдігі туралы тұжырымдама ғылыми ортаны кең ойларға негіздеді. Қазіргі заманға лайықты талаптардың қысымына ұшыраған дәстүр өз орнын бере қоймады. Ол жаңғырудың ұлттық формаларын қалыптасып, едәуір бейімделу қабілеттерін байқатты.

XX ғ. ортасында жаңғыру идеясы эмпирикалық және теориялық тұрғыдан сынға алынды. Қоғамды жаңғырту болжанған нәтижелер бермеді. Дамуы жағынан артта қалған елдерде кедейшілік көрсеткіші өсіп, сондай-ақ, басқа да көптеген әсер байқалды. Дәстүрлі институттар мен өмір салтын жою әлеуметтік қарама-қайшылықтарға, аномияға, девиантты мінез-құлық пен қылмыстың күшеюіне түрткі болды. Сыншылар дәстүр мен қазіргі заманды қарама-қарсы қоюды қате деп анықтады және кейбір салаларда олардың артықшылықтарына дәлел келтірді. Қазіргі қоғамда көптеген дәстүрлі элементтер ғана емес, дәстүрлі қоғамда да қазіргі заманға сай сипаттар бар болатын. Жаңғыру

дәстүрді күшейтті. Дәстүрлі белгілер мен көшбасшылық жаңғыру концепциясы негізделетін құнды жүйенің маңызды бір бөлігі болуы мүмкін. Жаңғыру теориясының сарапшылары сыртқы, ішкі себептердің ауқымды маңызын аңғарды. Сондай-ақ, жаңғыру кезеңдерінің қатаң жүйені сақтауы күмән тудырды.

Жаңғырудың жаңа моделіне қарағанда жаңғыру процесі институттар мен қазіргі құндылықтарды: демократияны, нарықты, білім беру жүйесін, рационалды басқару, еңбек этикасын және т.б. тарихи процесс ретінде зерделенеді.

Өнеркәсіптену, кәсіби мамандану, урбандалу және кез келген қоғамдағы ресми білім деңгейін жоғарылату, соңғы он жылдықта дамыған индустриалды қоғамдар дамуында өзіндік үлес қосып, «кейінгі жаңғыру» деп аталатын жаңа бағытты анықтады. Ол кейінгі жаңғыру саяси-экономикалық, діни, отбасылық, жыныстық өмірдің негізгі нормаларының сипатын өзгертіп отыр деді. Р.Инглегарт: «Дегенмен бұл терминнің маңызды мәні бар, - деп жазады. Өйткені мұнда белгілі тұжырымдық мән бар. Ол бойынша жаңғыру деп аталатын процесс қазіргі адамзаттың тарихындағы соңғы нүкте болып саналмайды және қазіргі кезде әлеуметтік жаңартулар басқа бағытта дамып жатыр» [100, 268 б.]. Ғалымдардың пікірі бойынша, кейінгі жаңғыру экономикалық тиімділікке, биліктің бюрократиялық құрылымдарына және ғылыми рационализмге көңіл бөлмейді және жеке тұлғаның дербестігіне, сана-алуандылығына кең мүмкіндік беретін адами қоғамға өтуге бағытталған.

Жаңғыру теориясын қарастыру барысында XX ғасырдың сексенінші жылдары пайда болған экологиялық жаңғыру теориясы маңызға ие және осы теория қазіргі кезде батыс елдерінің ғылымында әлеуметтік-экологиялық дәстүр аясында дамып жатыр. Аталмыш теорияны алғашқы рет нидерланд ғалымы А.Мол зерттеген еді. Оның пайымдауы бойынша, аталмыш теория жаңғыру кезіндегі индустриалдық қоғам экологиялық күйзелісті жеңу тәсілдерін түсіндіруге талпынды.

Э.Гидденс ұсынған кейінгі модерн теориясы және У.Бектің рефлексивті жаңғыру және «қауіп-қатерге дайын отырған қоғам» теориясы маңызды теориялардың бірі.

Олардың еңбектерінде экологиялық фактор қазіргі кезде қоғамдық дамуда анықтаушы рөлді ұсынады. Екі ғалым да табиғат пен қоғамның өзара әрекеттістігін алғашқыда пайда болатын қауіп-қатер ретінде қарастырады. Э.Гидденс қазіргі дәуірді күрт өзгерістерді қажет ететін немесе әмбебап модерн деп есептеп, қазіргі қоғамды «кейінгі жаңғыру қоғамы» дегендермен дауласты. Э. Гидденс қазіргі қоғамды үш негізгі сипат анықтайды деді: 1) бұл әлеуметтік процестер өзгерісінің үдемелі жылдамдығы, әсіресе, технологияның өзгеру жылдамдығы; 2) бұл әлемнің әлеуметтік және ақпараттық әртүрлі аудандарының бір-бірімен әрекеттесуге тартылуы, бұл жаһандасу процесінен көрініс тапты; 3) қазіргі заманғы институттардың ішкі табиғатының өзгеруі [101, 101 б.]. Экологиялық жаңғыру теориясы бойынша, технология мен техниканың өзгеруі әлеуметтік қана емес, сондай-ақ, экологиялық процестердің

қарқынды дамуына түрткі болды. Ғаламдану экологиялық жаңғырудың таралуына ықпал етеді. Гидденстің қазіргі қоғамдағы қауіп-қатердің орны туралы көзқарастарына У.Бектің пікірлері сәйкес келеді, ол экологиялық қауіп-қатерге ерекше көңіл бөлген [102, 384 б.]. Қазіргі дәуір «табиғаттың жойылуына» негіз болып, мұның мәні адам мен әлеуметке қатысты сыртқы қасиетін жоғалтып, біртіндеп адам қалыптастырған және өз дамуында әлеуметтік ұйым мен әлеуметтік ілім талаптарына бағындырылған жүйеге айналып бара жатқанынан аңғаруға болады [103, 77 б.]. Сөйтіп, Гидденс пен Бектің пайымдауы бойынша, кейінгі модерн жағдайында жаратылыс және әлеуметтік орталарға бөлу өз мағынасын жоғалтады. Қоғамды саяси-экономикалық, мәдени жүйелерден бөлек қарастыруға болмайды. Экологиялық мәселелер қоршаған ортаның мәселесіне жатпайды.

Жаңғыру теориясында дәстүрлі қоғамдар заманауи тәжірибені қабылдаған сайын дамиды. Жаңғыру теориясының жақтаушылары қазіргі мемлекеттер бай әрі күшті, ал олардың азаматтары өмір сүрудің жоғары стандарттарын қолданады деп мәлімдейді.

Қоғамдық өмірдің түрлі салаларында жаңғырудың бірнеше сипаттарын бөліп қарастыруға болады. Атап айтқанда, әлеуметтік салада негізгі әлеуметтік бірлік ретінде топ емес, жеке тұлға алынады; дифференциация – бұрын отбасыға тиесілі кейбір әрекеттердің арнайы әлеуметтік институттарға берілуі; ресмилену – әлеуметтік институттарға ғылым мен тәжірибелердің басым көзқарастарына негізделген нақты емес және әмбебап заңдар мен қағидалардың негізінде жүзеге асады. Екінші (өнеркәсіп, сауда) және үшінші (қызмет көрсету) түрінің пайда болуы, еңбек бөлінісі мен технологияның нығаюы, рационалды білімді қолдану, ақша мен жұмыс күші, тұрақты экономикалық өсу; орталықтандырылған институттардың қалыптасуы, дамуы, биліктің бөлінуі, белсенділіктің артуы, маңызды құрылымдардың құрылуы жүзеге асады. Мемлекеттік институттар мен практикалар қазіргі батыс елдерінің модельдеріне сәйкес болуы немесе өзгеше болуы да әбден мүмкін. Сол себепті, қазіргі саяси институт дегенімізде, олардың дамыған демократия елдерінен алған көшірмесін емес, саяси жүйенің қазіргі заманның талаптарына үйлесімді болуын қамтамасыз ететін институттар мен практикаларды айтуымыз қажет.

Мәдениет – жаңғыруды зерттеудегі маңызды мәселелердің бірі. Ол қоғамдық өмірдің кез келген саласында кездеседі. Сондай-ақ, ескі дәстүрлерді тез арада мәдени құндылықтардың жаңа және тиімді жүйелеріне ауыстыру өте маңызды. Кейбір ғалымдар «ежелгі құндылықтар, тұжырымдар, мінез-құлық және сауаттылықтың қажетсіз болып қалуы экономикалық, әлеуметтік және дүниетанымдық құрылымдар мен қатынастардың жылдам әрі терең өзгеріске ұшырауымен» байланыстырады [104, 68 б.]. Жаңғырудың кең зерттелетін мәселелерінің бірі – құндылықтар текетіресі мәселесі. Батыс мәдениетінің көп құндылықтары кейбір мәдени ортаға сәйкес емес. Кейде дарашылдық (индивидуализм) таза батыстық өнім ретінде қарастырылады. Осыған қатысты батыс ғалымдарының «қазіргі заманға сай тұлға» мәселесін зерттеуі

қызығушылық туғызады (ал біз Жапониядағы индивидуализм және тұлға тақырыбын қарастырамыз).

Адамға қазіргі процестердің ықпалы оның бойында қазіргі қоғамның тиімді қызметінің алғышарттары болатын тұлғалық формаларды, сапаларды, құндылықтарды, әдеттерді негіздейді. Кейбір авторлар «тұлғалық синдром», «қазіргі діл» немесе «қазіргі адам» үлгісін қарастыруға талпынды. Бұл мәселе бойынша классикалық зерттеулер XX ғасырдың жетпісінші жылдары Гарвардтың дамудың әлеуметтік және мәдени аспектілері жөніндегі жобасы негізінде жасалды. Аргентина, Чили, Үндістан, Израиль, Нигерия және Пәкістанды салыстыра зерттеу нәтижесінде қазіргі тұлғаның сараптамалық үлгісін жасауға қол жеткізілді. Келесі қасиеттер анықталды: тәжірибелерге, инновацияларға және өзгерістерге ашық болу; өткенге емес, қазіргі мен болашаққа бағытталу; пікірлер плюрализміне әзір болу және тіпті осы плюрализмді қолдау; уақытты үнемдеуі, тиянақтылық; өмірді құрған кедергілерден өту үшін ұйымдастыра білудегі сенімділік; болашақтағы іс-әрекеттерді қоғамдық, сондай-ақ жеке өмірдегі мақсаттарға жету үшін жоспарлау; іс-қимылды есептеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік өмірдің (экономикалық заңдар, сауда ережелері, үкіметтік саясат) реттелуі мен айқындығына сенуі; бөліністің әділеттілікке негізделуі, яғни оның марапаттауға емес, барынша шеберлік пен үлеске сай болатынына сену; білім беру мен үйренуді жоғары бағалау; олардың деңгейі төмен немесе билігі аз болса да, басқалардың абыройын құрметтеу.

«Жаңғыру теориашылдары үшін қазіргі адам – батыс мәдениетінің өкілі. Ол әлеуметтік және саяси тұрғыдан тәуелсіз ойланатын, өмірдегі жетістіктерге жеке өзі жете алса да («self-made man»), басқалардың да дәл осындай құқығы бар екендігін мойындайды» [105, 35 б.].

Жаңғырудың көп түрлері бар. Мамандар жаңғырудың екі түрін белгілейді: органикалық (негізгі) және бейорганикалық (жансыз). Органикалық жаңғыру эндогендік жағдайларға тәуелді елдерге тән. Мұндай түр Англияға тән, мұнда жаңғыру «қоғамның дамуы барысында жетілген өнім ретінде шынайы болды». Екінші, бейорганикалық жаңғырудың осы жаңғыру түрінен айырмашылығы, дамыған елдер тарапынан болған сыртқы ықпалға жауап ретінде және бөтен технологияларды қабылдау, мамандар шақыру, шетелде білім алу, инвестициялар тарту жолы арқылы жүзеге асады. Тиісті өзгерістер әлеуметтік және саяси салаларда болады: басқару жүйесі өзгереді, жаңа әлеуметтік институттар енгізіледі, құндылықтар жүйесі ауысады және т.б., яғни, егер органикалық жаңғыру «төменнен жоғарыға қарай» болса, органикалық емес «жоғарыдан төмен қарай» жүзеге асады. «Бейорганикалық жаңғыру» «қуып жетуші» немесе «кешігуші» жаңғыру болып сипатталады.

Саяси тұрғыдан алғанда либералдық және консервативтік жаңғыру деген атаулар бар. Либералдар үшін тиімді даму мен жаңғыру демократия өкілдері жүйесіне қатардағы азаматтардың тартылуы деңгейімен және билік элитасы арасындағы сайлаушылардың дауысы үшін қауіпсіз бәсекелестікке байланысты, ал консерваторлардың пікірінше, жаңғыруға жоғары

орталықтанған саяси институттар, қоғамның интеграциясын, тәртіпті, тұрақтылықты қамтамасыз ете алатын қатал жүйе керек.

Жаңғыру теориясында енгізілген «контрмодернизация» және «қарсы жаңғыру» атаулары бар [106, 186 б.]. Біріншісі, батыстық емес үлгідегі жаңғырудың балама түрі, ал екіншісі, жаңғыруға ашық қарсы тұруды білдіреді. Кейбір ғалымдар олардың келесі түрлерін ұсынады: жаңғыру, контрмодернизация және антимодернизация.

Оған тағы бір түр – асқақ жаңғыруды қосады, оны жетекші өркениеттен асып түсуге талпыныс деп көрсетеді, мұнда «қазіргі» әлеуметтік-мәдени көрсеткіштер қабылданады және өзінің құндылықтық және технологиялық іргетасынан асып түседі. Асқақ жаңғыруды жүзеге асырған өркениет жаңа көшбасшыға айналады, өз ойкуменасын құрайды және қазіргі заманның тартымды бейнесін жасау арқылы басқа өркениеттерге жаңғырған ұран тастайды.

Еуропалық ғалымдар (П.Штомпка және басқалары) жаңғыру теориясын қарастырып, посткоммунистік елдерге қатысты «жалған жаңғыру» ұғымын ұсынады, бұл үш элементтің: 1) қоғамдық өмірдің жеке салаларындағы қазіргі белгілер; 2) басқа салалардағы дәстүрлі, модернге дейінгі сипаттар және 3) қазіргі батыстық болмысты көрсетпекші болып, әшекейлеп қойғанның барлығының үйлесімсіздігін, келісімсіздігін және ішкі қайшылықтарын білдіреді.

Елдердің тәжірибелері негізінде қазіргі қоғамға еш шығынсыз жаңғыру процесінен өту мүмкіндігі аз. Әлеуметтік-экономикалық, саяси және сол сияқты сипаттағы жаппай мәселелер «қабылдай алмайтын, жоғарғы әлеуметтік бағаны» білдіреді, ол «қайталанушы жаңғыру» деп қарастырылады.

Жаңғырудың бастапқы теорияларында жаңғырудың тұтастық сипаты баяндалады, ол қоғамның барлық облысында өзгерістердің болуын білдіреді. Бірақ жаңғыру теориясын сынау жаңғырудың тұтас және жарым-жартылай сипаттарын көрсетеді. Жарым-жартылай жаңғырудың мәні – «жаңа институттар мен қазіргі ұйымдастыру ұстанымдарының қалыптасуы қоғамның тұтастай жаңаруына әкелмеуі де мүмкін, тіпті ұйымдастырудың жаңа формаларының әсерімен дәстүрлі жүйелердің нығаюы мүмкін.

Сонымен қатар жаңғырудың жаңғырусыз вестернизация (батыстану) (Египет, Филиппин) және жаңғыру ұлттық мәдени құндылықтар негізінде жүзеге асатын вестернизациясыз жаңғыру (Жапония, жаңа индустриалды мемлекеттер) сияқты түрлерін атауға болады.

Жаңғырудың түрлі нұсқаларының пайда болуы дамыған елдердің тәжірибесін сол түрінде жүзеге асырудың мүмкін еместігін көрсетеді. Бұл жерде жаңғыруға ұшырайтын қоғамның ішкі әлеуеті де маңызды рөл атқарады. Бұған мысал ретінде Жапония мен «жаңа индустриалды елдерде» жаңғырудың сәтті өткенін келтірсек болады, олар «вестернизациясыз жаңғыру» туралы сөз қозғауға түрткі болды.

Дамушы қоғам жаңа құндылықтар мен институттарды көшіріп алу арқылы негізінде гомогенді (бір тұқымды) болуға ұмтылмайды, бірақ күрделі

гетерогендік құрылым болып саналады, оның аясында эндогендік және кірме құндылықтар күрделі қарым-қатынаста болады. Осылайша, жаңғырудың сәттілігі қайта құрулардың қарқындылығы немесе әлі оларды қабылдауға дайын емес ортаға көшірме енгізуге емес, керісінше дәстүрлі және қазіргі заманғы, эндогендік және кірме құндылықтардың өзара тиімді әрекеттесуі мүмкін, ойлардың, құндылықтардың, нормалар мен институттардың құрылымдық синтезін қалыптастыруға байланысты.

Саясаттануда жаңғыру ұғымы саяси институттарды, сондай-ақ, қазіргі саяси құрылысты, яғни саяси жүйенің өзгермелі талаптарға сәйкес жауап беруін және бейімделуін мүмкіндігінше қамтамасыз ете алатын институттарды қалыптастыруды, дамытуды және таратуды көздейді. Тарих ғылымында жаңғыру дәстүрлі қоғамнан индустриалды қоғамға өтудегі саяси-экономикалық процестердің құрамдас бөлігі ретінде көрсетіледі.

Тарихта жаңғыру теориясын әдістемелік парадигма ретінде пайдалану, тарихи қозғалыстың формацияның бір түрінен екінші түріне өндіріс құралдарының даму эволюциясы негізінде өтуі туралы қарапайым түсініктен арылтып, тарихи сараптамаға ұлттық менталитет ерекшеліктерін, саяси мәдениетті және әлеуметтік-мәдени дәстүрлерді зерттеуді енгізді. Жаңғырудың құрамдас элементтері ретінде мыналарды қарастыруға болады: егемендігі бар, қазіргі мемлекет құру; дәстүрлі қоғам құрылымдарын әлсірету (әсіресе, дәстүрлі элитаның); құқықтардың бүкіл жиынтығына ие азаматтар санының өсуі; әлеуметтік топтардың саяси өмірге араласуының кеңеюі; нарықтық экономика.

Отандық тарихта жаңғыру парадигмасын пайдалану көрсетілген индустриалық өркениеттің қалыптасу процесін (азаматтық қоғам, демократиялық мемлекет және нарықтық экономика құру) Батыстағы тиісті процестермен салыстырмалы талдауды жасауды талап етеді. Осыған орай, Қазақстандағы жаңғырудың «органикалық емес» («екінші», «шағылысқан») тұжырымы пайда болады, оның негізгі ерекшелігі қуып жетуші және этатистік сипатында.

Жаңғыру теориясының бұл олқылықтары тарих ғылымында оның артықшылықтарымен толықтырылады. Олардың ішінде баяндаушылықтың орнына мәселелік тарихи зерттеудің өзектілігін атап өту қажет. Осыған байланысты, көңіл тек мемлекеттілік түрінің тарихи ауысуына, әлеуметтік-экономикалық трансформацияға ғана бөлініп қоймайды, сонымен бірге тарихи кезеңдер бойындағы мемлекет пен қоғамның өзара қатынастарын зерттеуге едәуір табысты ұмтылыстар жасалады, осы қатынастардың өркениеттік, әлеуметтік-мәдени негіздері сарапталады.

XX ғасырдың ортасында пайда болған жаңғыру теориясы әлеуметтік прогресс түсінігіне сүйенеді, өйткені барлық қоғамдар қандай дәуірде өмір сүргеніне, қандай территорияда орналасқанына қарамастан, адамзат қоғамының жабайылықтан өркениетке өрлеуінің бірыңғай, баршаға ортақ, әмбебап процесіне тартылған. Ғылым мен техниканың прогресі бүкіләлемдік гүлдену мен барлық әлеуметтік мәселелердің шешілуіне алып келеді. Бұл ағыста әр

елдің мәдени өзгешелігі артқа жылжып, алдыға оларды біріктіретін– жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі шығады.

«Жаңғыру» атауы әлеуметтік ілгерлеудің барлық кезеңдеріне емес, тек қазіргі бір кезеңге ғана тән. Адамзат тарихының қазіргі дәуірі капитализмнің пайда болуы кезінен басталатындықтан, жаңғыру мәнін дәл осы формацияның жетістіктерінің бүкіл әлемге таралуымен байланыстырады. Жаңғыру көшбасшылары – АҚШ пен Батыс Еуропа оларға толығымен қосылып, керемет экономикалық нәтижелерге жетті. Бірақ өз дамуында артта қалған Азияның, Африка мен Латын Американың елдеріне Жапония сияқты батыстық технологияларды, капитал салуды және тәжірибелерді пайдалана отырып оларды қуып жетуге еш кедергі жоқ. Жапонияның бұл тәжірибесі туралы біз диссертациямыздың келесі тарауларында толығырақ тоқталамыз.

Ол өз дамуында артта қалған елдердің дәуірлердің кезегін бұзбай-ақ қазіргі жағдайға қалайша жетуге және ішкі мәселелерді шешуге болатынын түсіндіруге арналған. Жаңғыру әлемдік қауымдастыққа кіру тәсілін көрсетеді, ол дегеніміз капитализмнің әлемдік экономикалық жүйесі.

Сонымен, жаңғыру дегеніміз өнеркәсіптік қоғамға дейінгі кезеңнен өнеркәсіптік қоғамға немесе капиталистік қоғамға өту. Ол ұзақ мерзімді кешенді реформалар арқылы жүзеге асады. Бұл – әлеуметтік институттар мен қоғамның барлық жақтарын әлеуметтендіру процесіне қатысатын адамдардағы түбегейлі өзгеріс. Мамандар жаңғыруды құбылыс ретінде екі түрге бөледі: органикалық және бейорганикалық.

Органикалық жаңғыру елдің өз дамуының кезеңі және ол алдыңғы эволюциямен дайындалған. Мысалы: Англияның XVIII ғасырдағы өнеркәсіптік төңкеріс нәтижесінде феодализмнен капитализмге өтуі және американ өндірісінің XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі фордизмнің енгізілуіне байланысты қайта құрылуы. Мұндай жаңғыру экономикадан емес, мәдениет пен қоғамдық сананы өзгертуден басталады. Капитализм өмірлік тәртіптің, дәстүрлердің, адамдардың дүниетанымы мен бағдарларының өзгеруінің табиғи салдары ретінде пайда болды.

Бейорганикалық жаңғыру едәуір дамыған елдердің сыртқы әсеріне жауап ретінде көрінеді. Оны үкімет тарапынан тарихи артта қалушылықты жою және шетелге тәуелділікті болдырмау үшін қолданылған дамудың «қуып жетуші» тәсілі деп қарастыруға болады. Осылардың ішінде, мысалы Ресей татар-моңғол шапқыншылығының салдарынан өз дамуында бірнеше жүз жылға кейін шегінуге мәжбүр болды және бірнеше рет алдыңғы қатарлы елдерді қуып жетуге тырысты.

Бейорганикалық жаңғыру шетелдік жабдықтар мен патенттерді сатып алу, бөгде технологияны көшіру (жиі экономикалық шпионаж жолымен), мамандар шақыру, шетелде білім алу, инвестициялар жолымен жүзеге асырылады. Қажетті өзгерістер әлеуметтік және саяси салаларда да жүреді: басқару жүйесі кенеттен өзгереді, жаңа билік құрылымдары енгізіледі, ел Ата заңы шетелдік баламаға жақындастырылады.

Бейорганикалық жаңғыру мәдениеттен емес, экономика мен саясаттан басталады, яғни, органикалық жаңғыру «төменнен», бейорганикалық жаңғыру «жоғарыдан» жүреді. «Модернити» ұстанымдары тұрғындардың басым бөлігін қамтып үлгермейді, сондықтан берік әлеуметтік қолдауға ие болмайды. Олар тек қоғамның едәуір дайын бөлігінің ғана миын жайлайды. XIX ғасырда осылай болған, ол кезде зиялылар «батыстықтарға» және «славяншылдарға» бөлініп кеткен [107, 24 б.]. Алғашқылары жедел жаңғыру мен батыстық үлгілерді сол қалпында көшіруді жақтаса, ал екіншілері өзіндік даму жолын, яғни органикалық жаңғыруды таңдады. Алғашқыларының саны қалың бұқараны рационалдық құндылықтардың пайдасына үгіттеуге және бағыттауға жеткіліксіз болды.

Жаңғыру процестерінің өзгешелігі әлеуметтік-экономикалық, саяси факторлардың жиынтығымен анықталатынын тәжірибе көрсетті. Бұл жерде мыналарды ескеру қажет: экономикалық қатынастардың бастапқы үлгісін (нарықтық экономика саяси қайта құрулар басталғанға дейін қалыптасты ма, жоқ па); экономикалық және саяси реформалаудың міндеттері бір мезгілде немесе кезекпен атқарылады; алдыңғы демократиялық емес жүйенің түрі қандай (тоталитарлық немесе авторитарлық); диктаторлық жүйеден демократияға өту тәсілі; ұлттық дәстүрлердің мазмұны, қоғамдық сананың жағдайы.

Саяси жаңғыру процесі ұлттық саяси мәдениет пен өркениеттік құндылықтар арасындағы қақтығыстар жағдайында жүреді. Міндетті түрде әр елде мәселелер пайда болады:

- қандай да бір даму үлгісін көшіру жолымен жүру және осы әлеуметтік-саяси жағдайға осыған дейін бар үлгілерді орналастыруға басты назар аудару,
- болмаса осы қоғамның нақты жағдайының бүкіл кешеніне барабар саяси жүйенің қолайлы нұсқасын жасау.

Саяси жаңғырудың теориясы да, тәжірибесі де бұл сұраққа әртүрлі жауап береді. Әмбебап стандарттар мен ұлттық құндылықтар конфронтациясына байланысты қарама-қайшылықтармен қатар, жаңғыру процесінде қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-саяси мүдделердің саналуандығы мен саяси жүйенің тиімді шешімдер қабылдау мүмкіндігі арасында қарама-қайшылық пайда болады.

Саяси даму дағдарыстарының мазмұны мен өзара байланыстарын түсіну үшін: «Билік элитасы әртүрлі әлеуметтік топтардың саяси белсенділігінің артуына қалай қарайды? Елде саяси билік тәсілдеріне қатысты келісімге қол жеткізілді ме? Мемлекеттік басқару қоғамға тиімді әсер етуге қабілетті ме?» - деген сұрақтарды алға тартқан жөн.

Жаңғыру кезеңінде өз саяси мүдделерін қалыптастырып және шешім қабылдауға қол жеткізуге тырысатын әртүрлі әлеуметтік топтардың әрекетке көшетінін ұмытпау керек. Билік элитасы мынадай әрекеттердің бірін таңдауы мүмкін: зомбылық көрсету арқылы жаныштау, оппозицияны заңды мойындау, оппозицияны танып қана қоймай, онымен ынтымақтастықта болу. Қатыстылық

дағдарысы (кризис участия) билік элитасы билікке ұмтылған топтардың саяси белсенділігіне кедергі келтірген жағдайда болады.

Саяси жүйенің тиімділігі мен нәтижелілігінің басты көрсеткіштерінің бірі легитимділік. Бұл түсініктің мағынасы қоғамның ресми биліктің құқықтылығын мойындауы екенін еске сала кетелік. Жаңғыру барысында басты дәстүрлі институттар мәртебесіне қауіп төніп, ал әлеуметтік құрылым өзгерісі қарқыны барлық топтар тұтастай шешім қабылдау аясына қол жеткізе алмайтын жағдай туғызатындықтан, қоғам мен биліктің арақатынасы дау-жанжалды түрге айналып, бұл легитимділік дағдарысына алып келеді. Бұл осы саяси жүйені, саяси билік әрекетінің тәсілдерін қоғам мойындамайды дегенді білдіреді.

Жаңғыратын қоғамның құрама бейнесі келесі процестердің өзара қатынастарынан көрінеді: экономикалық қатынастар және саяси жүйенің қалыптасуы арасындағы үзілу; биліктің легитимділігі арқа сүйеп отырған құндылықтар жүйесі және қоғамдық қатынастарды осы құндылықтармен қайшылыққа әкелетін өзгерістер арасындағы алшақтық; күтілген игіліктер және үкіметтік шешімдердің нақты салдарлары арасындағы сәйкессіздікке байланысты наразылықтың күшеюі. Осы процестерден келіп мемлекеттік билік қаншалықты ықпалды деген заңды сұрақ туындайды. Мемлекет ішінде саясатты жүзеге асыру мүмкіндігінің әлсіреуін анықтау үшін жанжалдарды «реттеу дағдарысы» немесе «ену дағдарысы» ұғымы қолданылады.

Осы күндері әлеуметтік жарылыстардың мүмкіндігіне әсер етуші немесе кедергі келтіруші факторларды зерттеу аса өзекті болып отыр. Саяси жаңғыру теориясы, өтпелі кезең конфликтологиясын жасау қалыптасып келе жатқан Қазақстанның саяси элитасына оңтайлы саясат жүргізуі үшін теориялық негізі болуы тиіс.

Сонымен, саяси жаңғыру – бұл қоғамды демократияландырудың, қоғам мен биліктің өзара қатынасының жаңа түрін қалыптастырудың күрделі, ұзақ процесі. Оның барысында қоғамдық өмірдің қарқынымен, саяси жүйені жаңғыру қайшылықтарымен, әлеуметтік-экономикалық факторлардың бүкіл кешенімен туындаған дағдарыстар пайда болады.

Сөйтіп, жаңғыру теориясының "ішінде" елеулі өзгерістер болды: дәстүрлі мен қазіргі заманғының қатаң дихотомиясы қайта қаралды, алғашқысы тек антипод ретінде ғана емес, екіншінің әлеуетті қайнар көзі ретінде қарастырыла бастады; жаңғырудың түрлі нұсқалары танылды, бұл осы ұғымның жан-жақтылығын біршама дәрежеде бұзады; ақырында шешімін табуда қиындық туғызатын мәселелер пайда болды, мысалы, жаңғыру түрінде имитациялық жаңғыру ұғымы ұсынылғандығына байланысты шыққан мәселе.

Ең алдымен, экономика және қаржы саласында негізі қаланған жаһандану процесін жаңғыру процестерінің салдары деп айтуға болады. Экономиканың жаһануы (ортақ дүниежүзілік нарықтың құрылуы), жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы құрылымдардың, институттардың және мәдениеттердің ғаламдық деңгейдегі өзара байланысты болуына түрткі болатын қоғамның жаһануына ықпал етеді. Ғаламдық сана жергілікті өз-өзін

сәйкестендіру шекарасынан асып, дәстүр шекарасын жояды. Жаһандану бүкіл әлемді қамтығанымен, ол қоғамдар мен мәдениеттердің саналуантүрлі болуын жоймайды. XX ғасырда жаңғыру теориясы көп өзгерістерге ұшырады. Жаңғыруды шығыс қауымдастықтарын еуропалық тұрғыдан түсінуден бастап әлеуметтік-мәдени жүйелері мен заңдары бар әр мәдениеттің өзіндік құндылығын түсінумен аяқталды. Қазіргі таңда жаңғырудың классикалық теориясына қызығушылық (дәстүрлі қоғамның қазіргі замандағы қоғамға өту) біртіндеп әлсіреуде. Себебі, өзінің тарихи-мәдени даму сатысын батыс еуропалық елдер ғана емес, шығыс еуропалық және азиялық елдерді өтті. Осыған қарамастан, жаңғыру теориясы әлі де мәдениеттану ой-санасының және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің даму тарихында маңызды рөл ойнап отыр.

1.2 Жапония мен Қазақстанның жаңғыру процестерінің теориялық және әдістемелік негіздері

Жапонияның даму жолы іс жүзінде қоғамның шаруашылық қызметін тұрақты оңтайландыру мен рухани саласының дамуын іс жүзінде жаңғыртуды меңзейді.

Жапониядағы жаңғыру процесіне бірнеше факторлар әсер етті. Ең алдымен, халықтың жоғары деңгейде бейімделе білу қабілеті, яғни, басқа өркениеттердің түрлі элементтерін игеру және оларды өзінің ұлттық құныдылықтарына өзгерту мен келешек ұрпақ үшін сақтап қою. Содан кейін дәстүрлердің қоғамның барлық саласына әмбебап әсер етуі. Мұндағы өзгерістер реформалар, эволюциялық жол арқылы, жойқын, түбегейлі өзгерістерсіз жүзеге асқан еді.

Қазіргі таңда шығысазиялық жаңғыру жолы жөнінде батыстық модельдмен ғана емес, осы модельден асып түсетін, келер жүзжылдықты айқындайтын жаңғыру туралы қызу пікірталас жалғасуда. М.Вебердің рационализміне қатысты оның жеке азиялық жолды табуға талпынғаны туралы айтылмайды. Қазір біз Азия үшін маңызды болып отырған теориялық және саяси пікірталастардың қажеттілігін көрсетіп отырмыз.

Кейбір ғалымдар экономикалық жетістік пен азиялық мәдениет жиынтығынан демократияның ерекше түрі пайда болды дейді, яғни, демократия бәсекелестікті мойындайды, бірақ биліктің ауысуын қаламайды, өйткені ымыраға келу және тұрақтылық бәсекелестік пен өзгеріс құндылықтарынан маңыздырақ [108, 12 б.]. Жапония осы бағытты ұстанған алғашқы ел болды. Алайда, соңғы жылдары Жапонияда да биліктегі өзгерістер қоғамтанушылардың пікірі бойынша, экономикалық өсу жағдайында жұмысшылар мен капиталистерді тәртіпке бейімдейтін авторитарлық мемлекет орта таптың саяси талаптары мен «азаматтық қоғамның» нығаюына кедергі келтіре алмауда. Сондықтан олар бюрократиялық авторитарлық жүйенің басқару қызметін елдің өркендеуі үшін пайдаланады. Бірақ келешкте саяси қатыстылыққа талпыныстыбөгеу мүмкін емес.

Шығысазиялық саясаткерлер басқа мәселелер жөнінде де өз ойларын білдіреді. Жапондық, малайзиялық және сингапурлық басшылар жаңғырудың

батыстық үлгісіне қарсы пікір білдірді, олар азиялық тәртіп пен ықпалдасуды қолдады. Осы көзқарасқа қатысты 1990 жылға дейінгі Сингапур премьері Ли Куан Ю өз пікірін дөп басып айтқан болатын. Бүгінде дәл осындай ұстанымды Малайзия премьері Махатир Мохамад да ұстануда. Ол Батыстың артықшылығы туралы сыни пікірге, батыстық гедонизм мен индивидуализмге қарсы болып, «Бүгінде жетістікке жеткен елдер, ешбір экономикада орталық рөлді ойнайтын үкіметтері бар либералдық демократия емес» -деп мәлімдеді [109, 84 б.].

Оңтүстік Кореядағы оппозициялық саясаткерлер мұндай ұстанымға қарсы: азиялық философия мен дәстүр бюрократиялық авторитарлық құрылыстан бас тартуға және азаматтық қоғам институттарының дамуына күш салуда. Бұл пікірталас – тек жаңғырудың дербес азиялық жолы мәселесіне ғана емес, сонымен бірге Азияның «жалғасып жатқан жаңғырудың» өзекті мәселесіне қосқан үлесі.

«Қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан кейін, болашақтың басқа жобаларына, балама мақсаттарға қарағанда, мақсаттары бір болған дамудың түрлі жолдарын аңғарамыз. Мұндай жағдайда XX ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында жаңғыру теориясы қайта бағалауға ұшырады және одан ары дамыды.

Егер жаңғырудың зерттеу аймағы ретінде үш нәрсені: а) жаңғырған қоғамдардың пайда болуы, ә) даму сипаты бойынша көштен қалғандар дамыған елдерді қуалайтын процесс, в) жаңғырған қоғамдардың инновациясын түсіндіретін болсақ, онда жаңғыру теориясын «елдер мен күндер» абстракциялық деңгейдегі практикалық теория ретінде қарастыру қажет, ол әлеуметтік ғылымдардың негізгі парадигмаларымен жарыспайды немесе осы парадигмалардың ешқайсысымен ұқсас емес. Керісінше, саяси акторлармен, институционалдық және жүйелі зерттеу, ықалдасумен немесе жанжалдармен байланысты зерттеулердің жиынтығы қосындысы, сондай-ақ, элита, жаңашылдық, таптар теориясы элементтерінің комбинациялары және әлеуметтік құрылымдарды зерттеу де болады. Жаңғыруды, тәуелділікті, әлемдік жүйені қарама-қарсы қою немесе біріктіруді әлсірету әрекеттері көбеюде.

Бірақ барлық қарама-қайшылықтарда жаңғыру теориясының өзекті элементтері дұрыс бағаланады: бүкіл әлемдегі нарықтық экономиканың жаңаруы, демократия мен әмбебаптық. Кейбір ғалымдар мұны неомодернизм – немесе нарықтық ұйымның әлеуметтік-саяси алғышарттарының ашылуы деп атайды [110, 165 б.]. «Жаңғыру» немесе «жаңадан жаңғыру» бағдарламасын жасады, онда әлеуметтік қозғалыстардың жаңашылдық күштері мен ғаламдық процестердің сұраныстары көпшіліктің тұрмыс деңгейі бойынша бағаланатын эндогендік ұлттық-мемлекеттік даму туралы ежелгі түсініктерге енгізілген. Күтпеген ықпалдың эволюцияны басып озуы мүмкін екені мойындалған. Қоғамды жан-жақты, тұтастай басқару – жаңғыруға қатысы жоқ, ол социалистік мағынадағы жоба болғандықтан, жаңғыру теориясы жағынан алғанда «атомарлық-спонтандық әрекеттерге» және «жаңа үрдістегі бұрынғы ұғымдарды» жалғастыруға мән беру керек [111, 180 б.].

Жаңғыру теориясының ежелгі және жаңа тұжырымдарына іргелі, антропологиялық оптимизм тән екені сөзсіз, бұдан келіп оның қандай тұжырымдармен немесе көзқарастармен сай келмейтіні байқалады. Осы тұрғыда С.Хантингтон [114, 22 б.] мәдениеттердің шешілмейтін қақтығыстарының «өркениеттер қақтығысы» береді. Экологияның бұзылуын бүкіл жаңғыру жеңістен жоғары бағалайтын әдебиет жаңғырулық-теориялық анықтамаларға сыймайтын, жаңғыру нәтижесіндегі ықпалдасудың тиімді жақтары мен тұрмыс деңгейінің артуынан соғыстар, зорлық-зомбылық құрбандарын, даму жағынан артта қалу және мәңгүрттенуді жоғары қоятын деректер де бар.

Ғаламдануды (капиталдың, ақпараттың) мемлекеттердің іс-әрекетке деген қабілетін және өркениеттер арасындағы айырмашылық күшін жоққа шығаратын үрдіс деп түсінетіндер, жиырма бірінші ғасырда ұлттық мемлекеттер акторлар ретінде көп кездеседі, ал ұлт үстінен бірігу оларды әлсіретпейді, шоғырландырады деген жаңғыру теориясының қорытындысынан бас тартты. Кейбір ғалымдар (Г. Терборн) жаһандану тезисі мен жаңғырудың бірізділік теориясына қарсы өткір дәлелдерді келтіреді, ол төрт «жаңғыру жолын» көрсетеді: Еуропадағы төңкерістер мен реформалар; Америка мен Океаниянның жаңа әлемі; сыртқы күштердің арқасында болған жаңғырулар (Жапония, Египет); отаршылдық процесінен кейінгі ашықтық [113, 125 б.].

Қазіргі саяси ғылымдарда әдебиетті қысқаша талдағаннан кейін, бір сұрақ туындайды: егер аталған және аталмаған кемшіліктерге байланысты жаңғыру теориясы болмаған болса, бұл шығармашылық теориялық бәсекелестік қаншалықты өзгеше болар еді? Жаңғыру теориясына мән бермейтін авторлар осындай тұжырымдарға сараптамалар жасайды. Д.Зенгхаас Қытайдағы жағдай туралы былай деп жазады:

«Қоғамдық плюрализм экономикалық трансформацияның қайтымсыз процесінің салдарынан бұдан ары да қарқындай береді. Барынша ашықтық болады, мүмкін саяси артикулданған мәдениет пайда болады...» [114, 78 б.].

«ЭЫДҰ әлемінің» азиялық авторитаризмге қатысы көзқарасын білдірген Дарендорф та осыны баяндайды:

«Жаңғырған қоғамдардың ұшырасатын баламасы шынында да осындай ма: әлеуметтік тіркеусіз экономикалық өсу мен саяси еркіндік немесе саяси еркіндіксіз экономикалық өсу мен әлеуметтік тіркеу... Біз адамдар қай жерде тұрмасын барлығы үшін молшылық, бар жерде азаматтық қоғам мен саяси еркіндіктің болуы туралы айтамыз. Бұл біз үшін ақыр соңында пұрсатты аймақтар емес, әлем және оның лайықты институттары маңызды деген сөз» [115, 46 б.].

Енді Жапонияның саяси және тарихи дамуының ерекшеліктерін толығырақ сараптап көрелік. Жоғарыда келтірген пікірлерден қоғамдағы жаңғырудың өзгермейтін нұсқасы болмайтындығы, оның әртүрлі сипатта байқалатындығын атап өткен жөн.

Он тоғызыншы ғасырдың соңында еуропалық ғалымдардың, және дипломаттардың жазған еңбектерінің Жапонияға ешбір қатысы жоқ сияқты

көрінеді. Мұнда қоғамдық өмір терең өзгеріске ұшырап, олар экономиканың, саясаттың, ғылымның, мәдениеттің жаңғыруының объективті үрдістерін білдіреді. Бұл түрлі елдердің халықтарын жақындастырады, олардың ынтымақтастығы мен өзара түсіністігіне әсер етеді. Аталмыш процестер эндогендік және экзогендік факторларға байланысты.

Осы жағдайға байланысты В.И.Ленин мынадай тұжырым жасайды: «...дамушы капитализм екі тарихи үрдісті біледі... Біріншісі: ұлттық өмірдің және ұлттық мемлекеттердің оянуы. Екіншісі: ұлттар арасындағы әрқандай қатынастардың дамуы және жиілеуі, ұлттық кедергілердің алынуы, капиталдың, түбегейлі экономикалық өмірдің, саясаттың, ғылымның және т.б. интернационалдық бірігуінің жүзеге асуы» [116, 124 б.].

Осы өзгерістердің барысында дәстүрлі элементтер мен батыстық инновацияларды үйлестірген Жапонияның жаңа бейнесі қалыптасады. Қарастырылып отырған кезеңді нақты екі кезеңге бөлуге болады. Олар жапон тарихының екі өзгеріс мезетімен байланысты. Алғашқысы Мэйджи (Мэйджи ишин) реставрациясынан басталады. Дегенмен, сол кездің өзінде-ақ ол батыс өркениетінің дамуына, әсіресе, мәдениет саласы бойынша өз үлесін қоса бастаған еді. Сондықтан мұны интернационализацияның алғашқы қадамдары ретінде айтсақ болады.

Екіншісі 1945 жылы елдің тізе бүгуінен кейін басталады. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы Жапония әлемдік сахнада үнемі өзінің саяси-экономикалық және мәдени ұстанымын нығайтып, тұрақты дамудың сирек кездесетін моделіне айналды. Соғыстан кейінгі алғашқы екі онжылдықта ол көбінесе шеттен алса, ал одан кейін кең көлемді, барған сайын үдемелі, оның жетістіктерін беру процесі байқалады және ең алдымен техникалық-экономикалық салада байқалады. Осы даму барысында «Жапондық экономикалық ғажайып» деген атқа ие болған құбылыс жатыр. Жапонияға қатысты қарқынды экономикалық даму феномені адамдардың санасын әлі толғандыруда. Себебі, мемлекет даму жағдайындағы өзгерістерге икемделудің жоғарғы деңгейін байқатып, тек дамушы елдер үшін ғана емес, сонымен бірге дамыған елдерге үлгі болып отыр.

Жапон қоғамының тарихи процесінде қайта құруға қабілетті болуы жаңғыру процесінің мәнін түсінуге өз үлесін тигізеді. Осындай қарқынды процес XX ғасырдың елуінші жылдары Жапонияның жаңғыру теориясын қолданысқа енгізіп, оның мән-мағынасы батыс жапонтануында зерттелмесе де, жақында сынға ұшырады.

Осы мәселелерге формациялық және өркениеттік ізденістер аясындағы қызығушылық үнемі отандық зерттеушілердің назарын аудартады. Кез келген қоғамның дамуын талдау, «өндіріс түрі» немесе «таптар» сияқты жалпы параметрлерді зерттеумен шектелмесе керек. Зерттеуге адамдардың нақты әрекеттері, олардың отбасындағы, қауымдағы, кәсіпорындағы, яғни кіші топтардағы қарым-қатынастары ескерілуі тиіс, яғни, тек олардың өмір сүруінің әлеуметтік-экономикалық, психологиялық, идеологиялық және мәдени

аспектілерін зерттеу арқылы ғана бүкіл қоғамның барынша толық сипаттамасын анықтауға болады.

Қоғамдағы адамның өмір сүруін түсінген кезде, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың артықшылығына сүйенетін ресми зерттеулер біраз шектеулі екені көрінеді. Тарихты жүйелі зерттеуге алғаш рет мүмкіндік бергенімен, ол негізігі ұғымдарға сүйенеді, бірақ адамның рухани өмірімен байланысы барысында дін, ғылым, психология және менталитет ескерілмейді. Сондықтан қоғамды зерттеу барысында өркениеттердің зерттеу мүмкіндіктерін қолдану керек, өйткені адам, оның өзін-өзі көрсетуі және өзін-өзі дамыту, жетілдіру мүмкіндіктері оның негізгі тақырыбы болмақ.

Өркениет атауы көбінесе бір-біріне қоғам дамуында немесе ғаламдық деңгейде қолданылады, ал өркениет пен формация бірқалыпты ұғымдар. Себебі, екеуі де материалдық-өндірістік базадан тұрады. Егер формациялық қарастыру кезінде негізгі сала экономика болса, ал өркениет үшін – оның құндылықтары адам, ал экономикалық жетістіктер қоғамның барлық мүшелеріне тиімді болуына байланысты қарастырылады. Оның үстіне өркениет түсінігі мәдениет ұғымына жақын, өйткені екеуі де адамдардың қоғамдағы саналуан қатынастарымен негізделеді. Жалпы алғанда, өркениеттік қарастыру формациялыққа қарағанда барынша қуатты, кең көлемді және ұзақ мерзімді процестерді қамтиды.

Қазіргі әлем халықтарының экономикалық, саяси және мәдени байланыстарының күшейген жағдайында, жергілікті (оқшау) қоғамдардың өзара тәуелділігі мен өзара ықпалы артып отырғанда өркениеттік процес шындығында ғаламдық сипатқа ие бола бастайды, немесе ғаламшарлық өркениетті құруға әкеледі, бірақ бұл жергілікті өркениеттердің қарапайым, механикалық бірігуі емес [117, 30 б.].

Таяу уақытқа дейін отандық ғалымдардың көпшілігі өркениетті қарастыруды жоққа шығарып, жаңғыруды қоғамның формациялық дамуымен байланыстырып келді. Жапония өркениетінің сипаты бұған дәлел бола алады.

Жаңғыру процесі үнемі болады, бірақ атауының тарихы өте қысқа. Қазіргі әлеуметтану әдебиетінде оған бірнеше түсіндірме беріледі. Ғалымдардың көпшілігі жаңғыруды елдердің капиталистік даму жолына түсуімен теңестіреді. Осындай ғалымдар ішінде, Жапония жаңғыруы теориясының авторларының бірі – белгілі американдық жапонтанушы О.Рейшауэр. Бұл көзқарасқа сәйкес, жаңғыру процесі бірнеше жүзжылдан бірнеше онжылға дейін созылуы мүмкін, бірақ үнемі іргелі өзгерістерге алып келеді. Мұндай өзгерістердің түбегейлі сипатын көрсетіп, Рейшауэр олардың маңызын «аңшылық пен терімшілікке негізделген шаруашылықтан жер өңдеуге өту немесе тас қаруларды пайдаланғаннан қола және темір қаруларға көшу» деп салыстырады [118, 16 б.].

Ғалымдардың кейбіреулері қандай да бір мемлекеттің жаңғыруын нақты дамыған елмен, мысалы Жапония және Англиямен немесе XX ғасырдың ірі әлеуметтанушысы М.Вебер анықтама берген «идеалды түрмен» салыстырып қарастыруды ұсынады. Көбінесе жиі, мүмкін бұл әділетті де шығар, жаңғыру дәстүрлі «шығыс» қоғамын өркениеті жоғары «батыс мәдениетіне» қайта

өзгерту деп түсіндіріледі. Ең алдымен бұл жерде батыс қоғамы бірқатар әмбебап сипаттағы құндылықтарға ие болып отыр. «...оларға билік бөлінісі, тұлға бостандығы және басқа адам құқықтары, кәсіпкерлік еркіндігі, саяси егемендік, ұлттың өзін-өзі билеу құқығы, әлеуметтік таңдау еркіндігі жатады». Міне осындай қоғамға қазір барлық дамушы елдер ұмтылады; бұл ТМД елдері үшін де өте өзекті.

Өркениеттер тағдыры үшін қоғамның шаруашылық өмірінің, М.Вебердің айтуы бойынша, шаруашылықты ұтымды жүргізу тәсілінің, еркін (формалды) еңбекті ұтымды капиталистік ұйымдастырудың маңызын айрықша атап өту қажет. Аталмыш өзгешелік Батыс елдерінде көрініс тапты. «... Дәл осы Батыста ғана, әмбебаптық мәнге ие болған бағытта дамушы мәдениет құбылыстары пайда болды» [119, 245 б.].

Ал бұл кезде шығыс қоғамдарында үлкен рөлді төл рухани құндылықтары ойнады және ойнай береді. Батыс елдеріндегі тарихи процестерді сипаттау үшін Вебер рационализм ұғымын енгізеді. Еуропада адамзат тарихында тұңғыш рет қазір индустриалды немесе өнеркәсіпті дамыған деп аталып жүрген қоғам пайда болған еді. Вебер бойынша, қоғамның барлық басқа түрлері дәстүрлі болып саналады.

Осылайша, оңтайландыру – тарихи процестің өзі және бұл мағынасы жағынан жаңғырумен мәндес. Сондықан, Вебер жаңғыру атауын тура қолданбаса да, осы мәселені зерттеуші қазіргі заманғы тарихшылар оның классикалық мұрасын көп қолданады. Бенджамин Шварц былай деп жазады: «Егер Веберге сүйенетін болсақ, менің ойымша жаңғыру түсінігінің шекарасын айқындаудың бір ғана мүмкіндігі бар: ол адам энергиясын жүйелі, ұзақ мерзімді және мақсатты түрде адамның материалдық және әлеуметтік өмір сүру ортасына әртүрлі мақсаттарды жүзеге асыру үшін «рационалды» бақылау орнатудан тұрады. Мен мақсатты түрде, жүйелі және ұзақ мерзімді деген сөздерді қолдандым, өйткені рационализация процесі адамзат тарихында көрініс табады» [119, 92 б.].

Дәстүрлі қоғамды батыстық қоғамға қайта құру барысында әлеуметтік-экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қарқынды, біржақты түрде ұлтаралық көшіру туралы сөз болады. Басқа сөзбен айтқанда, мұндай жағдайда жаңғыру экзогендік факторлардың әсерімен қарқынды жүзеге асады. Құндылықтарды көшіру қандай да бір жаңғыруға ұшыраушы мемлекеттің тәуелділік жағдайында болуы мүмкін, сондай-ақ, ол кең көлемде саяси және экономикалық дербестігін сақтауы да мүмкін. Осы тұрғыда екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілістен кейін Жапонияда алғашқы онжылдықтарда «жаңғырған» және «батыстық модель» сөздері мәндес болды: жапондық қоғамның дамуы артта қалған қоғам деп саналды, ал батыстық қоғамның дамуы ілгері кеткен қоғам болатын.

Еуропалық жаңғырудың мәні «адамзаттық және игерілген табиғи ортаның үздіксіз, бағытталған дамуы, ұлғаюы принципінде, адам тағдырының өздігінен даму принципінде, сонымен бірге осы ортаны және тағдырды адам мен қоғамның саналы әрекеті арқылы игеруде жатыр. Еуропалық

модернизаторлықта адамның саналық іс-әрекет жолындағы әлеуметтік, мәдени және экологиялық тұрмысының шешуші аспектілерін белсенді қалыптастыру, адамдардың бұл қалыптастырудағы саналы атсалысу мүмкіндігі идеясы болды [120, 69 б.].

Жаңғыру процесі – үздіксіз (перманентті) және әрқилы, бірақ бірізді емес. Мұндай көзқарас соңғы жылдары әртүрлі елдердің ғалымдарының арасында барынша кең таралуда. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша «жаңғыруға бізге белгілі барлық қоғамдардың эволюциялық дамуының соңғы межесі, эволюциялық әлеует барлығы үшін бірыңғай, ал еуропалық тәжірибе – жаңғыру парадигмасының маңызды және құрылымдық көрінісі деген көзқарастан бас тартатын кез жетті. Аталмыш парадигманың мәніне сәйкес, жаңғыру Еуропада пайда болған және әлемге өз тұрмыс-тіршілігінің экономикалық, саяси және идеологиялық қырларын таратқан, әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде, біркелкі өркениеттің қалыптасу процесі деп сипатталды» [120, 68 б.].

Жаңғыру кең қолданылса да, ол бірыңғай өркениеттің құрылуына әсер етпеді. Ежелгі дін немесе басқа көшірмелерден айырмашылығы жаңғыру процесінде экономикалық, саяси және идеологиялық қырлар байқалды. Бұл жаңғыруға ұшыраушы қоғамдардағы бар құрылымдарды едәуір дәрежеде күйретуге ұшыратпай қоймады. Жаңғыру – қоғамның бірте-бірте дамуына кепілдік беретін, ақыр соңында оның әлеуметтік қайта жасақталуына әкелетін технологиялық қайта құру.

Өз кезегінде әрбір қоғам бөгде тәжірибені күштеп енгізу барысына өзіндік жауап қайтарады. Осыдан өркениеттер мен жаңғырудың көп нұсқалы болуы, олардың біркелкі еместігі және динамизм сипаты туындайды. Авторлардың бұл көзқарасы Я.Тадаоның осы жаңғыру процесі кезінде әлемдік мәдениет әртүрлі халықтардың мәдениеттерінің айрықша ерекшеліктерімен байытылады деген пікірімен сәйкес келеді [120, 9 б.]. Осыған байланысты Э.Рейшауэр келесі ой қозғайды: «... жаңғырудың көп нұсқалы сипаты бар және әрқашан бола береді деп түйінделеді. Сондықтан да жағдайдың ешқайсысы типтік бола алмайды» [118, 35 б.].

Жаңғырудың әмбебап формасының болмауы дұрыс заңдылық, өйткені әртүрлі қоғамдарда түбегейлі өзгерістер тудыратын факторлар жиынтығы біркелкі емес. XX ғасырдың 60-жылдары бірқатар елдердің ғалымдары (Жапонияның Оучи Цутому, Тояма Шигэки, Англияның, АҚШ-тың, Австралияның Рональд Дор, Джон Холл, Эдвин Рейшауэр, Сидней Кроукур және басқалары) жаңғырудың бір өлшемді концепциясын әзірлеу мүмкін емес деген тұжырымға келді. Олар «жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында жаңғыруға ұшыраушы қоғамды сипаттайтын урбандалудың жоғарғы деңгейі, энергияның жаңа көздерін пайдалану, тұрғындардың әлеуметтік белсенділігі; тұтыну тауарлары мен қызметтерінің кең таралуы; халықтың жаппай сауаттылығы мен ғылымның маңызды рөлі; бұқаралық ақпарат құралдарының ауқымды желісінің құрылуы; әлеуметтік институттардың болуы, сондай-ақ ұлттаралық қатынастардың өрістеуі параметрлері болды». Кейбір ғалымдар бұл

процестің өлшемдерін саясатта, экономикада, идеология мен әлеуметтік салада жеке беріп көруге тырысты [118, 36 б.].

Джон У.Холл жаңғыру мәнін айқындады, ол бұл түсінікке экономиканың механикаландырылуы мен индустриаландырылуын, бюрократтық аппараттың құрылуын, ғылым рөлінің, жалпы интеллектуалдық саланың белсенділігін, әлеуметтік қатынастардың кең көлемін, адамдардың рухани құндылықтармен баюын, яғни дәл осы уақыт кезеңіндегі адам тіршілігі жағдайларының жоғарғы рационализация деңгейін көрсететін барлық компоненттерді кіргізді [118, 31 б.].

Осы көлемге енген қоғамды жаңғырған деп санауға болады. Американ ғалымы мен сенаторының бұл тұжырымына жауап ретінде жапон экономисі Цуцуми Сэйджи өзінің «әлеуметтану тарапынан мұндай қарастыру бәлкім мүмкін шығар, бірақ жаңғыру теориясын бұл негізде жасауға болмайды» деген пікірін білдірді [121, 64 б.]. С. Цуцуми өзінің ұстанымын түсіндірмейді, дегенмен бұл жерде Дж.Холл қандай да бір елдің ерекшелігін ескермей, тек қалыпты өлшемдерге сүйенгені қарастырады.

Жапон профессоры Н.Кавамура жаңғыру мен индустриаландыруды, мәдени сипаттарды қарастырып, өзіндік мәдени құндылықтардың барынша дербестігін атап өтеді. Оның пікірі бойынша, жапон қоғамының нормативті еуроцентристік теорияға сәйкестенбейтін *иэ* концепциясы немесе корпоративтік рух сияқты айрықша құбылыстарын феодализм қалдықтары деп қарастыруға болмайды, оларды «батыстықтан айрықша жапондықтардың мәдени құндылықтары» деп қабылдау қажет.

Профессор Н.Кавамура жаңғыру теориясын дәстүрлі шығыс қоғамынан қазіргі заманғы «батыстыққа» өту аясынан жеке қарастырады. Ол жаңғыру процесі одан да әрі қазіргі замандағы қоғамнан қазіргі замандағы қоғамнан кейінгі кезеңге қарай жүреді деп есептейді [122, 264 б.].

Бірақ мұндай сипат бірыңғай өркениеттің құрылуын емес, тек қазіргі деңгейдегі, өз айырмашылық белгілері бар бірқатар өркениеттердің құрылуын білдіреді. Осындай зерттеулер барысында шығыс қоғамдарының Батыспен жақындасуы жағдайында өзінің жекелік қасиетін жоғалтуына қатысты конвергенция теориясының аспектілерінің бірі күшін жоғалтады.

Қандай да бір елдің жаңғыруын бағалау барысында ғалымдардың көпшілігі уақыт өлшемдерін алады, яғни қоғамды оның жаңғыру жолына түсу уақытына қатысты қандай да бір түрге бөледі. Қоғам ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен дамиды деп санап, оларды екі түрде – эндогендік және экзогендік деп қарастырылады [123, 245 б.]. Тағы бір ғалымдар «алғашқы дамыған» және «екінші кезекте дамыған» түрлерін ұсынды. Ол алғашқы түріне барынша ұзақ уақыт бойы өз күштеріне сүйеніп дамығандарды жатқызады. Екінші түріне алғашқы дамыған қоғамдардың индустрияландыру үлгісін көшіріп, оны тез жүзеге асырғандарды қосады. Мысалы, Жапонияны алып қарасақ, белгілі жапон әлеуметтанушысы Цуруми Кадзуко көрсеткендей, батыс елдеріне отыз жыл уақыт керек болған жерлерде, Жапония үшін он жыл ғана жеткілікті болған [124, 7 б.].

«Дамуы артта қалған қоғамдардың жаңғыруды жүзеге асыру барысында, дәстүрлі құрылымдарына ілгері технологияларды, саяси-экономикалық және идеологиялық жаңашылдықтарды біріктірумен байланысты». Оның үстіне, күрделі мәселелер мен қиындықтар жаңғыруға ұшыраушы қоғамның түрлі жүйелеріндегі өзгерістердің синхрондалмауынан пайда болды.

Тағы біреулер жоғарыда айтылған көзқарасын дамытып, тек алғашқы және екінші кезекте дамыған қоғамдарды ғана емес, сонымен бірге ескі, жоғары дамыған дәстүрлі мәдениетті (мысалы, Жапония) және жас әрі барынша бос жерлерде пайда болған қоғамдарды, яғни төрт түрді бөліп қарастырады. Ал Принстон университетінің профессорлары алты түрден тұратын бұдан да толыққанды жіктеу жүргізеді. Бұл ғалымдардың барлығы елдерді даму деңгейі бойынша топтастыруға тырысты.

Жапония тарихын зерттеу барысында, біз үшін жаңғыруға ұшыраушы қоғамдарды Э.Рейшауэр ұсынған, олардың жаңғыру жолына түсу уақыты мен даму деңгейіне сәйкес үш негізгі топқа бөлу қызығушылық туғызады: 1) жаңғыру элементтері біршама баяу эволюциялық даму барысында туындаған мемлекеттер (Солтүстік Еуропа елдері және олардың ықпалындағы ареалдар; 2) дамуы жоғары өркениетті, сыртқы ықпалмен болған жаңғыру процесі жүрген мемлекеттер (Азияның, Солтүстік Африканың, Латын Америкасының көптеген елдері); 3) Жақында ғана пайда болған мемлекеттер (Африканың қалған бөлігі және Океанияның бір бөлігі). Әрине, оның ойынша бұл категориялардың арасында алынбас кедергі жоқ. Сондықтан, бірқатар елдер бірінші және екінші категориялар арасында маргиналды болып, шекаралық аймақтарды құрайды [118, 34 б.].

Жаңғыруға ұшыраушы қоғамдарды бөлуді отыз жылдан кейін ресейлік зерттеушілер (В.Хорос және басқалары) «Ресей мен Жапонияның жаңғыруы» атты мақаласында «әлемдік капитализм эшелондарының тұжырымдамасы» деген атпен қайталады [125, 87 б.]. Атап айтқанда, осы екі елдің жаңғыруын салыстыру идеясы да Жапониядағы процесті салыстырмалы тұрғыдан зерттеудің көп нұсқаларын ұсынған американдық ғалымдардан алған болуы керек. Жекелеген, оның ішінде мәдениетке қатысты параметрлер бойынша жапондық нұсқаны қытайлық және корейлік нұсқалармен салыстырған дұрыс. Ал тарихи типологияға (түрге жіктеу) келетін болсақ, Жапонияны Азияның дамыған елдерімен салыстырған абзал, бірақ кейбір аспектілерін Ресей және Шығыс Еуропа елдерімен салыстырған жөн. Ол жапон жаңғыруының бастапқы кезеңін ғана Оңтүстік және Шығыс Еуропа елдеріндегі осындай процестермен, ал кейбір параметрлер бойынша солтүстік-батыс Еуропаның және Солтүстік Американың елдерімен салыстырған дұрыс деп есептейді [118, 189 б.]. Мұнда солүстік-батыс Еуропа елдеріндегі жаңғырудың ерте кезеңдерімен және Африканың артта қалған елдеріндегі бұл процестің кез келген кезеңімен балама жасауға жол берілмейді.

Американдық ғалымдар Жапония Мэйджи кезеңінде жаңғыру жолына түскенде барынша жоғары даму деңгейінде болған ел деп есептейді. Олардың пікірі бойынша, елдің осы бағыттағы сәтті қадамы алғышарттардың болуымен

ғана емес, сонымен бірге жапондықтардың үнемі басқа елдерден үйрену қабілетінің болуымен қамтамасыз етілді. Бұл жерде ол әсіресе өзін прогрестің жасампазы сезінетін капиталистік қоғам адамының шығармашылық қасиетін бөліп көрсетеді. Мұндай көзқарас М.Вебердің ұстанымына да сай келеді, ол: «іс-әрекетті «рационализациялаудың» маңызды бөліктерінің бірі – үйреншікті әдет-ғұрыптар пен салттарға іштей тартылуды мүдденің қалауына бірте-бірте бейімделумен алмастыру» деген болатын [126, 22 б.].

Э.Рейшауэрдің жалпы жаңғыруға және жеке Жапонияға қатысты айтылған көзқарастарын қарастырып, кейбір шетелдік ғалымдардың Жапония жаңғыруы теориясын түсіндіруі талас тудыратын, тіпті қате болып көрінеді. Мысалы кейбір ресейлік ғалымдардың (Б.В.Поспелов) көзқарасы бойынша, бұл теория «Жапон капитализмін ғылыми-техникалық прогрестің талаптары мен осы саланың жетістіктеріне бейімделу «қабілетіне» бола мадақтау үшін айтылған... Ол дамушы елдерге социологиялық даму теориясы ретінде бағытталған». Оның үстіне, ол жапон әскерилерін және олардың ел тарихындағы рөлін ақтамақшы деп айыптады [127, 15 б.]. Ал Э.Рейшауэр Жапонияның Мэйджиден кейінгі кезеңде неліктен милитаристік жолға түскенін түсіндіруге тырысқан еді. Оның пікірі бойынша, өктемшілдік «Жапон дәстүрінің маңызды бөлігі емес». Жапония милитаризмі мен соғыс жолына отарлары бар Еуропа елдерімен теңесу үшін түсті. Соңғылары елдің жаңғыруының құрамды бөлшектерінің бірі ретінде әскери істегі жетістіктерді бағалады. Оның үстіне сол кездерде кез келген әскери қуатты держава міндетті түрде «империалистік авантюраға» тартылды. Сөйтіп, бұл кезеңдегі Жапонияның басқыншылық саясатын «самурайлық рух» деп емес, «тәуелсіз мемлекеттің тіршілігі үшін күресі» деп түсіндірген дұрыс сияқты. Әрине, жапон саясатына мұндай баға беру тек XX ғасырдың 30-жылдарының басына дейін ғана дұрыс болуы мүмкін.

Жапониядағы жаңғыру сипатына қоғамның жоғары бейімделгіш қабілеті, яғни олардың бөтен өркениеттердің (ең алдымен үнді және қытай) элементтерін игеруі, тіпті оларды өз ұлттық құндылықтарының компоненттеріне айналдыруы қатты әсер етті.

Қазіргі жапон қоғамында қандай нәрсенің түпнұсқа екендігін, қандай нәрсенің көшірме екенін ажырату қиын, өйткені барлығы біте қайнасып кеткен. Сонда да, таза жапондық элемент әлсіз болғанына қарамастан, бейімделу процесіне едәуір ықпал жасады. Мұның алғышарты ретінде, буддизм зерттеушісі О.Розенбергтің: «жүйенің аясында бекітілмесе де, ұлттық элементте белгілі бір бейімділік, белгілі бір халыққа тән дүниетаным жасырынып жатты» пікірін атап өтсек болады [128, 55 б.]. Бір қызығы, басқа елдердің мәдениетін өз дәстүріне тартып, Жапония жиі аталмыш елдердің ұмыт болған нәрселерін сақтап қалды.

Біртұтас дүниенің құрылуы жапондықтардың дүниетанымымен қатысы бар, оның негізінде басқа шығыс қоғамдары сияқты дәстүр, «тұлға немесе қоғамның қандай да болмасын жеке мақсаттарға жетуінің табиғи және дұрыс жолы деп есептелетін барынша ортақ іс-әрекет сипаты жатыр... Дәстүр тек қана тұрмыстық немесе шаруашылық институты ғана емес, сонымен бірге белгілі

императивті сипаттарға сай кез келген әлеуметтік рөлдерді ұйымдастыратын әмбебап және интегративті механизм болып саналады» [129, 8 б.]. Ш.Айзенштадт қысқаша анықтама бергендей, дәстүр – бұл «қоғамның немесе өркениеттің әлеуметтік және мәдени тұрмысының ең басты белгілерінің қоймасы» [130, 47 б.]. Сондықтан, дәстүрді тек консервативті деп түсіну бағалау кезінде қостараптылықты білдіреді.

Жапонияға дәстүрлер трансформациясының эволюциялық процесі тән. Жаңа элементтер әдетте ескі құрылымға қосылып отырды. Оны ешқашан бұзбады, бірге тіршілік етті, кейде бірігіп біртұтастыққа айналды, мұнда қандай дүниенің сырттан келгенін, қандай дүниенің жапондарға тән екенін айыру қиын болды. Бірте-бірте бұл элементтер ескі құрылымға бейімделген сайын түрін өзгертіп, бүкіл жүйені қайта құрды. Кейде бұл процестің қарқынды жүргені соншалық, жапондықтардың өз дәстүрлерін бұзғаны сияқты жалған әсер қалдырды. Тіпті Жапонияның болашағы туралы көптеген пікірлер айтқан белгілі орыс ойшылдары осындай түсініктердің арбауында болды. Ол: «Жапондықтардың еуропалықтардың техникалық жағын ғана емес, сонымен бірге өмір сүру ұстанымдарын қабылдаудағы асығыстықтарына қарағанда, олар өз мәдениетінің ерекшеліктерін өте бағаламайтын сияқты» деп тұжырымдаған [131, 126 б.].

Іс жүзінде Жапония жаңғыруы дәстүрлі құрылымдарды жоққа шығару арқылы емес, керісінше оларды тиімді қолдану арқылы жүзеге асты. Сондықтан да белгілі жапонтанушы Ф.Мараинидің пікірімен келіспеу мүмкін емес: «Жапониядағы жиырмасыншы ғасыр көбінесе сырттан келген элементтердің арқасында, дәстүр күштері қарсылық көрсеткеніне қарамастан жүрген жаңғыру процесінің ілгерілеуі ретінде қарастырылады. Кейбір жағдайларда солай болғаны рас, бірақ жалпы көлемде бұл мүлдем басқаша. Егер Жапонияның өткені оның болашағына кедергі болса, онда әлі өзінің батыстық ұстаздарының әдепті және үміт күттіретін шәкірті болып қалар еді. Алайда, ол қылышын көтеріп және оны тамаша меңгерген, ұстаздарын өз ойындарында жеңетін қуатты бәсекелеске айналды» [132, 158 б.].

Ол еуропалықтар мен жапондықтардың материалдық тұрмысының үй салу және безендіру, аспаздық ісі мен ас мәзірін әзірлеу, киім және тағы басқалары сияқты негізгі элементтері мүлдем ұқсамаса да, тұрмыста материалдық ұйымдастырудың әртүрлі жүйелерін ұстанса да, Жапонияда жекелеген элементтердің бөлек өмір сүруін сақтау арқылы олардың синтезі жүрді. Осыған қатысты материалдық мәдениетке байланысты қолданылатын батыстық (сэйёшики), жапондық (вашики) және аралас (ваё сэччю) стиль түсініктері бар.

Жапондықтардың прагматизмі оларға қажет деп санаған жаңашылдықтың бәрін қабылдауға мүмкіндік берді, олар мүмкіндік катаклизмдерін айналып өтті және дәстүрлі құндылықтардан бас тартпады. Жапония басқа елдерге, Мысалы Қытайға қарағанда, Батысқа тиісті түрде жауап бере алды. Жапондықтар өз бірегейліктерін жоғалтпай, батыстың құндылықтарын қабылдай білді.

Жапон тәжірибесі кез келген мәдениеттің, батыс мәдениеті сияқты қуатты болса да, еліктеуге тұратын әмбебап модель бола алмайтынын, сонымен бірге

ешбір мәдениеттің абсолютті тәуелсіз, оқшау ортада дами алмайтындығын көрсетті. Сол себепті, қазір Жапония жаңғыруының Мэйджи кезеңінен кейінгі еуропалану немесе соғыстан кейінгі американалану туралы айтсақ та, іс жүзінде күрделі және сындарлы процес туралы, мәдениеттердің өзара қатынасы, бұл түсініктің өркениет ұғымымен жақындығы байқалған уақыт туралы сөз қозғап отырмыз.

Дәстүрлердің әмбебап ықпалы, осы түсініктің кең мағынасында, жапон қоғамындағы қайта құрулардың, тіпті олар қаншалықты қажет болса да, әлеуметтік төңкерістерсіз, реформалар арқылы, эволюция жолымен жүруіне әсер етті. Қарама-қайшы тұстарды бітімгершілік жолымен шешу – Жапонияға тән құбылыс. Күн Шығыс елінде қирату мен жасампаздықтың ортасын таңдайды. Мұндай ұстаным жапон дүниетанымының басты принциптерінің бірі – *ва* (үйлесімділік түсінігі) ұғымына негізделген. «Гармония (ва) дұрыс қатынасты білдіреді – әлденені қимылсыз теңдікте ұстап тұру, бір нәрсені екінші нәрсемен теңестіру, бұл тұтастың тарихта шашырауына жол бермейді – бұл теңгеру, жанжалдарды шешу, ішкі және сыртқы жауласушы тараптарды бітімдестіру қабілеті. Өз мемлекеттерін Орталық деп атаған қытайлықтардан өзгеше, жапондықтардың өз елдерін Ямато («гармония – ва иероглифінің екінші оқылуы) деп атауы тегін емес. Жапония қозғалыс, әрекет жолын таңдады, тыныштық, «орталық» идеалының орнына қозғалыс, жол идеалын ұстанды» [133, 142 б.]. Әрине, «Ва» қағидасын өмірдің барлық көріністерінде абсолют ретінде қабылдауға болмайды.

Егер Батыста жаңа даму сатысы алдыңғыны жоққа шығару арқылы, яғни бұзу жолымен жүзеге асса, ал Жапонияда – тұрақты даму жолымен, дәстүрлерді жаңғырту арқылы жүреді. (Сондықтан да Мэйджи оқиғаларының мәнін түсіндіру үшін, «жаңару» деген мағынаны беретін «ишин» сөзінің алынуы кездейсоқ емес).

Мэйджи реставрациясы үшін консервативті күштер мен жаңару жақтастары арасындағы ымырашылдық сипаты тән болды. Алғашқы күштер қоғамдағы жағдайды өзгертуге, екіншілері дәстүрлерді сақтау мен ұстануға құлық білдірді. Бұрынғы феодалдық рулық қауымдардан шыққан, сауда-өндірістік капитал өкілдерінің едәуір бөлігі жаңа дәуірдің талаптарына бейімделуге дайын болып шықты.

Солай болса да, реформалардың өзі Жапонияның тарихи дамуының бұрылысты кезеңдерінде шындығында революциялық сипатта болды. Ол алғашқы қауымдық құрылыстан феодалдық қалыпқа өтуді аяқтаған Тайка кезеңінің (VII ғасыр) реформасы болсын, немесе елдің қарқынды жаңғыруына бет алған Мэйджи кезеңі болсын, немесе соғыстан кейінгі «Жапондық ғажайыпқа» іргетас қалаған жылдар болсын.

Жапон қоғамындағы түбегейлі қайта құру ерекшелігі (саяси жүйелерді құлатумен, басты саяси ұстанымдар мен заң шығарушы биліктің белгілерін өзгертумен, билеуші таптардың ауысуымен, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды түбегейлі өзгертумен жүретін таптық революциялардың болмауы) Мэйджи кезеңінің оқиғаларына әрқилы баға беруді

туғызды. Кеңес ғалымдары оларды аяқталмаған буржуазиялық, жоғарғы жақты қамтыған революция деп сипаттады. Бұл баға еуропоцентризм позициясынан жасалған. Төңкерістің аяқталмағандығы буржуазиялық қайта құру міндеттерінің толық шешілмеуінен көрінеді. Бұл жүргізілген реформалардың мәніне де, орнатылған биліктің формасына да қатысты болды.

Көптеген Еуропа тарихшылары, жапондықтар сияқты аталмыш оқиғаларды Мэйджи реставрациясы деп атайды, өйткені негізгі саяси өзгерістер император билігін қалпына келтіру, дәстүрлерін жалғастылығын сақтау, айрықша жапон қоғамын қалпына келтіру және императорды аса дәріптеу идеясын орнату түрінде жүрді.

Мұндай қарама-қайшы баға беру Жапонияға қатысты дұрыс сияқты, өйткені осы оқиғалардың нақты мәнін көрсетеді, бірақ реставрация және революция ұғымдары батыс елдерінің тарихы мысалында бір-біріне сай келмейді. Ал Мэйджи реставрациясы өзінің салдарларымен (индустриаландыру, урбандалу, биліктің орталықтандырылуы) еуропалық түрдегі революцияларға жақын болды. Бірақ мемлекеттік билік жүйесі түбегейлі өзгеріске түспеді. Оның үстіне, жапондықтар өз алдарына еуропалық революциялар кезінде шешілген міндеттерді қойған жоқ. Олар өз елдеріне дәл сол уақытта тәуелсіздікті сақтау мен еуропалықтармен тең дәрежелі мемлекет құруға қажеттіліктің бәрін істеді. Мэйджидің типологиялық оқиғаларын консервативті революция түрінде қарастыруға болады. Бізде сирек кездесетін бұл атау батыстық саясаттану әдебиеттерінде барынша кең қолданылады. Оның негізгі мазмұны дәстүрлі қоғамдардағы революциялық қайта құру жүйесі өзіндік дәстүрлер негізінде жүреді дегеннен тұрады.

Жапонияның батыс өркениетімен тығыз байланысқа түскен уақытындағы барынша жоғары даму деңгейі ел тарихын жекелеген еуропалық елдермен емес, бүкіл құрлықпен тұтас салыстыру туралы ұсыныс жасауға мүмкіндік берді. Жекелеген Еуропа мемлекеттерінің рөлін мұнда феодалдық рулық қауымдар ойнайды.

Еуропада бірде бір мемлекеттің жетекші рөл атқармағандығы, яғни құрлықта қатал орталықтанған билік болмағаны, ал мұның батыс қоғамының барынша жылдам капитализмге өтуін қамтамасыз еткені туралы болып отыр. Мұндай жағдай Жапонияда Токугава кезеңінде орын алған еді, басқа Азия елдеріне қарағанда (бірінші кезекте, дүниеге басқаша көзқарасқа жол бермейтін мызғымас императорлық-бюрократтық жүйесі бар Қытайдан) мемлекеттің билігі, әсіресе экономикалық жағынан өте әлсіз болды. Қытайтанушы Ф.Б.Белелюбскийдің айтуы бойынша: «орталықтың әлсіреуі дәстүрлі еуропа қоғамының еурокапитализмнің жарқын патшалығына жедел секірісін дайындады.... бұл шамамен XVI-XVII ғасырлар. Керісінше, Азияда әртүрлі нұсқадағы мемлекеттік биліктің экономикалық үстемдігі орнады. Едәуір әлсіз позицияны біз Жапониядан көреміз» [134, 116 б.].

Жапон және Қытай ғалымдарының ортағасырлық Жапония мен Батыс Еуропаның саяси жүйелерінің жалпы ұқсастығы туралы осындай көзқарастары жапонтанушы ғалымдардың компаративистік зерттеулерінде келтіріледі.

Мысалы, профессор Х.Иошихироның пайымдауынша, Жапонияның Батыс Еуроп елдерінің капиталистік даму бағытын қайталауы, ұқсас зияткерлік үрдістер пайда болған ортағасырлық Жапония мен Батыс Еуропаның саяси жүйелерінің ұқсастығынан туындайды [135, 138 б.].

Оның үстіне ортағасырлық Еуропада қандай да бір мемлекеттің үстемдігі орнамағанына қарамастан, жоғары дәрежелі саяси сабақтастық пен тұрақтылық та болды. Жапония үшін бұл рөлді ұлттық фактор ойнады.

Жапонияның жаңғыру процесі – тура сызықты үдемелі қозғалыс емес. Оның өз толысуы мен кемуі байқалады: бүкіл батыстықтан толық бас тартудан, оны толыққанды қабылдауға дейін. Бүкіл жатжұрттыққа деген мұндай қатынас жапон қоғамының бүкіл тарихы бойына тән.

Өзге тәжірибені игеру ең алдымен саяси мақсаттармен айқындалып, бұл процес билік элитасының бақылауымен жүрді. Бұл үрдістер еуропалықтармен XVI ғасырдағы алғашқы байланыстарда және XVI-XVII ғасырлардағы батыс идеялары ене бастағанда анық көрініс тапты. Мысалы, португалдық қаруға, медицинаға, астрономия мен дінге деген ізгі ниеттер тез жағымсыз қатынастарға ауысты, өйткені ел билеушілері саяси «бесінші колоннаның» пайда болуынан сескенді. Ақыр соңында сол кездегі қоғам сұраныстарына сай және жапон дәстүрлеріне лайықты нәрселер қабылданды. Бір жағынан көшірмелер ішкі дамудың стимуляторлары рөлін атқарды.

Өзінің революциялық сипаты жағынан екінші дүниежүзлік соғыста жеңіліс тапқаннан кейінгі Жапонияда жүргізілген реформалар да өте қызықты. Олардың радикалды болғаны соншалықты, зерттеуші ғалымдар тарапынан буржуазиялық-демократиялық революцияның міндеттерін шешуші ретінде бағаланды. Елде жүргізілген қайта құрулар жедел экономикалық дамуға жағдай туғызды, олардың нәтижесінде Жапония жаңғырған қоғамдардың толық құқылы мүшесіне айналды.

Қазіргі кезде батыс жаңғыру процесін басып озатын және келешек ғасырды анықтайтын шығыс азиялық жаңғыру моделі мәселесі төңірегінде үлкен талас-тартысты әңгімелер жүріп жатыр. Біз осы ерекше жаңғыру үлгісін түсіну үшін Жапонияның саяси даму ерекшелігін егжей-тегжейлі талдауға тырыстық.

XX ғ. алпысыншы жылдарының соңында Жапония, жалпы ұлттық өнім көлемі бойынша, алдынғы қатарлы үш елдің біріне айналды. Күн шығыс елі осындай жоғарғы мәртебеге 1867-68 жж. "Мэйджи реформаларымен" негіз қалана бастаған ұзақ жаңғыру процесінің арқасында жетті. Жапония Азия елдері арасында келешекте Азия "жолбарыстары" мен "айдаһарлары" деп аталған елдер үшін үлгіге айналған капиталистік шаруашылық жолына өткен бірінші ел болып саналады. Жаңғыру жолындағы жетістіктері арқасында Жапония әлеуметтік-экономикалық артта қалуды жеңуге бағытталған ерекше даму үлгісін көрсетті. Жапондық дәстүрлі қоғамының өзгеріске ұшырауының негізгі алғышарттары, себептері мен факторлары келесі түрде жинақталып түсіндірілуі мүмкін:

1. XVIII–XIX ғғ. басында Жапонияда натуралды шаруашылықтың ыдырауынан, оның бөлінуінен, өндірушінің өндіріс құралдарынан ажырауынан, жеке және орталықтанған мануфактураның дамуынан көрініс тапқан қоғамның әлеуметтік-экономикалық ұйымның қайта түрлену процесі жылдам жүрді. Осы процестердің жиынтығы капиталдың бастапқы жинақталуы деп сипатталған болмыстың жергілікті жерде пайда болуын растайды. Зерттеушілердің ойынша, Жапонияның сол кездегі батыс елдерден артта қалуы негізінде кезеңдік және технологиялық сипатта болды және осы шарт елге еуропалық ұйымдастыру және техникалық-өндірістік базаны игеруге және оның негізінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын едәуір жылдамдатуға мүмкіндік берді.

2. Жапон қоғамында дағдарыс болмыстарын шешу және өзгерістерге қоғамның жаппай ұмтылыс жасауын жүзеге асыру "Мэйджи реставрациясының" жеңісімен жүзеге асты. Бұл оқиға жапон капитализмінің дамуына жол ашты.

3. Реставрацияның нәтижесінде императорлық басқару жүйесі түрінде басында қасиетті басшысы тұрған қасиетті билік формасы пайда болды. Бұл жүйе елеулі өзгерістерге және билік пен халықтың бірігуіне ұмтылған барлық күштердің бірігу қызметін атқарды. Бұл жағдайда мемлекет әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің негізгі бастамашысы, елдің бас жаңартушы күші болып табылды. Осы жағдай қандай да бір қосымша заңдастыруларды қажет етпеді. Кәсіпкерлік идеологиясы мемлекеттік идеология болып саналды, яғни, дәстүрлі түсініктер мен әлсіз индивидуализмнің дамуының сақталуы арқасында бағыну және еліктеу санасындағы көпшіліктің тікелей әсер етіп, оны билік ұранға айналдырды.

4. Реформаторлардың "Батыс техникасы, Шығыс өнегесі" ұрандарында көрініс тапқан батыс әлемінің техникалық-экономикалық жетістіктерімен теңелетін "қазіргі заманның" нақты бейнесі.

5. Ұлттық тәуелсіздіктен айырылу қаупі, ұлттық абыройды қалпына келтіру қажеттілігі мен Батыстағы құдіретті елдермен бір қатарға тұруы.

6. Жапонияның отарлық жүйеге кіруді тыйым салуға, сондай-ақ, жаңашылдықтың эволюциялық сипатын қамтамасыз ететін ұлттық егемендікті сақтап қалуы.

7. Конфуцийшілдік этика мен "күріш мәдениетінде" тәрбиеленген тәрбиелі және еңбекқор халықтың болуы.

8. Елдің шағын көлемі және басқа елдерге ашылу мен инновациялардың кең ықпалы алғышарттары ретінде аралдық жағдайы.

9. Басқа мәдениет пен өзге тәжірибеге дәстүрлі түрде шыдамдылық қарым-қатынаста болуы.

10. Ішкі резервтер, шетел заемдер және салықтар есебінен жаңғыруды қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуі.

Жапония жаңғырудың кейінгі кезеңі екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліс табуымен байланысты, бұл жағдай жаңғыру процесінің табиғи, эволюциялық сипатын бұзды, бірақ сонымен бірге шешуші өзгерістерді жасауды жеделдетті. Атап айтқанда, елдің кейінгі демократизациялануы бағытын жүзеге асырған

американдық оккупациялық әкімшілігі жапон қоғамының кейінгі жаңғыру өзгерістерінің басты факторы болып саналды.

Осы өзгерістердің нәтижесінде императорлық жүйе жойылды, помещиктік жер иелену түрі жойылды, 1947 жылғы демократиялық конституция қабылданды, сондай-ақ, нарықтық қарым-қатынастар қалпына келді (еңбек міндеті жүйесінің, жұмыс күшінің орын алмастыруына қойылған шектеулердің жойылуы; "дзайбацуды" жою; әскери өндірістен азаматтық өндіріске өту; шаруашылық жеке кәсіпорындарды қамтамасыз ету және т.б.).

Қазіргі Жапонияның қалыптасу тарихына жасалған осы қысқа шолу жалпы айтқанда жаңғырудың "жапондық моделі" деп сипатталатын Жапония жаңғыру алғышарттарының ұлттық және жеке үйлесімде болу сипатын растайды. Сонымен бірге, кез келген елде жаңғыру процесіне тән кейбір әмбебап тұстардың болуын атау керек.

Алайда, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін саяси жаңғыру барлық салада табысты жүзеге асты деп айтуға болмайды. Мысалы, американдық үлгі бойынша толыққанды өзін-өзі басқару жүйесі құрылмады. Соғыстан кейінгі жаңғыру барысында азаматтық қоғам дәстүрінің болмауы, қоғамның үкіметті әлсіз бақылауы, өкілдік ететін демократия институттары ретінде саяси партиялардың жетілмеуі, мемлекеттік билік жүйесінде саяси қызметтерді атқаратын бюрократияның гипертрофиялық рөлі сияқты жапон саяси мәдениетінің жүйелі сипаттамаларынан аса алмады. Реформаторлардың күш салуына қарамастан, партисипативті сана жапон электоратының арасында кең таралмады. Жапон электоратын бағдарламалық-идеологиялық платформаларға емес, нақты депутаттарға дауыс бергенді жөн санады.

Қазақстанның саяси жаңғыруындағы жалпы және ерекше үрдістер

Қазақстандағы саяси жаңғыру проблемасы жалпыұлттық мәселе. Себебі, ол халықтың мәдени-этикалық дәстүріне, құндылықтарына және идеалдарына сіңіп кеткен. Алғашқы кезде саяси жаңғыру мәселесі бір жағынан ұлттық өмірді дұрыс түсініп қабылдаумен және екінші жағынан мемлекеттің барлық салада және мүддесі үшін жүзеге асатын саясаттың өзгеруімен байланысты мәдени, өркениет мәселесі болып саналады.

1991 жылдан бастап мемлекет мемлекеттік басқару жүйесін модернизациялауда екі үлкен міндетке тап болды. Біріншіден, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қиын болды. Қиын экономикалық жағдайларға тап болған үкімет шокқа қарсы терапияның негізгі амалдарын қолданады. Экономиканы жүйені нарықтық модельге өзгертуге бағытталған реформаларды жүзеге асырды. Түрлі саяси проблемалар реформалардың ұзақ мерзімді кедергілері болды. Ол кезде мемлекеттік басқару жүйесі ішінара модернизацияланды, ал мемлекет әртүрлі нарықтық реформалар жүргізе алса да, экономикалық жағдай нашар болып қалды.

Екіншіден, 1999 жылдан бастап мұнай өнеркәсібінің қарқынды дамуы үкімет үшін тағы бір қиындыққа айналды. 90-жылдардың басында энергетика

саласында жекешелендіру бағдарламасы іске асты және шетелдік мұнай компанияларымен келісімдер жасалды.

Алайда, 2000 жылға дейін мұнай мен газ ресурстары пайдаланылмай қалды (Помфрет, 2005). Содан кейін мұнай ресурстарын жедел игеру басталды. 2009 жылға қарай тікелей шетелдік инвестициялардың шамамен 70%-ы энергия өндіру салаларына жұмсалды (ЭЫДҰ, 2011). 2000 жылдан кейін, энергия ресурстарынан түсетін кірістердің арқасында Қазақстан айтарлықтай экономикалық өсімге қол жеткізді, көптеген салалар бойынша даму рекордын жақсартты және нарықтық экономиканы құруда ілгері жылжыды.

Экономикалық өсу мен реформалардың ілгерілеуіндегі маңызды рөлді 2000 жылдан кейін мемлекеттік қызмет көрсету жақсарған мемлекеттік басқару жүйесін қосуға болады. Экономикалық реформаларды ойдағыдай енгізу үшін «мемлекеттік басқару үлкен сенімге лайық» еді. Бұдан әрі олар Қазақстанның саяси және экономикалық тұрғыдан шетелдік бәсекелестікке жол ашқанын және дамып келе жатқан елдер үшін үлгі ретінде оның әлеуетін байқады. Қазақстанның «алдымен экономика, содан кейін саясат» саясатына мемлекеттік қызмет көрсетуді модернизациялаудың өсіп келе жатқан қысымдары себеп болды.

Коммунистік партияның әкімшілігі мемлекеттік секторды реформалау принциптерін қамтымады; тәуелсіздік алғаннан кейін, мемлекет орталықсыздандыруды, мемлекеттік қызметті реформалауды, электрондық үкіметті және азаматтық қоғамды қосу арқылы мемлекеттік басқарудың коммунистік моделінен нарықтық бағдарланған модельге көшуге тырысты.

Бірқатар ғалымдар Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының басқа елдерінен озып, мемлекеттік басқарудың ең белсенді реформасын жүзеге асырды деп санайды. "Мемлекеттік қызметті институционалды реформалаудың алғашқы кезеңі 1995 жылғы Мемлекеттік қызмет туралы Жарлықпен басталды".

Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне Мемлекеттік қызмет туралы заңды жүзеге асыруда басты рөл жүктелді. Либман (2008) атап өткендей, Агенттік құра отырып, Қазақстан өзінің қоғамдық секторын модернизациялауға бағытталған.

2005 жылы электронды үкімет 2005-2007 жылдары, содан кейін 2008–2010 жылдары екі кезеңді енгізу арқылы енгізілді. Қазақстан электронды үкімет саласында «ТМД-дағы алғашқы ел» атанды.

Қазақстанда меншіктену мен билеуші құқықтық институттың негізгі түрі ретінде қоғамдық меншікті жекешелендіру және жеке меншікті орнату қажеттілігі қайта құру жылдарының өзінде-ақ анықтала бастады.

Сонымен қатар, посткеңестік авторитаризм және жалған нарық жағдайында тұрғындар арасында қайтадан идеологиялық күшке ие бола бастағанда, Қазақстан үкіметі белсенді идеологиялық насихаттан бас тартып, мұны «нарықтың идеологиясы жоқ» деп түсіндірді, «керісінше, нарықтың терең, күрделі және адамзат тарихы үшін мүлдем жаңа идеологиясы бар...Сондықтан нарықтық мораль қағидаларын қолдағы бар құралдармен көпшілік арасында тұжырымдап, түсіндіріп және насихаттау қажет. Өйткені

созылмалы саяси және экономикалық дағдарыстың басты себептерінің бірі «қоғамдық болмысты нарықтық қайта құруды қоғамдық санадағы тиісті әлеуметтік-психологиялық өзгерістермен жүргізу процесін қамтамасыз ететін мәдени саясатқа жеткіліксіз көңіл бөлу болды» [136, 102 б.].

Нарықтың ішкі себептермен (кенеттен) реттелетін әлеуметтік жүйе ретіндегі, қоғамның барлық кіші жүйелерін ақпараттық реттеудің жаппай-әмбебап құрылғысы ретіндегі практикалық мәні тұрғындарға ғана емес, сонымен бірге үкіметке де мүлдем түсініксіз сияқты. Жеке алғанда, егер кәсіпкерлік туралы айтсақ, оны елдің барлығы азаматтық («нарықтық») қоғамның барлығына ашық жоғарғы және негізін құраушы табы ретінде емес, ең жақсы дегенде «орташа тап» деп ойлайды, бұл әрине кәсіпкерліктің басымдылық рөліне сай келмейді. Кең тараған мағынада кәсіпкерлік іс-әрекеттің рұқсат етілетін түрі болып көрінеді.

Әрине, «нарық пен кәсіпкерлік туралы бүгінде бар және кең таралған түсініктер Қазақстан Республикасының бүкіл қоғамдық құрылысы үшін өте зиянды, күйретуші болып саналады», бұл сондай-ақ «азаматтық қоғам», «құқықтық мемлекет», «салық» және т.б. түсініктерге де қатысты [136, 41 б.].

Нарықтық қайта құрулар үшін нарықтың алыпсатарлық табиғатын білмеу және алыпсатарлықты адамгершілік тұрғысынан айыптау айрықша зиянын тигізеді, ал шындығында ол құнның мәнін көрсетеді және нарықтың экономикалық жүйе ретіндегі тоқтаусыз әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Бұл жағынан қарастырғанда, кейбір ғалымдар (Н.Масанов пен Н.Әміреқұлов) құнның пайда болуындағы еңбектің басымдылығына жақын болуы, мұны мысалы, «еңбек ұжымдарын», «тікелей өндірушілерді» олар еңбек ететін өндіріс орындарының иелері етуге шақыруларынан көруге болады [136, 16 б.]. Қоғамның басым бөлігі, оның ішінде біз де, олардың ғылыми қызметі мен азаматтық ұстанымын толығымен қолдаймыз, нарық пен алмасу күштерін өндірушілерді түсінудегі олардың сұңғылалығын мойындаймыз, бірақ олардың философиялық-әдістемелік негіздеріндегі марксизмнің қате аспектілерін көрсетуіміз де маңызды. Қоғамдық құрылыстың іргетасы ретінде еңбектің құндылық рөлі туралы ойласаңыз болды, бұл ойдың өзі-ақ қайтара алмайтын бағдарламаны, социалистік ой қызметін іске қосады.

Ал қалғандары бойынша қоғамдық дамудың бағыты жөнінен алғанда елеулі айырмашылықтар жоқ, бұған жерге деген жекеменшіктің тарихи-мәдени өзіндік құндылығы жөнінде пікірлердің жақындығы дәлел болады.

Тек бір ғана принципті сұрақ ерекшелік танытады: нарыққа өтудегі қазақ этносының (ұлтының) рөлі, Қазақстанның қазіргі заманғы жаңғыруы процесіндегі оның мәдени мәні.

Көпұлтты Қазақстан халқының этнобасымдылық құру және бірыңғай қазақ ұлтының қалыптасуына тиімді көмектесу ісіндегі қазақ идеясының мәні, оның рөлі мен орны туралы мәселе осы зерттеудің негізгі сәйкессіздігі болып саналады. Н.Әміреқұлов мұндай көзқарасты өз еңбегінде келесі түрде жеткізеді: «Қазақстандық егемендіктің трагедиясын, оның пісіп-жетілмегендігі мен уақытынан ертелігін, шындығында ...қазақтардың әлі де Қазақстан

қоғамының ауылдық аздылығы ретінде нарық және демократия жолымен барлық басқа халықтарды алға бастайтын басымды күш бола алмайтынынан көруге болады. Керісінше, бұл жағдай оларды ауылдық патриархалдық этнос ретінде артқа сүйрейді, жер мен өндіріс орындарына жеке меншіктің, нарық пен демократиялық азаматтық қоғамның дамуына кедергі келтіретін этнократиялық (ұлттық) мемлекеттің жақтаушысы жасайды. Қазақ мемлекеті идеясы объективті түрде оның тарихи прогреске, жекеменшікке, нарыққа қарсы шығуына әкеледі, экономикалық даму мен қазақтардың гүлденуіне қарсы жұмыс жасайды...» [137].

Мұндай пікірмен келісу қиынға соғады. Біріншіден, қазақтар дәстүрлі қоғамнан өткен жоқ. Сондықтан патриархалдық этнос болған жоқ: билер мен хандар туралы айтпағанда, тіпті «ақсақалдың» патрономияның басшысы ретіндегі, үлкен отбасылық тұлғаның үстіндегі билігін патриархалдық деп тек шартты түрде айтуға болады.

Қазақ көшпелі қоғамында тұлға ру, тайпа, қауым және т.б. көлеңкесінде қалып қойған жоқ, керісінше өнеркәсіптік қоғам тұлғасына қарағанда едәуір еркіндікте болды. Кез келген деңгейдегі қазақтардың билігі оның нақты ортақ мүдделеріне тек бір елеулі ерекшелігімен қызмет етті (қазіргі заманғы демократия сияқты) – оның арнайы мәжбүрлеу аппараты болмады.

Екіншіден, «қазақ мемлекеті идеясы» тек қана «қазақтардың гүлденуіне» ғана емес, нарыққа (жеке меншік) да, тарихи прогреске де қарсы шығады деу дұрыс емес. Өйткені қазақтардың шығу тегі мен Қазақстанның «дәстүрлі» құрылымының мәні, көшпелі қазақтарда жерге жеке меншіктің болуы және қысқы жайылымдардың еркін (жалпы, үздіксіз және тиімді) саудасының болуы қоғамдық дамудың тарихи жағынан алғанда едәуір прогрессивті дәрежесі болғандығын көрсетеді; тіпті прогрессивті болғандығы соншалық, қазақ өнегелілігі мен Қазақстанның полиархаикалық жүйесінің дәстүрлі бейнесі болашақта туылып келе жатқан ғаламдық ақпараттық қоғамның мәдени және саяси қамтамасыз етілуін құрауы мүмкін.

Үшіншіден, қазақтар ұлт ретінде «этнократиялық мемлекеттің жақтаушысы» бола қоюы екіталай. Ежелден ортаазия хандары мен ортодоксалдық, немесе сектанттық теріс исламның әсерінде болған кейбір қандастарымыз басқаларға «әсіре дәстүршілдік» үлгісін көрсетіп, едәуір ұлтшылдық белсенділік көрсете бастауы қазіргі уақытың қасіретті фактісі, бірақ бұл бүкіл қазақ халқына тән қасиет емес. Сондықтан, осы құбылыстың саяси мағынадағы қаупін абсолюттеуге болмайды.

Ал қазақ ұлты ұлан-ғайыр кеңістікте және көптеген ұлттардың ортасында тілі, өнегелілік пен мінез-құлық тәртіптері бойынша бірыңғай халықты құрай отырып, индустриалды Қазақстандық ұлттың, Қазақстанның көпұлтты халқында өзінің этностық белгілері бойынша бірегей басты аралық субстраты бола алады және болуы тиіс.

Сондай-ақ, Қазақстан халықтарының басқа ұлттарына да қазақтардың тіпті аралық болса да, бірақ Қазақстан ұлтының бірыңғай «өтпелі» кезеңдегі негізгі субстраты болуы еш реніш туғызбауы керек. Қазақ ұлтының негізгі этностық

басымдығы өзіндік бостандықтары еді, яғни әр қоғам мүшесінің этностық және әлеуметік шығу тегіне тәуелді емес және меншіктің нақты билігі мен мемлекеттік шешімдерге өзінің жеке әсері (көшіп кету, көңіл бұрмау және тіпті шабуыл жасау) ғана емес, сонымен бірге белгілі бір жыныстық теңдік, оның ішінде махаббат еркіндігін беретін ішкі саяси жағдайының еркіндігі.

Қазақтардың өзі бүгінгі күнге дейін өзінің саяси тегін тарату барысында өз елінің атауының орнына белгілі бір тайпаның атын айтады, өйткені ең алдымен «еркіндік сезімі» деген мағына беретін рухқа толы «қазақ» атауы, қазақ халқында бар болғаны қарапайым халықтың титул атауы болған.

Өзгеріске ұшырау Қазақстанның дәстүрлі құрылымындағы архаикалық, патриархалдық, күйзеліске ұшыраған элементтерді алып келді, ал таралған еркіндік дәстүрлері жойылып жатты. Сондықтан Қазақстан қоғамын жаңартудың қазіргі кездегі процесін Қазақстанның «дәстүрлі» құрылымын жәй жаңалау деп емес, қайтадан бастау деп түсіну керек.

Сөйтіп, Қазақстанда урбандалу мен өнеркәсіптенудегі қазақтардың «дәстүрлі-патриархалдық этнос» ретіндегі артқа сүйреуші рөлі Қазақстанның дәстүрлі бастауларына қатысты жалпы тарихнамалық қате түсініктерден келіп шығып отыр.

Қазіргі қалалық қазақстандықтардың басым бөлігінің американдық өкілдіктермен және мекемелермен жұмыс істеуді жөн көретіні белгілі. ТМД-ның басқа елдеріне қарағанда еліміз американдық психологиялық ойлауға жақын деп есептейді. Мысалы, Халықаралық құқық институтының өкілі 1994 жылы Алматыда Американдық заң консорциумы ұйымдастырған, екі апталық семинарға қатысушылармен қоштасар сәтінде «алған әсерінің соншалықты кереметтігімен» алматылықтарды таңғалдырды және ол еліне оралу кезінде Алматыдан кеткісі келмеді. Ол еліміздегі адамдар американдықтар сияқты ашық, бірақ қазақтардың ашықтығы жалпыадамдық сезім тұрғысынан терең екендігін мойындады [137, 5 б.].

Қазақстанның «дәстүрлі» құрылымын ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі ретінде жаңарту посткеңестік Қазақстанның ашық қоғамға айналуының құқықтық және экономикалық қайта құруына «жаңа леп» әкелуі, Қазақстандықтардың елдің өнегелі тарихы алдындағы жеке істеріне ождандық жауапкершіліктің артуы, Қазақстанның барлық ұлыстарын біртұтас ұлтқа айналдыруға және оларды өз елінің әлемдік миссиясын орындауына ұмтылдыруға, тіпті қанаттандыруға тиіс.

Қазақстан дәл қазір экономикалық тиімділіктің саяси бәсекелестік сияқты факторын енгізуге мұқтаж болып тұрған уақытта, Қазақстанның «дәстүрлі» құрылымын жаңартуға әлеуметтік әрекет шарасы ретінде қарауға тиіспіз және республиканың түрі мен Қазақстанның «мемлекеттілік сипатын» анықтау барысында еркіндіктің кеңес заманына дейінгі дәстүрлеріне бет бұруымыз қажет.

Бүгінде мәдени саясатты мемлекет қызметінің басына қою керек және оны басты рухани құндылық ретіндегі жеке еркіндік культінің негізінде «жүз ұлтты» біртұтас Қазақстан ұлтына айналдырудың қазақ идеясының негізіне

салу қажет. Қоғамдағы нағыз еркіндік ең алдымен, әділдіктен, яғни жалпыадамдық теңдіктен көрінеді. Жалпы, адам еркіндігі дегеніміздің өзі әділеттілік. Еркіндік пен құқықтық сана бөлінбес ұғымдар. Сондықтан еркін құқықтық сананы жаңартқан қазақ еркіндігі ретінде ден қойып және кеңінен насихаттау қазақтардың этностық мәдениетінің қайта өрлеуінде де, сондай-ақ Қазақстандықтардың ұлттық мәдениетін құруда алғашқы және шешуші фактор болады.

Жаңартудың ерте теорияларын жасаушылар, оны батыстандырумен теңестіріп, дәстүрлі саяси институттарды батыс құрылымдарымен алмастыруға ден қойды. Батыс тәжірибесін механикалық түрде өзгерту мен калькалауында дұрыс ұстанымға сенім жоғалды және одан кейін шығыс мемлекеттерінде өздеріне модернизатор рөлін қабылдаған және институционалды негіздердің түпкілікті өзгертуін бастаған режимдер бірінен кейін бірі құлдырай бастады.

Жаңғыру талпыныстарын қолданған алғашқы мемлекеттер, институттарды алмастырудың сртатегиялық мақсаттарының бірін дұрыс айқындап, бұның өзі оған қол жеткізгеннен кейін батыс стандарттарының бекітілуі туралы айтуға болатын, саяси жаңғыруының басты нысанасы деген теориялық қағиданың тұтқынында қалды. Жаңғыру процесіндегі тек сәтсіздіктер тізбегі, институттар жаңғыруымен қатар, әсіресе, саяси жүйені қабылдау бөлігіндегі қоғамдық сананы да жаңарту қажет.

Саяси жаңғырудың басты бағыттарының бірі – саяси жүйенің демократиялануы. Бірақ демократиялану процесі реформаланатын қоғамның табиғатын жеңіп шығудың күрделі мәселелеріне тап болады. Дәстүрлі, авторитарлы және тоталитарлы қоғамдарда институттардың құрылымды-функционалдық үйлестіру деңгейі өте аз. Дәстүрлі қоғамдағы функционалды ажырамаушылық саяси, әлеуметтік, экономикалық және діни функциялар бір адамның қауымдастық көшбасшының қолында шоғырланғаннан бөлініп шықты. Шынында, бұл кезең дәстүрлі саяси жүйенің ерекше белгісі болды. Белгілі Қазақстандық саясаттанушылардың қатары саяси процестерді талдау кезінде елде шығыстық өзгешеліктерді ескеру қажет деп санайды. Мәселен, Ж.Х.Жүнісова: «...Көптеген азиялық мемлекеттер сияқты, біздің республика үшін, мемлекеттің азаматтық қоғамның үстінен қараушылығы демократияның басты қиындығы болып саналады» деп атап көрсетеді [138, 65 б.]. К.Л.Сыроежкин, мемлекеттіктің ерекшеліктерін зерттеп, «Қазақстан Шығыс елдерінің алдыңғы қатарлы қоғамдарына тән жалпы заңдылықтарды мұра етіп алып, жалпы ережеден ерекшелік болып табылмағандығына» ерекше көңіл бөледі [139, 124 б.].

Шығыс елдерінің жаңғыруы процесінде батыстың саяси институттарын ендіру қажеттілігі мәселе әлі күнге дейін көптеген даулар тудырады. Тәжірибе көрсеткендей, олар демократиялық стандарттар жетістіктерінің басымдықтарын алға қойған, «қуып жетуші елдер жаңғыруының» жолына тұрған көптеген елдер өздерінің конституциялық құрылысында басқарудың президенттік нысанын бекітті.

Әдетте бұл мемлекеттер авторитарлы немесе тоталитарлы саяси жүйелер болып келеді. Саяси биліктің қатаң иерархияланған құрылымы аз уақыт ішінде жойылған жоқ. Одан басқа, демократиялық құрылыспен жүйеге өту көбінесе реформаторлардың талпыныстарын жоққа шығарған, күйзелістерге әкелді, және қоғамды авторитарлы дамудың келесі айналымына алып келді. Олардың ішінде Иран және Индонезия сияқты елдер бар. XX ғасырдың сексенінші жылдарының басына дейін жаңғыру кезеңінде, авторитарлы үрдістердің кейбір талпыныстарынан кейін, қоғамның тұрақтылығы мен топтасуын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды мойындаудың негізі болды. Жүйе қалыптастырушы тәрізді президенттік институтты таңдауда соңғысы маңызды себеп ретінде қала берді.

Екінші себеп тереңдеу негіз бар және ол жаңғыратын қоғамның саяси-мәдени аймағында жатыр. Дәстүрлі саяси құндылығы бар қоғамда көбіне жоғарғы деңгейлі легитимділік жеке адам айналасында реттелген саяси институтты иемденеді. Жалпыұлттық таңдауда таңдалынған ұжымдық институттың өзінде осындай деңгейдегі легитимділік жоқ. Анығы, дәстүрлі қоғамда, саяси басқармалы ұжымдық институт берілген жүйенің легитимдік қызметі бар заң шығарушы жиналыс рөлін атқарғандығынан осындай жағдай орын алған болар. Бұл жағдай көптеген мемлекеттерде парламенттік типтегі республиканың бекітілмеуіне анық себеп болды. Осылай, жаңғыру барысында, институттық жүйеде пайда болудың барлық кешені, ескі саяси институтты алмастырды. Бастапқы сатыларында, саяси арнадағы тіпті барлық жаңарған қоғамда, реформа жүйесінің таза күйі барлық жерде бірдей. Сәйкесінше, олар басқа саяси жүйеде бірдей қызмет атқарады. Әр түрлі мемлекеттердегі саяси жүйенің айырмашылығы, олардың уақыт өте келе жергілікті жағдайға үйрену барысында байқалады.

Әлеуметтік жаңғыру барысында саяси тұрақтылықтың көптеген қаупі мен сұранысына жауап беруге байланысты тиісті мемлекеттік биліктің рөлі өседі. Мемлекет жаңғыруды ұйымдастырушы және оның негізгі агенті ретінде болады. Сондықтан, осындай жағдайларда даму мәселесін әртүрлі деңгейлік тиімділікпен шешуге тырысатын авторитарлық жүйе кең етек жаяды.

Тарихи тәжірибелер авторитаризмнің «бірінші эшелоны» мемлекеттеріне де, «кешіккен жаңғыру» қоғамына да тән екендігін көрсетеді. «Қуып жетуші жаңғыру» жолындағы мемлекеттердегі саяси режимнің қалыптасуында президенттік институттар рөлінің күшеюі, биліктің жекеленуі, субъективті фактордың жоғарғы рөлі маңызды үрдіс болып саналады.

Алайда, ең бастысы саяси жүйе түрі емес, оның жаңғыру мақсаттары мен міндеттеріне сай келуі. Жүйенің бір жағдайларда артта қалушылық консервациясына алып келетіні, ал екінші жағдайда мемлекеттің бас айналдырар деңгейге дейін көтерілуіне себепкерлігі жасырын емес. Сол себепті, біз зерттеп отырған тақырыпта бізді көп қызықтыратыны «даму авторитаризмі» және «жаңғыру авторитаризмі». Соңғысы берілген саяси жүйе түріне тән белгісін сақтайды: мемлекеттің қоғам алдындағы билігі, басқалар

алдындағы атқарушы биліктің тармақтары, қарсылықтың шектелуі және т.б. Сондай-ақ, оның бірқатар ерекшеленетін белгілері де бар.

Біріншіден, белгілі бір деңгейде даму авторитаризмі жұмсақ күй танытады және өзінің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Бұл «оның дәстүрлі емес топтардан әлеуметтік арқа сүйеушіні іздемеуі мүмкін еместігін, өз базасын ұлғайтуымен түсіндіріледі. Осы жерден тиісті әлеуметтік топтарды «тыңдау», олармен қарым-қатынас механизмін қалыпқа келтіру және т.б. қажеттіліктердің туындауын көреміз. Жалпы, «жаңғыру авторитаризмі» саяси партиялардың болуы (мейлі жоғарғы және бақыланушы болсын), құқық нормалары және тіпті, біршама еркін баспасөз сияқты саяси либерализм элементтерімен үйлесімді болып келеді. Авторитарлы жүйенің «жұмсару» деңгейі, демократиялануы оның жаңғыру процесіне қаншалықты қосылғандығының маңызды көрсеткіші болып саналады» [140, 16 б.].

Екіншіден, «...дамушы қоғамды жаңарту кезеңінде, авторитарлы саяси жүйенің қызметінің көрсеткіші – шеттелудің алдын алуға бағытталған тиімді экономикалық жоба жүргізу, ұлттық интеграция, саяси егемендікті қамтамасыз ету болып саналады. Бұл мәселелер репрессивтік, сондай-ақ әр түрлі әдістерді сәйкестендіру арқылы шешіледі» [140, 17 б.].

Үшіншіден, даму авторитаризмі қоғамдағы едәуір жоғарғы ымыраға бару, бірігу деңгейімен анықталады. Өйткені, нағыз жаңғыруды жүзеге асыру өз жемісінің біраз деңгейге жайылуын талап етеді, ол айтарлықтай кең базаға сүйенеді. Бірақ осы жерден авторитаризмнің осы түрінің бар болуы таң қалдырарлық жағдай екендігі анық.

Экономикалық саясаттың айтарлықтай нәтижесін алу, қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі, жүйенің алғашқы кезеңдерінде қолдаушысы болған мықты орта топтың пайда болуы, соңғысын жоққа шығару үшін негіз болады. Өзінің жақсы жағдайына басқарушы билікке қарыздар, халықтың экономикалық күшейген бөлігі мемлекет тарапынан артық көмекке немқұрайлық танытқаннан бастап, оның делегитимация процесі басталады.

Дамудың авторитарлық тұжырымдамасының көрнекті өкілдері С.Хантингтон, Т.Цурутани, Д. Нельсон болып есептеледі. Олардың пайымдауынша саяси жаңғырудың функционалды-құрылымдық, авторитарлы-прагматикалық теориясына жақын келеді. Олар вестернизаторлық сызбаға қарағанда әлеуметтік-экономикалық жаңғыру және саяси даму түсінігін түрлендіреді. Сондай-ақ, Азия, Африка, Латын Америкасы елдеріндегі саяси тұрақсыздықтың басты себебі саяси институциялану процесінің әлеуметтік жұмылдыру, саяси қатысу, экономикалық даму қарқынынан артта қалуына байланысты деп есептейді. Осыған байланысты, бірінші кезекке демократиялық топтардың механикалық көшуі емес, өміршең саяси институттардың бірте-бірте құрылуы шарты болып табылатын саяси тұрақтылық маңызы артады.

Сөйтіп, «жаңғыру авторитаризмі» өз күшімен өз-өзін жоққа шығаруға және демократияға өтуге алғы шарттар жасайтын, өмірі қысқа өтпелі саяси жүйе болып саналады.

Алайда, саяси тәжірибеде артта қалушылықты дәстүршілдік немесе жаңа дәстүршілдік түрінде жауып қоятын, немесе қазіргі замандылық сипат танытатын жүйелер өте жиі кездеседі. Жалған жаңарған авторитарлы жүйенің таралу географиясы біршама кең, ол өзіне Тропикалық Африка, Таяу Шығыстың көптеген елдері мен Латын Америкасының кіші мемлекеттерін қосады. Осы мемлекеттердің көбіндегі әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының нәтижесі революция және азамат соғыстары болды. Сондай-ақ, экономикалық қайта құрулар жүргізілген стратегиялық жобаның болмағандығын айта кету керек.

«Қуып жету жаңғыруын» жүзеге асыруда президенттік институттардың тиімді факторларын алып көрсетуге болады. Мемлекеттік биліктің кіші топтық мүдделерден жоғары көтерілуіне мүмкіндік беретін күші мен тұрақтылығы өте маңызды. Саясат әрқашанда әртүрлі мүдделер және тиісті стратегиялар арасындағы таңдау. Үкімет әрқилы әлеуметтік топтарға «жоқ» дей отырып, қала және ауыл, экспорттаушы және импорттаушы, дәстүрлі және қазіргі заманғы өндірістер арасынан таңдау жасауға мәжбүр. Популизмнен алыс, рационалды экономикалық саясатты жүзеге асыру үшін, өзгермес саяси бағытымен қамтамасыз етуші, мықты институционалды билік демеуі қажет. Сондықтан, «қуып жету жаңғыруын» жүргізуші мемлекеттердің көбінде өзіндік технократ және әскер одағы құрылады. Мұндай нұсқа аз уақыт ішінде қажетті реформалар жүргізуге мүмкіндік береді. Бірақ, саяси реформаларды созу жүйе тұрақсыздығын тудыратын саясат пен экономика арасындағы тым үлкен алшақтыққа алып келеді.

Оңтүстік-Шығыс Азия және Латын Америкасындағы мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, «даму авторитаризмі» демократияландыру үшін өзі алғышарттарын жасайды және демократияға өту бұндай жүйелердің эволюциясының заңды кезеңі» болып саналады.

Бұнда реформаторлық үкіметтің тұрақтылық мәселесі басты назарға шығады және саясаттанушылардың айтуынша, «Бұндай жағдайда, ұзақ уақыт бойы тиімді экономикалық саясатты жүргізу тек доминантты партиясы бар немесе ұлттық саяси элитаның ішінде негізгі сұрақтар бойынша экономикалық басшылардың сайлау маятнигінің тербелісінен тәуелсіз болуға мүмкіндік беретін ауызбірлігі бар мемлекеттерде қолдануға болады» [141, 274 б.].

Қазақстанның жаңғыру процесінің ерекшеліктері Президенттің Қазақстан халқына жолдауы – «Қазақстан - 2030» бағдарламасымен байланысты. «Біз нақты түрде нені құрғымыз келетінін, бағыт-бағдардың қандай болатынын, алға қойған мақсатқа жетелер дамудың магистралін жақсы біліп, түсінуіміз керек», - делінген [14, 16 б.].

Қазақстан Республикасының экономикалық саясатының ерекшелігі болып реформаларды дайындау бағдарламасы әлдеқайда ерте, 1989 жылы жасалғанын атап өткен жөн. Қазақстан мамандары және ғалымдар осы бағдарламаның негізі анықтады.

Егемендік жарияланғаннан кейін, аталмыш жұмыс барлық басқару органдары мен ғылыми ұйымдарда жүзеге асырылды. Реформалардың жалпы бағыты мен бағдарламасы ҚР Президентінің тікелей қатысуымен іске асты.

Реформаның алғашқы ұстанымдары «нарыққа өту және экономиканы тұрақтандыру туралы» (1990 ж.) Бағдарламасында және «Министрлер кабинеті мен облыстық халықтық депутаттарының дағдарыстан шығудың ортақ Бағдарламасында» (1991 ж.) айқындалды [20]. Кейіннен бұл жоба келесі кезеңге сәйкес 1996-1998 жылдардағы Қазақстандағы экономикалық реформалардың Орта мерзімдік бағдарламасы 2000 жылға дейінгі Үкіметтің бағдарламасында жалғасын тапты [21].

Бұл құжаттардағы басты ой – нарыққа өту және Қазақстаның егеменді мемлекет ретінде орнығуы [21].

1997 жылдың қазанында Президенттің «Қазақстан - 2030. Гүлдену, қауіпсіздік және қазақстандықтардың жағдайын жақсарту» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет жұмысының кейбір қорытындылары шығарылып, әлеуметтік және экономикалық дамудың келешектегі міндеттері айқындалды және келесі оң нәтижелерге алып келді:

тәуелсіз, егеменді мемлекеттің негізі қаланды;

кең көлемді әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалар басталды, «мүлдем өзгеше саяси және экономикалық жүйе жұмыс жасайды»;

«мемлекеттік, ұжымдық көзқарастың жеке, тұлғалыққа» ауысуы байқалады;

реформаны жүргізуде шет мемлекеттер мен донорлық ұйымдар тарапынан қолдау көрсетілуде.

Бұған өткен бес жылда жеке және жаппай жекешелендіру аяқталғанын, тауарды тұтыну нарығының ұлғаюы, кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар мен нормативті-құқықтық негіз жасалғанын, ұлттық валюта-теңгенің енгізілгенін, Қазақстанның әзірше шикізаттық болсын өнімдерін тікелей әлемдік нарыққа сатуға шығаруын қосып айтуға болады. Сонымен бірге, қазіргі заманғы экономиканың жағдайы алға қойылған міндеттерді орындау үшін Қазақстанда барлық әлеуетті мүмкіндіктер бар екенін анық көрсетеді. Ең соңғы, бұл – қоғамдағы ортақтық пен саяси тұрақтылық.

Осы жұмыстардың барлығын үш кезеңде жүзеге асыру жоспарланды.

Бірінші кезең 1992-1995 жылдарды қамтыды және екі үрдістермен сипатталды: белсенді түрде мемлекеттік меншікті жекешелендіру, меншікі түрін өзгерту және тұтыну нарығын тауарлармен толықтыру.

Екінші кезеңде (2005 жылға дейін) экономикада біртіндеп шикізаттық бағыттарды өзгерту және Қазақстанның әлемдік экономикаға жеделдеп кіруін жалғастыру. «Бұл кезеңде нарықтық механизмдер толыққанды жұмыс істеуі, барлық тауар өндірушілердің толық еркіндігі қамтамасыз етілуі, табиғи байлықты тиімді пайдалануы, жоғары деңгейдегі технологиялар жұмыс істеуі керек».

«Үшінші кезең ашық түрдегі экономиканың жеделдетілген қарқында дамуымен және Қазақстанның әлемнің жаңа индустриялы елдерінің қатарына енуімен сипатталады».

Аталған мақсатқа жету үшін Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жасаған Жолдауында жеті ұзақ мерзімді басымдықтарды атап көрсетті [14, 18 б.].

Жолдаудағы қағидаларды орындаған жағдайда мемлекет шын мәнінде әлеуметтік мемлекетке айналып, әлеуметтік қорғау функцияларын өзінің мойнына алады, билікті орталықтандырудан босатылып, оны жергілікті орындарға беріп, өзінен көп бақылау функцияларын алады. Орталық органдар қадағалау және бақылау функцияларын жүзеге асыратын болады.

Өз ісіне берілген және халықтың, қоғамның атынан өкілетпен жылдық жоспарларда белгіленген нақты жұмыстарға күшін жұмылдыру арқылы стратегияны жүзеге асыра алатын, Қазақстанның заман талабына сай тиімді мемлекеттік қызметкерлер корпусын құру арқылы жүзеге асырылады.

Осыдан келесі қорытынды шығаруға болады, экономикалық реформаның 6 жылдық тәжірибесі көп нәтижелер берді. Бір жағынан әлеуметтік-экономикалық жүйелерді нарықтық қатынастар үрдісі жағдайында жұмыс істеуге ауыстыру ілгері сипат алды және бұл бағытта маңызды жүйелі жаңғыру жүзеге асырылды. Екінші жағынан экономиканы күйзелістен шығарудың шешімі табылмаған мәселелер және өндірістің жандануы айқын көрініс тапты.

ҚР экономикалық курсының маңызды ерекшелігі, оның басшыларының Достастық мемлекеттермен ортақ экономикалық кеңістікті сақтауға басшылық жасауы болып саналады. Осы талпыныс ТМД мемлекеттері басшылар қатысқан барлық мәжілістерде анық байқалады.

Қазақстан тарапынан осы жиындарда ұсынылған барлық құжаттарда, достастық мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуға, экономикалық әрекеттерді үйлестіретін мемлекетаралық органдарды құруға ұмтылыстар туралы айтылады. Аталған ұсыныстардың көпшілігінің қабылданбайтыны белгілі, әсіресе, көпшілігінде Ресей Федерациясымен ортақ тіл табу қиынға соғады.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) қосылуы нарықтық дамудың құқықтық шеңберлерін құруға, шетелдік кәсіпкерлік капиталды қатыстыруға, сол сияқты келешекте бәсекелестікті нығайтуға және біздің экономикамызды жандандыруға, экспорттың және импорттың құрылымын, көрсетілетін қызметтерді жақсартуға әсер етеді. ДСҰ-да біз тездетіп өнеркәсіптің құрылымына қайта жаңарту жүргізгенде және ДСҰ-ның талаптары шеңберінде дұрыс индустриялық, инвестициялық саясатты жүргізген жағдайда айтарлықтай басымдықтарға ие боламыз.

Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында экономикалық және әлеуметтік проблемалардың негізгі түйіндерін шешу жолдары көрсетілген [15, 2 б.].

Бүгінде, Қазақстан дербес, егеменді мемлекетті құру міндетін шешті, демократиялық және нарықтық қатынастардың дұрыс векторларын таңдады,

демократиялық мемлекеттің іргелі базалық институттарын жасады деп нақты сенімділікпен айта аламыз. Біз таптық саяси мәдениеттен, қарсы тұру идеологиясынан өтіп, азаматтық демократиялық мәдениеттің қалыптасуына қол жеткіздік. Президенттің жолдауында Қазақстанның жақын келешегінде ұлттық жаңғыру моделіне қатысты қағидалары мен шарттары нақты белгіленген. Оларды мемлекет басшысы кешенді және жүйелі түрде белгіледі.

Қазіргі кезде қоғамымыздың аса маңызды мәселелері – тұрғындардың әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз ету, қазақстандықтардың лайықты өмір сүру деңгейіне қол жеткізу. Қоғамымыздың дамуының әлеуметтік тұстарына қатысты Жолдаудың тараулары көпшіліктің жылы ықыласына ие болды.

Президент Жолдауына кірген «Мәдени мұра» бағдарламасы көпэтностық және көпдінді Қазақстанның рухани жақындасудың, ұлтаралық келісімнің нығаюына септігін тигізгені сөзсіз. Бұл өз кезегінде ұлттық бірліктің жақсы жағдайын туғызып, отансүйгіштік пен мемлекеттің қауіпсіздігінің нығаюына әсер ететін болады [15, 2 б.].

Қазақстан үшін КСРО құрамында болған кезден бастап оның әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму деңгейіне сәйкес дәстүрлі қоғамнан қазіргі замандағы қоғамға өту тұрғысынан баға беру дұрыс емес. Басқаша айтқанда, саяси жаңғыруды жүзеге асыру кезінде Қазақстандық қоғам дамуының бірнеше параметрлері бойынша дәстүрлі қоғамға жатпады.

Қазақстан алғашқы кезден бастап өзінің негізгі даму көрсеткіштерін шетелдік дамыған мемлекеттердің стандарттарына жақындату үшін қуалап жетуші жаңғыру жолын таңдады. Қазақстан шет елдердің түрлі әдістері мен практикаларын белгілі бір мөлшерде қабылдаған еді. Мысалы, мемлекеттік құрылыс пен қолданыстағы ҚР Конституциясын жасау кезінде Францияның саяси жүйесінің белгілі бір элементтері мен институттары іс жүзінде қолданылып енгізілді. Әлбетте, егеменді мемлекетті құру және саяси жүйені жаңғырту барысында қазақстандық қоғам үлкен және алуантүрлі жолдан өтті.

Сонымен, Қазақстанның жаңғыру процесінің басты ерекшелігі – Қазақстанда саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрақтылықты сақтай отырып, қазақстандық қоғамның ерекшеліктерін ескеретін өзіндік саяси даму моделін құрастыру. Әрине, бұл жерде қазақ ұлтының дәстүрін естен шығармай, дамыған елдердің алдынғы қатарлы жетістіктерін оңтайлы қолдану мәселесін қарастыруымыз керек.

2 ЖАПОНИЯНЫҢ САЯСИ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРУ ПАРАДИГМАСЫ

Саяси даму кезінде жаңғырудың екі моделін: батыстану және қуалап жетуші жаңғыруды айтуға болады. Мұндай жаңғыру түрлерінде әртүрлі мақсаттар көзделеді. Біріншісінде, батыс елдерінің үлгілері қоғамның құрылымына көшірілсе, екіншісінде, осы құндылықтарды қабылдау негізінде ұлттық сәйкестендіруді сақтау барысында осы қоғам үшін жаңа құрылымдар құрылады. Жапониядағы жаңғыру екінші сызба бойынша жүзеге асқан болатын.

Әр елдің даму деңгейі, мемлекет алдында тұрған экономикалық және басқа міндеттерді түсінуге және шешуге қоғамның әзір болуы осы процесті жүзеге асыру формасына ықпал етеді. Элита үшін жаңғыру мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау, оларға жету құралдарын әзірлеу, жұмсалатын күш-жігерді барынша азайту тұжырымдары да өте маңызды.

2.1 Жапонияның саяси жаңғыру процесі, оның кезеңдері мен нәтижесі

Жапония тарихы барысындағы жаңғыру процесі қос сипатта болды. Бұл қос сипат мерзімдік қайталанатын феномен түрін иеленді. Бұл ресми түрде жапон қоғамының ұлттық, тарихи, мәдени, психологиялық өзіне тән ерекшелігі мәселесіне көңіл бөле отырып, батыстың техникалық жетістіктерін, білімін, институттарын, заңдарын және идеяларын барынша игерумен байланысты Батысқа бету алудың қайталанатын циклдері түрінде орын алып отыр. Зерттеушілер Жапония тарихының жаңа және қазіргі заман дәуірінде келесі циклдерді атап өтеді: Мэйджи реформасынан кейін батыс идеяларына қызығушылық таныту және XIX ғ. 80-жылдардың соңынан бастап бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі консервативті әрекеті; XX ғ. 20-жылдары «батыс идеясын қолдаушылардың» қайтадан тарихи сахнаға келуі және XX ғ. 30-жылдары ультра ұлтшыл көңіл-күйлердің күшеюі. Батыстың осы әрекеті Жапонияда капиталистік қатынастарын нығайту кезеңінде алға қойылған және батыс өркениетінің жетістіктерін жапон мәдениетінің дәстүрлі мұрасымен үйлестіру мәселесінің кейінгі нұсқасын болжаған «Батыс техникасы, Шығыс өнегесі» ұранында нақты айқындалды. Жапонияның қазіргі кездегі дамыған мемлекетке айналу барысында ұлттық ерекшелікке қызығушылық жапон ұлтшылдары тарапынан «Жапонизм» және «ұлттық артықшылық және ерекшелік» сияқты үгіттеу-идеологиялық құрылымдар түрінде таратылды. Осындай ой шабыттары қайсыбір кезеңдерде үнемі ішкі әлеуметтік-экономикалық, саяси және идеологиялық себептермен анықталды және жапон жанының «жұмбақ бейнесі» және «қайталанбас кейпімен», басқа мәдени дәстүрмен күрес жүргізуімен, «Батыс-Шығыс» деп аталатын дихотомиялық бөлшектелумен ғана түсіндірілмейді.

Соңғы кезең соғыстан кейінгі жылдары американдық ықпалмен және жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарының соңынан бастап сексенінші

жылдарының екінші жартысына дейін жеке мәдени ерекшелікке тікелей байланысты.

Екінші дүниежүзілік соғыста жапон әскерилерінің жеңіліске ұшырауы бұрындары елдің идеялық өмірінде үстемдік жағдайында болған доктриналар мен құрылымдардың жойылуына алып келді. Бұл үшін қоғамтану пәндерінің, оның ішінде жапон қоғамын талдайтын пәндердің барлық кешенін әдістемелік қайта құруы қажет болды. Қайта құруда американдық және батыс еуропалық әлеуметтанудың жетістіктерін қабылдау және игеру маңызды рөл атқарды. Осы процес бірінші кезекте американдық әлеуметтануда аты танымал әлеуметтанушылардың қандай да бір елеулі еңбектерін жапон тіліне аударумен көрініс тапты.

XX ғ. елуінші жылдарының ортасынан бастап алпысыншы жылдарының соңына дейін Жапонияның жоғарғы дамыған өнеркәсіптік держава ретіндегі қазіргі бейнесі қалыптасты. Осы кезеңнің маңызды процестеріне ғылыми-техникалық төңкерістің дамуын, экономикалық өсімнің жоғарғы қарқындарын жатқызуға болады. Жапон қоғамының әлеуметтік құрылымындағы маңызды өзгерістер, атап айтқанда, өз бетінше жұмыс істейтін халық арасында жалдау еңбегіне қатысты тұлғалардың үлес салмағын біршама көбейту, аралық жіктер мен топтарды жою, шаруалар санының күрт азаюы; қызметкерлердің өндірістік және өндірістік емес шаруашылық салаларында санын көбейту; жалдамалы жұмысшылар санының өсуі және салалық және кәсіби құрылымдардың өзгеруі, ең бірінші кезекте білікті жұмысшылардың үлестік салмағының көбеюі; зияткерлік еңбек тұлғаларының жылдам өсуі және т.б. Сонымен бірге, елде ғылыми-техникалық революцияның дамуы жұмыссыздық деңгейінің азаюына, жалдамалы адамдар өмір жағдайының жақсаруына ықпал етті.

XX ғ. 60-жылдарында жапон қоғамында болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер басқа дамыған елдерде өтіп жатқан осы процестермен ортақ болды. Кейіннен батыс еуропалық және американдық әлеуметтанудың теориялық ұстанымдары мен қағидаттары кейіннен енгізіле бастады. Кейбір жағдайларда осындай енгізулер теориялық құрылыстың негізін қалаған қол жеткізілген нәтижелер формасын қабылдады. Осындай теорияның жақтаушылары капиталистік қоғамның эмпирикалық түрде өзгеріске ұшырауын және қазіргі капиталистік форманың классикалық формадан өзгеше болуын дәлелдеді. Қазіргі қоғамның осындай болмыстарын ортақтастыруында, меншік пен бақылаудың бөлінуі, «кірістердегі төңкеріс», «аралас экономиканың» пайда болуы және т.б. негізінде олардың дәлелі құрылды.

Басқа теорияларда қандай да бір жалпы теориялық ережелер бұрынғы идеялық-теориялық арнаны сақтауға қарамастан, өзіндік жаңарған және қайта түсініктемелік өзгеріске ұшырайды. Қарастырылып отырған кезеңде жапондық әлеуметтік ой үшін ықпал етуші және өзіндік доктриналарына Мацушита Кэйичи ұсынған «бұқаралық қоғам» теориясын және сипаты жағынан қазіргі жапон қоғамын «өнеркәсіптік қоғам» деп атаған Томинага Кэнъичидің «әлеуметтік өзгерістер» теориясын жатқызуға болады. Осы қос теория үшін қоғам дамуының техникалық алға жылжу рөлінің абсолютке айналдыру тән.

XX ғ. 60-жылдардың соңында «батысқа еліктеу» ұстанымына қарсы «жапондық және жапон мәдениеті теориясы» қалыптасты. Осы теорияға тән қызығушылық векторы жалпы алғанда дәстүрлі болып келеді және Жапонияның өзіндік образын қалыптастыру үшін бір жақты мәдени ерекшелікпен байланысты. Мәдени ерекшелік негізінде түрлі теориялық құрылымдар мен түсініктемелерге арналған кең мүмкіндіктер жапондықтардың жеке және біртұтас әлеуметтік-мәдени тарихи субъекті болып қала беретін қауымдастық және трансформация мен өзгерістердің әлеуметтік процестердің субстратымен байланысты болып келеді. Дәл осылар жиналған рухани байлықтарды алуға мүмкіндік беретін мәдени сілемдерді тасушылар болып саналады. Осы байлықтар қандай да бір нақты тарихи кезеңге қатысы жоқ. Сондықтан олардың ішінде ұлттық рухани тарихтың "өткенін" табуға болады. Осы себептен ұлттық бейнені, өзін-өзі нақтылау және тұрақтандыру жолдарын іздестірген кезде «Жапондық және жапон мәдениетінің теориясын» қолдаушылар ең алдымен жеке мәдениеті бар және бүкіл тарих бойы өзгеріссіз қалып отырған жапон халқының бір текті күйде болуын растайтын жапондықтың ерекше ұлт екеніне жүгінеді. Осы жерде әлеуметтік-психологиялық, психоаналитикалық, мәдени-психологиялық және социолингвистикалық аспектілерінде тұлғаның негізін немесе ұлттық сипатты қайта жандандыру ұмтылысы байқалады.

Жапондықтың және жапон қоғамының ерекше сипатына қарамастан, аталған құрылымдардың теориясын қолдаушылар бұрынғы жапон тарихының жаңғыру өзгерістерін жоққа шығармайды. Олар дамудың батыс нұсқасын таңдауға келісіп отыр және «ислам» немесе «буддистік жолды» қолдаушылар сияқты жаңғырудың батыс тұжырымдамасына қарсылық білдіріп отырған жоқ. «Өткенді» қайта жандандыру ұмтылыстары сыртқы бейнесі жағынан ғана көрініс табуда, өйткені жапондықтардың әлеуметтік құрылымдарының, психологиясының және мінез-құлқының дәстүрлі элементтері шектеулі түрде енгізіліп келді және технологиялық тұрғыдан дамыған қазіргі жапон қоғамында жемісті түрде қызмет атқарып отыр.

«Жапондық және жапон мәдениеті теориясы» арнасында өмір сүріп жатқан жапон қоғамының теориялық түсініктемесінде техницистік тұжырымдама негізінде қалыптасқан бұрынғы таптаурындар қайта ойластырылуда.

Бірінші кезекте қалыптасқан жапон қоғамының бейнесін ғана анықтап қоймайтын және оның бұрынғы шынайы мәнін белгілейтін дәстүрлі және ерекше «жапон» элементтеріне негізделген әлеуметтік-мәдени немесе дәстүрлі тұжырымдамалар алға қойылуда. Алайда қабылданған тұжырымдамалар мен ұстанымдар осы доктриналарда «жапон ұлтының ерекшелігі» абсолютке айналады және қазіргі Жапонияның қоғамдық жүйесі туралы өзге түсінікті негіздеудің құралы болады. Іс жүзінде қазіргі жапон қоғамы өзінің ерекше табиғаты бойынша өзгеше бір түсінікте болды және бұл қоғам капиталистік қоғам ретінде қарастырылмайды. Теорияшылдарының мұндай ұстанымы қоғамдық процеске, әлеуметтік динамиканы жоққа шығаруға бағытталған

консервативті көзқарастарды нығайту нәтижесінде пайда болды. Дәстүрлі элементтерге жүгіну жапон қоғамының ерекшелігін анықтады.

Дамыған елдердің ішінде Жапониядағы жаңғыру процесі де ерекше орында болды. Алдыңғы қатарлы Батыс елдердің қысымымен XIX ғ. Жапония сыртқы әлемге өз есігін ашып, өнеркәсіп дамыған ғасырда өз жолын іздей бастады. Күн шығыс елі жаңғыру процесінде керемет ұмтылыстар жасады. Ол Азия елдері арасында алғашқы болып өнеркәсіптік қоғамға айналды.

Сонымен бірге Жапонияның жаңғыру мәселесін өнеркәсіптік қоғамға жаппай бағыт алу, өнеркәсіптік өркениеттің қалыптасуы құрамында қарастыру керек. Осыған байланысты Жапония сияқты дәстүрлі қоғам да дүниежүзілік алға ілгерілеу процесіне белгілі бір мөлшерде тартылды. Жапонияда қоғамды «шетелдіктерден» қорғау жапондықтардың ұғымындағы негізгі проблема еді.

Мэйджи дәуірінің саяси жаңғыруы. Мэйджи дәуірінің саяси жаңғыруының мәні Жапония елін «өркениетті мемлекеттер» клубына кіруді қамтамасыз ететін модернистік мемлекетті құру қажеттігін айқындады. Модернистік мемлекеттер дүниежүзілік тарихта феодализмнің әлеуметтік және институционалды негіздерін жою нәтижесінде пайда болды. Модернистік мемлекеттерді құру ұлттық қауіпсіздік пен жаңа әлеуметтік тәртіпті құру қауіп-қатеріне жауап беру формасы деп саналды. Ұлттық-психологиялық өзін-өзі тану, яғни, сыртқы әлемге қарсы қоятын ұлттық мемлекетке қатыстылығын сезіну ұлттардың қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Мэйджи дәуірінің саяси жаңғыруын осы саяси процесс түріне жатқызуға болады. Мұның нәтижесінде бірыңғай жапон ұлты қалыптасты. Модернистік мемлекетті құру кезіндегі жапондық тәжірибе еуропалық мемлекеттердің тәжірибесінен едәуір айырмашылықтары бар еді. Ең алдымен, өзгерістер ішкі эволюция логикасы аясында емес, сыртқы әсер ету жағдайында жүзеге асты. Осы үрдіс жаңғырудың қозғаушы күштерінің конфигурациясын ерекшелей түсті. Нормативтік теория тұрғысынан қарастыратын болсақ, қоғамның реакцияшыл топтары – Сацума және Чешю провинцияларының самурайлары шегундық тәртіпті құлатып, императордың билігін орнатты. Мэйджи өзгерістерінің басты ерекшелігі дәстүрлі институттары, оның ішінде ауыл қауымы ешқандай дағдарысқа ұшырамады. Керісінше, осы институттар жаңа саяси жүйенің идеялық негізін қалап, жаңа саяси модельге еш қиындықсыз өтті.

Император билігін қалпына келтіру ұраны саяси жаңғырудың идеялық желісі ретінде кездейсоқ таңдап алынбады. Император институты барлық жапондықтардың табиғи басшысы, әр отбасындағы басшы сияқты қабылданды. Сондықтан, жапондықтар императорға шексіз құрмет көрсетіп, оның алдында адалдығын білдіру керек еді.

Саяси адалдық пен балалық міндет анықтамасы «мемлекет және отбасы» ұғымында айқындалды және Екінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін өз маңызын жоғалтпады. Бұл тұжырымдама негізінде мемлекет үлкен бір отбасы ретінде қарастырылып, абсолюттік гармониялық субстанция ретінде дәріптелді. Сөйтіп, мемлекет отбасының макрокосмы қызметін атқарып, император әулетінің үздіксіз тарихы жапондықтардың өз болмысындағы ежелден келе

жатқан мәселелердің жауабын табуға, әлемнің космогониялық картинасын салуға көмектесті.

Мэйджи үкіметі әлеуметтік қатынастардың эталоны деп қарастырған ауылдық өмірдегі патриархалдық құрылысын дәріптеушілік осы тәсілдің екінші жағын бейнеледі. Жапон психологиясының тағы бір ерекшелігі – ашық жанжалдардан бас тарту мәселесі. Қоғамды шиеленістірмейтін мемлекетте қоғамның түрлі таптары мүддесінің күресінен туындайтын дауларды жария түрде реттейтін саяси сала болмайды.

Мәселені даусыз шешу үрдісі XX ғасырдың соңына дейін «келісім демократиясы» феноменінде байқалды. Әлбетте, жанжалдар кез келген саяси билік түріне тән. Алайда, Мэйджи дәуірінің саяси моделі көбінесе дәстүрлі жапон құндылықтарына негізделді.

Сонымен бірге, Мэйджи және кейінгі дәуірлерде қарапайым азаматтардың көзқарасында императордың жоғары билігін заңдастыруға шақыратын халықты саяси амал-шарғы жасайтын құрал ретінде көпшілік моралінің ерекше рөлін атап өту қажет.

Мэйджи конституциясының негізін салушылар императордың билігін кез келген мемлекеттік билік институтынан жоғары етіп көрсетті. Билікті құру аясында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда кез келген олқылықтар император кеңесшілерінің өз міндеттерін тиісті түрде орындай алмау салдарынан болуы мүмкін еді. Осының нәтижесінде император институтының абыройы ешқашан жоғалмады.

Түрлі саяси акторлар арасындағы жауапкершілікті үйлестіру кезіндегі көмескілік те осы модельдің тағы бірі ерекшелігі болды. Себебі, император жеке дара шешімді сирек қабылдады. Нәтижесінде Мэйджи дәуірінде теңгеруші элиталар кешені қалыптасып, саяси процестің барлық субъектілері бір-бірін бақылап, императорға тікелей ықпал ету үшін тұрақты күрес жүргізіп отырды.

Саяси жүйенің қайта құруы кезінде номиналды және шынайы билік арасындағы алшақтық толығымен жойылды. Император институты үкіметтің барлық саладағы радикалды реформаларын жүргізуге арналған бағытын заңдастырды.

Сонымен бірге, саяси жаңғырудың теріс жағы да болды, яғни, саяси практикада авторитаризмнің дәстүрлері бекіді. Американдық ғалымдардың (П.Дуус) мәлімдеуі бойынша, «ескіше ойлауды сақтап қалу үрдісі саясаткерлер көп жағдайларда авторитарлы, деспоттық және реакциялық күйді кешуіне түрткі болды» [142, 113 б.].

Жаңғыру нәтижесінде Жапония өзінің азиялық көршілеріне қарағанда жоғары даму деңгейіне жетіп, экономикалық және ғылыми-техникалық басымдық сыртқы басқыншылық саясаты арқылы аймақтық үстемдікке жетуді ойластырды.

II дүниежүзілік соғыстан кейінгі жаңғыру ерекшеліктері. Соғыстан кейінгі кезеңдегі саяси реформалар жаңғыру ұмтылыстары арасында ерекше орында тұр. Жаңғыру процесінің бастамашысы және шабыттандырушысы

болған АҚШ Жапонияда демократиялық құрылыстың негіздері қалау үшін Жапония тарапынан келетін әскери қауіп-қатерді жою, жаңа милитаристік тәртіптің пайда болуының теориялық мүмкіндігін барынша азайтуы керек еді.

Сондықтан, реформаторлар биліктің қайнар-көзі мәселесін шешуі тиіс болды. 1947 жылғы жапон конституцисының преамбуласында егемендік халыққа тиесілі және ол билікті жалпы сайланатын парламент арқылы жүзеге асырады. Бұл – жаңа конституцияның демократиялық сипатын анықтайтын негізігі белгісі.

«Мемлекеттік шинто» институты жойылды. 1946 жылы император радиодан арнайы сөз сөйлеп, өзінің шығу тегінің Құдайға жоқ екендігін атап өтті. Жаңа конституция бойынша император «мемлекеттің символы және халықтың бірлігі» болып есептелді және оның барлық арнайы өкілдіктері жойылды. Конституцияның 9-бабы бойынша жапон халқы халықаралық дауларды шешу құралы ретінде соғыстан бас тартты. Милитаризмді жоюдың тағы бір кепілі ретінде үкімет басшысы мен министрлер кабинеті мүшелері азаматтық қызметшілер болуы тиіс деген ереже енді. Алайда, шенеуніктер арасында саяси тазартудың жалпыға бірдей сипаты болмады және соғысқа дейінгі кезеңдегі азаматтық бюрократияның негізін жоймады. Кейіннен аталған бюрократия кадрлары арасынан жоғары саяси элита үшін қызметшілер іріктеліп алынды. Көп ғасырлар бойы қалыптасқан шенеуніктерге қатысты қоғамдық сенімнің конфуцийшілдік дәстүрі осындай іріктеу жүйесіне ықпал етті. Оккупациялық билік үкіметте қалыптасқан құрылымдарға сүйенуге мәжбүр болды. Сөйтіп, қоғам алдындағы стратегиялық міндеттерді жүзеге асырумен және оларды тұжырымдаумен байланысты таза саяси функцияларды орындай бастады. Азаматтық бюрократия арасынан соғыстан кейінгі дәуірдің көптеген танымал саяси тұлғалары (С.Иошида, Н.Киши, Т.Ишибаши, Х.Икэда және басқалары) шықты.

Соғысқа дейінгі модельге қатысты сабақтастығы бар кабинеттік-парламенттік жүйе енгізілді.

Мемлекет ішіндегі жүзеге асқан өзгерістер «экономикалық ғажайып» феноменінің іргесі және кейінгі дамудың жетістіктерінің негізі болды. Халық шаруашылығының он жылдық деформациясына қарамастан, жеке меншік формасы сол күйінде өзгеріске ұшырамады.

Алғашқы кезде жапон кәсіпкерлігі жүйесіндегі дзайбацуды (ірі концерндер) тарату шараларын атап өту керек. Монополияға қарсы заңнамаға сәйкес картельдер мен басқа да монополиялық бірлестіктерді құруға тыйым салынды, корпорация арасындағы меншік шектелді, ірі концерндер ірі компанияларға бөлінді. Капиталды қайта үлестіру жүзеге асты, қаржы топтары қалыптаса бастады. Қатал бәсекелестік капиталдың жиналуы мен өнімділіктің артуына оң әсерін тигізді. Реформаларды жүзеге асыру нәтижесінде жаңғыру жаңа бағытқа ие болды. Бұл процесс батыс елдерінің жетістіктерін тез игерумен жалғасын тапты. Жаңғыру барлық салада белсенді күй кешті. Мемлекет жаңғырудың бірнеше кезеңінен өтіп, қазіргі кезде Жапония

интернационализация дәуірімен үндес ақпараттық қоғамның жаңа моделіне өтті.

Қарқынды даму кезеңі – Жапониядағы жаңғыру процесінің ең маңызды кезі (XX ғ. 50 жылдарының ортасы – 70 жылдардың басы). Жапония тарихындағы осы кезеңде Жапония өнеркәсібі дамыған мемлекеттер қатарына кірді. Саяси даму да қалыс қалмады. Себебі, осы кезеңде пайда болған саяси жүйе (ЛДП-ның жеке дара билігі) шамамен жарты ғасыр бойы тұрақты өміршеңдігін байқатты. Саяси салада консерватизмнің тұрақты сақталуы қарышты дамудың маңызды факторы болып саналды. Осы кезден бастап жаңғыру процесінде дамудың эндогенді факторлары басым бола бастады. Жапония Батыс елдерін басып озып, ресурстар – шикізатты, қуат көздерін, жұмыс күшін үнемдеу саясаты жүргізілді.

XX ғасырдың 70 жылдардың ортасындағы дағдарыстан соң жаңа қарқынды даму моделіне өте бастады. Ақпараттандыру, бағдарламалық қамтым мен сервисті жетілдіру осы процестің негізі болды. Бұл материалдық өндірісті қарқындатуды, жұмыспен қамтылғандардың санын азайтуды, жаңа технологияларды енгізуді, экономикадағы сандық көрсеткіштерден сапалы көрсеткіштерге өтуді көздеді. Сонымен бірге, ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялық салалар дамыды. Жапония экономикасының динамизмі мен тиімділігі, өзгеріп жатқан жағдайларға оның бейімді болуы – мемлекеттегі орасан зор жетістіктердің басты себептері. Аталған себептер икемді мемлекеттік реттеудің, ымыраға келе білудің, қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің нәтижесі еді. Сондай-ақ, адами факторды тиімді қолдануды да осы себептерге қосуға болады.

Қазіргі таңда экономикадағы жетістіктер жапондықтардың өмір салты мен сапасында түбегейлі өзгерістеріне түрткі болды. Бірақ, бұл өзгерістер оның экономикалық әлеуетіне сәйкес келмеді. Осы мәселені шешу – XXI ғасырдағы Жапонияның маңызды міндеттерінің, оның даму стратегиясының бірі. Мемлекеттің демократиялық сипаты, халықтың тәртіпке бағынуы, ұйымшылдығы мен еңбекқорлығы жапондық даму моделінің қажетті талабы екенін атап өту керек.

2.2 Жапонияның жаңару процесіндегі либералды және неолибералды идеялар: дәстүр мен жаңғыру сұхбатындағы «Ва» феномені

Жапонияның соғыстан кейінгі тарихындағы саяси мәдениет эволюциялық жолмен өзгеріп келген және трансформацияның бұралаң жолынан өткен фактор ретінде көрінеді. Екінші дүниежүзілік соғыста Жапонияның жеңіліске ұшырауы ел үшін үлкен мәдени естен тану, шамамен 100 жыл бойы қалыптасып келген саяси және идеологиялық стереотиптердің жойылуы дегенді білдірді. Ең алдымен, «Жапон ұлтының құдай ұрпағынан таралуы», императорлық отбасының «құдайдан тарағаны» туралы идеологиялық ұстанымдар жойылды. Сонымен бірге, осы аңыздардың жойылуы қоғамдық санада және саяси жағдайда эндогенді өзгерістердің орын алуымен болған жоқ, бұл Жапонияның соғыстағы жеңілісі мен капитуляциясының, елді демократияландырудың жаңа саяси бағыттың арқасында жүзеге асты.

Дегенмен, капитуляция мен оккупация салдарынан болған саяси-мәдени естен тану, ең алдымен, қоғамдық сана мен саяси бағыттың ең жоғарғы жіктеріне ғана әсер етіп, саяси шындықтың селқос-консервативті әсерді жоя алмады. Нақты саяси институттар, идеялық және саяси догматтар жойылғанмен, саяси мәдениеттің негізін қалайтын саяси мінез-құлықтың негізгі қағидалары сақталды.

Дәстүрлі жапондық мәдениетте саяси өмірге атсалысуға қатысты консерватизм мен селқос қарым-қатынастың терең тамыр жаюына ықпал еткен бірнеше сипат байқалады. Бұл «тайфундық типтегі мәдениет» деп аталады. Тайфун өтіп кеткеннен кейін ашық аспан орнап, қоғам қатты күйзеліске ұшырамаған бастапқы күйге оралады.

«Үйлесімділік қағидасы» деп аударылатын «ва» түсінігі – осы қағидаттардың ең маңыздысы. "Ва" әлеуметтік организмді бейбіт қарым-қатынастарды қолдауға, оппозицияны мойындамауға, азшылық ойын елемеуге бағыттайды. Іс жүзінде мұндай ұстаным мінез-құлық пен айтылатын ойдың («татэмаэ») және тұлғаның жеке позициясының («хоннэ») қоғамдық нормаларын салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Жапондық әлеуметтік организм үшін «хоннэ» тек тұлғаның өзін-өзі бағалауы және өзін-өзі түсінуі үшін ғана қажет, бірақ «хоннэ» қоғаммен мойындалған «татэмаэмен» қайшы келсе, индивидуумның жеке позициясын айтуға болмайды. Осылайша дәстүрлі жапон мәдениетінде «ва» қоғамдық үйлесімділікті сақтау үшін «татэмаэге» берілетін ерекше ықылас нақты әлеуметтік организмде қандай да бір баламалы позицияның пайда болуын жоққа шығарады. Іс жүзінде бұл қағида көпшілік көзқарасының басым болуына, конформизмге немесе қалыптасқан ойлар мен мінез-құлық нормаларына алып келеді. Мұндай жүйе бірізділікті сақтамайтын «хоннэні» жоққа шығаратындықтан, осы жүйеде көпшілік ойын анықтайтын механизм де жоқ. Көпшілік ойы ретінде бұрын болған «татэмаэ» немесе формальді, бейресми билік құрылымдары арқылы «татэмаэні» таныстыратын идеялар қабылданады.

Екіншіден, еуропалық түсінік бойынша «бастық-қызметкер» қарым-қатынасымен сипатталатын «оябун-кабун» қарым-қатынастар жүйесін «ва» түсінігінің маңызды механизмі болып саналады. Мұндай қарым-қатынастарда төмендегі қызметкерлер олардан талап етілетін кез келген міндеттерді атқару сезімі шегінен асатын жүректен келетін адалдық сезімімен айқындалады. Осылайша оларда өмір сүру мәні мен мақсаты болады. Оның орнына төмендегілер жоғарғы жақтан махаббат, қорғаныс және қамқорлық сезімін алады.

Сипатталған картина жеткілікті мөлшерде идеалдық түсінікке жақын келеді. Саяси ойынның шынайы ережелерінде бұл қарым-қатынас саяси мансаптың қалыптасуында индивидуализмді қабылдамайды. Салмақты саясаткер белгілі бір топқа бағынып, өзінің қызметін бастықтардың біріне бағынған кіші қызметкер ретінде бастауы керек. Осы нормалармен адал әрі сәтті қызмет ету саяси өсумен ынталандырылуы тиіс және саяси мансаптың басқа жолдары дәстүрлі қағидаларды бұзу болып қарастырылады. Іс жүзінде

осы жүйе бастыққа да, қызметкерге де тиімді: бастық күрделі ішкі саяси процеске біртіндеп үйренетін тіл алғыш орындаушыға ие болады; қызметкер қажетті тәжірибе мен саяси иерархияда өз мәртебесінің біртендеп жоғарылау кепілдігіне ие болады. Алайда саяси элитаны таңдаудың бұл жүйесі саяси қызметтің дәстүрлі негіздері мен механизмдерін сақтап қалуға ықпал етеді. Заңды жолмен «ва» қағидасының консерватизмінен өту мүмкін емес. Бұл жағдайда Жапонияның саяси өміріне американдық оккупациялық билікпен жасалған алғашқы реформалардың демократиялық пафосы көп жағдайда формальді әрі үстіртін түрде болды, саяси мінез-құлықтың дәстүрлі нормалары жаңа демократиялық фразеологияны сіңірді.

Жеткілікті мөлшерде тұтас әрі иерархияға бөлінген топтың ішінде мәдени-саяси инновацияларды енгізудің қатаң шектеулі мүмкіндіктер болған кезде жапон қоғамында жаңа саяси нормалардың пайда болуының шынайы механизмі жаңа саяси немесе жаңғыру процесі әсеріне ұшырайтын және баламалы саяси-мәдени құндылықтарды ұранға айналдырған тұлғалармен басқарылатын әлеуметтік-саяси бірлестіктердің қалыптасуымен анықталды. Мэйджи реставрациясы барысында мұндай рөлді ең алдымен Токугава үкіметіне оппозицияда болған жартылай тәуелсіз оңтүстік және оңтүстік-батыс князьдықтары, ал Мэйджи дәуірінде бостандық пен халық құқықтары қозғалысы кезінде қалыптасқан партиялар ойнады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезде бұл қызметті американдық оккупациялық үкіметтің елді демократияландыру бағыты арқасында жапон саяси жүйесінде өз позицияларын нығайтқан солшыл партиялар мен кәсіподақтар атқарды. Олар туралы біз келесі тарауымызда егжей-тегжейлікарастырамыз.

Ескі топтардың консервативті бағытты ұзақ уақыт бойы сақтап отыруы кезінде модернистік әлеуметтік-саяси бірлестіктердің пайда болуы мен өсуі арқылы саяси мәдениетке өзгерістерді енгізудің механизмі жапон қоғамында қарама-қайшы келетін субмәдениеттердің өмір сүруі мен күресі кезеңін туындатады.

Осылайша дәстүрлі саяси мәдениет көпшілік психологиясын пайдалануға және қоғамды элитаға және элита емес деп бөлуге негізделген иерархиялық құрылым болады.

Тіпті либерализмнің «алтын ғасыры» және ежелгі гуманизм елі - Англияның викториандық дәуірінде, ұлы тұрмыстанушы Джон Голсуорси мынадай әсем көріністі баяндайды: «Бұл дәуірдің тұлғаның еркіндігін дәріптегені соншалық, егер адамның ақшасы болса, онда ол заң бойынша да және шындығында да еркін болды, ал егер оның ақшасы болмаса, онда ол тек заң бойынша ғана еркін болды; екіжүзділікті қағидаға айналдырған дәуірде маңғаз болғың келсе, сондай түр танытсаң жетіп жатыр. Бұл адам табиғаты мен әлемнен басқаның барлығы түр өзгертуге ұшыраған Ұлы ғасыр» [84, 65 б.].

Либерализм үшін оны жақтаушы емес, оның мазмұны маңыздырақ. «Әрқашан тұлғаның құқығы мен еркіндігіне қорған болып, демократияның тоталитаризмге айналып кетуіне кедергі болады» деп дәл айтылған [83, 33 б.]. Оның индивидуализммен тығыз байланысты екені анық. Либерализм сондай-ақ

«экономикалық рационализммен» де байланысты: «Бюргерлік топ үшін ортақ нәрсе табиғат күштерінің әсерінен барынша алыс олардың тіршілік әрекеттері түрінен келіп шығатын өмірлік қалыптарын рационализациялауға ұмтылу болып саналады. Олардың тіршіліктерінің негізінде есеп және қандай жолмен болса да табиғат пен адамдарға үстемдік етуге ұмтылыс жатыр. Қалыптасқан өмір салты мұнда да дәстүршілдікте қалып қоюы мүмкін, шындығында да солай болып отырды. Дегенмен де, тап осы ортада техникалық және экономикалық рационализммен байланысты өмірді этикалық рационалдық тәртіпке келтірудің қалыптасу мүмкіндігі сақталды» [83, 58 б.]. Либерализмнің алғышарты ретінде нақты құтқару философиясы да болады.

«Біз бүгінде «Жеке тұлғалылық оның тұтастығында» деп айтамыз, жекелеген әрекеттерге «қасиетті таңдау» арқылы мәңгі құндылықтар берілмеген»,-деп келтірілген [90, 231 б.].

Айтып өткен либерализм алғышарттарының көпшілігі Жапонияда болған жоқ. Либерализмнің маңызды алғышарттарының бірі индивидуализм болғандықтан, соның Жапонияда пайда болуын қарастырайық.

Индивидуалистік психологияның бастамалары Токугава дәуірінде, адамды басыбайлы жасайтын тәртіпке қарсы қарсылық білдіру психологиясы түрінде кездеседі. Бұл ең алдымен қала топтары – жапондық «үшінші сословияға» тән болды.

Жапон драматургы Чикамацу Мондзаэмон (1653-1724) 1720 жылы танымал болған «Аспан торлары аралындағы ғашықтардың өзін-өзі өлтіруі» деген пьеса жазады. Ғашықтардың махаббаттарын қоғам қабылдамайды, ұзақ азаптардан кейін Дзихэй мен Кохару бірге өлмекші болады. Сөйтіп олар аспан торлары аралына барып, өз-өздерін өлтіреді.

Ғашықтардың өздерін өлтіруі (шинджю) бұл кезде Жапон шындығына тән көріністердің бірі еді. Токугавалық әдебиетте алғаш рет *джёши* немесе *шинджю* туралы 1643 жылы «Мокудзу моногатариде» айтылады, онда үш адамның өздерін өздері өлтіргендігі айтылады. Сосын өлген немесе жазаға тартылған ғашықтардың молаларында өздеріне қол жұмсайтын Ёсивара көшесінің қыздары туралы оқиғалар пайда болды. Дегенмен тек Гэнроку дәуірінде ғана алдын ала дайындалған өзін-өзі өлтіру әйгілі болды. Әдетте мұндай ғашықтардың бірігіп өз-өздерін өлтіруімен (синдзю) жанұя және заң тарапынан жол берілмейтін ғашықтық қатынастар аяқталатын. Бұл олардың шындыққа қарсы көрсеткен соңғы қыры еді [83, 235 б.]

Жоғарғы мәнде қолданылатын *джёши* – «махаббат үшін өлім» сөзінің орнына *шинджю* сөзі келді, оны алғаш рет И.Сайкаку «Шиндзю-ши» («Ғашықтардың өзін-өзі өлтіруі тарихы») кітабында қолданған деп есептейді. Бастапқыда *шинджю* сөзінің «бір адамға адал болу» деген мағынасы болған, бірақ ол былапыт саналып, тек жезөкшелер үйлерінде ғана қолданылатын [83, 235 б.] Адалдық пен берілгендіктің шынайы белгісі сүйген адаммен бірге өлуге ант беру болатын.

Шинджю тақырыбы көпжақты сипатта болды. Ол «экономикалық және таптық шектеулік, материалдық жағдайдың әлсіздігі немесе құлдырауы сияқты

тақырыптарды дамытуға, сондай-ақ жағдайлардан туындаған трагедияны бейнелеуге мүмкіндік беретін» [83, 237 б.].

Он тоғызыншы ғасырдың ортасында Жапонияға шетелдіктердің енуімен, ұлттық ерекшелікті жоғалту қаупімен, қалыптасқан мемлекеттік-саяси жүйе мен ресми идеологияның дағдарысына байланысты өзгеру дәуірі Жапониядағы дарашылдығын маңызды ете түсті[84, 239 б.].

Бұл В.Янминнің барлық адамдардың теңдігі туралы: «Кез келген адам Яо немесе Шун бола алады» деген идеясына жақын [86, 247 б.].

В.Янминнің ілімінен Иошида Шиоин белсенді, жігерлі тұлға идеясына көмек тапты. Бұл идея Иошида Шиоинді индивидуализмді негіздеуге жақындатты. В.Янминнің философиялық еңбектерінде тұлғаның белсенді нақты іс-әрекетінің қажеттілігі идеясы анық көрініс тапқан [86, 219 б.]. Бұл идея Иошида Шиоинге тұлғаның қоғам тағдырына жауапты екендігі туралы жағдайды жасап шығуына көмегін тигізді. Ол өзінің шәкірті Кусака Гэндзуйге жазған хатында: «Өткен және қазіргі жағдайлардың жүру барысы туралы.. шектен тыс күмәнді болу жеткіліксіз. Өйткені Аспан астында туылған адамдар тілсіз заттардан өзгеше, әркім өзі үшін, ождан мен әділдікке сай және болашақ ұрпақтар үшін жауапты болуы тиіс»,-деп жазады [88, 39 б.]. Бұл жерде қоғамдағы жүріп жатқан жағдайларға жауапты белсенді тұлғаның орны ерекше айқындалады.

Жапон зерттеушілерінің (К.Масанао) пікірі бойынша, Иошида Шиоинге әсер еткен нәрсе «ессіздікті аңсау» («кёгу», ол қалалықтар арасында әйгілі «оёмэй» мектебінің әсерінен келіп шығады [55, 25 б.]. Оның пайымдауынша, бұл «ессіздік» қалыптасқан тәртіптерге қарсы күрестің «тірегі» болуы тиіс. К.Масанао бұл кезде «өзіндікте төңкеріс жүрді», «адамның-этностық субъектінің жаңа түрі дүниеге келді» деп есептейді [55, 25 б.].

XIX ғасырдың ортасындағы жапон идеологиясы мен менталитетінің ірі білгірі болып табылатын бұл жапон зерттеушісінің ойларын ден қойып қарастыруға тұрарлық. Олар конфуцийлік өркениет жағдайында да тұлғаның өзін танытуға, индивидуализм психологиясы мен идеологиясының қалыптасуына белгілі алғышарттар пайда болғанын дәлелдейді.

Мэйджи реставрациясынан кейін, XIX ғасырдың 70-80 жылдары либерализмнің жақтаушысы жапондық либерализмнің жарқын өкілі Фукудзава Юкичи (1834-1901) болды.

Бірақ Жапониядағы индивидуализм идеологиясы XIX ғасырдың 70-80 жылдарындағы ертекапиталистік дәуірдің либералды ойлайтын радикалдары арасында қолдауға ие болмады. Оның жақтаушысы ірі жапон идеалист-философы Нишида Китаро (1970-1945) болды. Жапонияда көлемі мен теориялық тереңдігі жағынан Нишида ілімін Кант пен Гегель ілімдерімен қатар қою кең тараған [87, 31 б.].

«Нишида теориясында оның шектен тыс индивидуалистік сипаты ерекше көрінеді. Бүкіл теория тұлға мен «абсолюттік ештеңе» корреляциясы төңірегінде құрылған. Нишидада мұндай салыстырушылықтық пайда болуы мәні жағынан дзэн-буддалық сатори жағдайының қалыптасуы болып саналады.

Индивид өзі қандай да бір жағдайлар арқылы «әлемге деген «шынайы» көзқарасқа» жеткенін түсінеді»,-деп кейбір ғалымдар атап өтеді [87, 33 б.].

Нишида өзінің философиялық жүйесінде «шығыстық» ойлау тәсілін «батыстыққа», «жапондық» дүниетанымды «жапондық емеске» қарсы қойып, Шығыс-Батыс антиномиясын жасап шықты. Жапондық пайымдаудың негізі ретінде тікелей білім, интуиция саналды және Нишида Батыс «болмыс пен форманың» мәдениетін, ал Шығыс «болмыссыздық және тұлғасыздық» мәдениетін ұстанады дейді [87, 34 б.].

Мұндай «ұлттық» философияның майталмандарының бірі Т.Хаджимэ болды. Оның теориясында «жекелік логикадан» («ко-но ронри») «түр логикасына» («сю-но ронри») өту байқалды [87, 35 б.]. Танабэ академиялық теорияландыру аясынан шықпады және өз тұжырымдамасын беруде саяси қорытынды жасауда барынша абай болды. Нишиданың ізбасарлары жапондық академиялық философияның киотолық мектебінің өкілдері атанды. «Жаппай соғыс философиясы» кітабында: «Тарих қозғалыста болғандықтан, оны әрекетке келтіретін қандай да бір орталық, қандай да бір тарихи шындықтың абсолюттік орталығы бар... Бұл ар-ождандық қуатты білдіретін орталық болып саналады. Оның ар-ождандық қуатты білдіруінде бірізділік, жүйе бар. Егер Жапонияда осы ождандық қуатқа негізделген идеология жасалмайтын болса, онда бірлесіп гүлденудің ұлы шығыс-азиялық аймағында (екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі жапон отарлық империясының атауы) тыныштық болмайды, ал дұшпан елдер турасында айтудың да қажеті жоқ – әлем тізе бүге салмайды»,-деп жазылған [87, 35 б.].

Индивидуализмнің буддалық метафизикамен бірігуі Киото мектебінде ұлт – индивидтің менмендігін туғызды және бұл идеологияның либерализммен ешбір ортақтығы жоқ.

Жапон либерализмінің пайда болуы XIX ғасырдың 70-жылдарына сәйкес келеді. Жеткілікті мәдени-тарихи тамырлардың болмауына байланысты, жапон либерализмі радикализмге жақын және консерватизмге жақын болып екіге бөлінді. Біріншісі, идеялық және өте абстрактылы, жапондықтарға тән емес болды. Екіншісі, қарапайым және жапондық саяси дәстүрге сүйенді.

Ф.Юкичи барынша жан-жақты адам болған. Ол кітаптар жазды, өзі құрған оқу орындарында дәріс оқыды, публицист және педагог болды. Оның жан-жақты қызметі «сол кездегі Жапония қоғамының барлық салаларына әсерін тигізді және жапондықтардың тұтас бір ұрпағының дүниетанымына елеулі із қалдырды» [43, 131 б.]. Ф.Юкичидің шығармашылығын зерттеуші ғалымдар: «Фукудзава философиясын еуропалық философияның белгілері және атауларының көмегімен бағалау мүмкін емес. Ойшылдың шығармашылығы сондай-ақ өзінің философиялық көзқарастарын жүйелеуге ұмтылыстың жоқтығымен ерекшеленеді. Мұның барлығы Фукудзаваның болмыс туралы, ождандық-этикалық, тарихи-философиялық көзқарастарын бөліп және бірізді қарастырудың мүмкіндігін жоққа шығарады»,-деп әділ бағасын береді [88, 132-133 бб.].

Ф.Юкичидің қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастарың қалыптасуы Жапонияның сыртқы әлемге «ашылуы» кезеңіне сай келді. Ол өз тұрғыластары қатарында Батыстағы жағдайлармен тікелей танысуға мүмкіндік алғандардың алғашқыларының бірі болды. 1860 жылы ол адмирал Кимура Сэцу-но ками миссиясымен бірге АҚШ-та болды. Сапардың аз уақытқа созылғанына қарамастан, Фукудзава көп нәрсеге қол жеткізді. «Дегенмен, бұл сапардың басты пайдасы: Ф.Юкичи алғаш рет *өркениеттің* тек қана машиналар, кемелер және қазіргі заманғы техника әрекетінің негізіндегі ұстанымдарды оқытатын мектептер емес, көрсе де, сатып та ала алмайтын, саяси, әлеуметтік өмір мен адамдардың мінез-құлқы ерекшеліктерімен байланысты мүлдем басқа нәрсе екенін түсінді» [88, 135 б.].

«Сэйё джиджё» - бұл тек Батыс туралы әңгімелер ғана емес, сондай-ақ Фукудзаваның саяси көзқарастары. Осы еңбегінде ол алғаш рет ағылшын парламентаризмін мадақтайтын теориясын ұсынды [88, 136 б.].

Фукудзаваның бұл әрекеті ағартушылық ағымында жүрді. Өз кезінде академик Н.И.Конрад ағартушылықтың екі түрін қарастырған. Ол: «Ағартушылықтың бір құбылысы өздігінен, феодалдық жүйеге қарсы күрес барысында пайда болады, ал екіншісі сырттан келушілік негізінде қалыптасады. Мысалы, Ж.-Ж.Руссоның аудармаларының Қытайда немесе Жапонияда пайда болуы оларды жасап шығу емес, дайын идеяларды насихаттау», -деп жазады. Ақыр соңында ол мынадай пікірге келеді: «Жапониядағы Фукудзаваның ағылшын парламентаризмін насихаттау жұмысы – өз ұсыныстарын дайындау емес, дайын үлгілерге еліктеуге шақыру. Мен бұл құбылыстарды «Ағартушылық» деп емес, «көз ашу» деуге де дайынмын» [143, 268 б.].

Еуропалық ілімдерді таратуға және оларды өз мақсаттарына пайдалануға тырысқан Мэйджи үкіметі қызметке батысты зерттеуші ғалымдарды шақырды. Ф.Юкичи еркіндікті жоғары қойып, жаңа үкіметтің қызметінен бас тартты. 1868 жылдан бастап ол бар күшін өзі құрған Кэйо мектебіне, оқытушылық және ағартушылық қызметке жұмсады [88, 137 б.].

Ф.Юкичи әдеттегі буржуазиялық идеялар топтамасын насихаттады. Ол: «Аспан бір адамды басқалардан төмен және жоғары жасаған жоқ. Туылған кезде бәрінің жағдайы бірдей. Туылған кезде ақсүйек пен қара халықтың, билеуші мен бағыныштының арасында ешбір айырма жоқ»,-деп жазады. Шығарманың осы алғашқы жолдары XIX ғасырдың 70-жылдарындағы Жапонияда қанатты сөздерге айналды.

Өркениетті осы тұрғыдан түсіну Фукудзаваға батыс өркениетінің құндылықтарын ұлттық дәстүрлермен, белгілермен және идеалдармен синтездеуге мүмкіндік береді. Ол Жапонияны сақтап қалуға, яғни кокутайды (мемлекеттік мәнді) да өз түсінігінде сақтап қалуға тырысты [88, 140 б.].

Фукудзава батыс тарихшылары Ф.Гизо мен Г.Т.Бокльдің еңбектерінде жазылған қоғамның ілгерілемелі дамуы принципімен таныс болған. Осы принципті қабылдау арқылы оның «кокутайға» қатысты «уақыт пен сыртқы әсердің әсерімен өзгеретін, осы халыққа тән ерекшеліктер кешені» деген пікірі қалыптасты [88, 140 б.].

Фукудзава батыс өркениетін элементтердің барлығын мақтай бермеді. Керісінше, ол тұтастай көшіруді ұсынған ағартушыларды, батыстың бәрі жақсы, шығыстағы жаман деп түбегейлі батыстандыруды жақтаушыларды сынға алды. 1876 жылы ол: «Қазір өздерін ағартушылар деп жүргендер, солармен бірге мыңдаған адамдар Батыс өмірінің ерекшеліктеріне ден қоймай жатып, барлық жақтан Батыстың артықшылығын насихаттап және мойындап отыр. Олар батыстықтың бәріне сын көзбен қарамай, ал шығыстықтың бәріне сенбеушілік білдіріп, үстірт ойлап отыр»,-деп өкініш білдіреді [88, 141 б.].

XIX ғ. жетпісінші жылдардың соңында Фукудзава үкімет пен халық арасындағы үйлесімділік теориясын (*каммин чёва*) ұсынды. Ол мұндай үйлесімділікке жету үшін префектуралық жиындар тағайындап, тек содан кейін ғана парламент құру керек деп есептеді [88, 141 б.].

1882 жылдан бастап Фукудзава өз қаржысына Жапонияда ең танымал болған «Джиджи шимпо» («Күнделікті оқиғалар хроникасы») газетін шығара бастайды. XIX ғасырдың 80-90 жылдардың басындағы Фукудзаваның барлық еңбегі түгелге дерлік газет үшін жазылды және ел алдында тұрған міндеттерге сәйкес қоғамдық пікір қалыптастыруға арнайы қызмет етті.

Бұл кездерде Ф.Юкичидің көзқарастары барынша консервативті болады. Ол халық өміріндегі діннің күшеюі мен бұқараны ұлы Жапонияның символы ретіндегі император алдында тізе бүгу рухында тәрбиелеуді дәріптей бастады.

Әділ баға беруі бойынша: «дацуарон» тұжырымдамасы көп жылдар бойы Жапонияның азиялық саясатының мазмұнын құраған қағидаға айналды» [84, 33 б.].

«Ұлтшылдық либералдық ойдың барлық ағымын өзара және ресми идеологиямен татуластырған әмбебап негіз болып шықты. Бірақ сонымен бірге ол осы ағымдардың құлдырауына және қоғамдық ойдың құбылысы ретіндегі либерализмнің жойылуына септігін тигізді» [84, 64 б.]. Бұл пікір түңілушілік, ойдан шығарылған болып көрінеді. Билеуші топтарға жақындасқанымен либерализмнің «құлдырауы» болмады. Ф.Юкичи Огю Сорай (1667-1728) заманынан Жапонияға тән, прагматизмнің ұлттық дәстүрін дәріптейтін консервативті либерализмге жақын еді. Бірақ басқа да ағымдар болды.

Жапон либерализмі «еркіндік және халық құқығы үшін қозғалыста» сынақтан өтті. «Еркіндік және халық құқықшылдығы үшін қозғалыс» көпқабатты, күрделі көрініс болды. Оның едәуір жалпы көрсеткіші жаулаушы жүйеге оппозициялығында еді. Бұл бірнеше элементтерден тұрды. 1) Оның кең көрінісі ауыл буржуазиясы итермелеп, ауылда туындап отырған аграрлық төңкеріс болды. Ауыл буржуазиясы үлкен жер салығына разы болмады және оны төмендетуді талап етті.

Жапон либерализміне тән белгілер үкіметтік конституцияға балама жобаларды жасау барысында көрініс берді. Еркіндік пен халық құқықшылдығы қозғалысының идеологтарының және белсенді қайраткерлерінің бірі Уэки Эмори еді, оны либерализмнің радикализмге жақын ағымының өкілі ретінде сипаттауға болады [127, 60 б.]. 1876 жылдың маусымында, Уэки «Кокай симбун» газетінде «Еркіндікті қанмен жеңіп алу керек!» атты жаңа мақаласын

жариялайды. Мақала авторы: «Тіпті егер халық еркіндігін жоғалтса да, ол бәрібір оған ұмтылады, халық міндетті түрде еркіндікке қол жеткізуі керек, өйткені онсыз өмір сүрудің мәні жоқ. Бұған қалай қол жеткізуге болады? Еркіндікті сатып ала алмайсың, оны тек қанмен жеңіп алу қажет!».-дейді [127, 78 б.].

«Халық құқығы мен еркіндігі туралы» («Минкэн джиюрон», 1879) мақаласының кіріспесінде ол Жапония тұрғындарының әртүрлі топтарына қарата отырып: «Сендердің барлығыңа, біреуіңді де қалдырмай орасан байлық берілген. ... Жоқ және жоқ! Бұлардың бәрін қосқаннан да артық сыйлауға тұрарлық байлық бар. Еркіндікке құқықтық міне қайда жатыр. Еркіндік өмірден де қымбат... Онсыз бақыт та, тыныштық та болмайды»,-деп жазады [127, 63 б.].

1881 жылы наурызда Уэки «Ришшишя» болашақ конституция әзірлеу бойынша комитет құруға шешім қабылдағанда бастаған тағы бір құжатты өзі жасап шықты. Ол осы комитеттің құрамына кіреді және 1881 жылдың тамызында «Жапония конституциясының жобасын» («Нихонкоку коккэнан») ұсынады, бірақ ол қабылданбайды. Бұл жоба барлық жобалардың ішіндегі «мазмұны жағынан ең демократиялық» еді. Онда 1893 жылғы француз конституциясы мен американдық тәуелсіздік Декларациясының идеялары көрініс тапқан [127, 66 б.].

Ол жекеменшік құқықты мойындады. Американдық Декларацияға сүйеніп, адамдардың бақытқа ұмтылысын заңды және әділ деп жариялады. Т.Джефферсон идеялары рухында адамға бақытқа деген құқық табиғаттан берілген және мемлекетпен қамтамасыз етілуі тиіс деп есептеді [127, 65-66 б.].

Уэки үкімет пен халықтың өзара қатынастары мәселесін едәуір радикалды шешті. Ол «Мэйрокушя» мүшелері қолдайтын Гоббс ілімін де, билеуші мен бодандар арасындағы қатынас ата-ана мен балалар арасындағы қатынас сияқты дейтін дәстүрлі конфуцийшілдік теорияны да мойындамады. Халық жуас болса, мемлекетті басқару оңай деген тұжырымды да қате деп есептеді. «Еркіндік пен халық құқықтары үшін күрес қозғалысының» идеологы халық – мемлекеттің негізі, сондықтан мемлекеттің негізгі міндеті оның еркіндігін, бақытын және игілігін қамтамасыз етуі тиіс дегенді негізге алды. Оның ойынша, халықтың бүкіл құқығы тек бүкілхалықтық талдаудан кейін қабылданған конституциямен қорғалуы тиіс.

Уэки көп мәнді атауы бар «Конституция халық құқығына билік ете алмайды» мақаласын жариялайды. Ол: «Конституция халықтың құқығын қорғау үшін орнатылмайтын ба еді? Алдымен халық, сосын конституция пайда болады ғой. «Халық – қожайын, конституция – оның қонағы... Халықтың құқығы шектеусіз, ал мемлекет пен конституция оларды қорғау үшін қызмет етеді», -деп жазады [127, 66 б.].

XIX ғ. 80-жылдары жүрген егемендік туралы пікірталастарда У.Эмори халық егемендігі идеясын қорғады. 1882 жылы ол «Мемлекеттің егемендігі туралы» атты көлемді мақала жариялады, мақалада Жапониядағы жоғарғы «бөлінбес, мызғымас және біртұтас» билік халыққа тиесілі болу керек, өйткені

«мемлекет халықсыз өмір сүре алмайды, ал халық билеушісіз өмір сүреді» [127, 69 б.].

«Еркіндік пен халық құқықтары үшін күрес қозғалысының» шарықтаған кезінде Уэки идеялары күш қолдануға жүгінген «едәуір радикалды элементтердің теориялық қаруы» болды[127, 70 б.].

Бірақ 1889 жылғы конституция күшіне енген соң, Уэкидің саяси көзқарастары күрт өзгерді. Бұған оның осы конституцияны қабылдауы дәлел болады. Бірінші шақырылған парламенттің (1890 ж.) мүшесі ретінде әскери қаржы бөлу мәселесін шешу барысында ол оппозиция қатарынан шығып, үкіметке қолдау білдірді.

Жапониядағы либерализмнің мұндай өзгеріске түсуі бірнеше себептерден тұрады: 1) Оның қоғамдық ойы мен саяси қозғалыс ағымы ретіндегі шектеусіздігі. Елде мұндай түрдегі идея қабылдауға дайындалған негіз болмады; 2) Бұл елдегі либерализмнің үкіметтік консервативті және радикалды өзгерістерге бөлінуі теориялық пісіп-жетілмегендігі және қоғамдық сана мен әлеуметтік ортада орнықпағандығымен байланысты. Қарастырылып отырған құбылыстың шындықпен сәйкес келмеуін, Ф.Юкичидің жапон тіліне аудару барысында жаңа сөздерді ойлап табуынан көруге болады [88, 17 б.].

XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдары Жапониядағы саяси қайта құру барысында либералдық бағыттағы күшті партия құруға қол жеткізілмеді. Бұл саяси бағыттың XIX ғасырдың 70-80 жылдардағы қалыптасу кезеңіндегі қозғалысы мен идеологиясына қатты сыналды. Одан әрі біз либералдық қозғалыстың жақтаушылары мен қарсыластарына толығырақ тоқталсақ.

Мэйджидің алғашқы жылдарында (1877 жылға дейін) Жапония халқының қызу саяси белсенділігі жүрген өтпелі кезең еді. Бұл кезде кейіннен өз бағдарламалары бар саяси партиялардың құрылуына алып келген жағдайлар жаңадан көрініс берді. Саяси өмірдің өзегі наразы самурайлар бастаған шаруалар қозғалысы болды, ол Мэйджи қайта құруынан кейінгі жеті жылда өзінің шарықтау шегіне жетті. 1877-1885 жылдардағы келесі кезеңде аграрлық қозғалыс қаржылық алпауыттардың ерекше пұрсатты жағдайына қарсы шыққан жер иеленушілердің белсенді қатысуымен сипатталады. Аталмыш қозғалыстан кейін тұрғындардың қалың топтары қолдаған «Еркіндік пен халық құқықтары!» ұраны шықты. Осы жер иеленушілер самурайлармен қатар кең көлемдегі «Еркіндік пен халық құқығы қозғалысының» (Джиюминкэнундо) өзегі болды, өйткені солар қозғалыс басындағы Либералдық «Дзиюто» партиясының негізін құрады. Бір қарағанда жериеленушілердің саяси күреске араласуын былай түсіндіруге болады. Консервативті еуропалық жер иеленушіге (мысалы, ағылшындық сквайер) қарағанда, жапон жериеленушісі бір жағынан шаруадан жоғарғы жалға беру ақысын алатын жартылай феодалдық помещик, екінші жағынан саудагер-капиталист болды. Жапон жер иеленушісінің міне осы екінші жағы оны саяси күреске араласуға итермеледі. Осылайша, 1880 жылы Осакада құрылған «Сакэ өндіруші кәсіпкерлерінің кеңесі» («сакэ» - жапондық күріш арағы) келесі жылы құрылған Либералдық «Джиюто» партиясының негізін құрады. Кәсіпкерлер Кеңесінің ұсынысымен, Либералдық партияның

алғашқы құрылтайында, оған қатысушылар үкіметтің жоспарлаған ашытқыға салықты ұлғайтуына қарсылық білдірді және «Кәсіпкерлікке еркіндік!» ұранын тастады. Осымен бірге, жер иеленушілерді үкіметтің 3 пайыздан 2,5 пайызға азайтқанына қарамастан, кірістің ауқымды бөлігін құрайтын жоғары жер салығы қатты мазалады. Дегенмен, өнеркәсіптендірудің бар ауыртпашылығын көріп отырған жер иеленушілер, күріш бағасының азаюына байланысты қиындықта отырғанда, үкіметке жақын қаржыгерлер мен өнеркәсіпшілер мол көмек ақша, табысты үкіметтік келісім-шарттар мен саудадағы дербестік құқықтарына ие болды. Сондықтан помещик – жер иеленушілер бюрократтық билеуші топтар мен олардың артында тұрған ірі алыпсатарлар мен саудагерлерге қарсы шығып, «Еркіндік пен халық құқықтары үшін!» және «Кәсіпкерлікке еркіндік үшін!» қозғалыстарына белсенді тартылды. Капитализмге жапондық өтудің осы ерекшелігіне көңіл бөлу керек: жапондық либерализмнің ағылшындық кертартпа жериеленуші ақсүйектерге қарсы қала саудагерлері қозғалысының ерекшелігі оның тамыры ауылда жатыр.

Салықты азайтуды және өкілеттілік орындарын құруды талап еткен шаруалардың қалың бұқарасы мен жалға алушылар либералды оппозицияның негізгі тірегі болды. Алайда, шаруа еңбегінің ерекшелігіне және кейбір ауылдардың оқшаулығы олардың саяси қозғалысқа белсенді араласуына кедергі келтірді. Сондықтан, қозғалыс белсенділері ірі жер иеленушілер еді, ал ірі помещиктер мен бұрынғы самурайлық өкілдері қозғалысты басқарды. Қозғалыстың идеялық көшбасшылары негізінен Тоса және Хидзэн топтарының бұрынғы самурайларынан шықты. Олар оппозиция арасында үлкен беделге ие болды, өйткені олар әскери ақсүйектерден (шидзоку) құралды.

Қозғалыс көшбасшыларының нақты мақсаттары өте шағын топ үшін белгілі пайда табумен шектелді, оны мына құжаттан көруге болады. «Мемлекетшілдердің» бірі К.Хироюкидің елде өкілеттілік органын құруға қарсылық білдіруіне қатысты либералдық қозғалыс жетекшілері Соэджима, Гото, Итагаки жауап хатында: «Енді, егер осы өкілдер палатасы құрылатын болса, біз бірден жалпыға бірдей сайлау құқығын енгізуді талап етпейміз. Біз алдымен бұл құқықты тек самурайларға, бай шаруаларға, саудагерлерге беруді ұсынар едік, өйткені Мэйджи көшбасшылары осылардан шықты»,-деп жазады [91, 54 б.].

Либералдық партияның төрағасы И.Тайсукэ болды, ал оның бағдарламасы келесі міндеттерден тұрды: 1) еркіндікті кеңейту, халық құқықтарын қорғау және қоғамның гүлденуі мен қайта құрылуына ықпал ету; 2) өз күшін жетілдірілген мемлекеттік конституциялық жүйе құруға жұмсау; 3) өз міндеттерін орындау үшін алдына осындай мақсат қойған партиялармен ынтымақтастық орнату. Бағдарламалық түсініктерде «еркіндік», «теңдік», «бауырмалдық» сияқты түсініктер бар, бірақ монархия туралы ешбір сөз жоқ, бұл партияны радикалдар қатарына қосады. Либералдық партияның маңыздылығы оның ұлттық деңгейдегі алғашқы саяси партия болуында еді. Кейіннен болса, жапон либерализмі тұрақсыздыққа душар болды.

1882 жылдың наурызында тағы бір партия – «Реформалар партиясы» («Кайсинто») пайда болды, оны үкіметтік қызметін тастаған Окума Шигэнобу басқарды. Бұл буржуазияның, жұмыстан кеткен шенеуніктердің және қала зиялыларының партиясы болды. Олардан өзге, оған кейбір ірі саудагерлер мен өнеркәсіпшілер кірді, Мысалы, Мицубиши компаниясының негізін салушы И.Ятаро. Бұл партияны көрнекті жапон ағартушысы Ф.Юкичи де қолдады. Партияның бағдарламасы барынша орташа болды, ал олардың ағылшындық либерализм мен утилитаризм идеяларына негізделген ұстанымдарын партиялық «орташа, бірақ берік; баяу, бірақ сенімді» ұранынан көруге болады.

1882 жылдың наурызында Конституциялық императорлық партия («Риккэн тэйсэйто») да құрылды. Сипаты жағынан консервативті партияның негізгі мақсаты өзге екі партияның ықпалын әлсірету болды. Оған ірі үкіметтік шенеуніктер, сондай-ақ жоғарғы сарай топтарының өкілдері кірді. Партияның формалды көшбасшылары И.Хиробуми, И.Каору және Я.Акиёши партияны елде германдық үлгідегі этатизм жүйесін орнату мақсатында, басқа партияларға қарсы күш ретінде пайдалануға тырысты. Бірақ бұл партия елдегі танымал болуы және ұйымдастыру жағынан әлсіз болды. Оның көшбасшылары партиялық қызметпен айналыспады деп айтуға болады. Сондықтан сол кезде Жапонияда алғашқы екі партия нақты жұмыс жасады. Бағдарламалық айырмашылықтарына қарамастан, бұл екі партия бір-бірінен өте өзгешеленбейтін. Бірақ олардың арасында ынтымақтастық болмады. Оның үстіне, олар бір-біріне жиі тиісетін, бұл олардың көшбасшыларының ұстанымдарының әртүрлілігімен, әртүрлі аймақтық және экономикалық мүдделерді қорғауларымен түсіндіріледі.

Үш партияның әрқайсысының өз баспасөз органы болды және олардың арасында қызу пікірталастар жүрді. «Либералдық партияның өкілдері егемендік халыққа тән, демек конституция да халық сайланған ассамблеямен жасалуы тиіс» екендігін айтты. Реформалар партиясы бұл пікірталаста ымырашыл ұстанымда болды, олар егемендік императорға да, халық жиынына да тәуелді еді.

Партиялардың ықпалының провинцияларда өсуі үкімет тарапынан үрей туғызды, соның салдарынан 1882 жылдың маусымында оларға жергілікті бөлімшелерді құруға тыйым салатын заң қабылдады, әрі сол заң бойынша провинция басшылары өз территорияларындағы партиялардың әрекетіне шектеу қою құқығына ие болды. Мұндай әрекетке баруға үкіметтің партияларға тыйым салу туралы үкіметтің заңын қызу орындауға кірісіп, префектуралық жиынның шешімімен келіспей, осы жиын құрамындағы Либералдық партия мүшелерін тұтқынға алған префектура губернаторының бассыздық әрекеті түрткі болды. Көтеріліс басылған соң оның басшылары түрмеге қамалды. Үкімет Фукушимадағы оқиғаны «Еркіндік пен халық құқығы үшін» қозғалысына (Джию минкэн ундо) қарсы пайдаланды [55, 31 б.]. Сол жылы Такадада (Ниигата префектурасы) көтеріліс орын алса, ал 1884 жылы Чичибудағы (Сайтама префектурасы) көтеріліс либералдық партия тарихының шешуші кезеңі болды.

Парламенттің қызметі кезеңінде, 1900 жылы либералдық партия мен рформалар партиясының жекелеген топтарынан «Сэйюкай» партиясы құрылды. Бұл құрамында ірі жериеленушілер басым бола бастаған ескі либералдық партияны соңғы рет қайта құру еді. Оны И.Хиробуми, ханзада Саёнджи сияқты ықпалды шенеуніктер басқарды, ал оның бағдарламасы либералдық «Джиюто» партиясының бұрынғы бағдарламасына қайшы келді.

Сонымен, жапон либерализмінің ерекшелігі оның ауыл тұрғындарына сүйенуі екенін айта кетелік, ал Еуропада жеңімпаз либерализм негізінен әрқашан қала саудагерлерінің қаржы қуаты мен қала бұқарасының орталық саяси ұйымдарын арқа тұтты. Жергілікті мәселелері алыстағы қаладағы оқиғалардан маңыздырақ болған ауыл тұрғындарының оқшаулығы, жиі ішкі қақтығыстар қозғалыстағы сәтсіздіктерге, бөлінуге, ақыр соңында бүкіл қозғалыстың ыдырауына алып келді.

Тайшё дәуірінде (1912-1925) либерализмнің Жапонияға екінші келуі жүзеге асты және ол бастапқыда қарапайым, нақты және прагмативті сипатта болды. Жапон зерттеушісі Т.Харухитоның атап өткеніндей: «Тайшё демократиясының шыңы азаматтық жетекшілері бар партиялық үкіметтен тұратын мемлекеттік конституциялық механизм құруды мақсат етті» [127, 116 б.]. Ол әскерилердің күштеуіне және «Кацура-Сайонджи дәуірі» (Кацуон) деп аталатын екіпартиялы жүйеге қарсы бағытталды.

Аталмыш кезеңде жапон қоғамын демократияландыруға қолайлы жағдайлар қалыптасты. Антантаның одақтасы ретіндегі Жапонияда одақтастары жақтайтын құндылықтардың жаңа жүйесіне қарсы шығу қиын болды. Сөйтіп, сыртқы жағдайлар саяси демократия идеяларын таратуға тиімді әсер етті. Жапон қоғамы ішінде мұндай идеяны қабылдауға қажетті әлеуметтік жағдай қалыптасты. Журналистика саласына, сондай-ақ жоғарғы оқу орындарына сүйенген «ойшылдар» тобы халықтың ойынан шыға бастады.

Саяси құбылыс ретіндегі «Тайше демократиялануы» процесінде жетекші рөлді Ё.Сакудзо ойнады. М.Тайичиро: «Демократиялану үшін қозғалыс Ё.Сакудзо рухтандырған демократизм теориясы мен сенімімен байланысты болды, оның негізін Ёшиноның ықпалындағы ойшылдар мен жастар құрады»-деп тура айтқан [127, 116 б.]. Ё.Сакудзо партиядан тыс болса да, «саяси дилетанттардың көрнекті өкілі» болды. Демократизмнің (мимпоншюги) шарты ретінде ол халық бұқарасының саяси шешім қабылдауға қатысуын талап етті [127, 116 б.].

Ё.Сакудзо «демократизм – бұл саяси шешімдерді қабылдау әдістері туралы ұстаным, демек оның саяси егемендік мәніне қатысы жоқ» деп пайымдайды. Ғалымның идеясы саяси демократияландыруды императордың егемендігін сақтау жағдайында жүзеге асыруға саяды. Ол императордың егемендік ұстанымына негізделген Мэйджи конституциялық құрылымына қайшы келетін демократияны бөліп қарады. Ёшино императордың жоғарғы билігін кез келген асыра пайдаланушылықты оның кімге қатыстылығына қарамастан конституциялық емес деп сынады [127, 116 б.]. Ёшино үшін қандай мәселе шешілгендігі емес, қалай шешілгендігі маңызды болды.

Ё.Сакудзо сол кездегі жапон қоғамындағы өзгерістерді байқай алды. Кейбір жапон ғалымдарының (Такэда Харухито) пікірлері бойынша, теңдік «соншалықты елеулі болмаса да, бірақ...ол адамдардың дұрыс және берік қалауы» [127, 116 б.]. «Чюо корон» журналында сол кезде Ё.Сакудзоның ауқымды «Демократияның мәні жөнінде. Оны жетілдіруге жету жолы туралы пайымдар» атты мақаласы жарық көрді. Ёшино ның аталмыш мақаласы пікірталас туғызды, ол кейіннен «Тайсё демократиясы» үшін қозғалысына түрткі болды. «Демократия» сөзін ғалым жапон тіліне «мимпоншюги» деп аударады, бұл тікелей «негізі халықтың ұстанымы» дегенді білдіреді. 1918 жылдың соңында «мимпоншюги» ұстанымын қолдайтын ықпалды ойшылдар демократиялану қозғалысының жетекшісіне айналған «Рэймэйкай» («Гүлдену қоғамы») қоғамын құрады. Н.Инадзо, О.Икуо, С.Киичиро, А.Ухиса, М.Сэцурэй, М.Тацуо және басқалары қоғамның мүшесі атанды. Олар «Чюо корон» және «Чюгай» журналдарының беттерінде публицистикалық қызмет жасады. Олардың ішіндегі ең белсенділері Ё.Сакудзо мен Ф.Токудзо еді[127, 118 б.].

«Рэймэйкай» бағдарламасы төмендегіден тұрды: 1) ғылыми түрде Жапонияның негіздерін түсіндіру, жапон ерекшелігінің әлемдік өркениет дамуындағы орнын анықтау; 2) әлемнің даму жағдайына қарсы келетін және қауіп төндіретін идеяларды жою; 3) соғыстан кейінгі әлемдегі жаңа жағдайларға сай халықтың тұрақты игілігіне ықпал ету[127, 116 б.].

Жапонияға екінші рет тамырын терең жайғысы келген либерализм ойшылдық өмір мен саясатта орын таба алмай кетті.

Бұл жолы оның қарсыласы либерализмнің шыққан, қалыптасып келе жатқан әлеуметтік-демократия болды. Қазіргі Жапонияға оның тән еместігі соншалықты, зерттеушілер оны назарға алмайды да. К.О.Саркисов: «Соғысқа дейінгі уақытта саяси процестердің жүруі кертартпа және әлеуметтік-демократиялық партиялар арасындағы текетіреспен айқындалатын батыс елдерінен айырмашылығы, Жапонияда саясаттағы әлеуметтік-демократиялық дәстүрлер барынша әлсіз болды»,-деп жазады [75, 107 б.]. Жаңа либерализм біршама дәрежеде билік басындағы ЛДП жүргізген саяси шаралар кезінде көрініс тапты.

Тіпті XX ғасырдың 90-жылдары Жапонияның саяси партиялар жүйесі күйреп және әртүрлі жаңа саяси партиялар (олардың кейбіреулері жөнінде біз төменде айтамыз) пайда болғанан кейін де олардың ешқайсысы либерализмнің жақтаушысы болған жоқ. Оның қағидаларына ең жақын тұрған демократиялық партия, бірақ оларда да либералдық идеология әлеуметтік-демократиялықпен артқа ысырылған.

Өткен ғасырдың 30-жылдары кейнсианшылдықпен бірге неолиберализм экономиканың мемлекеттік реттелуі проблемасына жеке көзқарастар жүйесі ретінде пайда болды. Неолибералды тұжырымдаманың теориялық және іс жүзіндегі қолданысы мемлекеттің экономикалық процестерге араласуы арқасында шексіз еркін бәсекелестікке арналған шарттардың басымдығы идеясын көздеді.

Жаңа Конституция негізінде құрылған атқарушы билік пен мемлекеттік-әкімшілік басқарудың жүйесі соғыстан кейін ұзақ жылдар бойы айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Саяси төңкеріс 1970-80 жж. тоғысында басталып, Я.Накасонэ үкіметі басқа жоғары дамыған елдермен бірге біруақытта жапон мемлекеттік саясатында неолиберализм идеяларын бекіту жөнінде алғашқы қадамдарын жасай бастады.

Жапониядағы неолиберализм үрдісі: мәселелер мен мүмкіндіктер

Қазіргі неолиберализм еркін нарық механизмі экономикалық қызметінің тиімді әрекет етуіне, әлеуметтік және экономикалық процестерді реттеуге неғұрлым қолайлы жағдай жасады.

Соңғы кезде жапон ғалымдарының арасында «неолиберализм» термині жиі қолданылып жүр. Көп зерттеушілер кейнсианшылдық қағидасы «мемлекеттің жақсы өмір сүруі» ұстанымынан бас тартуға, еркін нарық, жеке кәсіпкерлік ережелерін мүмкіндігінше пайдалануға басым назар аударуды жөн санайды. Жапон неолибералдары саясаттың кез келген саласында дағдарыстан өту үшін радикалды шешімдерді қабылдауға үндейді [75, 66 б].

Жапониядағы неолиберализм идеясының белсенді түрде жүзеге асырылуы XX және XXI ғасырдың тоғысындағы кезең болып есептеледі. Осы кезең Жапония тарихында «Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дәуір» деген атпен белгілі. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары анықталған қосымша факторлардың пайда болуы КСРО-ның құлауы, коммунистік жүйенің жойылуы және «қырғиқабақ соғыстың» аяқталуы Қиыр Шығыс пен Тынық мұхиты аймағында жаңа саяси жағдайдың пайда болуы жапон үкіметін «форс-мажорлық» жағдайда реформа жасауға итермеледі. Сонымен бірге, әлемдік экономиканың жаһандану процестері ұлттық экономиканы басқаруды жетілдіру, басқа да жаңа әдістерді іздестіру міндеттерін ұсынды. 1990 жылдың басында Жапониядағы қаржы дағдарысы мемлекеттік басқаруды «жетілдіруді», аппаратты және оның шығындарын азайтуды қажетсінді. Жоғарыда келтірілген факторлар жапон басшылығын 1990 жылдардан бастап сөзден іске көшуге түрткі болды. Осындай ауқымды мақсаттарға жету үшін ел ішінде конституцияны, парламенттік, сайлау, сот жүйелерін, саяси партияларды ұйымдастыру мен т.б. өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылды.

Жапониядағы қазіргі әкімшілік реформалар 1980-жылдардың басында Я.Накасонэ үкіметі кезінде жүзеге аса бастады. 1993 жылы экономика мен қоғамды басқаруды мемлекет тарапынан реттеуді азайту жөніндегі ауқымды реформаларды жүзеге асыру мақсатында белгілі қадамдар премьер-министр М.Хосокава тарапынан жүзеге асырылды; сондай-ақ, маңызды заңдардың бірі - «Әкімшілік процедуралар туралы» заң қабылданды [75, 23 б]. Алайда шынайы жаппай кең ауқымды реформалар кейінгі үкіметтердің кезінде жүзеге асырылды. Әкімшілік реформаны жүзеге асырудың алғашқы құжатына Әкімшілік реформа жөніндегі Үкіметтік кеңестің 3 желтоқсан 1997 жылғы Қорытынды баяндамасы кіреді. Баяндама реформаның міндеттері мен мазмұнын айқындайтын негізгі саяси құжат болып саналады.

Дж.Коидзуми бұрынғы әріптестеріне қарағанда ұзақ билік құрған премьер-министрлердің бірі. Бұл жағдай Дж.Коидзумидің өз дәстүрін берік сақтап келген жапондар үшін мемлекетте күрт өзгерістер жасауы наразылық тудыру қаупіне қарамастан реформаларды жүзеге асыруды жалғастырды.

Парламент алдында сөйлеген алғашқы баяндамасында Дж.Коидзуми «тыйым салынған құрылымдық реформаларды» жүзеге асыру туралы мәлімдеді. Аталмыш реформалар арқылы Дж.Коидзуми мемлекетті экономикалық тығырықтан шығаруды көздеді.

Экономикалық дағдарыстан шығу тұжырымдамасын әзірлеу үшін Дж.Коидзуми Экономикалық және қаржы саясаты жөніндегі кеңестің негізін қалады. Елдің экономикалық бағытын қалыптастыру барысында Дж.Коидзуми кеңеске сенуі оның алдын ала ЛДП-да осы мәселені қарастыруды қолдамайтындығын атап өтті.

Үкімет банк жүйесін реттестіруді, бюджеттегі қаржыны жартылай мемлекеттік компанияларға беруді, құрылыс пен басқа да қоғамдық жұмыстардың көлемін қысқартуды қолға алды.

Дж.Коидзуми тарапынан бұрынғы тәртіпті ұстанбай мемлекеттік шешімдерді жасауы либерал-демократтар тарапынан партияның беделін әлсіретіп, премьер-министр авторитарлы билікке ұмтылыс жасап отыр деп қабылданды. ЛДП-нің беделі ішкі қарама-қайшылықтардан басқа партия қайраткерлерінің жемқорлық фактілерінің анықталуы салдарынан да төмендеді.

Дж.Коидзуми үкіметі жеке шешім жасау арқылы жоғарыда айтылған жоспарды жүзеге асырмақ ойда болды. Мысалы, 2005 жылдың ортасында жапон парламентінің төменгі палатасы Дж.Коидзуми үкіметінің ұлттық пошта қызметін жекешелендіру жөніндегі заң жобасын қабылдамағаннан кейін, Дж.Коидзуми императордан тиісті жарлыққа қол қойғызып, парламентті таратты. Оның үстіне Дж.Коидзуми басшысы болған ЛДП қатарынан негізгі қарсыластарын жоя бастады.

Премьер-министрдің жоспарына сәйкес пошта жүйесі 2007 жылға дейін төрт кезеңмен реформаланып, 2017 жылға қарсы толығымен жеке меншікке берілу қажет деп есептелді.

Реформаның мақсаты – Жапонияда жаңа банк және іскерлік мәдениеттің дамуы, сондай-ақ, аталмыш реформалар қазіргі нарықтық механизмдеріне сәйкес болуы. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, мемлекет бұрынғы сызба бойынша пошта құрылымына қолдау көрсетпей, нарық ережелеріне негізделген басқару жүйесіне көшуі қажет.

Дж.Коидзумидің пошта қызметін жекешелендіру үшін жүргізген күресі жапон экономикасын мүмкіндігінше жақсартуға талпыныс жасаудағы маңызын байқатты.

ЛДП-нің қыркүйек айындағы жеңісі – болашақта неолибералды саясаттың күшейетіндігінін көрінісі. Егер осы саясат жүзеге асатын болса, жапондықтар материалдық пайданы қажеттілікпен ұштастырып, күнделікті өмір нормаларынан бас тартуы керек. Сонымен қатар, премьер-министрдің

неолибералды реформаларының алға жылжуымен бірге АҚШ ықпалының артатындығы сөзсіз [78, 77 б].

Әкімшілік реформаларына қатысты оның кабинеті реформаның жеке қырларына басым көңіл бөліп, оларды жетілдіріп нақтылауда. Бұл өзгерістердің басым бөлігі «ашық корпорацияларға» өзгерістер енгізу, басқаруды ақпараттандыруға қатысты кейбір қадамдар жасау және т.б. Реформаның ресми аяқталу мерзімі нақты айтылмады.

Жапонияда бүкіл саяси жүйені көлемді реформаның құрамдас бөлігі іс жүзінде атқарушы билік пен мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесінің қалыптасуы осы тақырыптың кеңінен зерттеуін қажет етеді. Мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесі халықаралық аренада неолиберализм идеологиясы мен саясаты түрінде енгізіліп отыр.

Жапондық неолиберализмдегі өзара байланысты әлсірету идеясы. Декаплинг (өзара байланысты әлсірету) – бұл қазіргі жүйелік дағдарыста жиі қолданылатын әлеуметтік және өндірістік жүйелерді қайта құрылымдаудың қарқынды саралау процесін, өзара әрекеттесуін сипаттайтын ұғым. Қазіргі дағдарыс жағдайында бұл ыдырау процесі 1970-жылдардан бастап индустриалды қоғамдарды қайта құратын экологиялық ауысуда пайда болады. Әлеуметтік жүйелер бұл күйзеліске жауап қайтарудың жаңа процестерін іздеу арқылы жауап берді. Екі парадигмалық жауаптарды байқауға және салыстыруға болады: 1980-жылдардан бастап әлемде төңкеріс жасаған неолибералды парадигма және 1990-жылдардан бастап Жапонияда қалыптасқан ғылыми-зерттеу және инновациялық парадигма.

Бұл тарауда осы екінші парадигмаға негізделген, өйткені оны көптеген индустриалды елдер мен жаңа индустриалды мемлекеттер қайталайды. Жапония жағдайын зерттеу осы парадигманың қадамдарын, проблемаларын және теориялық аспектілерін көрсетеді. Осы екі парадигманы салыстыру неолибералды кезеңнің әлі де зерттеліп, толық тұжырымдалатын жаңа әлеуметтік және индустриалды модельге көшіп жатқандығын көрсетеді.

Өзара байланысты әлсірету идеясы қазіргі жүйелік дағдарысты әртүрлі түсіндіруде. Бұл дағдарыс 1980 жылдардан бастап экономикалық жүйелерде төңкеріс жасаған неолибералды саясаттың әсері ретінде көрсетілген. Бөліну индустриалды қоғамдардағы экономикалық саланың автономия деңгейінің сапалы өзгеруін білдіреді. Дифференциацияның жаңа деңгейі сонымен қатар басқа деңгейдегі әлеуметтік жүйелерді қайта құрудың әртүрлі түрлерін, интеграцияның жаңа түрлерін, ынтымақтастық пен реттеуді тудырады. Осы тараушаның мақсаты – алдымен концептуалды кешен ішінде ыдырау идеясын қалыптастыру. Екіншіден, экологиялық шектеулер 1970 жылдардан бастап күшейген әлеуметтік жүйелердегі қарқынды дифференциацияның қайнар көзі болып саналады. Соңында, Жапонияның мысалына сүйеніп, бұл құжат XX ғ. тоқсанынш жылдардан бастап жасалынған ғылыми-техникалық саясатты не себепті қалпына келтіру процесінің, ұзақ мерзімді перспективада қайта құру және әлеуметтік-экономикалық келісімнің бір бөлігі ретінде түсіну керек екенін

айқындайды. Осыған ұқсас саясатты қазір барлық ірі индустриалды мемлекеттер жүзеге асыруда.

Мұндай саясаттың неолиберализмнің теріс салдарын жеңуге мүмкіндігі бар. Бұрынғы дағдарыстар сияқты, қазіргі жүйелік дағдарыс жаңа ұғымдар мен түсіндірулерді іздеуді қайтадан бастады. «Өзара байланысты әлсірету» идеясы қазіргі дағдарысты талдауда және осы жағдайға жауап беруге арналған түрлі саясат тұжырымдамасында айқын және байсалды рөл атқарды.

Бұл процестердің негізгі дәйектілігі – дифференциация, мамандандыру, дербестік және қайта конфигурация. Негізгі модель мыналар болып саналады: егер жүйеде ыдырау орын алса, пайда болатын қызмет өрісі осы жүйеде жаңа дербестік дәрежесін алады; ол өзінің ережелерін, мақсаттары мен мүдделерін қалыптастырады. Бұл жаңа өріс (немесе функция) белгілі бір дербестікке жеткенде, ол өзінің ережелерін, мақсаттары мен мүдделерін осы жүйенің басқа компоненттеріне жүктеуге тырысады. Бұл жағдай тәртіпсіздік, шиеленісті және тіпті қақтығыстарды тудырады; ол жүйені бөлшектей алады, бірақ бұл оның жаңа жүйеге қайта құрылуына әкелуі мүмкін. «Бөлшектеу» ұғымы және оның бастапқы моделі қызықты сипаттамаларды ұсынады, бірақ олардың осы процестер туралы тиімді білім беретіндігіне ешқандай дәлел жоқ.

Декаплинг идеясы оңай немесе тікелей бұрмаланбаған, сипаттауға, түсіндіруге және болжауға алып келетін дискурстардың бірқатарын ашады және жақтайды. Бұл сонымен қатар стандартты түсініктеме үшін алынған күшті гипотезаға алып келеді: 1980-жылдардан бастап 1990-жылдардың соңына дейін пайда болған әлемнің регрессиясы инвестициялық мүмкіндіктерді құрғатқан жинақталған қарыздар мен тапшылықтармен түсіндіріледі. Тапшылықтар мен қарыздар экономикалық өсу мен әлеуметтік даму жағдайларын қалпына келтіру үшін алынып тасталуы керек еді.

Әлемдік экономиканың қайта құрылуы XX ғ. 90-жылдардағы жаһандану процесін ішінара түсіндіреді. Бірақ 2007-2011 жылдардағы жүйелік дағдарыстың басталуынан, 4 бірдей түсінік барлық индустриалды елдерге, соның ішінде Жапонияға да қолданылды. Пікірталас пен іске асырылған түрлі саясаттар алдын-ала болжамдардың жиынтығын көбейтіп, түсіндіруді болжауға айналдырады.

Стандартты дискурс келесідей: дамыған индустриалды елдер үшін, оның ішінде Жапония үшін, жаһанданудың негізгі әсері бәсекелестіктің жоғарылауы және бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуі, жеке және мемлекеттік қарыздар көлемінің өсуі, дағдарысқа әкеліп соқтырған тапшылықтар мен нашар несиелер болды. Сондықтан қазіргі дағдарысты еңсеру үшін Батыс экономикалары қарыздарын өтеп, тапшылықты азайтып, бәсекеге қабілеттілігін қалпына келтіруі керек. Осы сценарий бойынша, Шығыс Азия экономикалары әлемді қалпына келтіруге жетекшілік етуі немесе қатысуы және жаһандық экономикалық өсуді қамтамасыз етуі керек. Бір қызығы, бұл дискурста Жапония парадоксальді түрде әлемдік жүйенің қазіргі сатысында қалады; ол Шығыс Азия елдерінің өсуінен пайда көреді, бірақ ол жетілген экономиканың барлық ауыртпалығын: жаппай қарыздар, бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуі,

жұмыссыздық және оның әлеуметтік жүйесінің дағдарысы. Шынында да, Жапонияның бірде-бір үкіметі шешімін таба алмай, өзінің қаржылық-экономикалық жағдайын қалпына келтіріп, Шығыс Азияның экономикалық өсуіне тәуелділікті азайта алмайды.

Мұндай сценарийлер 2008 жылдан бастап американдық және еуропалық әртүрлі дискурстарды және тіпті саясатты айқын шабыттандырды және түсіндірді. Бірақ олардың болжамды мәні әлсіз. Олар бұзушы оқиғаларды ескермейді, өйткені мұндай оқиғаларды теория тұрғысынан болжау мүмкін емес. Біріншіден, олар 1970-жылдардан бастап қоғамдар мен әлеуметтік жүйелерді, сондай-ақ әлемдік тәртіпті терең өзгерткен жаңа саралаудың динамикасының себебін түсіндірмейді. Бұл басты себеп энергетикалық дағдарыс және барлық энергия мен шикізаттың қымбаттауы болды.

Екіншіден, бұл сценарийлер 1980-жылдардан бастап экономикалар мен қоғамдарды төңкеріске ұшыратқан экономикалық саланы ыдыратудың жаңа деңгейін, неоколибералды доктриналар мен практикаларды қалыптастыруды түсіндірді, негіздеді және басқарды. Ақырында, олар 1970-1980 жж. Басталған және бүгінгі күнге дейін созылған ұзақ мерзімді сипаттаманы жасырды: барлық индустриалды елдерде қазіргі кезде өздерінің ұзақмерзімді модельдері болып саналатын ауқымды зерттеулер мен инновациялық саясаттың тұжырымдамасы мен жүзеге асырылды.

Бұл үш эволюция мен процесс бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан ыдырату және қалпына келтіру теориясының нақты эвристикалық құндылығы әлеуметтік-экономикалық жүйелер мен олардың эволюциясын бұзылулар тұрғысынан және бұзылуларға жауап ретінде талдау болып саналады.

Қоғамдар мен экономикаларды, олардың даму шарттары мен дүниежүзілік тәртіпті өзгертетін эволюцияның «алғашқы энергетикалық және табиғи ресурстардың дағдарысы ретінде анықтауға болады». Бұл әр индустриалды қоғамның, әлеуметтік, саяси және экономикалық жүйені біріктіретін олардың инфрақұрылымына қатысты болды. Біз XIX ғасырдың аяғынан бастап және 1945 жылдан кейін индустриалды экономика тек энергия мен шикізат құнын бақылау арқылы дамып, дами алатындығын түсіндік. Табиғи ресурстардың құнын, қол жетімділігі мен көлігін бүкіл әлем бойынша бақылау әрбір индустриалды мемлекеттің дамуы үшін шарт болды. Компаниялар тұрақты және күшті сұраныстың арқасында жұмыспен қамту мен тұтынудың жоғары деңгейіне, әртүрлі әлеуметтік бағдарламаларға байланысты пайда табуы мүмкін. Әлеуметтік жағдай, тұтыну қоғамы және нарықтық негізделген әлеуметтік капитализм – бір жүйенің өзгерістері. Реттелетін айнымалы энергияның құны және барлық табиғи ресурстарға қол жетімділік болды. Бұл шығын капиталистік қоғамдарға жұмыс орындарын құру, сұранысты ынталандыру және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мақсатында сауда мен өнеркәсіпті қолдау қажеттілігін білдірді. Мұндай жүйені басқару жан-жақты мемлекетті, білікті және кең басқаруды қажет етті.

Бұл экономикалық және әлеуметтік құрылым тарихи түрде өзінің биофизикалық ортасын өзінің экологиясына айналдырды. Биофизикалық орта шикізат пен энергия көздеріне «табиғат» деп атайды.

Кейбір елдердің технологияларды, сондай-ақ өндіріс орындарын, мұнай мен басқа да табиғи ресурстарды тасымалдау және таратуды бақылау үшін қаржылық, өндірістік, технологиялық және әскери мүмкіндіктері болды. 1945 жылдан кейін АҚШ «еркін әлем» деп аталатын барлық капиталистік экономикалар мен қоғамдарды басқара алатын күшке ие болды. Бұл сонымен бірге АҚШ-тың бүгінгі күнге дейінгі сыртқы саясатын және әлемдегі АҚШ әскери күштерінің орналасу деңгейі мен деңгейін түсіндіреді. Бұл, сайып келгенде, АҚШ-тың өзінде биліктің ұйымдастырылуын және энергетикалық әрі қорғаныс салаларының рөлін түсіндіреді. 1945 жылдан бастап АҚШ-тың сыртқы және әскери саясатының мақсаты бүкіл әлемде энергия мен табиғи ресурстарға қол жетімділікті және тасымалдауды қамтамасыз ету болды. Бүгінгі таңда бұл бақылаудың құны тұрақсыз болды. 1970 жылдардағы энергетикалық және шикізаттық дағдарыс американдық әскери, өнеркәсіптік және технологиялық гегемония жағдайындағы барлық индустриалды мемлекеттердің «еркін әлемнің» негізгі жүйесі тұрақсыз болып, қайта құрыла бастаған сәт болды. Ретроспективада бұл «дағдарыс» емес, тарихи көшудің басталуы болды. Мұндай өзгеріс 1980 жылдардан бастап 2000 жылдардың ортасына дейін АҚШ-тың экономикалық және әскери гегемониясымен басқарылатын, басқарылатын және репрессияланған осы әлемдік жүйеде бірқатар ыдырау мен бұзылуларды ашты. Осы жағдайға жауап беретін саясатты әр индустриалды қоғамның инфрақұрылымына қатысты болғандықтан, ойлау, негіздеу және жүзеге асыру қиын.

Осы перспективаға сәйкес, қауіпті нәрсені бес тармаққа тұжырымдамалық тұжырым жасауға болады. Біріншіден, 1970 жылдардағы мұнай дағдарысы 2000 жылдардың ортасынан бастап барлық индустриалды әлеуметтік-экономикалық жүйелердің эволюциялық траекториясын өзгертетін экологиялық шектеулерге айналды. Қазіргі экономикалық дағдарысты ұзақ мерзімді экологиялық шектеулерден ажырату мүмкін емес. Екіншіден, бұл жағдай әрбір әлеуметтік-экономикалық жүйеде маңызды проблемалар туғызады: ластану мен денсаулыққа қауіптер, климаттың өзгеруі, жаһандық жылыну, су мен құнарлы жерлердің жетіспеушілігі, сирек кездесетін пайдалы қазбаларға қол жетімділік үшін бәсекелестік және т.б. жүйесі. Бұл жүйелер дифференциалдау және қайта конфигурациялау арқылы жауап береді және бейімделеді, бірақ бұл шектеулер әр жүйеге барынша терең енеді, сондықтан олардың бейімделу әрекетін болжау мүмкін емес. Үшіншіден, әр әлеуметтік жүйеде орын алып отырған бұл келеңсіздіктер үлкен геосаяси салдарға ие. Олар ұлттық егемендіктің, экономикалық дамудың және әлеуметтік тұрақтылықтың ұзақ мерзімді шарттарын қамтамасыз ету үшін индустриалды елдер арасындағы бәсекелестікті күшейтеді. Төртінші тармақ қазіргі конъюнктураға қатысты: 2011 жылдың аяғында 2007-2011 жылдардағы дағдарыс қысқа мерзімде қысқарады, бірақ ұзақ мерзімді экологиялық күйзелісті күшейтеді. Осы екі

дағдарыстың өзара байланысы нақты да, ашық түрде де талқыланбайды. Үкіметтер мен халықаралық институттар экономикалық дағдарысқа шоғырланады: ұзақ мерзімді экологиялық көшу жағдайында экономикалық дағдарысқа жауап беретін қысқа мерзімді саясат тиімді болмауы мүмкін.

Бүгінгі таңда экологиялық бұзылу нәтижесінде пайда болған ыдырауға екі жүйелік жауапты, қалпына келтірудің екі түрін нақты анықтауға болады.

XX ғ. 80-жылдарынан бастап жасалынған және бірінші кезекте АҚШ-та, содан кейін қалған әлемде жүзеге асырылған неиберал-либералды саясат - бұл алғашқы жауап. 80-ші жылдардан бастап Жапонияда ойластырылған және жүзеге асырылған ғылым мен технология саласындағы саясат екінші және балама жауап болып саналады. «Қытай қабырғасы» ешқашан екі теорияны, саясат пен тәжірибені бөліп қарастырған емес. Олар бір-бірімен қабаттасады және өзара әрекеттеседі, бірақ олардың әртүрлі көздері, тарихы мен салдары бар: бұл оларды бір-бірінен қарама-қайшы ету қажеттілігін түсіндіреді.

Олар әртүрлі институционалды шараларды талап етеді және әртүрлі әлеуметтік және мәдени эволюцияны тудырады. Ең бастысы, олар бір-бірімен қатты бәсекелеседі. Осы уақытқа дейін 2007-2011 жылдардағы дағдарысты еңсеруге бағытталған барлық саясат неолибералды парадигманың нұсқалары болды.

Бірақ соңғы он жылда зерттеу және инновациялық парадигма көптеген индустриалды елдерде, соның ішінде Оңтүстік Кореяда, Сингапурде, Қытайда және жақында Үндістан мен Ресейде қайта құрылды немесе қайта шығарылды. Қазіргі уақытта екі парадигманың арасындағы алшақтық қарама-қайшылық ретінде көрінбейді. Бірақ 1980 жылдардан бастап АҚШ-та жасалған ғылым мен технология саясатының 1990 жылдардағы Жапония техно-құрылымы жасаған саясатына қарағанда әртүрлі көздері, институттары мен әсері бар. Қазіргі жүйелік дағдарыс осы екі парадигманың арасындағы алшақтықты арттырады.

Жапонияға тән либералды және неолибералды идеялар «Ва» феномені негізінде қалыптасып дамыды. Олардың жапон мемлекетінің түрлі салаларына енуі толық күйінде батыстық үлгіде жүзеге аса қойған жоқ. Себебі, Жапонияда осы идеялардың таралуына жол ашқан Мэйджи реставрациясында билікке келгендер жаңғыру процесіне дейінгі қоғамда қалыптасқан ой-санамен келісімге баруына туралы келді. Бұл мақсат дәстүр мен жаңғыру сұхбаты аясында орындалды.

2.3 Жапониядағы саяси партиялардың даму модернизациясы

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ескі саяси партиялар қалпына келіп, жаңа саяси партиялар құрыла бастады. 1945 жылдың 9 қарашасында Либералды партия, Конституциялық демократиялық партия және коммунистік партия мүшелерінің негізінде Либералды партия құрылды. 1945 жылдың 16 қарашасында К.Сидэхара басшылық еткен Прогрессивті партия саяси аренаға шықты.

Сонымен бірге, ЖСП-ның құрылтайшылық съезі өтіп, 1940 жылы таратылған көптеген социал-демократиялық партиялар мен топтар біріктірілді.

1945 жылдың желтоқсан айында Халық кооперативті партиясы немесе Ынтымақ партиясы құрылды. Ал, 1945 жылдың соңында Жапонияның Коммунистік партиясының заңды съезі өткізілді. Конституция 1947 жылы күшіне енсе де, көп партиялық негіздегі алғашқы парламенттік сайлау 1946 жылдың соңында өтті. Сол кезден бастап Жапонияның партиялық жүйесі төрт даму сатысынан өтті: 1) қалыптасуы; 2) тұрақты дамуы; 3) тұрақсыздық және қайта құрылу; 4) тұрақтылық және кейінгі қайта құру.

Партиялық жүйенің қалыптасу кезеңіндегі партиялық генезисінің басты мәні мынадай: біріншіден, Либералды және Прогрессивті партиялар сияқты соғысқа дейінгі парламенттік партиялардың жандануы, екіншіден, парламенттік қызметке солшыл күштердің (ЖКП, ЖСП) қатысуы, үшіншіден, қоғамның жаңа қажеттіліктеріне жауап беретін жаңа партиялардың қалыптасуы (Халық-кооперативтік партия, ұсақ топтар).

Жасырын жұмыс істеп келген және қайта пайда болған партиялар саяси ықпалы жағынан тең күш бола алмады. Либералды және Прогрессивті партиялар өздерін ірі ұйым екенін көрсетсе, Социалистік партия орташа ұйым, қалғандары шағын партия екендерін білдірді.

Соғыстан кейінгі Жапон қоғамының шынайы қалпына мүлдем жауап бере алмаған осындай ультрасолшыл бағыт сайлаушылардың коммунистерден бас тартуына және ЖКП-ның қоғамдағы ықпалының күрт төмендеуіне түрткі болды. Социалистік партияда о бастан үш идеологиялық ағым күрес жүргізді: 1) соғысқа дейін Жұмысшы-шаруа партиясына кірген және қоғамда бейбіт жолмен революциялық өзгерістер алып келуге ұмтылған солшыл социал-демократтар (1949 жылы олар ЖСП-дан шығып, Жұмысшы-шаруа партиясын құрып, 1949-1955 жылдар болған сайлауларда шамамен 1 пайыз дауысқа ие болды); 2) соғысқа дейін ЖШП-ға кіріп, революциялық әдіске қарсылық білдірген орташыл социалистер; 3) ЖСП-ның ең әсерлі фракциясына айналған Жапон қоғамы дамуының эволюциялық жолын қолдаған оңшыл реформистер.

1947 жылғы парламенттік сайлау алдында Прогрессивті партия Демократиялық партия болып қайта құрылды. Либералды партияның бір фракциясы – Ешида тобы оның құрамына енді. ДП бағдарламасы шынайы социализм мен классикалық капитализм арасындағы «орта курс саясаты» арқылы «капитализмді оңалтуды» көздеді. ДП басшыларының бірі Х.Ашида 1948 жылы ЖСП, ЛП, ДП және ХКП өкілдері арасынан коалициялық үкімет құрды.

1953 жылы Либералды партия екі фракцияға бөлініп, жеке тізімдерімен парламенттік сайлауға қатысты. Соғыстан кейінгі партиялық жүйеде Либералды және Прогрессивті партиялар жетекші партиялар болып қала берді. ЖСП да жетекші партиялар құрамына еніп, солшыл бағыттың артуы арқасында партиялық жүйе идеологиялық алаңда кеңейе бастады.

Қалыптасу барысындағы Жапонияның партиялық жүйесін былай сипаттауға болады:

а) бірнеше тәжірибелі партиялардан тұратын көп партиялы жүйе коалициялық үкімет құруға түрткі болды;

ә) солшыл топтары дамып, оңшыл топтары артта қалған партиома (солшыл синистризм жүйесі).

б) жеке фракцияларға немесе партияларға бөлінген нәтижесінде жаңа партиялар пайда болатын тұрақсыз жүйе.

в) тұрақсыз электораттан тұратын жүйе. Бір сайлаудан екінші сайлауда әр түрлі дауыс жинайтын партиялар.

Бастапқы кезде Жапон экономикасының қалпына келуі баяу қарқынмен жүзеге асты. Өте жоғары инфляция мен жұмыссыздық әсер етті. Басқару жүйелерін қайта құру мен орталықсыздандыру, дайын өндірістік корпорацияларды (дзайбацу) жою, азаматтық қоғамның, жеке бастама мен кәсіпкерліктің болмауы негізгі себептер болып саналды.

1948 жылы АҚШ-тың оккупациялық билігі мемлекеттік бюджетті тұрақтандыруға, жалақыны тұрақтандыруға, субсидияларды беруді шектеуге, сыртқы сауданы бақылауды күшейтуге қажетті материалдармен қамтамасыз етуді жақсартуға, жергілікті шикізат пен тауарлардың өндірісін күшейтуге, импортты қысқартуға үндейтін кешенді жоспарын іске қосты.

АҚШ репарацияларды алуды тоқтатты, монополияларға қарсы заңды қайта қарады, шетелдік капиталға арналған жолдарды ашты. Қатал әрі рационалды экономикалық саясат, сондай-ақ, Кореядағы соғыспен байланысты американдық тапсырыстардың келуі қаржы тұрақтылығы мен экономикалық өрлеуді қамтамасыз етті [144, 36 б.].

1955 жылы орталықшыл Демократиялық партия мен оңшыл Либералды партияның Либералды-демократиялық партия болып бірігуі Жапонияның партиялық жүйесінің тұрақты даму кезінің басталуын айқындады. 1955 жылғы жиында қабылданған «Партияның саяси бағдарламасында» бейбітшілікті, дамуды, әділеттілікті қамтамасыз етуге барлық күш-жігерін жұмсайтын халықтың мүддесіне қызмет ететін, бейбітшіл, демократиялық, парламенттік партияның құрылуы туралы баяндалды. «Дәстүр мен тәртіпті» дәріптегені үшін ЛДП консерваторлар тобына жатқызылды. Либералды-демократтар бюрократиялық капитализм мен тоталитарлы коммунизмді мойындамайтын қоғамның үшінші даму жолына жетуді өзінің мақсаты деп есептейді.

Саяси-экономикалық тұрақтылық, экономикалық өрлеу жағдайында партиялық жүйе де бірқалыпты бола бастады, сайлаушылар арасында қалыпты көңіл-күйлердің ұлғайғанғаны байқаған партиялар радикалды күресу әдістерінен бас тартып, ұстамды бағдарламалар қабылдады. 1958 жылы коммунистер «1951 жылғы бағдарламадан» бас тартып, «1961 жылғы бағдарламаны» қабылдады. Ол бойынша американдық империализм мен Жапон монополизмі «Жапон жұмысшыларының» басты жауы болып есептелді. 1970 жылдардың ортасында ЖКП бағдарламасынан жұмысшылар диктатурасы мен марксистік және лениншіл ойлар туралы барлық кемшіліктер ескеріліп, олар «ғылыми социализм» атауымен өзгертілді. 1976 жылы ЖКП съезінде демократиялық коалициялық үкіметті құру арқылы елдің демократиялық жаңаруына, кейіннен коммунизмді құруға үндей тастайтын Бостандық пен демократия декларациясы қабылданды.

Жапон социалистері өзара келіспеушілікті реттеп, 1955 жылдың соңында Социнтерннің 1951 жылғы құжат негізінде жазылған «Демократиялық социализм декларациясы және қағидалары» бағдарламасы талқылады. ЖСП бағдарламасы капитализм мен коммунизмді жоққа шығарды.

1970 жылдардың басында экономикалық серпіліс аяқталумен және партиялық басшылық бақылауынан шыққан фракциялық қарама-қайшылықтардың шығуымен бірге ЛДП-ның ықпалы азая бастады. Алайда, жапон буржуазиясы либералды демократтардың бір партиялық үкіметі жойылғаннан кейін өзінің саяси билігін сақтап қалу мәселесіне алаңдады. Жапонияда екі буржуазиялық партиялардың билікке кезек-кезек алмасып келу жүйесін енгізумен осы мәселені шешкен болатын. ЛДП құрамынан Жаңа либералды клуб, Консервативті партия бөлініп шықты.

1990 жылдары Жапонияның саяси жүйесінде елеулі өзгерістер болды, ең алдымен бұл өзгерістер коалииялық үкіметтердің басты саяси күш ретінде пайда болуымен байланысты болды. 2000 жылы өткен парламенттік сайлаудың басты қорытындысы бойынша ЛДП-дан, Комейтодан және Консервтивті партиядан тұратын билеуші бірлескен үкімет бірлестігі сақталды. Ел ішінде ірі саяси күш екенін растаған ЛДП коалициядағы әріптестерінің қолдауымен өзінің жеке саясатын жүзеге асыра алады.

Жапонияның партиялық жүйесі қалыптасуы түрлі идеологиялық бағыт-бағдардан тұратын шынайы көп партиялы жүйе болып сипатталды. Соғыстан кейінгі алғашқы он жылдықта коалициялық үкіметтерді құру жағдайлары жиі кездесті.

1950 жылдардың ортасынан бастап Жапониядағы партиялық жүйе «бір жарым партиялық» немесе доминантты партиясы бар жүйе деп аталды. ЛДП доминанта рөлін атқарып, 1955-1996 жылдар арасында парламенттік сайлауда мүлдем жеңілмей, әрдайым үкімет мүшелерін құрап, басқарып келді.

Доминанттық партиясы бар жүйе ешбір дамыған елде кездеспейді. Осындай партиялық феномен Жапонияны демократиялық елдер арасынан ерекшелеп, кейбір мамандардың елдегі шынайы демократияның бар екендігіне күмәнмен қарады.

Қазіргі Жапонияның партиялық жүйесі тұрақтандырушы, бірақ әлі де қайта құрылып жатқан құрылым болып саналады. Оның негізгі сипаттамаларына мыналар жатады:

- көп полюсті;
- төменгі деңгейдегі тұрақтылық, яғни, Жапонияда әр сайлауда жаңа партиялар пайда болып, бұрынғы жеке партиялар жоғалып кетеді;
- ЛДП-да, ДП-да, ЛП-да бүкіл партиоманың тұрақтылығын қамтамасыз ететін күшті орталықтың болуы;
- бұл жүйе әлі де доминантты партиясы бар жүйе;
- бұл бәсекелесуші немесе айналымдағы жүйе, яғни, кейде билік басына оппозицияның немесе партиялар коалициясының келуі орын алады.

Сөйтіп, Жапонияның соғыстан кейінгі партиялық жүйе тарихында екі кезеңді белгілеуге болады. Бірінші кезең 1955 жылдан бастап 1993 жылға дейін

жалғасып, «1955 жылғы жүйе» атауын ие болды. Аталмыш мерзім ішінде партиялық жүйе айтарлықтай тұрақты еді. ЛДП және ЖСП ең басты саяси қарсыластар болып есептелді. Екінші дәуір 1993 жылы басталып, қазірге дейін жалғасуда. Осы кезең партиялық жүйені қайта құру кезеңі деп аталады. Бұл кезең саяси сахнадағы жиі өзгерістер кезіне жатады.

Дәл осы кезеңді шынайы көп партиялық жүйе кезеңі деп сипаттауға болады. Мұнда саяси партиялар бір-бірінің алдында абсолюттік артықшылыққа ие бола алмай отырған жайы бар.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЖАПОНИЯНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Жапонияның қазіргі замандағы саяси жаңғыру тәжірибесі саяси таптың өзгеріп отырған сыртқы және ішкі дағдарыс жағдайларына жоғары дәрежедегі бейімділігін, оның реформалар жасау қабілетін, ұзақ мерзімді стратегиясына қажетті өзін құрбандыққа жұмсаумен байланысты қабілетін көрсетеді. Жапония саяси жаңғырудың бірнеше талпыныстарын жүзеге асырды. Оларды үш кезеңге бөлуге болады: Мэйджи дәуіріндегі саяси жаңғыру, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жаңғыру (1945-1980 жж.) және Хэйсэй дәуіріндегі саяси жаңғыру.

Жапонияның саяси жаңғыру тәжірибесін Қазақстанда қолдану мүмкіндіктеріне қатысты біз екі мемлекеттегі басқару формаларының кейбір аспектілерін, доминантты партиясы бар жүйе мен мемлекеттік қызмет тәжірибесін қарастырған едік.

3.1 Қазақстан Республикасы мен Жапонияның басқару формалары: салыстырмалы талдау

Қазіргі әлемде «президент» және «император» институттары көптеген саяси режимдерде маңызды рөл атқаратындықтан, оларды Қазақстан мен Жапония сияқты демократиялық елдер негізінде салыстырмалы талдау әдісі арқылы зерттеу жасалды.

Бұл мемлекеттердің әр қайсысында өзіне ғана тән және де маңыздылығы ортақ мәселелер бар, оларға теориялық түйіндеу мен міндетті тіркеу жасалмағанша интеграциялық үдерістердің орын алуы мен жүзеге асуы туралы сөз қозғаудың өзі мүмкін болмас еді.

Осылайша, бұл мемлекеттердің әр қайсысындағы президенттік және императорлық саяси институттарының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, қалыптасуы мен бұдан кейінгі кезеңдегі жұмыс жасауына салыстырмалы талдау жасау қажеттілігі туындайды.

Саяси тарих курсынан білетініміздей, президент институты өзінің бастауларын американдық саяси жүйеден алады. Сонымен қатар, қазіргі таңда бұл АҚШ саяси жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып саналады.

АҚШ-та президенттік билік формасы қалыптасқанға дейінгі кезеңде «Президент» сөзі Мемлекет басшысы түсінігі ретінде грек және рим республикаларында немесе одан кейінгі кезеңдердегі Англия және Нидерланды елдеріндегі орын алған буржуазиялық республикаларда да қолданылған жоқ.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, президент институты – бұл түрлендірілген монархия. Шындығында да, егер президент институты мен конституциялық монархия институттарына өзара салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, бұл жорамалдаудың негізсіз еместігіне көз жеткіземіз.

Өзінің қалыптасу тарихында президент институты үнемі өзгерістерге ұшырап, күшею бағытындағы эволюция сатысынан өткен.

Еуропа мен Азия елдеріндегі Мемлекет басшысы институттарының тарихы тереңде жатыр. Мемлекет басшыларының жоғарғы органдар жүйесіндегі республикалық басқару формалары негізінде президенттілік құқықтылық жағынан алғанда бірінші орынды иемденеді. Аралас жартылай президенттік басқару формасы қалыптасқан мемлекеттерде президент орталық орган ретінде танылып, елдің мемлекеттік өмірінде басым рөл атқарады.

Президент институтының мәселелерін зерттеу бүгінгі таңда өте өзекті болып отыр. Бұл саяси институттың мағынасына келер болсақ, тек президент қана мемлекеттің тұтастығын, заң шығару, атқару және сот билігі қызметінің тиімді және тепе-тең болуын қамтамасыз етіп, талас тудыратын мәселелерде төре бола алады. Президенттік жүйенің негізгі артықшылығы біртұтас және тұрақты атқару биліктің қалыптасуына мүмкіндік жасайтындығында, ал атқарушы билік болса президенттің саясатын жүргізетіндігі белгілі.

Президенттік басқару формасы мен демократиялық жаңаруларға өту барысындағы ерекшеліктерді қарастыра отырып, олардың қалыптасуына ықпал ететін қолайлы және қолайсыз факторлардың болатындығын ұмытпауымыз керек. Демократияландыру барысында елдің тарихи және мәдени мұралары үлкен рөл атқарады. Заң билігі, өкілділіктің нақтыланған жүйесі мен сайлаулар шектеулі болса да демократиялық басқару тәжірибесін танытады. Тәуелсіздікке дейінгі электоралдық бәсекелестіктің партиялар мен коалициялардың жоқтығы егемендік алғаннан кейін де демократиялық институттардың тиімділігін арттырмайды және демократиялық принциптерді танып-білуге қажетті уақытты талап етеді.

Егер де Қазақстан Республикасындағы президент институтының қалыптасу үрдісін қарастыратын болсақ, біз міндетті түрде кешегі өткен күнімізге ораламыз. Өйткені, саяси жүйеге Президент мәртебесі кеңестік режим кезінде енгізілген, ал эволюция үрдісі барысында ол егемен Қазақстанның саяси институттар жүйесінде жетекші орынға көтерілді.

Президент мәртебесі сияқты саяси жаңашылдықты тоталитарлық кеңес мемлекетінің саяси жүйесіне енгізу шын мәнінде демократиялық институтының тетіктерін бөтен тоталитарлық жүйеге күштеп енгізу еді, яғни қажетті, қоғамды демократияландыруға қатысты реформа жасалынды, бірақ, социалистік тоталитаризмнің негіздері өзгеріссіз қалды.

Қазақстандағы Президент лауазымы басқа кеңестік республикалардағы президент институтынан ерте қалыптасты. «Тарихи тұрғыдан алғанда Достастықтың барлық мемлекеттерінде президент институты Президент лауазымынан кейін қалыптасты» [145, 33 б.].

Өз кезегінде Президент лауазымының енгізілуі Жоғарғы Кеңес Төрағасының өкілеттілігіне ықпал етті, өйткені осы кезден бастап ол ҚазССР-дың ел ішіндегі және халықаралық қатынастардағы өкілі ретіндегі жоғарғы мәртебелік статусынан айырылды. Осыған байланысты Жоғарғы Кеңес төрағасы заңдарға қол қою және елдегі жағдай туралы баяндама жасау құқығынан айрылып, кадр саясаты мен салтанаттық қызметтердегі

өкілеттілігінің қысқаруы билік салаларының жіктелуі мен президенттік республиканың қалыптасуы үдерісін көрсетті [6, 8-10 б.].

Саяси жүйенің демократиялану үрдісінің бұдан кейінгі кезеңдегі дамуы, яғни 1990 жылдың қарашасынан 1991 жылдың желтоқсаны арасындағы кезеңі ҚазССР-дың Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда мемлекеттік биліктің бөлінуі заңшығарушы, атқарушы және сот билігі деп нақты көрсетілген, бұл жердегі заңшығарушы билік Жоғарғы Кеңеске, Республика басшылығы мен басқару-атқару билігі Президентке, ал сот билігі ҚазССР Жоғарғы сотына тиесілі болды. Бұл ереженің нормативтік бекітілуі 1990 жылдың қарашасында жүзеге асты [146, 66 б.].

Экономиканы реттеуге арналған Қазақстан Республикасы дамудың жаңа кезеңіне өту үшін қажетті экономикадағы құрылымдық сипаттағы өзгерістерді қажет етеді. Бұл өзгерістерге өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс орындарын құру, соның ішінде агроөнеркәсіптік сектордан келетін жұмыс күшінің ағымы арқылы қол жеткізіледі. Қазақстан нарығы сектор операторларының артық табыс алу мүмкіндігіне жүгінуі мүмкін, бұл өңдеу саласының тиімді дамуына мүмкіндік бермейді.

Жоғарғы Кеңестің өз билігін жүзеге асыра алмауы, яғни Президент сияқты қатал және нәтижелі вертикалды билік құру арқылы қоғам мен билікті жинақтай алмауына байланысты мемлекеттік-саяси парадигманың басым кезеңіндегі (1991 жылдан бастап) бастама билік өкілдерінің қолынан Елбасы басқарған атқарушылардың қолына өте бастады.

Қазақстанның конституциялық құрылымы туралы толық талдауды неміс зерттеушісі О. Люхтерханд жасаған. Ол Кеңестік Қазақстандағы конституциялық құқық эволюциясын көрсете отырып, оны тәуелсіздік жылдарындағы Негізгі Заңның қабылдану кезеңіне дейін алып келеді. Сонымен қатар, 1991 жылы Қазақстанда атқарушы және заңшығарушы билік арасында қарама-қайшылық байқалғандығын және де ол Мәскеудегі сияқты қоғамдық деңгейде өткендігін атап көрсетеді. Бұған компартияның рөліне қатысты статьяның болуына байланысты құқықтық қайшылық та қосылған. Бірақ, 1977 жылғы Конституцияның ерекше шарты – КСРО-дан шығу және өзін-өзі анықтау құқығын беру мүмкіндігін нақтылауы оның тарихи маңыздылығы еді. Ал Люхтерхандтің пікірінше келесі 1993 жылғы конституция қазіргі заман талаптарына сай және барлық өркениеттік қоғамдар қолданысындағы халықтардың егемендігі, құқықтық, отбасылық және меншіктік мәселелерге қатысты баптарды қамтыды. Кеңес кезеңінен қалған жалғыз орган – Жоғарғы Кеңес болатын. Бұл 1993 жылғы конституция атқарушы, президенттік биліктерге көптеген өкілеттіліктер бергенімен де, жоғарғы атқарушы билікті бақылау құқығын Конституциялық сот құзырында қалдырды. Жалпы алғанда 1993 жылғы Конституция толық жетілмеген, қайшылыққа толы болды, сондықтан да, президенттік республикаға бағыт дұрыс болса ғана кейбір ішкі және сыртқы саяси факторларға байланысты уақытша қабылданды. Ол республикадағы саяси билік режимінің демократиялық мазмұнының тұрақтылығына кепіл бермеді. Осылайша, оның жойылуы заңды құбылыс еді

деп көрсетеді автор. Қазақстанда қазіргі кезде қолданыстағы 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған жаңа Конституция мемлекеттің күшті және шектелмеген президенттік билікке бағытталған құқықтық эволюциясының нәтижесі болды. Неміс авторының пікірі бойынша, соңғы Конституцияның пайда болу себептерін қазақ халқының «азиялық» дәстүрлерінен емес, біртұтас емес қазақ қоғамының ішкі әлсіздігінен, яғни географиялық полярланған территориядағы әртүрлі этникалық құрамынан іздеу қажет. Жаңа Конституция арқылы жарияланған күшті президенттік билік Қазақстанның тұтастығы мен тұрақтылығына қатысты барлық қауіп-қатерлерге қарсы тұруы керек [5, 83 б.].

Сөйтіп, Қазақстандағы Президент мәртебесін енгізу республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жаңа бағыттардың пайда болуымен байланысты. Мемлекеттік басқарудың барлық салаларында терең реформалар жүргізудің қажеттілігі туындады. Әлеуметтік жаңару кезеңінде мемлекеттік биліктің рөлі шұғыл артатыны белгілі, өйткені ол саяси тұрақтылықтың әртүрлі қатерлері мен қауіптерін дер кезінде сезіне білуі керек. Мемлекеттің өзі жаңарту үдерісін ұйымдастырушы, оның негізгі агенті ретінде көрінеді. Жалпы бұл әлемдік өркениеттер тәжірибесінің заңды қорытындысы, терең дағдарыстар мен сілкіністер кезеңінде мемлекеттің реттестіруге қатысты әрекетін арттыруға деген объективті қажеттілік туындайды, бұл бірінші кезекте дағдарыстан шығуды қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыруға қатысты болады. Әсіресе, бұл түбегейлі өзгерістер, авторитарлық және тоталитарлық режимдердің құлауы мен жаңа тәртіптердің орнығуы барысында нақты байқалады.

Өз кезегінде, президент институтының күшеюі үрдісінде жеке тұлғаның харизмасы үлкен рөл ойнайды. Бірақ, жеке тұлға харизмасын нақты бір саяси институтты демократиялық деңгейге сай келмейтін дәрежеге дейін күшейтудің қолайсыз салдарларына ұрынбау үшін оның белгілі-бір мөлшерінің болғаны дұрыс.

Қазақстандағы президенттік жүйенің жарқын ерекшеліктерінің бірі ретінде оның бір орталықта шоғырлану мазмұнын айтуға болады. Қазақстанның унитарлық жағдайы мен Елбасының өкілеттіліктерін есепке алар болсақ, Президент елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды тұлға болып саналады. Бұл факт Қазақстандағы көптеген саяси үрдістердің жүруіне ықпал етеді. Жаңа Конституция арқылы жарияланған күшті президенттік билік Қазақстанның тұтастығы мен тұрақтылығына қатысты барлық қауіп-қатерлерге қарсы тұруы керек.

Қазақстандағы президенттік жүйенің келесі бір ерекшелігі – ол мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етуі қызметін атаймыз [146, 21 б.]. Аталмыш қағиданың 1995 жылғы Конституцияға енгізілуі түсінікті жайт, өйткені, президенттік республика жағдайында биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары бір-бірінен барынша алшақ және нақты бір конституциялық мерзім аралығында өз бетінше өмір сүре алады. Бірақ, мемлекеттік биліктің екі тармағы арасында белгілі-бір келісімге келу кей

жағдайда өте қиын болуы мүмкін. Сондықтан да, бұл дағдарыстық жағдайдан шығудың барабар шешімін биліктің үш тармағынан жоғары тұрған үшінші бір күш – саяси алаңның «төрешісі» ұсынуы мүмкін [147, 254 б.].

1995 жылғы Конституцияны қабылдау негізінде Қазақстан Президентінің өкілеттілігіне «төрешінің қызметтері» бекітілді, бұндай нормалар еуропадағы президенттік басқару формасы бар елдерде, мысалы Францияда қарастырылған, бұл елде биліктің басқа тармақтарынан жоғары тұрған кезіндегі Президенттің төрешілік мәртебесі айқын байқалады [149, 87 б.].

Сонымен, 1995 жылғы Конституция бойынша Президенттің мәртебесі айтарлықтай жоғарылағанын ескере отырып, оның ережелері бойынша Президент атқарушы билікті де-юре басқармайтыны анықталады, бірақ төрешілік және салтанатты қызметтерді атқарады, халықтың бірлігі мен мемлекеттік биліктің символы мен кепілі бола отырып, сонымен бірге бұған дейін тек Парламенттің айрықша құқығы болып табылатын заң қабылдау құқығына да ие болды.

Саяси көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, тек президенттік қана емес суперпрезиденттік басқару жүйесі туралы сөз қозғауға болады, өйткені Елбасының конституциялық өкілеттілігі 1991–1995 жылдар кезеңімен немесе басқа классикалық президенттік республикалармен салыстырғанда бірнеше есеге күшейді.

Бұл жерде 40-баптың ережелерін қарастырсақ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Президент заң және заңдық күші бар қаулылар шығару құқығына ие. Ол Конституцияда ережелерге сай Үкіметті құрады. Үкімет өзінің барлық қызметі бойынша Президент алдында жауапты.

Президент белгілі-бір жағдайларда Парламентті тарата алады, оған: Парламент Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда; Парламенттің Премьер-министрді тағайындауға екі рет қарсы болуы; Парламент палаталары немесе Парламент пен биліктің басқа тармақтары арасындағы шешусіз қайшылық нәтижесінде пайда болған саяси дағдарыс жағдайында.

Президент өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттілігін тоқтату мен оның кез-келген мүшесін қызметтен босатуға құқылы. Ал Үкімет басшысын қызметтен босату әрекеті бүкіл Үкіметтің қызметін тоқтатуына алып келеді [150, 70 б.].

1995 жылғы Конституция сол кездегі саяси күштердің ара-қатынасын бейнелеумен қатар, президенттің және де атқарушы билік тармағының күшейгендігін байқатты. Президент француздық үлгіге сай биліктің үш тармағы арасындағы төреші өкілеттілігіне ие болғанымен де, ол атқарушы биліктің қызметіне қағаз және сөз жүзінде ықпал ету мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен бірге президент институтын енгізудің аса маңыздылығын айта кеткен жөн. Егер де бұл қадам бастапқы кездерде демократиялық елдер қатарына мемлекеттік үйлестілікке талпыныс ретінде, яғни демократиялық талаптарға саяси жүйенің жауабы деп қарастырылса, кейінгі кезеңде бұл институттың бастамасы негізінде ұлттық талаптардың бытыраңқы ағымдары біріктіріліп, мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізілді.

Қазіргі таңдағы қазақстандық қоғамның даму қарқыны негізінде мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ететін сыртқы және ішкі ықпалдарға шұғыл және икемді әрекет ететін модернизацияланған саяси жүйе тұру керек деп саналады. Демократиялық басқару тек келісім жасау мүмкіндігін ғана талап етпейді, Сонымен бірге адамның демократияны қалыптастырып, соның жағдайында өмір сүруді қалыптастыратын саяси мәдениет үлгілерін үйретеді.

Ал, Б.Қ.Сұлтановтың пікірі бойынша, Қазақстан басшылығы жүзеге асырып отырған тиімді әрі уақытылы іс-қимылдар жаһандық әлемнің геосаяси және сыртқы экономикалық қарқынды өзгерістердің болуына қарамастан, еліміздің тұрақты және табысты дамуын қамтамасыз етеді [151, 23 б.].

Біздің ойымызша, қазақстандық қоғамдағы қазіргі кездегі саяси үрдістердің дамуы бірінші кезекте мемлекеттік билік жүйесі мен оның ұйымдастырылуына қатысты талаптың күшеюін көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің қызметі бірінші кезекте қоғамның қауіпсіздігі мен демократиялық принциптердің дамуын қамтамасыз ету қажеттілігі негізінде нақтылануы тиіс. Демократиялық үрдістердің жүзеге асырылуы үшін әртүрлі кезеңде түрліше болатын парасатты мемлекеттік билік қажет.

Қазақстандағы президент институты қалыптасуының әр кезеңдерін талдай келе, президент институтының күшеюінің әр кезеңі сол кездегі республикадағы дағдарыс жағдайының объективті себептеріне байланысты болғандығын айтуға болады, және де бұл қалыптасқан жағдайдан алып шығатын және орындалуы мүмкін ұсынысты президент институтынан басқа саяси күштердің ешқайсысы да ұсына алмайтындығын атаймыз.

Қазақстандағы президент институтының қалыптасуы оның әлемдік тәжірибесіне сәйкес келеді. Мысалы, демократияның апологеттері деп саналатын Франция мен АҚШ-тың осы іспеттес саяси институттары қызметінен көптеген сабақтар алынды.

Қазақстан Республикасындағы президент институтының қалыптасу үрдісін талдау барысында біздің қоғамымыздың көпұлтты сипаты сияқты маңызды факторды ескеруіміз қажет. Тәуелсіздікке қол жеткізілгеннен соң тек қазақтар ғана емес, Сонымен бірге басқа да ұлт өкілдері де ұлттық қайта жаңғыру қажеттілігін түйсінді. Бұл жайт кейбір жағдайлар негізінде біртұтас қоғамның

ұлттық белгілерге қарай ыдырауына қажетті таптырмайтын тиімді жай-күй еді. Президент институтының күшеюіне Қазақстан Республикасындағы ұлттық фактор тарапынан да қажеттілік ықпал етті.

Бүгінгі таңда президент институты қоғамдық өмірді демократияландыру үрдісіндегі бірден-бір бастама жасаушы және оның күшеюі даму дағдарысынан шығуға және де демократиялық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған заңдар қабылдаумен негізделеді. Осылайша, саяси институттар позицияларының күшеюі қай бағытта жүретінен және де алдына қандай мақсаттар қойып отырғандығына назар аудару қажет.

Президент институтының күшеюі, оның Қазақстанда қалыптасуы Қазақстан Республикасының саяси өткені, бүгіні мен болашағының талаптарына сай объективті үрдіс және ол ҚР саяси жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Жапониядағы императорлық институтын қарастыру барысында бұл мемлекет қанша уақыт өмір сүрсе, бұл елді сонша уақыт бойы император – мемлекеттің жоғарғы лауазымды тұлғасы болғандығын көреміз.

Жапонияда монарх тек монарх ғана емес, ол ұлт символы, діннің қорғаны және де тұрақтылықтың кепілі болып саналады. Император мәртебесінің жоғары болуы соншалықты, әрбір императордың билік ету кезеңі белгілі бір «дәуір» деп есептеліп, ресми жыл санау өзгертіледі, яғни бұл императордың билік етуінің бірінші жылы соған қатысты дәуірдің бірінші жылы болып саналады.

Тақты мұраға қалдыру мәселесіне келер болсақ, Англиямен салыстырғанда Жапонияда тақ мұрагерлігінің салилік (салический) жүйесі қолданылады, яғни ол бойынша әулеттің әйел мұрагерлерінің таққа отыру құқығы жоқ.

Жапон императорының мәртебесі елдің бас заңы – Конституция негізінде, нақтырақ айтқанда оның 1-бөлімінің 1-бабына сай император «мемлекет пен халық бірлігінің символы, оның статусы егемен биліктің иесі болып табылатын халық еркімен анықталады» деп көрсетілген [152, 4 б.].

Конституция бойынша императорда мемлекеттік билікке тікелей қатысты өкілеттіліктері жоқ. Жапонияда мемлекет басшысының Премьер-министрді тағайындау өкілеттілігі мемлекеттік құрылым тәжірибесі негізінде шектелген. Император өз кезегінде Премьер-министрдің тағайындалуына ешбір ықпал етпейді, өйткені үкімет басшысы болып биліктегі партияның көшбасшысы тағайындалады. Жапон императоры ағылшын монархтарымен салыстырғанда мемлекеттік билікті жүргізуге қатысты өкілеттіліктермен жүктелмеген. Оның мемлекеттік жұмыстарға қатысты әрекеттері саяси билікке жауап беретін Министрлер кабинетінің кеңесі мен келісімі негізінде ғана жүзеге асады. Парламенттің ұсынысы негізінде император премьер-министрді, ал оның ұсынуы арқылы кабинет мүшелерін тағайындайды; ал кабинеттің ұсынысымен Жоғарғы соттың Бас сотын белгілейді.

Іс жүзінде императордың өкілеттілігі Ұлыбритания монархтарымен салыстырғанда мүлдем аз, өйткені ол мемлекет басшысының дәстүрлі құқықтарына да ие емес, Мысалы, «вето» құқығы, премьер-министр

тағайындауға қатыса алмауы (Конституцияға сай премьер-министрді парламент императордың қатысуынсыз сайлайды) және үкіметті жасақтау (бұл шараны премьер-министр атқарады) құқықтары.

Жапонияда монархқа деген қатынас барынша ұқыпты. Сонымен қатар императордың статусы кейбір тарихи жағдайларға қатысты қалыптасқан. Мысалы, Ұлыбритания монархы немесе басқа монархиялық басқару формасы бар елдермен салыстырғанда император мен оның жанұясының өмірі барынша құпия және де Жапонияның мемлекеттік қызметкерлері императордың сыртқы әлеммен байланысқа түсуіне жол бермей, қорғап-қоршайды. Бұндай құпиялық монархты қолдау мен оның беделін көтеруге бағытталған, өйткені император жанұясында болып жатқан жақсы-жаман оқиғалардың ешқайсысы да қоғамның назарына ілінбейді.

Қазіргі таңда Жапониядағы императорлық институт та жаңару үрдісіне ұшыраған. Бұған тіпті императордың өзі қолдау көрсетіп, елдегі монархиялық басқаруды біртіндеп реформалауды ұсынып отыр.

Қазақстандағы президент институтына бастапқыдан-ақ елдің даму ерекшеліктеріне, нақты саяси жағдайға, саяси мүдделердің арасалмағына байланысты өзіне тән ерекшеліктері болды.

Президент жағдайының ерекшелігін айқындайтын маңызды факторлар қатарына елдің алдыңғы саяси дамуын, бұрын болған мемлекеттік билік ұйымының өзгешелігін, саяси күштердің арасалмағын, саяси мәдениет деңгейін жатқызуға болады. Кейде шешуші мәнге айналатын субъективтік факторларды да ұмытпаған дұрыс.

Жапониядағы император институты да Күн шығыс елі жаңғыру жолына түскен кезден бастап елдің тұрақтылығын сақтау үшін бар күш-жігерін жұмсаған тұлға болып саналады. Осы тұрғыдан алып қарағанда қос мемлекеттің басшылары (әрине Жапонияда император қазіргі кезде биліктің тек символы ретінде белгілі) екі елдің өтпелі дәуірінде тұрақтылық пен демократияның кепілі бола отырып, кейінгі қазақстандық және жапон қоғамдарының сенімді өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Айрықша саяси ұйым ретіндегі нақты бір мемлекет туралы толық мазмұнды ақпарат алу үшін оның барлық белгілерінің топтамасын қарастырып, оның ішінен маңыздыларын талдап алу қажет. Соңғыларының қатарына мемлекеттік биліктің, яғни басқару үлгісінің жоғарғы органдарының қалыптасуы мен ұйымдастырылуы жатады.

Мемлекет түрінің бұл тарапын елдің мемлекеттік билігінің жоғарғы органдарының құрылымы мен өкілеттілігі, олардың құрылуының тәртібі мен олардың өзара байланысы және де бұл органдардың қалыптасуы мен олардың қабылдайтын шешіміне халықтың ықпал ету деңгейі нақтылайды. Басқару формасы сол қоғамдағы әлеуметтік және саяси күштердің күресі мен өзара ықпалдастығы үрдісі барысында қалыптасады.

Басқару үлгісі мемлекеттің қызметі мен ұйымның конституциялық-құқықтық реттестіруін зерттеуде маңызды рөл атқарады. Бұл егемендік немесе халық билігі сияқты ғылымның теориялық, абстракті категориясы емес, ол

белгілі-бір мемлекет конституциясы бойынша мемлекеттік биліктің органдар жүйесінің мағынасын түсінуге мүмкіндік беретін құрал болып саналады.

Аграрлық құрылым жағдайында басқару үлгілерінің мағынасы негізінен бір ғана мәселені нақтылауға – мемлекет басшысының ауысуы қалай жүретіндігінде, яғни, мұрагерлікке немесе сайлау арқылы тағайындалуы болып саналады. Феодализмнің ыдырауы мен индустриалды құрылысқа өту кезеңінде монархтар билігінің әлсіреуі және халық өкілдіктерінің пайда болуы мен нығаюы негізінде жаңа басқару үлгілері пайда болды: аса маңызды мәселе ретінде мемлекет басшысының мұрагерлігі немесе сайланбалығы емес, мемлекет басшысының, парламенттің, үкіметтің ара-қатынасы қалай ұйымдастырылады және олардың арасындағы өкілеттілік қалай теңестіріледі, яғни жалпы алғанда биліктің өзара бөлінісі қалай жүрді деген мәселе маңызды орынға шықты.

Жоғарыда айтылғандай монархияның бір түрі ретінде парламенттік монархия аталынған.

Парламенттік монархияның негізгі белгілері ретінде төменгі аталғандарды көрсетеміз:

- үкімет парламент сайлауында басым дауыс жинаған белгілі-бір партиялар (немесе партия) өкілдерінен құралады;

- депутаттар орындарының барынша көп бөлігіне ие партия көшбасшысы мемлекет басшысы болып тағайындалады;

- монархтың заңшығару, атқару және сот салаларында билігі іс жүзінде болмайды, ол тек символдық түрде ғана болады;

- заңнамалық актілерді парламент қабылдайды және оған монарх формалды түрде қол қояды;

- конституцияға сай үкімет монархтың алдында емес, парламент алдында жауапты болып саналады.

Мұндай монархияларға Жапония, Ұлыбритания және т.б. жатқызамыз.

Парламенттік монархия жағдайында парламенттің үстемділігі монарх тағайындаған үкіметтің парламент тарапынан сенімге ие болуында (немесе оның төменгі палатасының), ал монарх болса, үкімет басшысы ретінде парламенттегі (немесе төменгі палатадағы) көп дауыс жинаған партияның немесе партиялар коалициясының көшбасшысын тағайындауға мәжбүр болады.

Бұндай басқару үлгісіндегі монарх «патшалық етеді, бірақ басқармайды». Парламент қабылдаған заңдарға қатысты «вето» құқығы болған күннің өзінде ол оны тәжірибе жүзінде қолданбайды немесе үкіметтің көрсетуімен жүзеге асырады. Көп жағдайда өз бетімен әрекет ете алмайды, ал оның тарапынан жасалынған актілерді үкімет дайындап, оның басшысы немесе министр бекіткен жағдайда ғана заңдық күшке ие болады. Осылайша, үкімет басшысы немесе министр монархтың актісі үшін жауапкерлікті өз мойнына алады, өйткені монархқа жауапкершілік жүктелмейді (Ұлыбританияда бұл «Корольдің қателесуі мүмкін емес» деген принциппен түсіндіріледі).

Парламенттік монархияның негізгі ерекше белгісі – үкіметтің парламент (төменгі палата) алдында өзінің қарекеті үшін саяси жауапкершілігінің болуы.

Егер парламент (төменгі палата) үкіметке сенімсіздік білдірсе немесе сенімділіктен бас тартса, үкімет өз еркімен қызметтен кету керек немесе оны монарх қызметтен алуы шарт. Әдетте парламенттің бұл өкілеттілігі үкіметтің монархқа парламентті (төменгі палатаны) таратып, жаңа сайлау өткізу туралы ұсыныстық құқығымен теңестіріледі, бұл жағдайда заңшығарушы және атқарушы билік арасындағы қайшылықты халықтың шешуіне ұсынады: егер халық үкіметті жақтаса сайлау барысында парламентте оның жақтастарының саны артады, ал халық үкіметке көңілі толмаса парламент құрамы керісінше болып, үкімет жаңартылады.

Монарх парламент және үкімет арасындағы ұсынылған қарым-қатынас жүйесі парламентарлық режимді немесе парламентаризмді білдіреді. Бірақ, бұндай мемлекеттік режим парламенттегі саяси партиялардың ешқайсысы басымдыққа қол жеткізе аламаса, яғни бірпартиялы үкімет құра алмайтын жағдайда ғана жұмыс атқара алады. Осындай жағдай 1993 жылы Жапонияда қалыптасқан болатын. Үкімет қалыптастырушы партиялық коалицияның құрамы қаншалықты әркелкі болса, құрылған үкімет соншалықты тұрақты болады, өйткені коалициядағы серіктестермен белгілі-бір саяси сұрақтар бойынша келісімге келу барынша ауыр болады. Мысалы, бір партия үкімет құрамындағы өзінің өкілдерін кері шақырып алатын болса, ол өзінің парламенттегі басымдығынан айрылып, отставкаға кетуге мәжбүр болады.

Керісінше, екі партиялық жүйелі елдер (Ұлыбритания, Канада, Австралия және т.б.) немесе бір басым партиясы бар көппартиялы елдерде (1955-1993 жж. Жапония) үкімет бірпартиялы, парламент пен үкімет арасындағы қайшылық қатынастардың парламентарлы үлгісіне сай өзінің толық қарама-қайшылығына айналады. Заңдық тұрғыда парламент үкіметке бақылау орнатады, бірақ іс жүзінде парламентте (төменгі палатада) көп дауысқа ие партиялар көшбасшыларынан құрылған үкімет (Жапониядағы сияқты) бұл партиялық фракция арқылы парламент жұмысын реттестіріп отырады. Бұндай мемлекеттік режим кабинеттік жүйе немесе министериализм деген атпен белгілі [153, 57 б.].

Демек, басқарудың бір үлгісі – парламенттік монархия жағдайында екі мемлекеттік режим құрылуы мүмкін: парламентаризм және министериализм. Бұл негізінен елдегі партиялық жүйеге байланысты болады.

Дамушы елдер қатарынан парламенттік монархиялық елдер қатарына Малайзия, Таиланд, Непалды жатқызамыз, бірақ, мұндағы монархтың іс жүзіндегі ықпалын ескеріп, екі түрлі мемлекеттік режимнің белгілері бар екендігін көрсетуге болады.

Президенттік республика – президент қолына парламентаризммен қатар үкімет басшысы мен мемлекет басшысының өкілеттіліктерін біріктірген қазіргі таңдағы мемлекеттік басқарудың бір түрі болып саналады.

Президенттік республиканың өзіне тән ерекшеліктері:

- президентті сайлау мен үкіметті жасақтаудың парламенттік емес әдісі;
- үкіметтің парламенттің емес,президент алдында жауапты болуы;
- парламенттік республикамен салыстырғанда мемлекеттік басшысы өкілеттерінің ауқымының кең болуы.

Президенттік (лат. presidents – алдыда отырған) республикада тұрғын халық мемлекеттік биліктің заңшығарушы органды сайлаумен қатар, мемлекеттің басшысы және атқарушы биліктің де басшысы болып табылатын президентті де сайлайды. Бұндай республикалардағы президент өз әрекетінде барынша еркін және парламенттік республикалармен салыстырғанда парламент алдында біршама тәуелсіз.

Бірақ, мұндай құрылымды мемлекеттерде диктатура түріндегі авторитарлық режимнің қалыптасу ықтималдылығы жоғары, яғни мемлекеттік биліктің өкілетті органдарының ұжымдық өкілеттіліктерін шектеу немесе оларды тарату, саяси партиялардың қызметін тоқтату, азаматтардың саяси және жеке құқықтары мен бостандығын шектеу орын алады. Бұған жол бермеу үшін шектеулер мен тепе-теңдіктер принципі негінде жасалынған билік тармақтары арасындағы өзара қарым-қатынастың күрделі жүйесі жасалынған. Бұның іс жүзінде қалай жүргізілетінен қарастырайық.

Ұжымдық орган ретіндегі үкімет жоқ, әрбір министр жеке түрде президентке бағынады. Соттарды, атқарушы биліктің жоғарғы лауазымды тұлғасы ретінде парламенттің жоғарғы палатасының келісімімен президент сайлайды, олар кандидаттың саяси тұлғалығына емес, оның құзіреттілігі мен ар-ождандық қасиеттерін негізге алады. Министрлер мен атқарушы биліктің басқа да тағайындалмалы лауазымдарын президент өз бетінше шеше алады: өйткені, президентті бірігіп жұмыс істей алмайтын немесе істес болғысы келмейтін адамдармен жұмыс атқаруға мәжбүрлеуге болмайды.

Бұл басқару үлгісінің негізгі белгісі – атқарушы биліктің өзі жүргізген саясатына қатысты парламент алдында жауапкершілігінің болмауы. Парламент оның лауазымды тұлғалары заң бұзбайынша қызметтерінен ала алмайды. Өздерінің қарекетін атқару үшін оларға парламенттің саяси сенімі қажет емес. Сондықтан да, президенттік республикаларда ерекеше жағдайды жиі байқауға болады, Мысалы президент бір партиядан, ал парламенттің басым бөлігі басқа партиядан болуы мүмкін. Соған қарамастан, олар өзара ынтымақтасуға мәжбүр, өйткені биліктің бұл тармақтары бір-бірін конституциялық жолмен жоя алмайды (парламент биліктің атқарушы және сот тармақтарының лазауымды тұлғаларын импичмент жариялау арқылы қызметтен шеттету үшін олардың тарапынан салмақты құқық бұзушылық орын алуы тиіс).

Шектеулер мен тепе-теңдік көп жағдайда президенттің парламент қабылдаған заңдарға вето жариялап, парламенттің заңшығарушылық қарекетін «баяулатқан» жағдайда айқын байқалады. Бұл жағдайдан шығу үшін парламенттің екі палатасы депутаттарының басым көпшілігі қарсы дауыс берулері қажет, яғни депутаттар президентке импичмент (ағыл. impeachment – қызметтен мерзімінен бұрын шеттету) жариялауға немесе оның қызметіне соттық бақылау орнатуға құқылы.

Парламенттің жоғарғы палатасы президенттің лауазымдық тұлғаларды тағайындау әрекетіне қарсы шығуға және де президент қол қойған халықаралық келісімдерді заңдастыруға (оған қарсы болуы да мүмкін) құқылы. Сот билігі

парламенттің де, президенттің де конституцияға сәйкестілігін бақылау арқылы заңшығарушы және атқарушы билік тармақтарында тәртіпті қамтамасыз етеді.

Жапониядағы басқару үлгісі 1947 жылғы конституция бойынша дуалистік режим орнына келген парламенттік монархия болып саналады. Жапонияның 1886 жылғы конституциясымен салыстырғанда бұл жаңа заң елдің саяси жүйесін демократияландыру мәселесінде біршама алға жылжушылық болғандығын көрсетті. Жаңа заң бойынша императордың өкілеттіліктері қсықарып қана қоймай, ең төменгі деңгейге дейін түсірілді. Император мемлекеттік істерге қатысты тек конституцияда көрсетілген әрекеттерді ғана жүргізуге құқылы, яғни оның мемлекеттік билікке қатысты ешқандай да өкілеттіліктерге ие болмағандығын білдіреді.

Заң шығарушы және атқарушы билік салаларында императордың өз бетімен әрекет етуіне қатысты өкілеттілігі жоқ, қандай жағдай болмасын кабинеттің рұқсатынсыз әрекет ете алмады. Мемлекет ісіне қатысты императордың барлық әрекеті тек ол үшін жауап беретін Кабинеттің кеңесі мен келісімі негізінде ғана жүзеге асады.

Жапония конституциясы осылайша басқарудың монархиялық үлгісін сақтай отырып, императорды негізгі заң тұрғысынан шектеп, тек салтанатты өкілеттіліктер жүктелген таза символдық тұлғаға айналдырды. Ол қандай жағдайда болмасын «ұйқыдағы» немесе төтенше жағдайда жүзеге асатын өкілеттіліктерге де ие емес.

Парламент мемлекеттік биліктің жоғарғы органы және де мемлекеттің бірден-бір заң шығарушы органы болып саналады. Парламент екі палатадан: Өкілдер және Кеңесшілер палатасынан тұрады.

Елдегі ең жоғарғы атқарушы билік органы – Жапония үкіметі, Министрлер кабинеті. Атқарушы билікті Кабинет жүзеге асырады. Үкіметтің өкілеттіліктері барынша ауқымды. Ол заңдарды жүзеге асырып, мемлекеттік істер мен сыртқы саясатқа басшылық жасайды. Кабинет парламент алдында ұжымдық жауапкершілік арқалайды.

Жапония мемлекетіндегі басқару формасы парламенттік монархия тәртібін қарастыратын болсақ, император мемлекет пен ел бірлігінің символы, оның статусын егемен биліктің иесі – халықтың еркімен белгіленеді. Император тағы әулеттік болып есептелінеді және ол парламент қабылдаған Император әулеті туралы заң негізінде мұрагерлікке қалдырылады. Император тағы император отбасының мүшесіне мұрагерлік тәртіп бойынша беріледі. Негізінен ықылас императордың үлкен ұлына беріледі. Отбасыдағы әйел жыныстық мүшелері таққа мұрагер бола алмайды.

Император мәртебесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Жапония императоры мемлекеттік билікті жүргізуге қатысты өкілеттіліктермен жүктелмеген. Оның мемлекеттік жұмыстарға қатысты әрекеттері министрлер кабинетінің кеңесі мен келісімі негізінде ғана жүзеге асады және оған кабинет жауап береді. Парламенттің ұсынысы негізінде император премьер-министрді, ал оның ұсынуы арқылы кабинет мүшелерін тағайындайды; ал кабинеттің ұсынысымен Жоғарғы соттың Бас сотын белгілейді.

Халықтың атынан билікке ие министрлер кабинетінің кеңесі мен келісімі негізінде император мемлекеттік істерге қатысты төмендегідей әрекеттерді жүзеге асырады: конституцияға, заңдарға, үкіметтің қаулылары мен келісімдеріне түзетулер енгізуді ұсынады, парламентті шақыру, өкілдер палатасын тарату мен парламентке жалпылама сайлауды жариялауға, мемлекеттік министрлер мен басқа да лауазымды тұлғаларды тағайындалуы мен қызметтен кетуін және де елшілердің сенім қағаздары мен өкілеттіліктерін бекітеді, рақымшылық жариялап, жазаларды жеңілдетеді, құқықтарды қалпына келтіру мен шетелдік қонақтарды қабылдап, салтанаттарды жүзеге асырады.

Парламент мемлекеттік биліктің жоғарғы органы және де мемлекеттің бірден-бір заң шығарушы органы болып саналады. Парламент екі палатадан: өкілдер және кеңесшілер палатасынан тұрады. Екі палатаға делегаттар жалпылама сайлау құқығы негізінде сайланады.

Өкілдер палатасына сайлану құқығы 25 жастан, ал кеңесшілер палатасына – 30 жастан басталады. Өкілдер палатасы мүшелігіне үміткерлер сайлау кепілі ретінде 3 млн. йен салу қажет. Үміткер осы округдегі дауыс квотасының 1/5 бөлігін ала алмаса кепілдеме қайтарылмайды. Округ квотасы округтағы нақты дауыс санын осы жерге қатысты орын санына бөлу арқылы шығарылады. Кеңесшілер палатасы мүшелігіне үміткерлер 2 млн. йен салады. Ал үміткер тізім бойынша ұсынылса, жарна сомасы екі есеге артады.

Өкілдер палатасы мүшелерінің саны 512 адам, олар 4 жыл мерзімге сайланады. Ал 1994 жылдың қаңтарындағы қабылданған заңға сәйкес төменгі палата мүшелерінің саны 500 адамға қысқартылды. Бұл ереже қазіргі кезге дейін жұмыс істеп тұр.

Өкілдер палатасын сайлау үшін Жапония 129 сайлау округіне бөлінеді. Округтан түсетін үміткерлер саны шамамен 3-5 адам және бірмандатты бір округ бар. Әрбір сайлаушы өз округінде бір ғана үміткерге дауыс беруге құқылы. Мандат барынша көп дауыс жинаған үміткерге беріледі, оның көлемі округтағы нақты дауыс санын осы жерге қатысты орын санына бөлу арқылы белгіленген квотаның ¼ бөлігін құрауы қажет. Өкілдер палатасы үкіметтің талабы бойынша таратылуы мүмкін.

Жоғарғы палата – кеңесшілер палатасын 6 жылға сайланатын 252 депутат құрайды. Олардың құрамының ½ бөлігі үш жыл сайын қайта жаңартылып отырады. Жүз елу екі кеңесші префектура және астана негізінде құрылған сайлау округтерінде сайланады. Сайлау барысының тәртібі төменгі палатаға сайлау мен сәйкес, тек мұнда үміткер округтағы нақты дауыс осы округке тиесілі орынға бөлінісінің тең немесе артық дауыс санын жинау керек. Ал қалған 100 кеңесші жалпыұлттық сайлау округінде партиялық тізім бойынша пропорционалды өкілділік арқылы сайланады.

Басқа сөзбен айтқанда, өкілдер палатасы толығымен және кеңесшілер палатасының басым бөлігі «біртұтас берілмейтін дауыс» деп аталатын жүйе бойынша жасақталады, яғни ол бойынша саяси партиялар округтардан түсетін үміткерлер санына ұқыпты болулары керек [154, 39 б.].

Әр палата өз бетінше төраға мен лауазымды тұлғаларды сайлап, палата отырысының өзіндік тәртібін, процедураларын және ішкі ережелерін белгілей алады. Парламент туралы заң бойынша бүкіл өкілеттік мерзімге сайланатын лауазымдық тұлғалар қатарына төраға мен оның орынбасарын, уақытша төраға, комитеттер төрағалары мен палатаның бас хатшысын кіргізілген. Бұлардың ішіндегі бас хатшы ғана парламент депутаттары арасынан сайланбайды. Дәстүр бойынша палата төрағаларының орынбасарлары оппозициялық партияның өкілінен сайланады.

Әрбір палата екі түрлі комиссия құрайды – тұрақты және арнайы. Қазіргі кезде өкілдер палатасының 18 арнайы комиссиясы бар. Олардың 12 өздеріне сәйкес министрліктердің жұмысымен байланысты. Кеңесшілер палатасында 16 тұрақты комиссия жұмыс істейді. Арнайы комитеттер өз міндеттеріне қатысты өзіндік заңдар шығаруға және «өз» министрліктерін қадағалауға құқықтары бар. Комиссия парламенттегі саяси партиялардың пропорционалды өкілдігі белгілеріне қарай қалыптасады. Әр депутат 1-2 комиссияның мүшелігінен артық сайлануына болмайды. Төраға ретінде көп орын алған партияның өкілі тағайындалады.

Қазіргі таңда басқа да дамыған мемлекеттердегі сияқты Жапонияда да, парламенттік комиссиялар заң жобаларын дайындау мен қарастырудың негізгі жұмыс орындары болып саналады. Жапониядағы үкімет – Министрлер кабинеті деп аталады. Оның құрамына премьер-министр, 12 профилдік министр және 8 мемлекеттік министр (портфельсіз министр, яғни премьер-министрдің кеңесшілері, оларға басқа қызметтер де берілуі мүмкін). Конституция бойынша министрлердің тең жартысы парламент мүшелері болуы керек. Іс жүзінде кабинеттің мүшесі ретінде сырттан келген адам, яғни парламент депутаты емес адам өте сирек тағайындалады.

Үкіметті парламент жасақтайды. Алғашқыда палата мүшелері арасынан премьер-министр сайланады, бұл үрдіс парламент жұмысының ең алғашқы қадамы болып саналады. Палаталар арасында премьер-министр үміткеріне қатысты қайшылық туындаған жағдайда немесе кеңесшілер палатасы 10 күн ішінде ұсыныс туралы шешім қабылдамайтын болса, төменгі палатаның шешімі парламенттің шешімі болып саналады. Сайланған үміткерді император тағайындайды, ал оның ұсынысымен басқа министрлер тағайындалады [154, 98 б.].

Кабинет конституцияға сәйкес атқарушы билікті жүзеге асырады. Жалпы басқару қызметтерімен қатар, кабинет заңдарды жүзеге асыру мен мемлекеттік істерді жүргізу, сыртқы саясатқа басшылық жасау, халықаралық келісімдер жүргізу, азаматтық қызметті басқару, бюджетті құрап, оны парламент назарына ұсыну және үкіметтік қаулылар шығару сияқты өкілеттіліктерге ие.

Кабинет өз қызметін дәстүрге сай жүргізеді: отырыстар процедурасы мен қабылданған шешімдер жазылған құқық нормаларына сай реттестірілмейді. Мәселелерді талқылау мен шешімдер қабылдауға дайындық үрдісі құпиялық жағдайында жүргізіледі, ал шешімді кабинет дауыс беру арқылы емес, бір ауызды шешім негізінде қабылдайды. Шешімді консенсус арқылы қабылдау

көп жағдайда құжат жобаларының барынша жақсы, салмақталынып, толғанып жасалынуына мүмкіндік жасайды.

Премьер-министр кабинет басшысы ретінде және министрлерді тағайындау мен қызметтен алу құқығына сай кабинеттегі бірлікті сақтап, оның әрекетін бағыттап, бақылап отырады. Барлық заң жобалары, бюджет және тағы басқа мәселелерді кабинет атынан праламентке жолдайды. Ол заңдар мен қаулыларды өз бетімен сәйкес министр ретінде қол қояды немесе профильді министрден кейін премьер-министр ретінде оны бекітеді. Сонымен қатар ол кабинет мүшелері арасындағы қайшылықтарды реттейді.

Әрбір министрліктің басында министр мен екі орынбасар – парламенттік (парламент мүшесі және министрмен бірге қызметтен кетеді) және әкімшілік. Соңғысы жоғарғы шенеуліліктің өкілі және министрлердің жиі ауысуына қарамастан өз мансабын қорғап, жүргізілетін саясат пен басшылықтың сабақтастығын сақтайды. Министрліктердің ішкі ұйымдастырылу құрылымы секциялардан тұратын бюролардан құралған.

Жапон министрлері басқарып отырған ведомстволық кәсіби маманы болмағандықтан, олар көп жағдайда өздерінің қол астындағылардың кәсіби деңгейіне тәуелді болады. Министрлер кабинеті туралы заңға 1974 жылы енгізілген түзетулерге сай, министр бірнеше министрліктер мен ведомстволарға басшылық жасауы мүмкін, бұл өз кезегінде министрлердің қызмет ауысуы орынды болып, нақты бір министр үшін мүмкіндігінше жеңіл қабылданады. Министрліктің шын басшысы ретінде көп жағдайда арнайы білімі бар кәсіби шенеунік – министрдің әкімшілік орынбасары танылады. Министр биліктегі партияның өкілі болғандықтан өз әрекеті барысында көп жағдайда партиялық мүдделерді жоғары қояды және де парламенттегі көптеген фракциялардың бірімен тығыз байланысты болғандықтан өзінің уақытының көп бөлігін министрліктің жұмыстарын емес, партиялық мәслелерді шешуге жұмсайды. Министрлердің жиі ауысуы олардың министрлік жұмысына тереңдеуіне мүмкіндік бермейді. Министрдің жұмысы тек премьер-министр тарапынан ғана тексерілуі мүмкін, бірақ бұған араласу – қалыптасқан қалыптардан шығу болып есептеледі. Парламент депутаты болғандықтан, ол өзінің сайлаушыларын ұмытпайды. Министрлер ұжымдық жауапкершілік арқалайды. Сондықтан да, премьер-министр қызметтен кетсе немесе оның мансабы бос болса олар да қызметтен кетулері керек. Ал үкіметке сенімсіздік вотумы жарияланғанда немесе көпшілік алдында ұялту резолюциясын қабылдаған жағдайда премьер-министр үкіметтің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдап, 10 күн мерзім ішінде өкілдер палатасын таратады.

Жапония парламенті мемлекеттік биліктің жоғарғы органы және де мемлекеттің бірден-бір заң шығарушы органы болып есептеледі.

Көптеген заң жобаларының қарастырылуы және дайындалуы негізінен парламенттік комиссиялар арқылы жүргізіледі. Бұндай жағдайға бірнеше жайт ықпал етеді. Ең алдымен, заң жобаларының ережелерін жан-жақты және барынша мұқият талқылау қажет. Сонымен қатар, мұқият талқылау біршама уақытты талап етеді, ал ресми отырыстар қатаң күн тәртібіне және жазылған

процедураны сақтау талаптарына тәуелді болады. Ал комиссияның жұмысы үшін Ешқандай жағдай қажет емес. Керісінше, олардың жұмысының аса маңызды ерекшеліктерінң бірі атқарушы биліктің сәйкес органдарымен тығыз қарым-қатынас орнатуында. Көп жағдайларда тұрақты комиссиялардың құрамы осы комиссияның профиліне сәйкес министрліктер мен ведомстволарда жұмыс тәжірибесі бар депутаттардан құралады.

Палаталардың отырыстары ашық түрде жүргізіледі. Оларға хаттамалар жасалады: хаттамалар жалпыхалықтық танысу үшін мерзімді басылымдарға шығарылады. Отырыстар резолюцияны қолдап, депутаттардың кемінде 2/3 бөлігі дауыс бергеннен соң жабылады. Комиссиялар сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары қатысатын ашық отырыстар да өткізеді. Ашық түрдегі отырыстар негізінен бюджет пен салыққа қатысты заң жобаларын талдау кезінде міндетті өткізілуі қажет.

Шешім көп жағдайда қатысып отырған депутаттардың дауысының басымдылығы арқылы қабылданады. Дауыс берудің үш формасы қолданылады: орнынан тұру арқылы дауыс беру, құпия дауыс беру, яғни дауыс берушілер урнаға «қолдаймын» дегенді білдіретін ақ немесе «қарсымын» дегенді білдіретін көгілдір түсті бюллетенді салу арқылы, бюллетенге өз аты-жөні жазылған қағазды бекіту арқылы ашық дауыс беру, қарсы шықпау (төраға депутаттардан кім қарсы екендігін сұрайды. Ондайлар болмаса, шешім қабылданады) [155, 112 б.].

Депутаттардың дербес құқықтығы тек сессия кезінде ғана күшінде болады. Ал сессияға дейін қамауға алынғандар сәйкес палатаның талабымен сессия уақытына қамаудан босатылуы керек.

Жапон парламентінің негізгі қызметі заң және мемлекеттік бюджетті қабылдау болып саналады. Заңдар екі палатаның шешімі негізінде қабылданады. Жапонияда заңшығару үрдісінде төменгі палатаның құқығы көп. Егер де жоғарғы палата төменгі палата қабылдаған заң жобасын кері қайтарған жағдайда, бұл заңды өкілдер палатаның қатысып отырған депутаттарының 2/3 бөлігі екінші рет қабылдаса ол заң ретінде танылады. Бұндай жағдайда өкілдер палатасы екі палатаның біріккен отырысын шақыруға немесе келісімдік комиссиясын құруды талап етуге құқығы бар.

Бюджет пен қаржылық заң жобаларына қатысты заң шығару бастамасы тек төменгі палатада ғана жүзеге асырылады. Заң жобасының талқылануы премьер-министр мен оның кабинетінің барлық мүшелерінің қатысуымен өтеді.

Қабылданған барлық заңдарға министр (соның қарауында) қол қояды және оны премьер-министр контрассигнация жасайды. Осыдан соң олар императорға «халық атынан» промульгация жасауға бағытталады. Парламенттің сыртқы саяси өкілеттіліктерінің бірі ретінде оның үкімет қол қойған халықаралық келісімдерді бекітуі болып саналады.

Парламент сонымен қатар үкіметтің қызметіне бақылаулық функция жүргізеді. Қазіргі таңда (коалициялық үкімет құрылған жағдайда) бұл функцияның маңыздылығы артты. Жапониядағы парламенттік бақылаудың негізгі үлгісі интерпелляция, яғни үкіметке жазба түрде сұрақтар қою. Оны

жариялау құқығына өкілдер палатасының жеке депутаттары ие. Интерпелляцияның мазмұны жазбаша түрде жасалынып, палатаның төрағасына ұсынылады. Егер де соңғысы интерпелляцияны қабылдаудан бас тартса, депутат палата пленумына арыз бере алады. Министрлер кабинеті 7 күн ішінде жазбаша немесе ауызша жауап берулері керек.

Екі палата да парламенттік тексерулер жүргізуге құқылы. Сонымен қатар, арнайы комиссиялар өз отырыстарында қажетті министрді шақыруларына құқығы бар.

1947 жылғы конституцияны қабылдаған соң императордың мемлекет басшысы ретіндегі өкілеттіліктері жойылды. Оның мемлекеттік жұмыстарға қатысты әрекеттері министрлер кабинетінің кеңесі мен келісімі негізінде ғана жүзеге асады және оған кабинет жауап береді. Оның нақты билігін түсіну үшін тек қана құқықтық өкілеттіліктеріне ғана емес, нақты қызметіне де көңіл бөлген жөн. Конституция бойынша ол мемлекеттің символы болғанымен, мемлекеттік билікке қатысты өкілеттіліктерге ие емес. Парламенттің ұсынысы негізінде император премьер-министрді, ал оның ұсынуы арқылы кабинет мүшелерін тағайындайды; ал кабинеттің ұсынысымен Жоғарғы соттың Бас сотын белгілейді.

Император тіпті мемлекет басшысының премьер-министрді тағайындауға қатысты дәстүрлі «вето» құқығына да ие емес, өйткені император парламенттің ұсынған кандидатурасын тек бекітумен ғана шектеледі. Император халықтың бірлігінің символы, ал күнделікті жағдайда сыртқы саяси мағынадағы шаралардың салтанатты бөлігін атқарады. Монарх сонымен бірге әртүрлі ұлттық мейрамдар мен ресми мерекелерге қатысады.

Жапондық заңгерлер мен саяси қайраткерлер конституцияда «мемлекеттік істер» мен «мемлекеттік саясат» түсініктері нақты ажыратып көрсетілмеген және де үкіметтік органның шешімдерінің орындалуы император тарапынан кешуілдетуіне тиым салатын, өкілдер палатасын таратудың нақты көрсетілген процедурасының болмауы мен оған императордың ықпал ету мәселесіне қатысты баптар жоқ екендігін алға тартады. Көрсетілген ескертулер заңды, өйткені конституциялық нормаға сай император жоғарыда айтылған мәселелердің шешіміне белсенді қатыспайды. Бұған қоса, император мен оның отбасының өмірі барынша құпия және де Жапонияның мемлекеттік қызметкерлері императордың сыртқы әлеммен байланысқа тусуіне жол бермей, қорғап-қоршайды, бұл монархтың беделін көтеруге қатысты ұзақ мерзімге негізделген мақсат. Ағымдағы мәселелерге қатыспағандықтан император өзінің беделі мен ықпалын сақтап отыр және де бұл кейбір жағдайларда тіпті ресми өкілеттіліктерден де маңызды болып есептеледі.

Осылайша, қарастырылған материалдар негізінде бұл билік формаларының төмендегідей ерекшеліктерін көрсетуге болады.

Парламенттік монархия жағдайында:

- үкімет парламент сайлауында басым дауыс жинаған белгілі бір партиялар (немесе партия) өкілдерінен құралады;

- депутаттар орындарының барынша көп бөлігіне ие партия көшбасшысы мемлекет басшысы болып тағайындалады;

- монархтың заң шығару, атқару және сот салаларында билігі іс жүзінде болмайды, ол тек символдық түрде ғана болады;

- заңнамалық актілерді парламент қабылдайды және оған монарх формалды түрде қол қояды;

- конституцияға сай үкімет монархтың алдында емес, парламент алдында жауапты болып саналады.

Президенттік республика жағдайында:

- президентті сайлау мен үкіметті жасақтаудың парламенттік емес әдісі;

- үкіметтің парламенттің емес,президент алдында жауапты болуы;

- парламенттік республикамен салыстырғанда мемлекеттік басшысы өкілеттерінің ауқымының кең болуы.

Осындай қос мемлекеттің билік формаларындағы айырмашылықтардың болуына қарамастан, бұл билік формалар әр елдің ішкі және сыртқы саяси жағдайына байланысты қалыптасқан әрі саяси тұрақтылықтың кепілі болып отыр.

3.2 Жапонияның Либералды-демократиялық партиясының тәжірибесі негізінде егеменді Қазақстанның партиялық жүйесінің дамуы: қолдану жағдайы мен мүмкіндіктері

Қазіргі ғылымда саяси партиялар мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Сонымен бірге, олардың рөлі пайда болғаннан бастап өмір сүру барысында бірдей бағаланған жоқ. Парламентаризм ұғымы пайда болғанға дейін мемлекеттік басқару жүйесінде саяси партияларды дағдарыс қайнар көзі, мемлекетке қарсы тұратын және оның тұтастығын жоятын күш ретінде қарастырылды. Жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси шындықтың пайда болуымен ғана партиялар азаматтық қоғамның оң элементі ретінде мойындалуына ықпал етті.

Алайда партиялардың шынайы мәні және олардың саяси институт ретіндегі болашағы туралы даулар әлі де басылар емес. Батыс әлеміндегі ақпараттық қоғам тұжырымдамасының кең таралуы даудың негізі болып отыр. Ол бойынша бұқаралық ақпарат құралдарын қолдана отырып ғылыми-техникалық ілгерілеу арқылы жеткен жетістіктер үкіметпен кез-келген саяси шешімдерді жасап шығару кезінде екі жақты байланысты тікелей орнатуға мүмкіндік береді. Бұл жағдай саяси партиялардың өмір сүру маңызының күрт төмендейтінін аңғартады. Әлем «постпартиялық демократия» дәуіріне аяқа басуда. Сонымен бірге, осы идеяны жақтаушылар партиялардың саяси элитаны қалыптастырудағы рөлін, мемлекеттің қоғамдық сананы күштеп бақылаудан қорғайтын мүмкіндіктерін толық бағаламай отыр.

Консервативті болжамдарға қарамастан, саяси даму тәжірибесі партиялардың азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты қамтамасыз ететін ең тиімді механизм екендігін көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауында саяси-партиялық құрылыс және ең алдымен, оның заңнамалық негіздерін жетілдіру міндеті алға қойылған [15, 15 б.]. Біздің пікіріміз бойынша, айтылған ұсыныстың толық негізі бар: бұл қадамның қажеттілігі елдегі саяси жүйенің қалыптасу процесіндегі сапалық өзгерулермен байланысты.

Аталған мәселеге ерекше мән бере отырып, «НұрОтан» партиясы жыл бойында «Саяси партиялар туралы» Заң Тұжырымдамасын дайындап, тиісті заң жобасын Парламент Мәжілісіне талқылауға енгізді.

Саяси партиялардың іс-әрекеттерін құқықтық тұрғыдан реттеудің мәні зор. Негізінде ол – саяси жүйенің қалыптасуы, қызмет етуі және жетілуінің маңызды шарты. Ұсынылған заң жобасы саяси партиялар арасында және бұқаралық ақпарат құралдарында қызу талқыланды. Аталған құжаттың тұжырымдамалық негізін дайындауда біз әлемдік тәжірибе мен Қазақстан қауымының саяси транзиттік ерекшелігін ескере отырып, бірнеше іргелі теориялық алғышарттарға сүйендік.

Бізде жаңа сапалық күйге өткен саяси даму процесінде өзгеше феномен байқалады: партиялық диктатура мемлекетінен басқа жүйеге өту, яғни билік құрылымдарының саналы түрде және партиялар мен белгілі бір партияның құрамына енуден алшақтауы. Мүмкін, бұл өтпелі қоғамда партиялардың көпшілік тарапынан мойындалмауы мен беделінің жоқтығында болар. Халық кей кезде олардың бар екенін де білмейді, тіпті олардың саяси ұстанымы мен саяси бағдарламаларымен де таныс емес.

Біздің пікіріміз бойынша, партиялық жүйенің қалыптасуына бірнеше факторлар мен себептер кедергі тудырады, олар объективті және субъективті деп бөлінеді.

Біріншіден, қоғамда үстемшіл идеологияны таратқан басқарушы партияның шексіз басымдығынан туындаған антипартиялық синдром.

Тынымсыз еңбек ету қажет, ал ең бастысы – басқарушы партиялардың бар болуы партиялық диктатураға әкеліп соқпайтынына көз жеткізу үшін, партиялар билік жүйесінде қызмет ету тәжірибесіне ие болуы керек. Екіншіден, Орталық Азия аймағындағы басқа мемлекеттер сияқты, Қазақстанда да саяси қатынастардың басты факторы қауымдық сипаттағы байланыс болып есептеледі, олар – отбасылық-рулық, ағайын-жекжаттық, т.с.с. Бұл байланыстар билікті қожайындық-клиенттік тәсілмен құруға түрткі болады. Мұндай бөліну – әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан емес, рушылдық, ағайын-жекжаттық жағынан орын алған. Бұл өз кезегінде, партиялардың батыстық үлгіде құрылуына кедергі келтіреді.

Партиялардың дамуы сипаты жағынан артта қалуының себебі – өтпелі қоғамда партиялардың қалыптасу процесіне ғана емес, жаңа партиялық жүйеге тән инверсияның болуы. Инверсия бойынша партиялар, қажетті әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени алғышарттардың жетілуіне дейін

құрылады. Осы негізде, саяси партиялар тарапынан мүдделері қорғалатын әлеуметтік топтар пайда болады.

Саяси процестің осы бөлігінде, партиялық жүйенің құрылуы мен бытыраңқылықтан бас тартуға кедергі келтірген, партиялардың билік сапына ықпалдасуының нормалары мен құқықтық механизмдері жоқ.

Бұл нормаларды қабылдау және Сайлау туралы заңға түзетулер енгізу саяси партиялардың белсенді іс-әрекет жасауына септігін тигізді. Дегенмен, партиялардың билік сапына ықпалдасуы мен партиялық жүйенің саяси жүйе атрибутына айналуы – белгілі деңгейде партиялардың өздерінің ілгері дамуын талап етеді.

Билеуші топ сайлауда жеңіліс тапқаннан кейін әдетте оппозициялық партия институты құрылады. Сол уақытта партиялық жүйенің қалыптасу процесі аяқталады. Бірақ көп жағдайларда билеуші топтың билік партиясы түрінде институттануы нәтижелі болып келеді. Бұл өз кезегінде, қоғамның да биліктің де мүдделері үшін қажет.

ҚР саяси жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар және ол классикалық басқару түріне сай келмейді. Өзге ТМД елдеріндегі сияқты Қазақстанда да президенттік басқару түрі қалыптасып заңмен бекітілген. Қазақстанда, басқа да ТМД мемлекеттеріндегі сияқты, президенттік басқару түрінің классикалық түрден көптеген айырмашылығы бар (бұл тұрғыдан алғанда, американдық жүйе мейлінше бара-бар).

Демек, мемлекеттің Ата Заңында бекітілген партиялық жүйені құру – билік құрылымындағы қарама-қайшылықты шешудің бірден-бір жолы болып саналады. Көрініп отырғандай, көп партиялық немесе көп полюстық демократияны құру мәселесінің өзектілігі жалғасын табуда.

1999 жылдың қазан айында бізде алғаш рет Орталық Азия аймағында көп партиялық негізде парламент сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде президенттік ұстанымдағы партия парламенттің едәуір орнына ие болды және оның парламенттік көпшілік партиясы атануына толық құқылы. Бірақ билеуші топ партиялық жүйені құрудың маңызды әрі белгілі бір мағынада қорытынды сипаты ретінде толық институтқа айнала алды ма? Жоқ. Көп партиялық негіздегі сайлау бұл жолдағы жасалған соңғы қадам емес. Билеуші топтың институттануы және басқарушы партияның құрылуы аяғына дейін әлі жүзеге асқан жоқ. Бұл – қолданыстағы ҚР Конституциясында бекітілген құқық аясының сипатымен байланысты.

«Басқарушы партия» мен «парламенттік көпшілік партиясы» ұғымдарының айырмашылығын ажырату керек. Басқарушы партия парламенттік көпшілік партиясы бола алады, ал кез келген парламенттік көпшілік партиясы міндетті түрде басқарушы бола алмайды. Мысалы, "Нұр Отан" – тек парламенттік көпшілік партиясы, билеуші партия емес, өйткені атқарушы құрылымдардың сапында «Нұр Отанның» басым болуы қолданыстағы Конституцияда ескерілмеген.

Тарих бізге тағы да таңдауды ұсынып отыр. Себебі, посткоммуникстік дәуірдің бірінші кезеңіндегі міндеттерді шешіп, қоғам Екінші кезеңге,

демократиялық жаңартулардың шешуші сатысына қадам басты. Негізінде біз өткен он жылмен салыстырғанда өзгеше қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің институттары құрылды, дегенмен олар әлі толық жетілген жоқ, және мейлінше бай құраммен толығуы қажет. Туындап отырған жаңа жағдай – әрі қарай дамудың тиісті моделі мен оның жаңа тәсілін таңдауды және бір сарынды шешімдерден бөлек ерекше қадамдар жасауды талап етуде. Қазіргі уақыт талабы бойынша азаматтар өздерінің саяси ұстанымдарын, ал билік белгілі бір партияға қатыстылығын анықтап алуы керек. Бір сөзбен айтқанда, елде партиялық жүйенің құрылуы – тарихи дамудың қазіргі кезеңіндегі саяси процесстің негізгі бөлігі.

Партиялық жүйенің құрылуы саяси жүйенің ілгері сапалы түрде дамуының алғышарттары болып есептеледі. Бұл өз кезегінде, республикадағы демократиялық жаңартулардың келесі кезеңінің бастауы болуы керек. Посткоммунистік ауысудың жаңа кезеңінің талаптарына сай жасалған партиялық заңнамаларды дайындаумен байланысты болған, біздің заң шығарушылық ынтамыздың негізіне міне осындай, кейбір тұрлаулы қағидалар енді.

Партиялық жүйенің жағдайына сараптама жасау барысында, қоғамда саяси партиялардың бар болуы және олардың қызметінің әлеуметтік қажеттілігіне қарамастан, Қазақстан Республикасында партиялық құрылыс баяу қарқында жүріп жатқаны анықталды. Бұл саяси жүйенің қызметінің ауытқуына әкеліп соғумен қатар, қоғамның демократиялану процесіне де кері әсерін тигізеді.

Бүгінгі күні республикада ресми тіркелген 6 партия жұмыс істейді. Бірақ бұл Қазақстанда көп партиялық жүйенің қалыптасқанын білдірмейді. Көптеген қазақстандық партиялардың әрекетсіздігі байқалады. Бұған объективті және субъективті салдармен қатар, саяси элитаның жетік бәсекелестігінің болмауы да себеп. Әрекет етуші партиялардың бағдарламалары, олардың әрқайсысының саяси ұстанымына қарамастан, бір-біріне тіптен ұқсас. Оған қоса, көптеген партиялардың өздерінің қызметтерін қамтамасыз етуге қажетті қаржылай және материалдық ресурстары жоқ. Саяси партиялардың мемлекеттік билік пен басқаруды жүзеге асыруға нақты қатысуының механизмдері жасалмаған. Саяси партиялардың парламенттік сайлауға қатысуы шектеулі. Ең алдымен, ҚР Парламент Мәжілісіне партиялық тізім бойынша сайланатын депутаттардың саны тым аз.

Сайлауға қатысатын партияларға мажоритарлық жүйе аясында ғана өздерінің сапынан үміткерлерді ұсыну немесе олардың өзін-өзі ұсыну тәжірибесіне сүйенуге тура келеді. Партиялардың парламент ісіне қатысуы төмен деңгейде екені байқалады. Сайлау заңнамасының жетілмеуі салдарынан қазақстандық партиялардың басым көпшілігі парламентте мүлдем жоқ немесе өкілдігінің тым аз болуы себепті өздерінің фракциясын құруына мүмкіндігі болмай отыр. Парламентте өздері сол партияның мүшесі бола тұра, партияның мүддесі мен оның шешімдеріне қарама-қайшы саяси бағыт ұстанған кейбір депутаттарға партия тарапынан әсер ету мехнизмдері заң жүзінде анықталмаған.

Мемлекеттік биліктің жоғарғы атқарушы органының құрылу механизмі әкімшілік тұрғыдан жүзеге асады. Ал дамыған шет мемлекеттерде үкімет парламенттік көпшілік тарапынан құрылады.

Осының бәрі, қоғамның саяси жүйесінің маңызды институты саналатын партиялардың рөлі мен мәнін едәуір төмендетеді.

Қазақстан Республикасының қолданыста болған "Саяси партиялар туралы" Заңы басқа мемлекеттердің сол тақылеттес заңнамалық актілерімен салыстырғанда:

- саяси партиялардың мемлекетті басқару ісіне қатысу ерекшелігі көрініс таппаған;

- саяси партиялардың өзге қоғамдық бірлестіктер мен қозғалыстар қатарына жатқызылуы. Соның салдарынан басқа қоғамдық бірлестіктер арасында партиялардың рөлі мен орнының жырмалана түсуі;

- партияларды мемлекет тарапынан қаржыландыру шектелген, бірақ қаржы бөлу көптеген елдерде табысты түрде қолданылып келе жатыр. Бір сөзбен айтқанда, 1996 жылы қабылданған саяси партиялар туралы заң қазіргі талаптарға жауап бермейді және партиялық жүйенің құрылуына кедергі туғызады.

Аталған барлық келеңсіз факторларды жою үшін «Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы» Заңына өзгертулер енгізу қажет еді немесе елде партиялық құрылыстың нәтижелі жүзеге асуына жағдай жасайтын өзгерістер аталған Заңға енгізілді.

Партиялар туралы арнайы заңнамаға қажеттілік, әдетте, демократиялық жаңартулар мен саяси-мемлекеттік институттар жүйесінің түбегейлі қайта құрылуын басынан өткізіп отырған қоғамда туындайды. Осы кезеңде партияларды құқықтық қорғау қажеттігі күшейеді.

Жаңа заң – саяси партиялардың дамуы саяси жүйенің нығаюына септігін тигізу керектігінен, елдегі құқықтық демократияның бекуінен және адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуынан бастау алады.

Партиялық жүйенің құрылуы Қазақстанның «демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығып, оның ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» болып табылатын жолмен ілгері жылжуына бағытталуы керек [5, 3 б.].

Жүйенің құрылу мақсатына мыналар жатады:

- парламент пен мәслихатқа барлық әлеуметтік топтар мен қауымдардың лайықты өкілдерін сайлауға жағдай жасау;

- партиялық жүйе арқылы сайланған депутаттық корпустың қатысуымен мемлекеттік басқару органдарын құру;

- билік пен қоғамның және әлеуметтік топтар арасында өзара үйлесімді қарым-қатынастарын орнату. Аталған мақсаттарға жету заң аясында жүзеге асуы тиіс. Саяси партияның іс-әрекеті ҚР Конституциясында баяндалған саяси жүйенің мақсаттарына қайшы келмеу керек және сол мақсаттар олардың бағдарламалық, жарғылық құжаттарында көрініс табуы қажет. Саяси

партияларға қойылатын талаптардың негізінде: халықтық егемендікке кепілдік беру, жеке бастың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу; қоғамдағы саяси пікірдің плюрализмі ретінде көп партиялықтың болуы және барлық әлеуметтік топтар мен қауымдардың пікірін ескеру жатыр. Сонымен қатар, жаңа партиялық жүйе – көпшіліктің мемлекет басқару ісіне саяси қатысуының институттануының нақты құралы болуы қажет. Жүйе – түрлі партиялардың көзқарастарын ашық және әділ жеткізуін қамтамасыз етуі керек. Партиялардың іс-әрекеті қоғамға жария әрі айқын болуы қажет. Заң өз тарапынан партияларды саяси билікті жүзеге асыру ісіне кірістіруге кепілдік беруі керек. Дегенмен, партиялардың билік сапына ықпалдасуы мен партиялық жүйенің саяси жүйе атрибутына айналуы белгілі деңгейде партиялардың өздерінің ілгері дамуын талап етеді.

Біз ұсынып отырған заң жобасы саяси процеске қатысушылардың аясын шектеуге емес, жетілген саяси партияларды құруға бағытталған. Құрылып отырған партиялық жүйе тарихи қалыптасқан қазақстандықтардың ділін ескеруі тиіс, және осы орайда, батыстың, не шығыстың реформалық үлгілері мен қоғамының даму модельдерін ойланбастан көшіріп алмауы керек. Сонымен қатар, партиялық жүйе экономикалық мақсаттардың бәсекелестігін, қоғам мен мемлекеттің стратегиялық мақсаттарға жету тұрғысынан, түрлі партиялар тарапынан дайындалған заңдардан алынған әлеуметтік бағдарламаларды қамтамасыз етуі тиіс. Партиялық жүйенің құрылуы азаматтарға қоғамның саяси өміріне қатысуға мүмкіндік беріп, ол төменде көрсетілгендей жүзеге асырылуы қажет:

- азаматтардың, әлеуметтік топтар мен қауымдардың саяси еріктерін білдіруі мен құрылуы;
- сайлауға қатысу;
- мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында азаматтардың мүдделерін қорғау.

Дамыған формадағы партиялық жүйе билеуші элита мен әдетте, оппозиция аталатын қарсыэлитаның институттануын меңзейді. Бұл тұрғыдан алғанда, анық болса да, жеткіліксіз қадам жасалған. Сондықтан, Сайлау туралы заңға тиісті түзетулер енгізу арқылы қолданыстағы заң аясын кеңейту қажет. Үкіметтің құрылуын жаңаша реттейтін норма қажет, сонымен қатар, атқарушы тармақтың партиялық сәйкестіктен алшақтауын заң жүзінде бекітетін нормаларды жою керек. Дегенмен, билеуші элитаның институттануы мен билеуші партияны құру мүмкіндігінің басқа да факторлары бар. Олар заңнамалық нормаларға қарағанда анағұрлым терең, және қоғамның саяси мәдениетінің сипатымен, әлеуметтік плюрализм әрі айтарлықтай күшті оппозицияның болуымен байланысты. Тиісті жағдайлар, яғни, жетілген плюрализм мен саяси элиталардың жетілген бәсекелестігі болмаған кезде, билеуші партияның құрылуы партиялық диктатураға, билеуші партияның монополиялығына әкеліп соғады. Сондықтан, «Нұр Отан» партиясының теориялық құжаттарында жазылғандай, біз күшті сындарлы оппозицияның

құрылуын қалаймыз. Жетілген партиялық жүйенің құрылуы билеуші элитаның өзін-өзі сәйкестендіруіне септігін тигізеді.

Партиялық жүйенің құрылуы саяси жүйенің ілгері басуының маңызды аспектісі болып саналады. Бұны жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығының бастамасы деп ойлауға толық негіз бар.

Енді біз Қазақстанның саяси жүйесінде Жапонияның билеуші партиясының тәжірибесін қалай қолдануға болады деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Алдыңғы тараулардың бірінде біз жаңғырудың бастапқы кезеңінде Жапонияның саяси жүйесінің қалыптасуы және дамуында елеулі рөл атқарған алғашқы саяси партиялардың пайда болуын сөз еткен болатынбыз. Осы тарауда соғыстан кейінгі кезеңдегі Жапонияның билеуші партиясы – Либерал-демократиялық партияның мемлекеттік мәселелерді шешудегі тәжірибесін әр қырынан қарастыруды жөн көрдік.

Қазіргі уақытта жапон қоғамының саяси жүйесіне партиялық және басқа да мәртебесі бар көптеген қоғамдық-саяси бірлестіктер мен одақтар кіреді. Жалпы саяси партиялар мен партиялық емес ұйымдардың көп және саналуан болуы қазіргі заманғы Жапонияда орын алып отырған батыстық түрдегі демократия дамуының жоғарғы дәрежесіне сай келеді.

Саяси құрылымның бұл бөлігіне саяси партиялар, жетекші кәсіпкерлік бірлестіктердің аппаратының «саясиландырылған» бөлімдері, кәсіби және шаруалар одақтары мен олардың жалпыұлттық орталықтары, бұқаралық ақпарат құралдары, азаматтық қозғалыстар кіреді. Аталған ұйымдармен қатар адамдарды әртүрлі белгілері бойынша (әйелдер, жастар мен студенттер, ұсақ және орта кәсіпкерлер, кооператорлар, тұтынушылар, ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлері, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері және басқалары) және мақсаттары (өскелең ұрпақты дұрыс тәрбиелеу, қоршаған ортаның тазалығы, денсаулық сақтау, баспанамен қамтамасыз ету, бейбітшілікті қорғау, шетелдермен достық және мәдениет байланыстары, ядролық қаруға қарсы, Жапониядағы американдық базаларына қарсылық үшін және т.б.) бойынша біріктіретін көптеген бірлестіктер бар. Радикалдық (экстремистік) ұйымдар (әсіре оңшылдар және әсіре солшылдар), тұрғындардың жергілікті ұйымдары, діни бірлестіктер және т.б. әрекет етеді. Барлық осы ұйымдардың ішінде, әрине бүкіл капиталистік әлемдегі сияқтылары да бар, тіпті тікелей көшірмелер де кездеседі (мысалы, солшыл экстремистік «Жапон қызыл армиясы» мен батыстық «қызыл бригадалар»). Дегенмен, бұл жерде «жапондық бірегейлену» анық көрініс береді. Мысалы, дәстүрлі өзара көршілік, ынтымақтастық тұрғындардың жергілікті ұйымдарының тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз етеді және жапондық бірегейленуді нығайта түседі.

Көзге көрініп тұрған ұйымдардың міндеттерінің саналуан болуы және олардың мүдделерінің шашыраңқы болуы, оларды саяси құрылымға жатқызудың дұрыстығына күмән туғызуы мүмкін, сондай-ақ біз жоқ жерден саясилық іздеп жүрген жоқпыз ба деген қауіп те бар. Әрине, саяси белсенділікке тартылуы дәрежесі бойынша қарастырылған субъектілер өте

бөлшектенген, дегенмен әдебиетте қоғамның саяси ұйымдарының құрылымдық элементтерін (олардың қандай таптық ұйым түріне жататындығына қарамастан) шындығында саяси бірлестіктер, шынайы емес саяси бірлестіктер және мазмұнында тек азғантай саяси қыры бар бірлестіктер деп жіктелген.

Жоғарыда көрсетілген саяси қызметтің орасан мол субъектілерінің ішінен біз тек саяси партияларға (негізінен ЛДП-ға), кәсіпкерлік бірлестіктерге, кәсіподақтық орталықтарға қысқаша тоқталамыз. Партиялардың сипатына тоқталуымыздың себебі, саяси партия – бұл қандай да бір таптың немесе оның тобының мүдделерін білдіретін едәуір белсенді және ұйымдасқан бөлігі, қандай да бір таптың немесе оның тобының ұйымдасуының жоғарғы формасы. Айтылғандарға қосарымыз, қазіргі уақыттағы саяси партиялардың табиғаты барған сайын «таза» таптық сипаттан арылуда, барған сайын «тапаралық» немесе «көптаптылық» белгілерге ұшырауда. Кәсіпкерлік бірлестіктерді айтпай кетуге болмайды, өйткені саяси жүйені зерттеудегі маңызды мәселе – билік басындағылар туралы. Ең соңында, Жапонияның кәсіподақ қозғалысында ірі өзгерістер болуда, соларға қарай отырып еңбекшілердің қалың бұқарасының қоғамдық ұстанымдарының өзгергенін көруге болады; осы қозғалыстың елеулі жетістіктерінің бірі – оның саясилануы.

ЛДП-ға, кәсіпкерлік бірлестіктерге және кәсіподақтық өзгерістерге мойын бұруымызды былай түсіндіруге болады: дәстүрлі қабылданатын «билік үштағанының» (үшіншісі-үкімет) басты құрамдас бөліктері – ЛДП мен «монополиялардың» саясатының қаншалықты «халыққа қарсы» және «демократияға қарсы» екенін, және осы саясатқа бұқара тарапынан қаншалықты жағымсыз қатынас бар, ал соны білдіретін кәсіподақтардың билеуші топтармен келіспеу қайшылығын анықтауға ұмтылыс.

«Саяси партия» деген атауға лайықты ұйымдар Жапонияда XIX ғасырдың 70-жылдары пайда болды. «Саяси партиялардың қалыптасқан кезеңінен бері 160 астам партия пайда болды деп көрсетеді». Кішігірім партиялар соңғы кезге дейін құрылуда. Саяси партиялардың ресми анықтамалығы бойынша, 1986 жылдың 31 желтоқсанында 27 саяси партия болды, олардың қызметі екі және одан да көп префектураны қамтыды [80, 288 б.].

Саяси партиялар жүйесін негізінен билеуші Либералдық-демократиялық партия және оппозициялық: Либералдық, Социал-демократиялық, Коммунистік, Комэйто партиялары құрайды. Бұл жүйенің қозғалмалы болуына билік басында ұзақ уақыт билік құрған либерал-демократтардың болуы тән, ол ірі буржуазияның мүддесін білдіреді, дегенмен барған сайын ол өзінің әлеуметтік негізін, яғни ЛДП саясатында көрініс табатын мүдделер тоғысын кеңейтіп келеді. Оппозициялық партияларды дәстүрлі жұмысшы табының партиясы (әлеуметшілер мен коммунистер) және «орта жол» (Комэйто) партиясы деп бөліп қарастыру олардың әлеуметтік негізіне емес, көбінесе идеологиялық және стратегиялық айырмашылықтарына қарай жүргізіледі. Оппозициялық партиялар арасында ЛДП-ға балама ретінде коалиция құру идеясы үнемі айтылғанымен, іс жүзінде әлі жүзеге аспай келе жатыр. Кейбір

партиялар үшін ішкі ұйымдастырушылық тұтастығы жетіспейді, бірақ керісінше фракциялар мен жекелеген оқшау топтар ерекше көзге түседі.

Жапониядағы саяси партиялардың қызметі «жиналыс және бірлестіктер еркіндігін» қамтамасыз ететін елдің конституциясына, сондай-ақ партиялардың парламенттік сайлауларға қатысуын және оларды қаржыландыру мәселелерін реттейтін заң актілеріне сай жүзеге асырылады. Конституцияға сәйкес Жапония премьер-министрі мен оның кабинетінің көптеген министрлері парламент құрамынан сайланатындықтан, елдегі негізгі саяси партиялар деп жапон парламентінің қос палатасында да өкілдіктері барлары қарастырылады.

Көрсетілген саяси партиялардың қысқаша сипаттамасын бере отырып, біз Жапонияның билеуші партиясы – ЛДП-ның идеялық-теориялық ұстанымына терең тоқталғанды жөн көрдік.

ЛДП қалыптасу тарихы барысында кез келген идеялық сұраныстарға, тек экстремистік-радикалдықтан басқа, бейімделе алатын қабілетті көрсетіп келеді. Егер Еуропа мен Америка елдерінде либералдар мен кертартпаларды қарсы қойып, салыстыратын болса, ал Жапонияда ЛДП мүшелерін осы екеуімен де атай береді.

Жапонияда либерализм мен консерватизмді әлсіз салыстыру олардың тарихи тамырларында жатыр. Мемлекет пен азаматтық қоғамның араласу аумағын нақты бөліп тұратын либерализм, ал либертаризм тіпті, Жапонияда етек жая алмады.

Тарихи дәстүрлердің күшімен ең алдымен конфуцийшілдік, сосын либерал-демократтарға «үкімет бүкіл әлеуметтік жүйенің, оның барлық элементтерінің игілігі үшін жауапкершілікті мойнына алуы қажет. Бұл өз кезегінде мемлекеттің экономикаға, әлеуметтік қамсыздандыру саласына, еңбекпен қамту, еңбек және басқа қоғамдық қатынастарына араласуына мүмкіндік береді» дейтін пікір едәуір жақын [155, 27 б.].

Либералдық құндылықтар – адам құқығы, негізгі еркіндіктер, нарықтық экономиканың принциптерін қорғау ұстанымында берік тұрған ЛДП, басқа елдердің «көбінесе классикалық либерализмге және тіпті либертаризмге жақын тартатын» консерваторлардан айырмашылығы, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік реттестіруге көп жүгінеді [154, 22 б.].

Идеологиялық ұстанымдардың икемділігі алдыңғы тарауларда айтылған факторлармен: 1) тарихи ерекшеліктер; 2) соғыстан кейінгі саяси даму шарттарымен белгіленуі кездейсоқ емес.

Бұқаралық сананы қалыптастырудың тарихи дәстүрлері әлі күнге дейін кездеседі. Жапон қоғамы конфуцийшілдіктің ықпалына едәуір ұшыраған. «Аспан»-«әке»-«жоғарғы билеуші» болуы қажеттілігі халық санасына мықтап сіңген. Бұл жерде қайырымды және әділетті «хан» қажеттілігі тарихи тұрғыдан сезіліп тұратын Қазақстанмен ұқсастығы анық көрініп тұр. Жапонияда кеңінен танылған патерналистік «иэ» жүйесі тұжырымдамасы осыны білдіреді [143, 18 б.]. 1945 жылға дейін бұл қажеттіліктің көрінісі император, ал оған дейін сёгун болды, ал соғыстан кейін бұл жүйе күйреді. Соғыстан кейінгі алғашқы он жылда император белгілі бір дәрежеде беделін түсіріп алды, және сөзсіз билік

құқығынан – «жоғарғы билік» тұжырымдамасының қажетті белгісін жоғалтып алды. Ақсүйектік, жартылай феодалдық топтар толығымен жойылды, ал олардың идеологиясы жеңіліс нәтижесінде тиімсіз болып қалды. 1955 жылы пайда болған ЛДП мемлекеттік бюрократиямен бірге соғысқа дейінгі жүйенің мұрасын иеленді және тұрғындардың бір бөлігіне едәуір әлсіреген және қайшылықты болғанына қарамастан, тұрақтылық пен тәртіптің белгісі болып қалды. Осылайша, партияның саяси ұрандарындағы ауытқушылық электоратқа әсер ету барысында ЛДП-ға құрылымның дәстүрлі тәртібін тұрақтандырушы ретінде дауыс беретін топтардың болуымен жұмсара түседі.

ЛДП-ның қалыптасуы мен дамуы жағдайы туралы тарихи очеркте жеткілікті айтылған. 1955 жылдың бірлестігі елде ірі коммунистерге қарсы партияның құрылуына әкелді, маркстік терминологиямен айтсақ, СПЯ мен КПЯ идеяларын қолдамайтындардың барлығының «біріккен майданына» айналды. 10 жыл бойына, 1964 жылы Комэйто құрылғанға дейін ЛДП осындай жағдайда болды. Бірақ, егер Комэйто алдымен солшылдардың дауысын тартып алды деп есептесек, ал XX ғасырдың 70 жылдары пайда болған ұсақ партиялар электораттың едәуір бөлігін тарта алмаған болса, онда ЛДП XX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін қоғамның солшылдарға қарсы кең тобының жекедара нақты өкілі болып қалғанын мойындауымыз керек.

XX ғасырдың 80-жылдарының басынан бастап, ПДС пен Комэйтоның билікпен жақындасу үдерісі байқалады, бұл ЛДП-ның солшылдарға қарсы топтардың мүдделеріндегі шексіз монополиясының әлсірегенін көрсетеді. 1993 жылғы ыдырауға дейін партия іскерлік ортаның, шенеуніктердің, ұсақ кәсіркерлердің, қызметшілердің, шаруалардың жалғыз кең бірлестігі болып қала берді, бұл оның идеологиясында көрініс тапты.

ЛДП-ны қолдайтын күштердің идеологиялық ұстанымдарының әртүрлілігі партия ішіндегі фракциялар мен басқа топтардың ұстанымдарының түрлі болуынан көрінеді. Ал ортақ белгіге келтіріліп және ЛДП бірыңғай ұстанымы ретінде қалыптасқан нәрсе өте эклектикалық материал болды. Партияның бірыңғай ұстанымы аясындағы ауытқулардың көлемі өте үлкен болды.

XX ғасырдың 50-70 жылдарында сыртқы саясатта милитаристік үрдістер (АҚШ-пен әскери одақтың күшеюі, ҚХР-ға қысым жасау, Вьетнамдағы соғысқа қолдау), сондай-ақ бейбітшілік («үш антиядролық қағида», әскери шығындарды ЖҰӨ 1 пайыздан асырмау) бағыттар байқалды.

Ішкі саясаттағы тұрғындарды бақылауды нығайтуға арналған бірқатар қатал шаралар Батыстың да кез келген, бұрынғы социалистік лагерь елдерінің де қай-қайсысы қызығарлық әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жасаумен тамаша үйлесіп кетті. Жапон демократиясы да мақтауға тұрарлық болды. XX ғасырдың 50 жылдарының соңы мен 60 жылдары ұсақ және орта кәсіпкерлікті қорғайтын бірқатар заңдар қабылданды. Ал XX ғасырдың 80-жылдарындағы салық реформасы қызметшілердің қалың тобының мүддесіне сай келді. 1975 жылы «монополияға қарсы заң» жобасы ірі корпорациялар мен банктердің қарсылығын туғызды, өйткені Мики кабинетінің ұсақ кәсіпкерлікке мойын

бұрғаны көрініп тұрды, ал бұл басқа елдерде солшыл партиялардың ұстанымы болар еді.

ЛДП-ның идеялық-теориялық ұстанымы прагматизмнің күшті рухымен толығып отырды. Екінші жағынан, тұрмыстың жақсаруының өсуі мен әлеуметтік қайшылықтардың реттелуі барысында партия идеологиясының маңызды құрамдас бөлігі – сайлауалды уәделердің жалпысаяси мәселелерден нақты жергілікті мәселелерді шешуге ауысқанын байқауға болады. Сайлауда адамды адам қанауын жоюға үндеген саясаткерден, су құбырын жөндеуге уәде берген үміткердің жеңіп шығуы оңай екені түсінікті бола бастады.

ЛДП-ның идеялық-теориялық ұстанымының тұрақсыздығын XX ғасырдың 80-жылдарының алғашқы жартысындағы Батыстың көптеген елдерінде байқалған фактормен түсіндіруге болады: идеологиясы бойынша әртүрлі партиялардың экономикалық құралы бірдей тетіктерден тұратын болды.

Саяси декларацияларынан тыс Франциядағы әлеуметшілдер де (1981 жылдан бастап), Испаниядағы ИСЖП (1982 жылдан бастап) да және басқалары жалпы алғанда кертартпа кабинеттерден айнымайтын саясат жүргізуге мәжбүр болды. Мұны экономиканың ұлтаралыққа айналу жағдайындағы басқару әдістерінің «конвергенциясы» деп түсіндіруге болады.

Партияның негізгі идеологиялық құжаттары 1955 жылғы құрылтай съезінде қабылданған «Құрылтай декларациясы», «Бағдарлама», «Партияның сипаты», «Партияның миссиясы», «Партия тұжырымдамасы» еді. 1965 жылы олар «Либерал-демократиялық партияның басты хартиясы» атты құжатпен толықты.

Жалпы алғанда, ЛДП-ның бағдарламалық құжаттары әрқашан өзінің абстрактылығымен және жалпы ұрандарды берумен ерекшеленетін. Мұның екі себебі бар: біріншіден, көрсетілген тарихи фактор патернализм нақтылықты қажет етпейді, ол өздігінен алғанда жеткілікті. Екіншіден, еркіндік принциптерін, жекеменшікті құрметтеуді, Батыстық лагерге тәндікті және т.б. дәріптеу өзін идеологиялық нақтылау және солшылдарға қарама-қайшы қою үшін жеткілікті болды [155, 79 б.].

Төмендегі баға өте әділ сияқты: «Егер жапон консерватизмі туралы айтар болсақ, ол теориялық жағынан нақты нәрсені білдіреді деп айта алмаймыз. Кертартпалықта құрылған теория да, көзқарастардың тұтастық жүйесі де жоқ» [155, 15 б.]. Бұл ЛДП теорияшыларының саяси міндеттерді нақты құруға қабілеттерінің жоқтығын емес, ондай қажеттіліктің жоқтығын көрсетеді. Бұл партияға осындай міндеттерді шешуде икемділік танытуға жол беріп қана қоймай, оппозицияның танымал ұрандарын алып қойып, оны өз саясаты ретінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі ЛДП идеологиясына қатысты қалыптасқан бірқатар қағидаларды қайта қарауды талап етеді. Мысалы, А. А. Макаровтың ескертуіндегі «ЛДП «сайламалы» түрдегі партия, оның қызметі өз қолында саяси билікті ұстап қалуға барынша бағытталған» деуі шындық, өйткені кез келген партия билік үшін күреске арналып және жеңген жағдайда оны сақтап қалу үшін құрылады [155, 80 б.]. Осыған байланысты бірқатар ресейлік

ғалымдар (И. Латышев. А. Макаров) ұсынған тұжырымдамамен келісу қиын, олардың айтуынша ЛДП – ірі капиталдың партиясы, бірақ әлеуметтік ыңғайластыру мақсатында сайлаушылардың жекелеген топтарының айтқанын орындауға мәжбүр. ЛДП-ның идеологиясы мен электораттық саясатын салыстырудың қажеті жоқ шығар. Олар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше ортақ тіл табысудың жемісі болып саналады. «Дзоку» туралы тарауда айтылғандай, ең кең әлеуметтік топтардың жергілікті мүдделерін ескеру арқылы партия билік басында қалуды қамтамасыз ете алады.

Оның үстіне, А. А. Макаров: «ЛДП-ның идеологиялық қызметі іс жүзінде өз саясатының шынайы мақсаттарын жаба көрсету болып саналады. Бұған дәлел ретінде Жапонияның әрбір жаңа кабинетінің дәстүрлі түрде ұсынатын ұрандарын алып қарастырсақ жетіп жатыр»,-дейді [155, 80 б.]. Партияның идеологиялық қызметінде насихаттау мен мақсаттық жобалауды бөліп қарастыру керек. Насихаттау әрқашанда оның субъектісінің біржақты жағымды бейнесін қалыптастыруға бағытталады, демек бұл жерде «жаба көрсету» қажет емес. Нақты мақсаттарға жетуге қажетті шынайы саясат қатал және шындығында насихаттық мәлімдемелерден өзгеше болады. Солай болғанда да аргумент ретінде кабинеттердің ұрандарын келтірудің қажеті шамалы, өйткені олардың басым бөлігінің жазылуы безендіруші-салттық әрекет болып саналады.

Жоғарыда айтылғандай, электоралдық саясаттың айрықша рөлі туралы айтудың қажеті жоқ. Ол ЛДП-ны қолдайтын әлеуметтік топтардың мүдделерінің тепе-теңдік жүйесінен ұзай алмайды.

«Тәжірибе – шындықтың белгісі» дегенге сәйкес, ЛДП-ны идеологиялық қамтамасыз етуге партияның мемлекеттік саясаттағы көпжылдық жемістері де жұмыс жасайды. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы елдің алға шығуы бұқараның санасында ЛДП-мен үздіксіз байланыста сақталған. Әрине, партияның өзі де ел алдындағы еңбегін еске салып тұрады.

ЛДП-ның идеологиялық және нақты тұжырымдары өте жақсы дайындалған мамандар арқылы айтылуы да маңызды рөл атқарады. Партия үнемі өзінің басшылық қатарына қоғам элитасының барынша белсенді бөлігін тартып отырады, ал бұл оған қарсыластарымен пікірталас барысында үлкен мүмкіндік береді.

ЛДП мен либерал-демократтардан шыққан жаңғыру партиясының көшбасшылары арасындағы идеология мәселесі бойынша қатынастардың жарқын Мысалы ретінде премьер-министр Ц.Хата мен парламенттегі ЛДП депутаты Т. Ошиманың диалогын келтірсек болады:

Ошима (премьер-министрге ЛДП-дан сұрақтар): «Хата кабинетінің саяси сенімдері консервативті ме, әлде либералды ма?»

Хата: «Қазіргі уақытта мұндай қарапайым салыстыру жасауға болмайды».

Ошима: «Онда премьер-министр саяси идеялар тұрғысынан қандай салыстыру айта алады?»

Хата: «Менен ұран ұсынуды сұрағанда, мен «Он-ко-со-син» деп жаздым». (Бұл түсіндіруге қиын 4 иероглифтен тұратын сөз тіркесі, шамамен «тарихтан

үйрене отырып, шығармашылық күшке толы болу» немесе «көнеден үйреніп–жаңаны жасау» дегенді білдіреді.)

Ошима: «Премьер-министр өзінің бағдарламасында «саясат туралы қарапайым сөзбен түсіндіремін» деп мәлімдеп еді. Бұл жерде ешқандай қарапайым сөз байқап отырған жоқпыз. Мағынасы жоқ сөздермен жауап беру осы жиында отырғандарды сыйламауды білдірмей ме? Халықтың саяси мағына жоқ ұрандарды естігісі келіп отырған жоқ, болашақтың нақты бейнесін көргісі келеді. Егер сіздер азшылықтың үкіметі болғандықтан, осыны нақты айта алмасаңыздар, отставкаға кетіңіздер және билікті бізге қайтарыңыздар!» [44].

Партияның үш негізгі қағидаттарымен белгіленіп, 1995 ж. қабылданған "Декларация" партияның соңғы жүйелі құжаттарының біріне жатады [156]:

1. ЛДП тұлғаның абыройын, адамның негізгі құқықтары мен бостандығын айрықша басып көрсететін либералды қағидаттар негізінде құрылған.
2. ЛДП – барлық салаларда реформаларды жүзеге асыру үшін Жапония халқымен жұмыс істейтін ашық, демократиялық, басқарылатын партия.
3. ЛДП гүлдену мен қоршаған ортаның сақталуына үлес қоса отырып, бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін күреседі.

Көріп отырғанымыздай, бұл қағидаттар ЛДП бұрын жария еткен қағидаттармен бірдей – либерализм белгілерін сәйкестендіру және кең іс-қимылдар үшін нақтылықтың аз болуы.

Сонымен бірге «Партияның жаңа платформасы» атты негізгі бөлімге кейбір өзгерістер енгізілген.

Мысалы, партияның ашық болуы, «жауапкершілікке және моральдік міндеттемелерге» адал болу қажеттілігі ерекше аталып көрсетілуде. «Біз партиямыз қалай реформаланып, өзінің ішінен қайта құрылғанын көрсете отырып, жапон халқына толық қолдау көрсетуге әзірміз» [156, 5 б.].

Өзін-өзі қатты сынға ала отырып: «Осы арада біз партияның бірнеше мүшелері тәкаппар әрі парақор болып кеткеніне жол бергенімізді мойындаймыз. Осының салдарынан ЛДП қатаң қоғамдық сынға алынып, биліктен кетті. Алайда біз осы тәжірибемізге дұрыс көңіл бөлдік және осындай қоғамдық сенімді жоғалтып алуға ешқашан жол бермеу арқылы саясаткерлердің моральдік міндеттерін жақсы атқаруға әзірміз. Адамдардың саясатқа деген сенімін қалпына келтіру мақсатында біз маңызды саяси реформаларды, әсіресе, сайлау жүйесін толығымен қайта қарадық. Енді сайлаушылар өз қалауларына сәйкес партиялар арасында өз таңдауын оңай жасай алады. Біз жапон халқы осы реформалар қаншалықты жемісін беріп жатқанына назар салып отырғанын жақсы түсінеміз, біз оның арман-тілектерін жүзеге асыруға әзірміз» [156, 5 б.].

Сонымен бірге Декларацияда Жапонияның «жаңа дүниежүзілік тәртіпті» құру міндеті алға қойылып отыр. Либерал-демократтардың «қырғиқабақ соғыста» өздерін жеңімпаздар қатарына қосуы аса қызықты: «Қырғиқабақ соғысы» жүйесінің құлауы партиямыздың либерализм, демократия және нарықтық экономика сияқты қағидаттардың жеңісі болып саналады» [156, 5 б.]. Алайда партияның «жаңа дүниежүзілік тәртіпті» құру жоспарларында тың

идеялар жоқ. Құжатта Жапониядан күтіп отырған әскери және қаржы міндеттемелер түрінде радикалды ережелер болмай отыр. Жапонияның бәсекелестікке қабілеттілігін қалпына келтіру мақсатында экономика саласында түбегейлі өзгерістер қажеттілігі туындап отыр.

Бюрократиялық жүйеге ашық шабуыл жасау да салыстырмалы түрде жаңа бір әрекеттер болып саналады.

«Жапон саясаткерлері қолданыстағы бюрократиялық жүйені және оның көптеген басқару деңгейлерін қайта қарауға жауапты. Үкімет тиімді жұмыс істеу үшін үлкен әрі икемсіз болып қалса керек. Ол көптеген ескі ережелер мен заңдарды сақтап қолданып келеді. Біз кішкентай үкіметті құруға тірек болатын реформалар жүргізуіміз қажет» [156, 6 б.].

Басқаруды жетілдіру саласында ЛДП-ның тәжірибесіне жүгіну еліміздің саяси кеңістігі үшін маңыздылығы зор.

Барлық идеологиялық құжаттарда және «Декларацияда» Конституцияны қайта қарау мәселесі үлкен орынды алып отыр. Алайда партия бұл мәселеге өлшеммен және абайлап көңіл бөлуде: «Біз Жапония алдағы ғасырда қандай бас құжатқа ие болу мәселесіне қатысты жапондықтар арасында талас-тартысты кеңейтеміз. Алайда адамның негізгі құқықтарына құрмет көрсету және бейбітшілік қағидаттары үнемі Конституцияның маңызды тұстары бола бермек» делінген [156, 8 б.]. Бұл жерде үйлесімді саяси жолды таңдауға деген талпыныстыбайқаймыз.

Идеология мәселелерінде де жапондық ерекшелік айқын көрініс табады. Танымал Ресей саясаттанушысы К.С.Гаджиев былай деп жазады: «қандай да бір қоғамда билік құрылымы мен қызметтері жасалу негізінде қандай да бір құрылыс жобасын анықтауға болады. Барлық идеологтар бедел, билік, билік қарым-қатынастары және т.б. қатысты әңгіме қозғайды. Олар белгілі бір қоғам моделі мен саяси жүйені, осы модельді іс жүзінде жүзеге асыратын амал-тәсілдер мен құралдарға негізделеді. Идеологияның маңызды функциясы қандай да бір қауымдастықты немесе топты қалған қауымдастық пен топтардан бөліп қараудан тұрады. Әр идеологиялық конструкцияда дұшпан туралы егжей-тегжейлітүсініктеме қамтылған. Топтың біртұтас болуы дұшпан образына байланысты» [157, 158 б.].

Әлбетте, осы анықтамалар әмбебап болып келеді, алайда жапондық шындықты сараптай келе, ЛДП қоғамды біріктіруші күш ретінде өз идеологиясында нақты анықтамалардан барынша аулақ болуды көздеп отырғанын түсінуге болады. Оның үстіне партияның идеологиялық құжаттарын зерттеу барысында олар партияның әлеуметтік негізін барынша кеңейте отырып, дұшпан образын қалыптастырудан бас тартып отыр.

Осылайша идеологиялық мәселелер ЛДП қызметінде билік үшін күрес мүддесіне бағынатын орынды алып отыр. Негізгі идеялық қағидаттарды ғана анықтай отырып, партия кең түрде әлеуметтік және саяси іс-қимылдарды жасау үшін әрекет жасау өрісін қалдырып отыр.

Оппозицияның елді басқаруға қатысуы. 1993-1995 жж. саяси жағдайлар күн тәртібіне елдің негізгі оппозициялық күші Жапонияның Социалистік

партиясы (ЖСП) сан жылдар бойы қарсылас болып келген ЛДП-мен ірі саяси ымыраға барып 4 жыл бойы коалициялық үкімет билік құрды. Бұл мәселенің екі жағы болуы мүмкін: біріншісі социалистердің ЛДП жағына жылжуын қамтамасыз еткен объективті факторлар қандай болды және Екіншісі, ЛДП социалистердің өзара ынтымақтастық құру жүйесіне бірігу үшін мақсатты әрекеттер жасады ма.

Бірінші аспектіні келесі оқиғаны сараптай келе түсінуге болады. Императорлық Жапонияның құлдырауы, демократиялық реформалар, соғыстан кейін КСРО ықпалының күшеюі солшылардың билікке келуі мүмкіндігі мен олардың саяси ықпалының объективті өсуіне жағдай жасады. Жағдайдың осылай дамуы әсерінен ЖСП және ЖКП үкіметті ауыстыру және социалистік реформаларды өткізу бағытын ұстанды. Мұның шыңы Жапонияның 1960 жылы АҚШ-пен Қауіпсіздік шартына қарсы күресі болды. Солшылдар өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, билікке келуге және осы шартты қабылдауды болдырмауға жол бере алмады. Халық әл-ауқатының кейінгі өсімі солшылдардың бұрынғы позицияларды жоғалтуға ықпал етіп, олар өз жағдайын нығайту үшін жаңа жолдарды іздеу қажеттілігін туғызды. 1958 ж. ЖКП-ның басына бұрынғы әріптестеріне қарағанда айрықша прагматизмімен ерекшеленетін К.Миямото келді. ЖСП-ден 1960 ж. Демократиялық социализм партиясы бөлініп шықты. 1964 ж. құрылған Комэйто партиясы қақтығыстарға қарсы саясатты қолдайтын қоғамның бір бөлігінің ұмтылысын білдірді. Жалпы алғанда XX ғ. 60 жж. оппозициялық партиялар өздерінің дамуында төтенше маңызды бетбұрыстар жасады. Олар жүйені күштеп өзгерту мүмкіндігінен бас тартады және парламенттік демократия аясында ойын ережелерін жүргізуді қабылдады. Бұл талап олардың алдында жаңа міндеттер қойды: сайлаушылармен жұмыс істеу барысында парламенттік көпшілікке ие болу. Алайда атап өткеніміздей, жапон сайлаушылары ең алдымен жергілікті мүддесін қорғаушыларды сайлауға ұмтылады. Осылайша ЖСП және басқа партиялардың депутаттары жергілікті инфрақұрылымның дамуы, әлеуметтік қамтамасыз ету және т.б. мәселелермен айналысуға мәжбүр болды. Сөзсіз олардың сайлаушылары, оның ішінде кәсіподақтар, либерал-демократтардың сайлаушыларымен салыстырғанда идеология жағынан көп үгіттелген еді. Алайда идеологиялық сайлаушылар құрамының шектеулі болуы социалистер мен басқа партияларды жергілікті мүддені қорғауға итермеледі. Бұл өз тарапынан министрліктегі шенеуніктер мен бюрократияға шынайы түрде әсер ете алатын ЛДП депутаттармен диалог құруды қажет етті. 1972 ж. «біртұтас майданда, ең алдымен коммунистер мен социалистердің біртұтас әрекеттері негізінде сайланған демократиялық әкімшілік 5 префектурада, 49 қалада, 46 ауылда өмір сүрді» [158, 32 б.]. Тиімді қызмет атқару мен осындай билік органдарының қалыпты жұмыс жасауы бюрократия мен ЛДП-дан сайланған депутаттардың тығыз диалогына байланысты екенін айтып жатудың қажеті жоқ. XX ғ. 60-жылдары төменгі деңгейде оппозиционер депутаттар мен либерал демократтар арасында жасырын түрде жақындасу үдерісі басталды. Екінші жағынан оппозициялық бағытты ұстануды жалғастырған ЖСП ЛДП-

мен парламенттік ойынға кіруге мәжбүр болды. Т.Микидің кезінде ЛДП «оппозициямен диалог құру» бағытын ұстанды. Бұл жағдай ЛДП режимін сынға алуды әлсіретті. ЛДП-ның «диалогқа бару» тактикасында ЖСП оппозицияның ел саясатын анықтауға көбірек әсер ететін жаңа мүмкіндікті аңғарды [159, 29 б.].

Егер төменгі деңгейде социалист депутаттар мен либерал-демократтардың жақындасуы объективті сипатқа ие болса, белгілі бір кезеңде ЛДП өзінің билік тұтқаларын оппозициялық депуттарды өз жақтасына айналдыру үшін барлық амал-тәсілдерге баратынын жасырудың қажеті жоқ. Өкінішке орай біз бұл тақырыпқа байланысты жазбаша дәлел беретін дерек көздерін таба алмадық.

Сол шақта, XX ғ. 60-70 жж. екі бірдей бағытты векторлар қалыптаса бастады: ЛДП бақылайтын мемлекеттік органдарда социалистер өз сайлаушыларының мүддесін қамтамасыз ету мақсатында либерал-демократтарға жақындасуы және Екінші жағынан, ЛДП-ның социалистерді бар жүйеге біріктіруі, оның мақсаты партияның бағытына қарсылықты әлсірету және өздерінің саяси позицияларын нығайту [160, 32 б.].

XX ғ. 70-жылдардың ортасында осы екі векторға ЛДП саяси позицияларының әлсіреуі және оппозиция ықпалының өсуі қосылды. Парламентте бірнеше комитет төрағаларының орны оппозицияның қолына өтті. Ал 1976 ж. бастап Өкілдер палатасының төраға орынбасары ірі оппозициялық партия ЖСП-дан сайлана бастады. Бір қызығы, парламентте басым көпшілік орынға ие болып отырған ЛДП бұл тағайындауға қарсы бола алатынын ескеру қажет. Сонымен бірге, 1989 ж. Кеңесшілер палатасында көпшілік орынды иеленген оппозиция ЛДП-ның өкілін палата төрағасы етуге қарсы болған жоқ.

Осылайша жетпісінші жылдары ЖСП-ның елді басқару рөлінің өсуі бұл тек сайлаушылардың позицияларын күшейтудің объективті көрінісі ғана емес. Сірә, ЛДП да ЖСП-ның өз талаптарымен елді басқару жүйесіне бірігуіне мүдделі болса керек.

Жоғарыда аталған үрдістер 1994 ж. ЖСП-ның «кенеттен» ЛДП-ны қолдауына және онымен бірге коалиция құруға алып келді. Олар үкіметте кейбір орындарды алып билікке атсалысу үшін блок құруды мінезі ауыспалы және ойын болжау қиын И.Одзаваның басшылығымен көппартиялы коалиция құрудың орнына таңдады. Сонымен қатар, сыртқы және қорғаныс саясатында Одзаваның көзқарасы ЖСП ұстанымдарынан алыс болды, ал ымыраға бару жолының болмауы социалистерге әрекет ету өрісін тарылтқан еді.

Осы тұрғыда социалистер басшылығының бір бөлігі, оның ішінде, коалицияның белсенді жақтаушылары Т. Мураяма, К.Носака, К.Игараши, В.Кубо, Т.Мори - ең алдымен сайлаушылардың мүддесін қорғауды, содан кейін идеологиялық постулаттарды ұстануды көздеді.

Бұл нұсқа бойынша дәстүрлі қоғамның әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік психологиялық элементтерінің кең түрлеріне негізделген жапон саяси жүйесі консервативті-либералды депутаттар қабылдаған мінез-құлық типін жасап шығарды. Бұл өз кезегінде дәстүрлі

солшыл партия ЖСП-ның депутаттарының ЛДП-мен жақындасуына алып келді.

ЛДП өз қызметінде үш идеялық қағидатты алға қояды: *«адамның негізгі құқықтары мен абыройын құрметтеуге, сондай-ақ, қоғамда бостандықты қамтамасыз етуге негізделген либерализм»; «халыққа демократияшыл және ашық болу, халықпен бірге қажетті қоғамдық өзгерістерді жүзеге асыру»; «Жапонияның халықаралық бейбітшілікке, адамзаттың гүлденуіне және әлемдегі қоршаған ортаны қорғауға белсенді түрде қолдау көрсету»* [156, 6 б.].

Либерал-демократтар негізгі саяси және экономикалық мәселелер бойынша консервативті-либералды ұстанымдарды қолдайды. Партия Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ұзақ уақыт бойы билік басында болып келді. Оның арқасында Жапония саяси тұрақтылық пен экономикалық әл-ауқаттың жоғарғы деңгейіне қол жеткізді. Либерал-демократтардың ойы бойынша, елдің қазіргі даму кезінде жүріп жатқан реформалар жапон қоғамының негізгі әлеуметтік таптардың мүдделерінің балансы негізінде жүзеге асуы тиіс.

Бағдарламада елдің ұлттық мүддесін қорғауға маңызды орын беріліп отыр. ЛДП Жапонияның саяси және конституциялық құрылымы, қорғанысы, білім беру жүйесі мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру қажеттілігін алға тартады.

Сыртқы саясат саласында партия жапон-американ қауіпсіздік шартына арқа сүйеу, белсенді «азиялық дипломатияны» жүргізу, басқа елдермен бейбіт қарым-қатынастарды дамыту қағидаттарын қолдайды.

ЛДП-ның саяси платформасы келесі ережелерден тұрады:

Демократиялық қағидаттар негізінде жұмыс істей отырып, ЛДП мәдени және демократиялық қоғамды құру мақсатында ұлттық институттарды қайта құрумен айналысады.

Бейбітшілік пен бостандықтың жалпы мойындалған қағидаттарына сүйене отырып, ЛДП қызметі Жапонияның халықаралық саясатын үйлестіру мен түзету арқылы ұлттық егемендікті қамтамасыз етуге бағытталған;

Халықтың әл-ауқаты ЛДП-ның негізгі мақсаты екенін ескере отырып, ол жалпы әл-ауқат мемлекетініңсәтті құрылысын жүзеге асыру мақсатында халықтың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, жеке шығармашылық қабілеттер мен корпоративтік бостандықтың дамуына ықпал ететін жан-жақты экономикалық саясатты зерделеп енгізеді.

Сонымен бірге, ЛДП платформасы сол кездегі жапондықтардың сезімінің нақты көрінісі болды. ЛДП және жапон халқының күш-жігері нәтижесінде партия платформасының негізгі мақсаттары мен міндеттері жемісті түрде жүзеге асты. Партиялық бағдарламаның үшінші негізгі элементіне қосылған жеке шығармашылық қабілеттерді жүзеге асыру мақсаттары ұлттық экономикалық саясаттың негізі ретінде қызмет етуін жалғастырып отыр. Кейіннен ЛДП басшылығы партия платформасының мазмұнына кейбір өзгерістер енгізді.

Жаңа платформа әкімшілік, қаржы және саяси реформалар арқылы «кішкентай үкіметтерді» жүзеге асыруға, мемлекеттік реттеуді жою және

мемлекеттік билікті орталықсыздандыру (неолибералды өзгерістер) және «еркек пен әйел бірдей қатыса алатын» қоғамды құру сияқты «жаңа саясатты» жасауға үндеп отырды. Өзгерістер кезеңі және Жапония тұрғындарының өзгеріп отырған қажеттіліктермен сәйкес келетін осы жаңа платформаның мәні елдің саяси бағытын құру жөнінде негізгі ережелерді қалыптастырды.

Ендігі кезекте «Нұр Отан» партиясы үшін Жапониядағы билеуші партия тәжірибесін қолдану мәселесіне келетін болсақ, Қазақстанның шындығына қатысты айтылған бір жарым партиялық жүйе деген феномен, сарапшылар тарапынан 2006 жылдан бері, яғни - елдегі партиялық-саяси алаңда "Нұр Отан" партиясы доминантты субъект болып қалыптасуынан бастап қарастырыла басталды. Бір жарым партиялық жүйеге әдетте, "доминанттық партиялары" бар көп партиялық жүйелер жатқызылады. Олар, заңды түрде бекітілген көп партиялық бола тұра, қандай-да бір жетекші партияның үздіксіз немесе ұзақ уақыт бойы билік басында отыруынан көрінеді. Доминанттық партиялардың жарқын мысалы ретінде Үндістанның Ұлттық Конгресін айтуға болады (ҮҰК). Үндістанның тәуелсіздік алуы осы ҮҰК арқасында жүзеге асқан; сонымен қатар, Жапонияның Либеральды-демократиялық партиясы (ЛДП). ЛДП-ның басқару кезінде әйгілі «жапониялық экономикалық кереметке» қол жеткізілген. Жапониядағы «бір жарым партиялық жүйе» өзін мейлінше нәтижелі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы модель ретінде таныта білді.

Жалпыхалықтық бір ірі партияның басым болған саяси құрылыстың моделі Қазақстан сияқты өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған немесе бұрын сол кезеңнен өткен елдерге де, Сонымен қатар, демократиялық құрылысының көп жылдық тарихы бар Еуропа елдеріне де тән. Доминанттық партиялар өз елдерін желтілдіруде негізгі субектіге айналды, сөйте тұра олар, ауыр халдегі жүйелік дағдарыстан шығу арқылы жол көрсете білді. Тоталитарлық және авторитарлық сипаттағы бір партиялы құрылымдардан доминантты партиясы бар партиялық-саяси жүйенің айырмашылығы – онда демократиялық институттар мен шынайы көп партиялықтың болуында. Дегенмен, бұл жүйелердің қаншалықты дәрежеде демократиялы екендігі туралы бірыңғай пікір әлі күнге дейін қалыптасқан жоқ. Бір жағынан, Жапония және бірқатар мемлекеттер монопольді билеуші партиясы бар көп партиялық жүйенің артықшылығын көрсетіп берді. Екінші жағынан, Нидерландының, Данияның, Бельгияның, Австрияның және басқа да мемлекеттердің тұрақты саяси дамуының тәжірибесі доминантты партиясыз көп партиялықтың нәтижелігін дәлелдейді. Жалпы алғанда, бір жарым партиялық жүйе демократиялық көп партиялық жүйеге өтудің бастамасы ретінде қарастырылады.

Сонымен, доминантты партияның мынадай өзіне тән ерекшеліктерін атауға болады:

1) доминанттық партияның нығайтушы рөлі (аталған елдерде қоғамды жетілдіру ісіндегі маңызды реформаларды, жалпы алғанда, консервативтік ұстанымдағы саяси элита жүргізді. Алға қойған мақсатқа жету үшін олар түрлі әлеуметтік топтар мен мемлекеттің негізгі саяси күштерін біріктіре білді), соған

сәйкес, барлық саяси ынта әуел бастан билеуші элитаның қолында шоғырланған болатын;

2) доминанттық партия саяси шешімдерді қабылдаудың ең маңызды орталықтарының бірі болып есептеледі (атқарушы биліктің жалпы стратегиясын белгілеп береді);

3) заң шығарушылық істе монополияға ие;

4) саяси элитаны жұмылдырудың бірден-бір арнасы болып саналады;

5) билік басындағы элитаның түрлі топтары арасында мүдделерді үйлестіру механизмін қамтамасыз етеді;

6) ұйымдастырылуы жағынан айқын көрінетін фракциялық сипатқа ие.

Әлбетте, әр елде доминантты партияның қалыптасуының өзіндік жергілікті ерекшелігі бар, дегенмен, жалпы алғанда, түбегейлі өзгерістер байқалмайды. Партияның ішкі реформасына жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін, аталған елдердегі қазіргі саяси ахуалға сәйкес негізге ала отырып, олардың билеуші партияларының өз ішіндегі жаңғыртуларының тәжірибесін атап көрсету қажет. Бұл тәжірибе Қазақстандағы партиялық реформаның стратегиясын дайындау кезінде ескерілуі керек. Сол үшін Жапонияның билеуші саяси партиясының тәжірибесін қарастыру қажет.

Жапонияда «Жапонияның Либеральды-Демократиялық Партиясының феномені» деген атау қалыптасқан, яғни, Жапонияның Либеральды-Демократиялық Партиясының билік басында үздіксіз отыруының бірегей фактісі. 1955 жылы құрылтай съезінде құрылған ол, шамамен жарты ғасыр бойы елдегі доминанттық партия мәртебесін сақтап келеді. Билік төңірегінде партия аралық бәсекелестік жоқ жағдайда Жапония – бір партия үстем болған жүйенің қазіргі әлемдегі жарқын мысалы ретінде танылады. Саяси механизмде ЛДП-ның қызмет етуінің маңызды қыры – оның партиялық мүдделерінен туындайтын іс-әрекеті. ЛДП-ның бірнеше жылдық басқару барысында жиырма премьер-министр ауысқанымен, саяси жүйе де, негізгі саяси бағыт та өзгерусіз қалды, өйткені билік басында баяғы сол консервативтік-либералды ұстанымдағы элита тұрды. Тіпті, Жапонияның саясаттанушыларының өздері, жапондық демократияны «бағытталған демократия» деп сипаттады [161, 27 б.].

Жалпы алғанда, ЛДП мемлекетте партия вертикалінің барлық деңгейіне нәтижелі бақылау жүргізіп отыруды қамтамасыз ететін, орталықтандырылған бюрократтық әкімшілігі мен қатаң ішкі субординациясы бар кадрлық негізге құрылған күрделі құрылымның бар екенін көрсетеді.

Парламентпен әрекеттестік мехнизмдері

Ұйымдастырушылық-кадрлік механизм. ЛДП төрағасының қызметінің маңызды аспектісі – партияның парламенттік саясатына жетекшілік етуі болып саналады. ЛДП-ның парламенттік саясатын дайындау мен оны іске асыруға жауап беретін тұлғаларды – қос палатасының төрағасын, парламенттің ең маңызды комиссияларының төрағаларын, ЛДП әкімшілігіндегі парламент саясаты комитетінің жетекшілерін төраға өзі іріктеп алады. Соның арқасында, парламенттің барлық негізгі мансаптарында ЛДП-ның төрағасына берілген сенімді адамдар отыр. Айта кету керек, парламенттік комиссиялардың

әрқайсысы, парламенттегі үлесіне қарай түрлі партиялардың өкілдерінен құралған, шамамен 20-40 депутаттан тұрады. Сөйтіп, ЛДП-ның парламент жұмысын тұрақты бақылап тұруы қамтамасыз етіледі.

Парламентпен жұмыс істеуде партияның негізгі органы Жалпы сұрақтар кеңесі (Сэмукай) болып саналады. Оны жарғыға сай кең өкілеттелік берілген ЛДП-ның атқарушы немесе әкімшілдік кеңесі деп те жиі атайды. Атап айтқанда, сол кеңесте парламенттік сайлауға партия ұсынатын үміткерлердің тізімі жасалады. Формальды түрде ЛДП аппаратындағы шығарылатын шешімдердің барлығы, соның ішінде парламент саясаты бойынша, Кеңестің мақұлдауымен жүзеге асады. Бұның қасында конституция парламентті, басқарушы партия тарапынан құрылатын атқарушы билікке тәуелді етіп қояды.

Үкіметпен әрекеттестік механизмдері.

Ұйымдастырушылық-кадрлік механизм. Жапонияға тән құбылыс – атқарушы билік пен басқарушы партияның арасындағы ықпалдасуы жоғарғы дәрежеде. Партия тарапынан үкіметті қадағалау бірқатар тиімді мехнизмдермен жүзеге асырылады. Конституцияға сәйкес, министрлердің жартысынан кем емес бөлігі парламент депутаттары болуы керек. Бірақ, министрлердің жартысы емес – барлығы немесе басым көпшілігі парламент депутаттары. Сонымен қатар, үкімет мүшелері парламентте дауыс беру құқығына ие. Үкімет басшысы парламенттің ұсынуымен императормен тағайындалады. Жапонияда қалыптасқан тәжірибеге сай, парламенттік көпшілік партиясының лидері үкімет басшысы болады, яғни, ЛДП-ның төрағасы автоматты түрде атқарушы биліктің басында тұрады.

Конституция мен «Министрлер кабинеті туралы» заң – үкіметтің парламент алдындағы ұжымдық жаупкершілік қағидасын жария етеді. Бірақ іс жүзінде үкіметтің парламент алдындағы жаупкершілігі орындалмайды.

Үкіметтегі партиялық тәртіп механизмі. Парламент тарапынан сайланатын премьер-министр – парламенттегі көп орынға ие басқарушы партияның лидері. Партиялық тәртіп – басқарушы партияның депутаттарына өздерінің партиялық лидеріне бағынғандай, премьер-министрге бағынуды және министрлер кабинетінің ұсыныстары мен шешімдеріне дауыс беруді міндеттейді. Іс жүзінде үкіметті парламенттік көпшілік басқармайды, керісінше, басқарушы партияның жетекшілері арқылы үкімет парламенттік көпшілікке басшылық етеді. Осы себептен ЛДП заң шығарушы бастаманың негізгі көзі болып саналады. Аталған партия заң жобаларын, соның ішінде бюджет жобасын дайындап, үкімет арқылы парламенттің талқылауына ұсынады.

Партияның «ми орталығы» арқылы үкімет саясатының құрылу механизмі. ЛДП аппаратында маңызды саяси шешімдерді қабылдау процесінің негізгі бөлігі партияның «ми орталығы» – Саяси мәселелерді зерделеу кеңесі (Сэйму тёсакай) болып саналады. Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, үкіметтің парламент талқылауына ұсынатын заң жобаларының барлығы – Саяси мәселелерді зерделеу кеңесінің талқылауы мен мақұлдауына дейін жарамсыз болып саналады. Кеңес бюджет туралы заң жобасының жасалуында маңызды рөл

атқарады, ал оны ұсыну үкіметтің құзырында. Қалыптасқан тәжірибеге сай, жыл сайын министрліктер мен мекемелердің бюджеттік өтінімдері Кеңестің тиісті бөлімдерінде алдын-ала тыңдаудан өтіп, содан кейін, бюджеттің жағдайына жауап беретін, қаржы министрлігіне түседі.

Кеңес ЛДП-ның Жалпы мәселелер кеңесінде және министрлер кабинетінің отырысында бюджеттік саясаттың негізгі бағыттарын құрып береді, содан кейін қаржы министрлігі дайындаған жобамен үйлестіреді.

Жергілікті өкілетті органдармен әрекеттестік механизмдері

Сайлау механизмі. Жергілікті өкілетті органдар қатарындағы басым көпшілікті әдетте, ЛДП-ның жақтастары құрайды. Жергілікті атқарушы органдардың (қалалардың әкімдері және префектуралардың басшылары) сайлауына өзін-өзі ұсынушылармен қатар, түрлі партиялардың өкілдері де қатысады. Аталған сайлауда әдетте, ЛДП-ның немесе Жапонияның Демократиялық партиясының өкілдері басым түсіп отырады.

Жергілікті өкілетті органдардағы партиялық тәртіптің механизмдері. Жапондық саясатқа тән субординацияның жоғары дәрежесі – жергілікті өкілетті және атқарушы органдардағы партия мүшелерінің ЛДП-ның орталық органдарының шешімдерін мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді.

Орталық үкімет арқылы экономикалық әсер ету механизмі. Жергілікті өкілетті органдарда ЛДП-ның басымдығының себебі – аймақтардың, әсіресе селолық аудандардың тұрғындарының, үкіметтік дотациядан барынша тәуелді болуында. Өз кезегінде, ЛДП жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүдделері мен мұқтаждарын ескере отырып үкіметтің аймақтық саясатын қалыптастырады.

ЛДП-ның өкімет басында отыруының 50 жылға жуық кезеңін сараптай келе, оның ұзақ уақыт бойы билік басында болуы – мемлекет пен ұлттық ірі бизнес арасында үйлесімді әрекет етуге мүмкіндік туғызғанын көруге болады. Соның негізінде экономикалық және әлеуметтік салалардың ұзақ мерзімді стратегиясы дайындалды. ЛДП-ның басшылығы отандық ірі корпорацияларды елдің дамуының маңызды факторы ретінде қарастырады, сондықтан барлық консервативтік кабинеттердің саясаты жапондық монополиялардың орнын ел ішінде де, шет елде де нығайтуға бағытталған.

Бір партиялық үкімет құру үшін ЛДП тұрақты түрде жеткілікті дауыс алып отырады. Сонымен бірге, жапондық қоғам, жалпы алғанда, плюралистік болып саналады, себебі онда түрлі саяси партиялар мен бірлестіктер әрекет етеді, және де әрбір саяси күш өзінің тетігін тапқан. Жалпы алғанда, әлі күнге дейін доминанттық партия моделі әрекет етіп келе жатқан Жапонияның тәжірибесі үлгі болуға әбден тұрарлық.

Бұл тәжірибенің біразымен санасуға болады, бірақ бір жарым партиялық жүйенің мысалы көрсеткендей, әлі қосымша жағдайлар қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жұмылдыру және біріктіру ресурстарының едәуір бөлігі айқын идеологиялық негізге орныққан доминантты партиялардың еншісінде. Қазақстанның партиялық-саяси кеңістігінде «Нұр Отан» партиясы басым тұр. Қазіргі кезде бұл саны жағынан

ең үлкен, жетілген құрылымы бар партия. Аталған партия соңғы сайлаудың нәтижесінде ҚР Парламенті Мәжілісінің барлық орнына ие болды. Бұл оған мемлектеттің даму бағытын жеке өзі жасауына мүмкіндік береді. Осы орайда, «Нұр Отан» партиясы мұнан былайғы уақытта да жалпыхалықтық партия боуы үшін идеолгиялық негіздер туралы мәселеге оралған жөн. Сөз, ең алдымен, нақты, барлығына айқын және халықтың көпшілігімен қабылданған, қазақстандық қоғамның алдында тұрған міндеттерді орындауға қоғамдық күштердің барлығын жұмылдыра алатын идеология туралы болып отыр. Сонымен бірге, саяси жүйенің халықтың әлеуметтік сұраныстары мен мұң-мұқтажын қаншалықты дәрежеде ескеретіндігі – басқарушы партияның тиімділігіне баға берудің негізі. Келтірілген тәжірибенің Қазақстан үшін мынадай оң тұстары бар:

Біріншіден, доминантты партиясы бар жүйе ұстанған бағыттың тұрақтылығын ұзақ уақыт бойы қамтамасыз етеді.

Екіншіден, халықты жұмылдыра отырып реформаларды жүргізуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, басым тұрған саяси актор билікті қолдайтын элиталарды (басқарушы, экономикалық, зияткерлік) белгілі бір саяси бүтінге біріктіреді.

Төртіншіден, доминантты партиясы бар жүйеде партиялардың саяси ресурстарының ірі корпорациялардың қаржылары мен аймақтардағы басқару жүйелерінен бөлінуі орын алады.

Бесіншіден, доминантты партия жоғары маманданған партия қайраткерлері мен мемлекеттік басшылардың кадрлық қоры бола алады.

Сонымен бірге, ЛДП-ның доминантты партия үстемдігін құру үшін келесі құралдарды пайдалануы біздегі доминантты партия жүйесін құруға оң әсерін тигізеді. Олар: а) электоралды технологияларды тиімді пайдалану, яғни, жапон сайлаушыларына дербес бағытталу, сайлау науқанындағы жауапкершілікті жеке кандидаттар деңгейіне беру (ЛДП функциясын «партия-франшиза» ретінде қолдану); ә) ауылдық және шағын қалаларда «сенімді дауыстарға» сүйену және «қолдау көрсету қоғамдары» арқылы оларды жұмылдыру; урбандалған аймақтарда орта тапқа сүйену, түрлі кәсіби, корпоративті, жанкүйерлік, жергілікті және басқа құрылымдар арқылы оны жұмылдыру, осы құрылымдарды клиенттік саясат саласына тарту. ЛДП-дан сайланған парламенттің ықпалды депутаттарының лоббилік мүмкіндіктері «дауыс жинау» сияқты желілік құрылымдарын күшейтуге артықшылық беріп, ЛДП-ның электоралды негізін нығайтуға түрткі болды. Ішкі партиялық демократияны қолдау және ой-пікірлер плюрализмі, фракциялар арасындағы күштер балансы негізінде ымыраға келу, партияның бөлінуіне жол бермеу де ЛДП-ның тағы бір маңызды құралы болатын. Партиялық фракциялардың жеткілікті қаржылық және ұйымдастыру ресурстары болып, олар бәсекелесуші фракция басшыларын сынға алғаны үшін қудалаудан қорғайтын автономиялық мүмкіндіктерін қолданды.

Сонымен қатар, ЛДП өзіне қарсы оппозициялық күштердің бірігуіне жол бермеуге талпынып, олардың арасында іріткі салып отыруға күш салды.

Басшыларды алмастыру механизмдері ЛДП-ның билігін сақтап қалудың тағы бір маңызды әдісі болып есептелді.

Жоғарыда аталған жапон тәжірибесін талдап, аталмыш тәжірибе Қазақстанда осыған ұқсас партиялық-саяси кеңістікті құруда тиімді болуы мүмкін, себебі партиялық жүйенің мұндай моделі транзиттік кезеңде анағұрлым тұрақтылығымен және қарқындылығымен ерекшеленеді.

3.3 Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің жаңғыру үдерістерін жетілдіруде Жапония тәжірибесінің маңызды қырларын тұжырымдау

Қазақстандағы мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасу ерекшелігі. Мемлекеттік қызметке қызметкерлердің өздерінің міндеттерін мемлекеттік ұйымдарда, мемлекеттік үкімет органдарында, кәсіпорындарда, мекемелерде, өзге де ұйымдарда атқаруы жатады. Түйіндеп айтатын болса, бұл қызметшілердің өздерінің міндеттерін тек мемлекеттік органдардағы атқару қызметі. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі заңында мемлекеттік қызметтің ұғымы қысаң мағынада берілген. Онда мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі. Аталған заң – мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың қалыптасуы үшін құқықтық негіз болған бірден бір құқықтық акт. Заң «мемлекеттік лауазымның ұғымын пайдалануға енгізді, мемлекеттік қызметшілер лауазымдарын топтар мен санаттарға бөлуді белгіледі, мемлекеттік қызмет пен мелекеттік қызметшінің ұғымын айқындады, мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайының негізін, мемлекеттік қызметті өткеру тәртібін белгіледі және мемлекеттік қызмет қатынастармен байланысты бірнеше өзге де мәселелерді реттейді. Мемлекеттік қызметтің құқықтық негізіне Конституция, жоғарыдағы аталған Заң, республиканың өзгеде нормативтік – құқықтық актілері жатады. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңмен реттелмеген мемлекеттік қызметпен байланысты қатынастар республиканың Еңбек туралы заңдар кодексімен және де заңнамалармен реттеледі. Соңғы он жылдың бедерінде Қазақстанда мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру бағытында жүргізіліп жатқан реформалар, дамыған мемлекеттердің кадрларды басқару тәжірибесін саралаудың өзектілігін арттыруда. Оған қоса Елбасымыздың Жолдауында Қазақстанның әлемдегі дамыған және бәсекеге қабілетті ең алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарына қосылу қажеттігін алдымызға мақсат етіп белгіленді. Демек, Қазақстанды алда әлеуметтік-экономикалық және саяси-демократиялық жандандырудың жаңа дәуірі күтіп тұр. Басқарудың мемлекеттік әкімшілік жүйесі дамыған елдерде олардың мемлекеттік қызмет институттарын ұтымды ұйымдастырумен, шенеуніктердің кәсіпқойлығы мен құзіреттілігі және көп жағдайларда олардың қызметін бақылаудың дұрыс жолға қойылғандығымен айқындалады. Сондықтан Қазақстан үшін басқару саласында едәуір нәтижелерге қол жеткізген АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция, Жапония сияқты мемлекеттердің тәжірибесі ерекше қызығушылық танытады. Дамыған

елдердің мемлекеттік басқару саласында, кадр әлеуетін басқару мемлекеттік басқару теориясында да іс жүзінде басым бағыт болып саналады. Мемлекеттік қызметті реттейтін заңнамалар экономикада, саясатта және әлеуметтік салада болатын ауытқулардың әсерінен өзгерістерге ұшырап, толықтырылып отырады. АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Францияда заманауи мемлекеттік қызметтің негізі мәселен бізден бір ғасырдан астам уақыт бұрын қаланған. Бұл барлық дамыған елдерде мемлекеттік қызметтің іргетасының қаланып, керегесін тіктеу процесінің ұзақ уақыттар бойы жүретіндігін көрсетеді. Шетелдерде мемлекеттік қызметпен және кадр саясатымен айналысатын, шенеуніктердің жұмысын қадағалайтын, үміткерлерге іріктеу жүргізетін олардың кәсіби деңгейі мен қызмет ету нәтижесін бағалайтын арнайы құрылым айналысады. Дамыған мемлекеттердің кадр қызметтері өз қызметінде ұйымдағы басқару тәсілі, жұмысшылардың біліктілігі, олардың тәртібі, жаңалық пен өзгерістерге әсерін ұдайы талдап, зерттеп, жетілдіріп отырады. Заңдармен айқындалған, қатаң сақталатын іріктеу, көтермелеу және шенеуніктерді жазалау процедуралары мемлекеттік басқарудың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекеттік қызметшілермен жұмыс істеу жүйесі: лауазымдық міндеттерін сапалы атқаруы, персоналдың шұғыл шешім қабылдай білуі, кәсіптік деңгейі сияқты көрсеткіштермен бағаланады. Халықаралық тәжірибені саралау нәтижесі негізінен әлемде екі анық белгіленген мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасқандығын көрсетеді – бірі мансаптық жүйе – Германия, Жапония, Австрия елдерінде қалыптасса, келесісі позициялық модель – Ұлыбритания, АҚШ, Канада елдерінде қалыптасқан. Мансаптық жүйенің елеулі ерекшеліктері болып – мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеу арқылы ең төменгі лауазымға орналасудан бастауы, қызметке өмір бойына тағайындалуы (саяси қызметтен басқасына), ішінара қызметте мансаптық өсу, мамандарды мақсатты оқыту, кәсіпқойлықтың жоғарғы деңгейі, сақтанымпаздық және бюрократтық иерархия элементтерімен қамтылғандығы саналады. Позициялық жүйеде – қызметке орналасу және кез келген қызметке көтерілу конкурстық іріктеу арқылы жүргізіледі (саяси қызметтен басқасы), мұнда едәуір ықшамдылық, қызметке жеке сектордағыдай келісімшарт арқылы алу, карьерада тұрақсыздық элементтері басым. Екі жүйеде де олардың белгілі бір ауытқуларына қарамастан олардың тиімділігін қамтамасыз ететін бірқатар шарттарында ұқсастық бар. Бұл мемлекеттік қызметшілердің саяси және әкімшілік деп бөлінуі, саяси процестердің мемлекеттік аппараттың кадр құрамына әсерінің шектеулілігі, сонымен қатар мемлекеттік билік органына кәсіпқойларды тартуға кепілдік беретін қызметке орналасудағы іріктеу. Шетелдердің мемлекеттік қызметшілерінің корпусын қалыптастыруы мәселесіне үңілсек, АҚШ, Германия, Жапония, Франция елдерінде – жас элита мамандарды мақсатты бағытталған тәрбиелеу жолымен қалыптастыратындығын аңғартады. Болашақ шенеуніктерді дайындау, мемлекеттік аппараттың түрлі құрылымдарында олардың қызметіне баға беріле отырып, үздіксіз тәжірибе алмасудан өтетіндігімен ерекшеленеді. Мәселен, Германияда үміткер іріктеу емтиханынан өткеннен соң Екінші рет емтихан

тапсырады. Одан кейін орта деңгейдегі басшылық лауазымда үш жылдық сынақ қызметін атқарады, егер де оның қызметіне оң баға берілсе, онда басшылық лауазымды тұрақты негізде атқаруға есепке алынады. Францияда қызметке іріктеу жүргізу конкурс емтиханын тапсыру барысында байқалатын бір ғана критерий: жүктелген міндетті орындай алу қабілетіне сәйкестігі негізінде бағаланады. Конкурс жазбаша және ауызша емтиханнан тұрады, нәтижесінде үміткердің мәдениеті, білімі, өз ойларын логикалық тұрғыдан жеткізе білуі сараланады. Конкурстық комиссия мүлтіксіз адал құзыретті мамандардан жасақталады және әкімшіліктің ешқандай әсері болмайды. Жапонияның мемлекеттік қызметшілерінің кадр әлеуетін пайдалану тәсілі тиімді және өзіндік ерекшелігі бөлек. Жапонияның мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі: өмір бойы жалдау, кадр ротациясы, жұмыс орнында оқыту, еңбекақы, т.с.с. басты өлшемдерді қолдану арқылы мемлекеттік қызметшілердің жоғары кәсіпқойлығына, икемділігіне және олардың жауаптылығына қол жеткізуінде. Мұндағы әрбір өлшем бір-бірін толықтыра отырып, қызмет атқарудың шарттары мен негізі болады. Нәтижесінде еңбек ынталандырылуы артып, жоғары әлеуетті шенеуніктерді даярлауды қамтамасыз ететін және олардың шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін арттыратын орта қалыптасады. Реформалауда озық нәтижеге қол жеткізген елдердегі мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жалпы деңгейі жеке сектордағы бірдей еңбекке сәйкес еңбекақы төлеу қағидасы болып саналады. Бұл қағидаға сүйену шенеуніктерге абыройлы өмір сүру деңгейін қамтамасыз етіп, мемлекеттік аппаратта кәсіби мамандардың тұрақты қызмет атқаруына ықпал етеді. Мәселен, Жапонияда персонал ісі жөніндегі басқарма жыл сайын мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы деңгейін өндірістік сектордағы жұмысшылардың еңбекақысымен салыстырып, зерттеп отырады. Шетелдердегі мемлекеттік қызметшілерді даярлау және біліктілігін арттыру мәселесіне келсек, көп жағдайда оларды үздіксіз оқыту дәйекті, қатал және тиімді жүйені сипаттайды. Оқытудың жалпы бағыты білімді беру ғана емес, әрбір шенеуніктің нақты қызмет дәрежесіне сәйкес ойлау қабілеті, машықтары, құзыреттілігі және тәртібіне байланысты болады. Осыған сәйкес біліктілікті арттыру мерзімінің басым көп уақыты нақты тәжірибемен танысуға,оқытудың белсенді тәсілдеріне жұмсалады. Бүгінгі күні еліміздің мемлекеттік қызметі қарқынды дамуда. Әрине, техникалық және экономикалық прогрестің өсуіне сәйкес оның ұйымдастырушылық тетіктерінің де дами түсетіндігі заңды құбылыс. Қазақстанда мемлекеттік қызметтің қалыптасуы салыстырмалы түрде алғанда соңғы 20 жылдың бедерінде ғана басталды, дегенмен де ол серпінді дамып, қарқын алып келеді [162]. Демек, бәсекеге қабілетті ең үздік 50 мемлекеттің қатарына ену үшін Қазақстанда заманауи мемлекеттік қызметшілердің корпусын басқарудың тиімді моделін жасауда әлемдік тәжірибелерді, әсіресе, Жапонияның мемлекеттік қызмет жүйесін саралаудың маңызы өте зор және аса қажет деп санаймыз.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметті реформалау Жапонияның қоғамдық және саяси өміріне әсер ететін ірі әлеуметтік процестердің бірі болып саналады.

Жапон мемлекеттік қызметі әлеуметтік институт ретінде оны қоршап отырған әлеуметтік ортамен өзара әрекеттестікте тұр. Бұл өзара әрекеттесуге жапон қоғамының тарихи даму кезеңдері ықпал етті.

Әлеуметтік ұйым тұрғысынан жапон қоғамы күшті орталық билік жағдайында дамыды (мұның алғашқы жапон заңдары: 17 баптан тұратын Шетоку Тайши заңы, 604 жыл және Тайхо заңдар жинағы, 702 жыл). XX ғасырдың 40-жылдардың соңы мен 50-жылдардың ортасында қазіргі мемлекеттік қызметі қалыптасқаннан кейін Жапония экономиканың соғыстан кейін қалпына келу кезеңін, XX ғасырдың 50-жылдардың ортасынан бастап 70-жылдардың ортасына дейін жоғары экономикалық өсу кезеңін, 1974 жылдан бастап XX ғ. 90 жылдарының басына дейін тұрақты экономикалық өсу кезеңін бастан кешірді. Осы кездегі мемлекеттік қызметтің әлеуметтік рөлі негізгі мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыруға қатысты жапон қоғамындағы сөзсіз ымыраға келуге негізделді. Осының нәтижесінде ақпараттық, кеңес беру, реттеу және тағы басқа мемлекеттік қызметтің маңызды әлеуметтік функциялары қалыптасты.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапония мемлекеттік-аумақтық ұйымдастыру жағынан орталық үкіметтің функциялары аймақтық бағдарламалармен шектелді. Ол бойынша мемлекеттік құрылымдар префектураларға өкім беру құқығынан айырылып, мемлекет оларға хабарландыру немесе кеңес бере алды. Азаматтарға префектура әкімшілігінің бұйрықтары мен жарлықтарын өзгерте алды немесе олардан бас тарта алды, облыстық билік басшысын алып тастай немесе барлық билік құрылымдарын тарата алды, шағымдар бере алды және қаржының қолданылуын сот арқылы тексере алды. А.И. Илышевтің мәлімдеуі бойынша, әкімшілік мемлекеттік басқару процесі «мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арасындағы қатынастарда жаңа балансты іздестіруге» бағытталды [163, 4 бет].

Жапонияның мемлекеттік қызметінің негізгі сипаттарын қарастыру барысында Цунэо Инако, Л.М. Гудошников, А.Н. Козырин, И.А. Латышев, В.Н.Еремин, А.А.Макаров және тағы басқа шығыстанушы ғалымдардың негізгі еңбектеріне жүгіну қажет [164-165, 167-169].

Жапониядағы мемлекеттік қызмет мызғымас бір құрылым болып есептелмейді. Мемлекеттік қызметшілер категориясына шенеуніктер, мемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекеттік теміржолдарда жұмыс істейтін адамдар, теледидар, мемлекеттік оқу орындарының қызметшілері, әскери және полиция қызметшілері кіреді.

Қазіргі кезде шенеуніктердің соғысқа дейінгі Жапония бюрократиясы арасында көп ұқсас тұстар кездеседі: мемлекеттік қызметші мансабының беделі, кәсіби даярлық жүйесі, жоғарғы және қатардағы шенеуніктер мәртебесінің айырмашылықтары, жұмыстан кеткеннен кейін саясат саласына жоғары қатардағы шенеуніктердің өтуі. Әлбетте, соғыстан кейінгі жылдары мемлекеттік қызметшілерде билікке күрес жүргізетін бәсекелестері азайды. Егер 1955 жылға дейін (либералды-демократиялық партияның құрылуы) Жапонияда бюрократия басқарса, қазіргі таңда либералды-демократиялық

партия күшті бәсекелес болғанымен, партия ішіндегі фракциялық күрес жалпыұлттық деңгейдегі саяси күресті байқатуда. Егер соғысқа дейінгі кезеңде императорға және оның үкіметіне адалдық шешуші фактор болса, қазіргі кезде мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы жұмыстан босағаннан кейінгі болашақ жұмысы және зейнетке шыққаннан кейін өз мансабын құру уәжі (заңмен аса төменгі жас цензі белгіленген) келтіріледі.

Бұл ретте, жақын келешекте қазіргі Жапония алдында тұрған көп мәселелерді шешу мемлекеттік аппараттың үлкеюіне түрткі болады. Өйткені, 1947 жылғы Мемлекеттік қызметші туралы заңға сәйкес мемлекеттік қызметші «қоғамдық мүдде үшін жұмыс істеп, қызметтік міндеттерін атқарған кезде барлық күш-жігерін осы мүддені жүзеге асыруға жұмсауы қажет» [165, 136 б.]. Профессор А.Н. Козыриннің айтуы бойынша кейінгі бірнеше өзгертулер мен толықтыруларды мемлекеттік қызметтің құқықтық реттеу негіздерімен байланысты [166, 165 б.].

Заңға сәйкес конкурстық емтихандар негізінде мемлекеттік қызметке тағайындалады. 1947 жылғы Мемлекеттік қызметші туралы заңдағы нақтылаулармен бірге Жапония Конституциясының 14 және 15 баптары жапон азаматтарының мемлекеттік қызметке орналасу теңдігін анықтайды [167, 18 б.]. Заңның 33-бабында мемлекеттік қызметке үміткердің сіңірген еңбегіне, оның кәсіби даярлығына, іскерлік қасиеттеріне сәйкес мемлекеттік қызметке қабылданады деп көрсетілген [168, 137 б.].

Қызметкерлер істері жөніндегі кеңеске емтихандарды өткізу жұмысы тапсырылса, Қызметкерлерді алу басқармасында арнайы емтихан бөлімі және төрт емтихан қабылдаушылар бар. Кеңес алғаш келгендерде қосымша талаптар енгізіп, кәсібін жоғарлатушыларға емтихан қабылдаушылар санын азайтып, бұрынғы қызмет нәтижелерін басшылыққа алады.

Мемлекеттік қызметке алғаш рет түсетіндер үш жеке топ бойынша емтихан тапсырады: жоғары оқу орнын бітіргендер; жоғары оқу орнын бітірмегендер, орта оқу орнын бітіру туралы дипломы бар адамдар. Жапон бюрократиялық элитаның көп бөлігі Токио университетінің заң факультетінің түлектерінен қалыптасады.

Жапон азаматтары ғана емтихан тапсыра алады. Кейбір ерекше мемлекеттік қызмет түрлеріне қатысты белгілі бір шектеулер қарастырылуы мүмкін. Мысалы, Сыртқы істер министрлігіне мемлекеттік қызметке тапсырушылар шетелдік азаматпен неке құра алмайды. Мансап құратын мемлекеттік қызметкерлер 28 жастан төмен үміткер болуы тиіс.

Конкурстық емтихандар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Емтихандардың мазмұны көп мемлекеттік мекемелер үшін бірдей. Мәнсап құратын дипломаттардың емтихандар тізімі қызығушылық тудырады. Мысалы, маусым айында олар: Жапония Конституциясы, дипломатия тарихы, халықаралық құқық, шет тілі, экономикалық теория пәндері бойынша жазбаша емтихандар тапсырады. Сонымен бірге, ізденуші өзінің таңдауы бойынша әкімшілік немесе жеке құқық, сондай-ақ, ақша-қаржы қатынастары теориясы мен практикасының бір тарауын тапсырады. Үміткерлердің түрлі ой-пікірлерін

тез қабылдау, өз ойын қорғау, жеке пайымдауларын дәлелдеу қабілетін анықтау үшін ол топтық пікірталас түрінде «жалпы емтиханнан» өтеді [169, 166 б.]. Жинаған балдары емтихан парағына жазылып, бір жыл бойы өз күшін сақтайды.

Лауазыммен көтерілуге үміткерлер де конкурстық емтихандар тапсырады. Мемлекеттік қызметшілер туралы заңның 37-бабына сәйкес әр мемлекеттік қызметшіге лауазыммен көтерілу құқығы әрқайсысына бірдей болғанымен, Қызметкерлер істері жөніндегі кеңес үміткерлерге тиісті лауазымға қосымша шектеулер ұсынып, емтихандардың орнына бұрынғы қызметінің нәтижесін ескеріп лауазымға тағайындайды. Мұндай емтихандар барлық қалайтындарға жыл сайын өткізіліп, конкурс өте жоғары болады.

Емтиханды сәтті тапсырғанымен үміткер лауазымға бірден тағайындалмайды. Тиісті министрлік немесе ведомство емтихан тапсырғандар арасынан үміткерде тағайындау құқығына иеленеді. Сонымен қатар, сынақ мерзімі (ең кемі алты ай) қарастырылады. Содан кейін оң нәтижелер кезінде ресми тағайындау жүзеге асады.

Кадр құрылымдарына мемлекеттік қызметшінің іскерлік қасиеттерін тұрақты зерттеу, қызмет бабымен көтерілу негіздері ретінде өндірістік өтілін есепке алу істері белгіленеді. Тікелей басшының (Мысалы, қызметші жұмысын жыл сайын зерттеу нәтижесі бойынша министрліктің бөлім меңгерушісі) тиісті қорытындысы (баяндамасы) тиісті департамент директорына бекітуге жіберіледі. Баяндама белгіленген форма бойынша құрастырылып, екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде икемді әрі жылдам іс қағаздарын жүргізу, бастамашылдық, ұқыптылық, адалдық, ұжымдағы өзара қатынастар үшін «өте жақсы» немесе «қанағаттанарлық» деген баға қойылады. Екінші бөлімде бастықтан бағынышты адамға келіп түскен жалпы ескертулер болады. Сонымен бірге, министрліктің кадр бөлімі жыл сайын барлық департаменттерге қызметшінің елеулі жетістіктерін тіркейтін «жетістіктер карталарын» жібереді. Қызметін жоғарлатудан бас тартқан жағдайда мемлекеттік қызметшілер мұндай шешімді Қызметкерлер істері жөніндегі кеңесте және Шағым-арыз жөніндегі бірлескен кеңесте шағым беруге құқылы.

Қызметкер мен тиісті кәсіподақ аппеляция бергеннің өзінде тәртіптік жаза өз күшін сақтайды. Әлбетте, тәртіптік жаза қызметін жоғарлату шешіміне, айлықты өсіруге, «жақсы қызметі үшін» үстеме ақы алуына әсер етеді. Тәртіптік жаза туралы жазба әрдайым қызметкердің жеке ісінде болады [170-172].

Мемлекеттік қызметшілер саны шегінен тыс көбейіп кетпес үшін тиісті жұмыс уақытын арттыру мәселесі қарастырылады. Экономикалық жоспарлау басқармасының деректеріне сәйкес, шенеуніктердің көп бөлігі жылына бір реттік тиісті 15 күндік демалыс күндерін пайдалана алмайды. Сонымен бірге, А. Илышевтің мәлімдеуі бойынша Жапония мемлекеттік қызметкерлер жалақысы деңгейі бойынша әлемде алдыңғы орындарда тұр [163, 8 б.]. Жұмыстан босатылатын мемлекеттік қызметкерлердің, олардың әлеуметтік

қамсыздандыруы барынша қарастырылған. Осындай жағдайлардың ескерілуі мемлекеттік қызметкерлер санатын қоғамдағы мемлекеттің қорғауға алып отыр.

Жапониядағы мемлекеттік қызметтің реттеу функциясы тәжірибесі. Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметтің рөлі мен оны жүзеге асыру салаларының едәуір кеңеюіне, оның әлеуметтік құрамдас бөлігінің нығаюына қазіргі кезеңде мемлекеттің даму ерекшеліктері, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланыстардың күрделенуі, қазіргі мемлекет пен қоғамда ақпараттық алмасу рөлі мен маңыздың артуы сияқты факторлар әсер етеді.

Жапония мемлекеттік басқаруы мен саясаты ақпараттық факторға негізделген мемлекет болып саналады. Ол ақпараттық индустрия жобаларын зерттеуде, әзірлеуде және жүзеге асыруда алдыңғы қатарлы орындарда тұр. Аумағы, табиғи ресурстары мен азық-түлік өнімдері аз Жапония үшін ақпараттық алмасу азық-түлік және энергетикалық ресурстармен салыстырылатын жаңа ресурс, сондай-ақ, қоғамды ұйымдастыру мен әлеуметтік процестерді басқару құралы ретінде тарала бастады.

Жоғарыда айтылған негіздер мемлекеттік жүйенің ұйымдастырылуына және мемлекеттік қызметтің құрылуына елеулі әсерін тигізді және технополис сияқты мемлекеттік жобалардың пайда болуын қамтамасыз етті.

Жапон мемлекеттік аппаратының қоғамға ықпал етуі мен оның қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін өзара әрекеттің ерекше формалары, қоғамда тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтап отыру, сондай-ақ, қоғамдық өзгерістердің бірқалыпты өтуі зерттеу объектісі болып саналады. Әкімшілік-мемлекеттік басқару бойынша заңды түрде рәсімделген шаралармен тығыз байланыста болса да, мемлекеттік аппараттың жапон қоғамына осындай ықпалы бейресми сипатқа ие.

Жалпы мемлекеттік қызметті жүзеге асыру мен әр нақты жағдайда мемлекеттік қызметші атқаратын нақты іс-қимылдар қоғамға белгілі бір игілік әкелуі қажет. Мемлекеттік қызмет іс-шараларынан алынатын нақты әсер қоғамда, әлеуметтік топтармен сезіледі және осы іс-шараларға жауап ретінде көрініс табады.

Қоғамдық процестерді үйлестіруші ретіндегі мемлекеттік қызметтің әлеуметтік рөлінің болуына байланысты ол басқа әлеуметтік топтармен салыстырғанда қоғамда жетекші орындардың біріне ие. Әлеуметтік материалды өңдеу негізінде мемлекеттік қызметтің келесі әлеуметтік функцияларын атап өтуге болады: ақпараттық, кеңес беру, реттеу, жобалық-нормативтік, реформа жасаушы.

Жапониядағы мемлекеттік қызметтің реттеу функциясы мемлекеттік қызметтің мемлекет пен қоғам арасында делдал ретіндегі әлеуметтік рөлінен туындайды. Мемлекеттік қызметтің реттеу рөлі атап айтқанда мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы өзара іс-қимылдарды ұйымдастырудан көрініс табады. Жапонияның мемлекеттік қызметінің нақты әлеуметтік топтармен, ең алдымен, әлеуметтік элиталармен қатынастары мемлекеттік қызметтің реттеу функциясын жүзеге асыруда маңызы зор.

Сонымен бірге, әкімшілік басқаруды экономикалық және әлеуметтік процестерді бағдарламалау қызметімен байланыстырады. Сарапшылардың айтуы бойынша, экономика, сауда және өнеркәсіп министрлігі «әкімшілік басқарудың» ең үлкен тәжірибесін қолданады. Бағдарламалау екі үлкен категорияға бөлінуі мүмкін: жеке салалар үшін және ұлттық өндірістік құрылым үшін. «Әкімшілік басқару» тәжірибесін қолдана отырып, салалық бөлімдер қамқорлығындағы кәсіпорындарға едәуір ықпал етеді. Бөлімдер жалпы сала мен оның негізгі компоненттерінің қажетті көлемін анықтайды. Олар тиімді өндіріске қажетті ең аз кәсіпорындар мөлшерін, қоршаған ортаны ластайтын заттардан қорғау дәрежесін және т.б. белгілейді. Салалық бөлімдердің келісім беруі жаңа зауыттардың құрылысы үшін қажет, олардың қолдауы картельдердің пайда болуы мен қаржыландырылуы үшін керек. Салалық жоспарлауда бөлімдер қолданатын өлшемдер сұранысты болжауды, шикізат материалдарына қажеттілікті, баға деңгейіне әсер етуді, экологиялық жағдайға ықпал етуді және т.б. қамтиды.

Мысалы, 1970-жылдардың басында (Өндірістік құрылым жөніндегі кеңес) тоқыма өнеркәсібін дамып келе жатқан Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне «беруге», сондай-ақ, жапон тоқыма компанияларын ойын-сауық индустриясы саласына диверсификациялауға қаулы шығарды. ЭЕМ өндірісінің тарихы Жапонияда ғылымға бейімделген салалардың даму ерекшеліктерін анық сипаттайды.

Ұсыныстарды орындамау компанияның мемлекеттік органмен және әріптеспен қатынастарды қиындатуы мүмкін. Ұсыныстарды орындамаған фирманың атын көпшілікке жария ету әділетті мәмілелер жасау комитетінің әкімшілік әсер етудің ең соңғы шарасы болып саналады. Осындай амалмен бизнесте фирманың беделі түседі.

Ұсыныстарды орындау компаниялар үшін коммерциялық артықшылықтары да бар. Құнды қағаздармен жұмыс істейтін жапон компаниялармен байланысты 1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың басында ірі жанжалдар кезінде осы компаниялардың басшылығы өздерін ақтау үшін олар қаржы министрлігінің ұсыныстарына сәйкес әрекет еткендігін алға тартты. «Бойсұнғандары» үшін кінәлі компаниялар пайда болған қаржылай қарызды жоюға мемлекеттен көмек алды.

Мемлекеттік аппараттың жүзеге асыратын әкімшілік басқаруы бизнес пен қоғам арасындағы жанжалдарды шешуде маңызды рөл атқарады. Оның бір дәлелі ретінде 1995 жылы шет мемлекеттерге жапон үкіметінің көмегі айналасында 37 ірі компаниялардың заңсыз операцияларына қатысты жанжалды шешуде Әділетті мәмілелер комитетінің іс-қимылдарын атап өтуге болады. Жапонияның монополияға қарсы заңнамасына сәйкес заңдық шараларды қолдана алуына қарамастан, Комитет шаралар қолданбай, компанияларға заңсыз іс-қимылдарды тоқтату туралы ауызша кеңес берді.

Әкімшілік әдістермен салыстырғанда әкімшілік басқарудың бірнеше артықшылықтары бар. Олар:

1. Басқару объектісі мен субъектісі арасында ерікті ынтымақтастыққа негізделеді және осының нәтижесінде объект іс-қимылдарға көшу кезінде билік құзыретін қолданбауы;

2. Құрылымды күрделендіру мен қоғамдық қызметтің түрлі салаларын мамандандыруды тереңдету жағдайында оларды құқықтық нормалармен толығымен қамту өте қиын;

3. Заң ережелерін тиісті түрде орындау үшін үлкен шығын қажет және қандай да бір саясатты жүзеге асыру кезінде мұның кері әсері бар.

4. Әкімшілік басқару тез өзгеріске ұшырайтын әлеуметтік жағдайларға дұрыс жауап бере алады;

5. Қандай да бір салада нақты міндет бағыты бойынша басқару объектісін әрекет жасатуға тиімді.

Әкімшілік басқару жапон қоғамы мен ділінің бірнеше сипаттарын бейнелейді. Атап айтқанда, жапондықтар жанжалға барудан гөрі, келісімге баруды дұрыс деп санайды.

Жапониядағы әкімшілік басқаруға сүйенетін басқа ұлттық-психологиялық сипаттарының бірі жапондықтардың тиімділігі мен шынайылық қасиеттері. Осылайша жапон іскер топтары мемлекеттік аппараттың әкімшілік басшылығын моральдік-философиялық тұрғыдан емес, осы шаралардың тиімділігі мен нақты қажеттілігі тұрғысынан бағалауды жөн санайды.

Орталық мемлекеттік аппарат жергілікті органдар арқылы халыққа елеулі әсерін тигізеді. Бұл органдарда көптеген әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер бойынша халықпен тығыз байланысы бар. Қалалық және префектуралық муниципалды органдар өз саясатын жоспарлап жүзеге асыру кезінде орталықтан белгілі бір мөлшерде ресми түрде тәуелсіз әрекет етеді және орталық органдармен қосымша субсидиялар мен қаржыландыру алу кезінде байланыс орнатады. Алайда, орталық жергілікті органдарға қатысты тұрақты бейресми басшылық етеді. Мұны олардың арасындағы «канкансэттай» деп аталатын бейресми кездесулерден байқауға болады. Мейрамханалар сияқты жерлерде ұйымдастырылатын осындай кездесулер үшін жергілікті органдар арнайы бюджет қарастырып қойған. Атап айтқанда, тәуелсіз қайнар-көз деректері бойынша мұндай мақсаттарға 30 млрд. иен жұмсайды.

Мұндай кездесулерді ұйымдастыру бастамасын жергілікті органдар да қолдайды. Бұл кездесулер жергілікті қарызды шығарған кезде немесе мемлекеттік бюджеттен қоғамдық-өндірістік жобаны жүзеге асыра бастағанда орын алады. Жергілікті өзін-өзі басқару өкілдері осындай кездесулерді аталған шараларға қатысты өтініштерін айту және орталық министрліктердің пікірін білу үшін қолданады [173].

Орталық және жергілікті билік байланыстарында айта кететін тағы бір жайт, губернатордың орынбасары, префектура әкімшілігінде жетекші департаменттер мен бөлім басшылары қызмет орындарының көп бөлігін бұрынғы үкімет шенеуніктері иеленген [174].

Мемлекеттік шенеуніктер мен аймақтар арасындағы байланысты дамытуда Кадр агенттігінің өңірлік өкілдіктері жүзеге асырады. Олардың өкілдіктері сегіз префектурада орналасқан.

Мемлекеттің жоғарыда аталған мүмкіндіктерінің қоғамға барынша пайда келтіретіндей етіп жүзеге асырылуы аса маңызды. Алайда кейде мемлекеттің қоғамға масыл болатын жағдайы да кездеседі, қоғамға түгелдей орны толмайтын залал келтіріп, оның дамуына теріс рөл атқаруы мүмкін. Мемлекеттің қоғамға теріс ықпалы болғандықтан, оның қоғамды деформациялау сияқты салдары да кездеседі [175]. Сол себептен мемлекеттің қызметі әрдайым тек игі істерге ғана бағытталуы тиіс. Мемлекетте ешқашан заңға қайшы келетін әрекеттерге, жемқорлыққа жол берілмеуі қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаңғыру қоғамдық өмірдің барлық саласын, атап айтқанда, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық саяси, мәдени салаларды қамтиды. Бұл салалардағы өзгерістер өзара байланысты және бір-біріне қатысты. Егер олардың арасында ажырау болған жағдайда жаңғыру нәтижелері бөлінген, шектелген болып қалады. Мәселен, қарқынды экономикалық өсу оның жемісін бүкіл қоғамға таратпағанша түрлі әлеуметтік топтардың кірісін салыстырмалы түрде жақындастырмағанша мүмкін емес. Сондай-ақ, нарықтық құрылымдар қажетті мәдени ілгерілеусіз, жеке адамның белгілі типін анықтаусыз жұмыс істемейді, ал саяси демократия азаматтық қоғамның институттарынсыз әрекет етпейді.

Жаңғыру өзінің жүзеге асуының әртүрлі механизмдерін болжайды. Тарихи тұрғыда ол стихиялы түрде қоғамдық өмірдің қандайда болмасын аймағында бірігуі сапалы ілгерілеуге әкелетін (бұл әсіресе Батыс елдеріне тән) алғышарттарының бірте-бірте өз еркімен жиналуы арқылы, сонымен бірге кейбір топтар мен элиталардың саналы күш-жігері арқылы жүрді. Екі жағдайда да жаңғырудың табыстылығы көбіне өзгеріс процесі неғұрлым шектеулі жүргеніне байланысты болды.

Сөйтіп, жаңғыру теориясының "ішінде" елеулі өзгерістер болды: дәстүрлі мен қазіргі заманғының қатаң дихотомиясы қайта қаралды, алғашқысы тек антипод ретінде ғана емес, екіншінің әлеуетті қайнар көзі ретінде қарастырыла бастады; жаңғырудың түрлі нұсқалары танылды, бұл осы ұғымның жан-жақтылығын біршама дәрежеде бұзады; ақырында шешімін табуда қиындық туғызатын мәселелер пайда болды, мысалы, жаңғыру түрінде имитациялық жаңғыру ұғымы ұсынылғандығына байланысты шыққан мәселе.

Жаңғыру процестерін басқаша: либералды ойға дейінгі түрдің ескі нысанын нығайту құралдары ретінде пайдалануға талпыныс ретінде қарастыруға болады. Мұнда авторитарлық және тоталитарлық институттар, сондай-ақ екі өркениеттің жапсарласқан нысандары және өзінде ішкі жіктелу байқалатын гибридтік қалып бар.

Біздің зерттеу жұмысымыз көрсеткендей, алдыңғы қатарға әлеуметтік субъектіні, яғни шығармашылық жаңғыртушылық процесінің таратушысын зерттеу қажеттігі шығады. Осыдан келіп әлеуметтік шығармашылықты бір жағынан тарихи қалыптасқан мәдениетпен, біліммен бірге, мазмұны жаңғыртушылық процес туралы болатын инновацияны (жаңарту) қатыстыра отырып, ал екінші жағынан қалыптасқан әлеуметтік байланыспен арақатынасты сақтай отырып зерттеу мәселесі келіп шығады. Осыған байланысты жаңашылдықты дамыту ошақты сипатта болады.

Шындығында, бұл қоғамда қайшы пікірдің күшеюі үшін, кейде халық пен үкімет арасындағы, қала мен ауыл, орталық пен шеттің әр түрі әлеуметтік-мәдени топтар, азшылықтар арасындағы қарама-қарсылықтың болуы үшін белгілі бір мүмкіндік туғызады. Бұл белгілі бір жағдай кезінде, соның ішінде

қоғамдағы әлеуметтік-мәдени диалог механизмінің тиімсіздігі кезінде болатын ширығу, түрлі тартыстарды қалыптастырады.

Талдаулар көрсеткеніндей, жаңғыру пайдасы тіпті теориялық жағынан да дайын емес. Соның ішінде тараған қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер механизмі туралы біздің біліміміз де жеткіліксіз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап саяси дамудың жаңа бейнесін, президенттік басқару және қос палаталы парламенттің дүниеге келуі, саяси партиялар жүйесінде «Нұр Отан» партиясы басымдық танытатын билеуші партияның қалыптасуы негізінде мемлекетіміз ішкі және сыртқы тұрақтылыққа, қауіпсіздік пен бәсекелестікке қабілетті ел қатарына кіруге қадам жасап келеді.

Қазақстанның өзіндік жаңғыру моделін жетілдіруде біздің елімізге Шығысазиялық елдердің де жинаған тәжірибесінен алатын пайдалы тұстары бар екені сөзсіз. Мемлекеттің жаңғыру процесінде саяси жаңғыру болсын, әлеуметтік жаңғыру болсын жалпы жаңғыру саясатында мемлекет ерекше рөл атқарауы керек.

Жаңғыру процесін қай тұсынан талдайтын болсақ та, ол қарама-қайшылыққа толы процесс екенін аңғарамыз. Бұл процесс қоғамда өз-өзінен дами алмайды. Ол саяси жүйедегі бар әлеуметтік-мәдени, саяси қиындықтардан өтіп барып дамиды. Сонымен бірге саяси жаңғыруда рухани факторлар орын алмайды, әлеуметтік өмірдегі қоғамды жаңғыртудағы, жаңа технологиялық өзгерістер, саяси және әлеуметтік жаңа құрылымдардың ішкі және сыртқы өзгерістермен жүзеге асырылады.

Ұлттық саясаттың басымдығы еткен билеуші топтар жаңғырудың табысты жүзеге асуына ықпал етті. Бұл жағдай оның жүзеге асу ауқымы мен жылдамдығын қамтамасыз етіп, бүкіл қоғамға динамизм әсерін берді. Мұндай бағыт ел тәуелсіздігін сақтап қалып, дүниежүзілік қауымдастықта өз орнын иеленуге қажет еді. Жаңғырудың екі кезеңінде де бір мақсат болғанымен, оған жетудің жолдары әртүрлі: милитаристік және демократиялық болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жаңғыру елдегі экономикалық және саяси-әлеуметтік жағдайды түбегейлі өзгертті. Жапония модернизацияланған қоғамдардың толыққанды мүшесі атанды. Жапонияның жетістікке жетуінің басты себептері – экономикадағы динамизм мен тиімділік, өзгеріске ұшырап отырға жағдайларға тез бейімделу. Сонымен бірге, адами факторды сәтті пайдалануды да себептердің біріне қосуға болады.

Қазіргі таңда жапон қоғамының әлеуметтік-мәдени динамикасы батыс үлгілерін көшірмей, «жеке салт-дәстүрі негізіндегі жаңғыру» сатысында тұр деп есептеледі, сондай-ақ, жапон халқының көп бөлігі олардың жақсы өмір сүруін қамтамасыз етуге ұмтылу қоғамның маңызды басымдығы болып саналады. Гүлдену мен әлеуметтік тұрақтылық өзін-өзі реттеу арқылы қамтамасыз етілетін қоғам қалыптасып, мұндай қоғамда адамдар бір-біріне көңіл бөлу және бір-бірін құрметтеуге ерекше мән береді. Қазіргі жапон қоғамында №1 экономикалық державаға айналу ұстанымын ғаламдық мәселелерді шешуге үлес қосу талпынысы, ең алдымен, қоршаған орта

мәселелерімен, әлемдегі аштықпен және т.б. мәселелермен күресу сияқты игі мақсаттарды жүзеге асыру қоғамдық ойы алмастыруда.

Алайда, Жапонияның жаңғыру тәжірибесі өркениеттің бірегей моделін құруға, дәстүрлі қоғамның батыс үлгісіндегі қоғамға айналуына алып келмеді. Өйткені, жапондықтар тарихи процесті ешқашан үзбеген, өз тарихынан ешқашан бас тартпаған, өз салт-дәстүрлеріне берік бола отырып, тарихи сабақтастықты сақтап келеді. Сырттан келген кірме элементтер жапондықтардың тіршілік ету контекстісімен байланысып, жергілікті жағдайларға бейімделді.

Жапон саяси мәдениеті дәстүр мен модерн ұғымын органикалық түрде жақсы үйлестірді. Олардың бір-бірімен сабақтасқаны соншалық, гибридтеу (дзашшюсэй) термині пайда болды. Осындай ерекшеліктердің болуына қарамастан, әлеуметтік-саяси дәстүр мен өзекті шындық ара-қатынасы динамикасы – қазіргі жапон қоғамының маңызды мәселелерінің бірі және жапон қоғамы модерн мен дәстүршілдіктің өте тиімді синтезін қалыптастыруда.

Қазақстан Республикасының тұрақты саяси даму аясында Жапониядағы саяси жаңғыру процестерін кешенді түрде саяси зерттеу нәтижесін жинақтау теориялық қорытындылар мен практикалық ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді. Автордың пікірі бойынша болашақта Қазақстанның шынайы әрі тиімді демократиялық саяси жүйесін құруға бағытталған келесі саяси тұжырымдар ұсынылады:

– мемлекеттің демократиялық ашық болуы мен Қазақстандықтардың қоғамдық өмірге саяси араласуын арттыруға бағытталған, дәстүрді ескере отырып Жапонияның саяси жаңғыру тәжірибесінің жаңа амал-тәсілдері мен технологияларын жасау және енгізу тиімділігі бар;

– біздің ұлттық ерекшеліктерімізді, сондай-ақ, тәуелсіздік жылдар бойы қалыптасқан мемлекеттік жүйені реформалау тәжірибесін есепке ала отырып, қазіргі ішкі саяси және сыртқы саяси ақиқатты ескеретін және Жапонияның оңтайлы тәжірибесін қамтитын қазіргі либералды-модернизациялық саясатты мемлекеттік деңгейде жасау, талқылау және енгізу орынды;

– мемлекеттің кейінгі демократиялық дамуына байланысты мемлекеттің жаңғыру саясатына қажетті толықтырулар мен өзгертулерді енгізіп отыру;

– Жапонияның жемісті саяси бағдарламалары негізінде Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің кейінгі демократиялануына бағытталған бірнеше ірі көлемді саяси бағдарламалар мен ағымдағы жоспарлы іс-шараларды жасау және жүзеге асыруға болатындығы анық;

– дамыған елдердің басқару формаларын, сондай-ақ, шет мемлекеттерде саяси тұрақтылық пен тәуекелдердің деңгейіне жүйелі саяси талдау және бағалау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын ғылыми орталықтар құру қажеттілігі бар;

– ҚР саяси партияларының қызметіне қатысты қоғам және қоғамдық ұйымдар тарапынан қоғамдық бақылау деңгейін және оның мәнін арттыру үшін жағдай жасау қажет.

Сонымен, Қазақстан Республикасының саяси жаңғыруының ақырғы мақсаты – өркениетті, демократиялық қоғам құру. Елімізде қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету терең әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге ұшырап отырған Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік мәселелерінде маңызды орынға ие болып отыр. Ішкі және сыртқы саяси мәселелерді біріктіретін аталмыш мәселе айтарлықтай зерттеу қызығушылығын туындатып отыр [138, 73-б.].

Қайта өндірістің жалпыұлттық циклі; халықтың барлық әлеуметтік топтарының саяси өкілдігінің құрылымдық-функционалды жүйесі; үнемі өзгеріске ұшырап тұратын қоғамның демократиялық қағидаларына сәйкес өз бетінше және тәуелсіз әрекет ететін шынайы саяси актор осы қоғамның жүйесін құрайтын компоненттер болып саналады. Осыған байланысты біз Қазақстан Республикасында Қазақстандық қоғамның демократиялануы мен мемлекеттің бәсекелестікке қабілетті болу әлеуетін арттыру аясында «Нұр Отан» саяси партиясы жаңғыру процесінің кейінгі дамуын алға сүйрейтін саяси күш ретінде қалыптасып келе жатқанын атап өтеміз. Сондықтан, партиялық жүйелердің шығысазиялық моделінің тәжірибесі бір саяси партияның басым болуын қамтамасыз ететін Қазақстанның партиялық жүйесін жетілдіруге жақсы бір үлгі болады.

Жұмыстың теориялық және практикалық мәні оның нәтижелері мен қорытындылары Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарында және саяси қайраткерлер тарапынан жергілікті орындарда кеңінен қолданылуы мүмкін, сондай-ақ, олар отандық және шетелдік саяси ғылымның оң дамуына өз септігін тигізеді. Сондықтан, диссертациялық еңбектің ғылыми нәтижелерін және тұжырымдарын жоғарғы оқу орындарында саясаттану, мәдениеттану, саясат философиясы, әлеуметтану тәрізді пәндерді оқытуда қолдануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Иванова Ю.В. Этнос: Социокультурная динамика и традиции: автореф. … док. ист. наук. – М., 2000. – 30 с.

2 Сморгунов Л.В. Современная сравнительная политология /учебник. - М., 2002. – 185 с.

3 Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда: Атамұра, 2006. – 372 с.

4 Доватур А.И. «Политика» Аристотеля //Аристотель. Сочинения: в 4 т. – М.: Мысль, 1983. - Т. 4. - С. 38–52.

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. –Алматы, 1995.

6 Об учреждении поста Президента Казахской ССР и внесении изменений и дополнений в Конституцию (Основной Закон) Казахской ССР /Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 24 апреля 1990 года. - П. 2.

7 ҚР 2002 жылғы 15 шілдедегі «Саясия партиялар туралы» № 344 Заңы. URL: http:// adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000344_

8 ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызметі туралы» № 416-V Заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416

9 Нихонкокукэмпо (Жапония Конституциясы): Токио 1947.

10 Найкакухо (Министрлер кабинеті туралы Заң): Токио 1947.

11 Коккакомуинхо (Мемлекеттік қызметкерлер туралы Заң), 1947.

12 Коккагесэйсошикихо (Әкімшілік-мемлекеттік басқару туралы Заң), Токио 1948.

13 Чихокомуинхо (Жергілікті мемлекеттік қызметкерлер туралы Заң), Токио: 1947

14 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының өсуі. - Алматы: Білім, 2001. – 94 б.

15 Назарбаев Н.А. Послание президента народу Казахстана. Основные направления внутренней и внешней политики на 2004 год //Казахстанская правда. – 2003, апрель-4.

16 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012, 14-желтоқсан. URL: http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyn-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza

17 ҚР Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – 2017, 31 қаңтар. URL: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar

18 ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» - 2019, 2 қыркүйек. URL:

http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy

19 Программа действий Правительства по ускорению реформ и выходу из экономического кризиса. – Алматы, 1994. // Казахстанская правда. -29 июля. Раздел II.2.2.

20 Программа действий Правительства РК по углублению реформ на 1996-1998 гг. //Казахстанская правда. - 1995, декабрь-20.

21 National Security Strategy of Japan. December, 2013.

22 On Economic Self-Support of Japan (Халықаралық сауда және индустрия министрлігінің мемлекеттік даму жоспары, «Окано жоспары»), Токио 1953.

23 «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі бағдарламасы. Бақуатты қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты. «Нұр Отан» партиясының 2019 жылғы 27 ақпандағы кезекті XVIII Съезінде қабылданды. URL: https://nurotan.kz/party-programm?lang=kz

24 Вага тоно кихон хошин (Партиямыздың негізгі бағыты). Токио, 1985.

25 The constitution of the Liberal Democratic Party. Revised January 18, 2009. URL: https://www.jimin.jp/english/about-ldp/constitution/index.html

26 Declaration of the Liberal Democratic Party. ЛДП бас пәтерінің басылымы, Tokyo,1995.

27 Для устойчивого роста и перехода Казахстана в категорию развитых государств нам нужны более глубокие реформы – Н.Назарбаев. URL: https://www.inform.kz/ru/dlya-ustoychivogo-rosta-i-perehoda-kazahstana-v-kategoriyu-razvityh-gosudarstv-nam-nuzhny-bolee-glubokie-reformy-n-nazarbaev-foto_a2778857

28 Главное – это огромное доверие и поддержка всех казахстанцев. Это основной источник политического лидерства «Нур Отана» в XXI веке – Н.Назарбаев. URL: https://www.inform.kz/ru/glavnoe-eto-ogromnoe-doverie-i-podderzhka-vseh-kazahstancev-eto-osnovnoy-istochnik-politicheskogo-liderstva-nur-otana-v-hhi-veke-n-nazarbaev_a2598200

29 В 2050 году Казахстан будет единым сплоченным народом, образцовым национальным государством – Нурсултан Назарбаев. URL: https://www.inform.kz/ru/v-2050-godu-kazahstan-budet-edinym-splochennym-narodom-obrazcovym-nacional-nym-gosudarstvom-nursultan-nazarbaev_a2553336

30 Конституция Республики Казахстан – основа социальной модернизации общества и государства – Глава государства. URL: https://www.inform.kz/ru/konstituciya-respubliki-kazahstan-osnova-social-noy-modernizacii-obschestva-i-gosudarstva-glava-gosudarstva_a2490649

31 Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда. URL: https://www.inform.kz/ru/social-naya-modernizaciya-kazahstana-dvadcat-shagov-k-obschestvu-vseobschego-truda_a2478336

32 Казахстанский путь: стабильность, единство, модернизация. URL: https://www.inform.kz/ru/kazahstanskiy-put-stabil-nost-edinstvo-modernizaciya_a2459586

33 Хошю сайсэй-но тамэ-ни канджичё-о джису (Консервативті өрлеу үшін бас хатшы қызметінен кетемін) - Бунгэй шюнджю. 2004. № 9, 156-161 бб.

34 «Уцукуший Нихонэ кэцуан-то иши-о» («Әдемі Жапонияға» ұмтылыс жасау күш-жігері). - Бунгэй шюнджю. 2006, № 5, 216-217, 220 бб.

35 Жапонияның статистика бюросының 2019 жылғы анықтамалығы. URL: https://www.stat.go.jp/english/data/nenkan/68nenkan/index.html

36 Жапонияның статистика бюросының 2020 жылғы анықтамалығы. URL: https://www.stat.go.jp/english/data/nenkan/69nenkan/index.html

37 Асахи шимбун. 09.02.2009.

38 Асахи шимбун. 17.08.2009.

39 Асахи шимбун. 01.09.2009.

40 The Japan Times. 21.09.2005.

41 The Japan Times. 17.09.2007.

42 Иомиури шимбун. 23.11.2005.

43 Нихон кэйдзай шимбун. 02.09.2008.

44 «Джию шимпо» (ЛДП газеті), 7.06.1994.

45 Амрекулов Н.А., Масанов Н.Э. Казахстан между прошлым и будущим. – Алматы: МПТБерен, 1994. – 205 с.

46 Романова Н.В. Политико-экологическая модернизация //Мысль, 2001. - № 2. - С.19-25.

47 Кадыржанов Р.К. Роль института президентства в консолидации политической системы Казахстана. //Институт президентства в новых независимых государствах: материалы международной конференции. – Алматы: Компьютерно-издательский центр ИФП МОН РК, 2001. – С. 211-212.

48 Борбасов С.М. Казахстан: эволюция в постсоветском пространстве. //Вестник Государственного университета «Семей». - 1999. - № 2.

49 Сыроежкин К.Л. Государственность и этничность: проблемы и приоритеты переходных обществ //Казахстан на пути к устойчивому развитию.- Алматы, 1996. - 143 с.

50 Лаумулин М. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика. Политология. Казахский институт стратегических исследований при Президенте РК /Информационно-аналитический центр «Континент». – Алматы, 1999. – 112 с.

51 Шаймарданова Н.Ж. Политическая модернизация Японии и Республики Казахстан: учебное пособие //Электрон. текстовые данные. - Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2014. - 152 с.

52 Алдабек Н.А., Бектурганова П.Е., Сериккалиева А.Е. Модернизация Китая и Казахстан /отв. ред.-сост. П. Е. Бектурганова. /КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2014. – 347 с.

53 Ким Г.Н. Казахстан - Южная Корея: по пути стратегического партнерства: /КИСИ при Президенте РК. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2012.

54 Абдуллаев С. Социально-политическая модернизация – основа развития гражданского общества (на примере Республики Казахстан). Вестник университета № 8, 2014.

55 Кано Масанао. Исин-эно дзёкёку (Кано Масанао. Прелюдия к исин) //Бакумацу: сисосю (Идеология Бакумацу: сб. материалов). – Токио, 1969. 334 с.

56 The Meiji Restoration: Roots of Modern Japan. Shunsuke Sumikawa. March 29, 1999. ASIA 163.

57 Junnosuke Masumi. Nihon seijishi (The Political History of Modern Japan). -University of Tokyo Press, 1988. – Vol. 4. – 341 p.

58 Meiji Japan's Encounter with Modernization. Hisao Furukawa. Southeast Asian Studies. Vol. 33, No.3, December 1995. pp.215-236.

59 Miyazaki, Ichisada. 1977. Chugokushi [The History of China], 2 vols. Iwanami Zensho.

60 Hiromatsu, Wataru. 1989. «Kindai no Chokoku» Ron [Discourse on «the Conquest of Modernity»]. Tokyo: Kodansha Gakujutsu Bunko.

61 Накакита Коджи. Гэндай нихон-но сэйто демокураси = Партийная демократия современной Японии. - Токио, 2012. - 256 с.

62 Сато Сэйдзабуро, Мацудзаки Тэцухиса. Джиминто сэйкэн = Власть Либерально-демократической партии. - Токио, 1986. 416 с.

63 Суэтакэ Ёсия, Такэда Томоки. Нихон сэйтоши = История японских политических партий. - Токио, 2011. - 373 с.

64 Tsurumi Kazuko. Social Change and the Individual. - Princeton, 1970. – 441 p.

65 Иэнага Сабуро. История японской культуры. - М., 1962. – 39 с.

66 Maruyama Masao. Studies in the Intellectual History of Tokugawa Japan. - Tokyo, 1974 –422 p.

67 Нагата Хироси. История философской мысли в Японии. - М., 1991. - 416 с.

68 Наканэ Т. Нихондзин то нихон сякай но токусюсэй ни цуйтэ (Японцы и специфика японского общества). - Токио, 1972. - 212 с.

69 Noma S. The Arts of Japan. - 1978. - 175 с.

70 Yanagida K. Japanese Manners and Customs in the Meiji Era. - Tokyo, 1957. – 335 p.

71 Ачкасов В.А. Трансформация традиций и политическая модернизация: феномен российского традиционализма // Философия и социально-политические ценности консерватизма в общественном сознании России (от истоков к современности): сборник статей. /под ред. Ю.Н. Солонина. - СПб.: издательство СПб, 2004. – Вып. 1. - С. 173-191.

72 Раков В.М. Особенности российского традиционализма //Консерватизм: история и современность: материалы международной научной конференции (12-13 мая 1994 г). - Пермь: Новая книга, 1995. – С. 69- 75.

73 Мусихин Г.И. Власть перед вызовом современности: сравнительный анализ российского и немецкого опыта конца XVIII-начала XX века. - СПб.: Проспект, 2004. - 288 с.

74 Гудков Л. Негативная идентичность: статьи 1997-2002 годов. - М.: Век, 2004. - 816 с.

75 Японский феномен /отв. редактор К.О.Саркисов. – М.: ИВ РАН, 1996. – 180 с.

76 Молодякова Э.В., Маркарьян С.Б. Японское общество: книга перемен. Полтора века эволюции. – М.: ИВ РАН, 1996. – 253 с.

77 Цветова И.А. Эволюция современной партийно-политической системы Японии. – М.: ИДВ, 2002. - 200 с.

78 Еремин В.Н. Политическая система современного японского общества. – М.: Наука, 1992. – 216 с.

79 Стрельцов Д.В. Система государственного управления Японии в послевоенный период. – М.: МАКС Пресс, 2002. – 304 с.

80 Сенаторов А.И. Политические партии Японии: сравнительный анализ программ, организации и парламентской деятельности (1945-1992). – М.: изд. фирма «Восточная литература», 1995. – 352 с.

81 Павленко П.А. Либерально-Демократическая партия в политической системе современной Японии. – М.: АИРО-XXI, 2006. – 268 с.

82 Сенаторов А.И. Япония: курс на структурные реформы //Проблемы Дальнего Востока. – М., 1998. - № 2. - С. 37-49.

83 Волкогонова О.Д. Либерализм и консерватизм в России: метаполитические размышления //Вестник Московского университета. Сер. 7. Философия. – М., 2001. - № 5. – С. 28-41.

84 Верисоцкая Е.В. Эволюция либеральных взглядов в японском обществе в 1870 - 1880 гг.: препринт. – Владивосток, 1990. – 71 с.

85 Кирквуд К. Ренессанс в Японии (культурный обзор семнадцатого столетия). – М.: Наука, 1988. 304 с.

86 Кобзев А.И. Учение Ван Янмина и классическая китайская философия. – М.: Наука, 1990. – 353 с.

87 Гайдар В.М. Националистическая идеология в духовной жизни Японии. – М.: ИМЭМО, 1989. – 6 с.

88 Кобец В.Н. Фукудзава Юкити: мировоззрение и деятельность //Из истории общественной мысли Японии XVII-XIX вв. - М.: Наука, 1990. - С. 130-159.

89 Норман Г. Возникновение современного государства в Японии. Солдат и крестьянин в Японии: пер. с англ. – М.: Восточная литература, 1961. – 285 с.

90 Вебер М. Избранные произведения. - М., 1990. - 808 с.

91 Thomas G. Huber The Revolutionary Origins of Modern Japan. – Stanford, Ca: Stanford University Press, 1981. – 272 p.

92 Элиаде М. Космос и история. - М., 1987. - 312 с.

93 Мараини Ф. Япония. Образы и традиции. - М., 1980. – 158 с.

94 Хантингтон С. Политический порядок в меняющихся обществах. – М.: Прогресс-Традиция, 2004. – 480 с.

95 Старостин Б.С. Проблемы модернизации: история и современность //Модернизация и национальная культура. – М.: «Апрель – 85», 1995. – С. 8-21.

96 Ақын Б.Қ. Саяси ғылымдағы жаңғыру теорияларының концептуалды негіздері //Адам әлемі. - 2015. - № 1-2. – Б. 39-46.

97 O'Connell, James The Concept of Modernization /In. C.E. Black (ed.) Comparative Modernization. – New York: Free Press, 1976. - P. 13-24.

98 Федотова В.Г. Типология модернизаций и способов их изучения //Вопросы философии. – 2000. - № 4. – 28 с.

99 Осипова О.А. Американская социология о традициях в странах Востока /гл. ред. восточ. лит. - М.: Наука, 1985. – 127 с.

100 Инглегарт Р. Модернизация и постмодернизация //Новая индустриальная волна на Западе /под ред. В. Иноземцева. - М.: Академия, 1999. – С. 261-291.

101 Гидденс Э. Последствия модернити //Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология /под ред. В.Л. Иноземцева. - М.: Academia, 1999. – С. 101-122.

102 Ульрих Бек Общество риска: на пути к другому модерну. - М.: Прогресс-Традиция, 2000. – 384 с.

103 Сен-Марк Ф. Социализация природы. - М.: изд-во «Прогресс», 1977. – 435 с.

104 Манченко А.П. Социальная модернизация в современной России. - М.: Издательство НОУ, 2000. – 55 с.

105 Рукавишников В.О. Социологические аспекты модернизации России и других посткоммунистических обществ //Социологические исследования. - 1995. - № 1. - С. 34-46.

106 Турен А. Возвращение человека действующего /Очерк социологии. - М.: Научный мир, 1998. – 204 с.

107 Кравченко А.И. Культурология: учебное пособие для вузов. - 3-е изд.- М.: Академический проект, 2001. – 496 с.

108 Huntington Samuel P. Democracy's third wave //Journal of democracy. - 1991. – Vol. 2, № 2. – P. 12-34.

109 Mohamad Mahatir, Ishihara Shintaro. The voice of Asia. – Tokyo, 1996. – P. 159.

110 Alexander J. Modern, anti, post, and neo: how social theories tried to understand the "new world" of our time //Zeitschrift fur Soziologie. - 1994. - № 23.- P. 165-197.

111 Tiriakyan E. Modernization: exhumetur in pace (rethinking macrosociology in the 1990s) //International Sociology. - 1991. - Vol. 6, № 2. - P. 165-180.

112 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций: пер. с англ. Т. Велимеева, Ю.Новикова. – М: АСТ, 2003. – 603 с.

113 Therborn G. Routes to/through modernity /Global modernities. eds. M. Featherstone et al. – London, 1995. – P. 124-139.

114 Senghaas D. Wie geht es mit China weiter? //Leviathan, 1996. - Heft 1. – P. 78.

115 Dahrendorf R. Economic opportunity, civil society, and political liberty //UNRISD discussion papers. – Geneva, 1995. – 58 p.

116 Ленин В.И. Полное собрание сочинений. (Критические заметки по национальному вопросу). – М.: 1973, Т. 24. - 568 с.

117 Вопросы философии. – 1991. - № 3. - 111 с.

118 Changing Japanese Attitudes Towards Modernization. – Tokyo, 1982. – P. 222.

119 Мировая экономика и международные отношения. – 1991. - № 10. - 170 с.

120 Янаихара Тадао. Киндай нихон сеси (Краткий очерк истории современной Японии. – Токио, 1997. - 156 с.

121 Цуцуми Сэйджи. Пути перемен: сокр. пер. с яп. /ред. и предисл. Я.А. Певзнера. - М.: Прогресс, 1982. - 232 с.

122 The Japanese Trajectory, Modernization and beyond. - Cambridge, 1988. – 312 p.

123 Parsons T. The structure of social action; a study in social theory with special reference to a group of recent European writers. - New York: McGraw-Hill, 1937.- 817 p.

124 Tsurumi Kazuko Social Change and the Individual: Japan Before and After Defeat in World War II. - Princeton: Princeton University, 1970. - 441 p.

125 Хорос В. Модернизация в России и Японии (цивилизационные аспекты) //Мировая экономика и международные отношения. – 1991. - № 8. - 70-79 с.

126 Вебер М. Избранные произведения. - М., 1990. - 808 с.

127 «Дух Ямато» в прошлом и настоящем». - М., 1989. - 215 с.

128 Розенберг О.О. Труды по буддизму. - М.: Главная редакция восточной литературы, 1991. – 295 с.

129 Вопросы философии. – 1991. - № 4. - 161 с.

130 Общественные науки за рубежом. – 1982. - Сер.9, № 3.

131 Соловьев В.С. /Соб.соч. - СПб, б/г. - Т.6. - 131 с.

132 Мараини Ф. Япония: Образы и традиции: пер. с англ. М.А. Смирновой. – М.: Планета, 1980. – 199 с.

133 Человек и мир в японской культуре: сб.ст. – М.: Наука, 1985. - 281 с.

134 Проблемы Дальнего Востока. – 1991. - № 4. - 236 с.

135 Загорский А.В. Япония и Китай: пути общественного развития в оценке японской историографии. – М.: Наука, 1991. - 192 с.

136 Амрекулов Н.А., Масанов Н.Э. Казахстан между прошлым и будущим. –Алматы: МПТБерен, 1994. - 205 с.

137 Амрекулов Н. Казахская интеллигенция: испытание суверенитетом //Караван. – 1994, июнь-25.

138 Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии. - Алматы, 1996. - 208 с.

139 Сыроежкин К.Л. Государственность и этничность: проблемы и приоритеты переходных обществ //Казахстан на пути к устойчивому развитию.- Алматы, 1996. - 143 с.

140 Хорос В.Г., Чешков М.А. Политическая модернизация в посттрадиционных обществах //Авторитаризм и демократия в развивающихся странах. - М.: Наука, 1996. - 336 с.

141 Карагодин Н.А. Проблемы выбора рациональной экономической стратегии. //Авторитаризм и демократия в развивающихся странах. - М.: Наука, 1996. - 336 с.

142 Peter Duus. Modern Japan. - Houghton Mifflin Co., 1998. – 400 p.

143 Harrison D. The sociology of modernization and development. - London, 1988. –216 p.

144 Modern Political Systems*:* Europe. /edited by Roy C. Macridis and Robert E. Ward. - Englewood Cliffs, N. J.: Prentice-Hall Inc., 1963. – 575 p.

145 Байзакова К.И. Сравнительный анализ президентского института центральноазиатских государств //Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – 2003. – №1(22). – С. 33-38.

146 Ақын Б.Қ. Қазақстандағы «президент» және Жапониядағы «император» феномені: салыстырмалы талдау //10-шы өркениет жолы халықаралық ғылыми жиналыс: тіл, мәдениет, қоғам аспектілері. - Алматы, 2012. – Б. 65-69.

147 Лаумулин М. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика. Политология /Казахский институт стратегических исследований при Президенте РК. – Алматы: Информационно-аналитический центр «Континент», 1999. – 112 с.

148 Ашимбаев М. К вопросу о факторах и особенностях политического развития Казахстана //Саясат. – 2001, март. – С. 21-23.

149 Ашимбаев М. Политический транзит: от глобального к национальному измерению. – Астана: Елорда, 2002. – 304 с.

150 Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулова А. Эволюция политической системы Казахстана. – Алматы, 2001. – 253 с.

151 Султанов Б.К. Многовекторность и евразийство — фундамент внешней политики суверенного Казахстана. //Независимый Казахстан: настоящее и будущее: сборник мат. науч.-практ. конф. /отв. ред. С.Т. Сейдуманов, Б.К. Султанов. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. - 68 с.

152 Япония: Послевоенная государственная политика: вызовы и ответы = Japan. Post-War Government Policy: Challenges and Pesponses /Центр по изуч. соврем. Японии, Ин-т востоковедения РАН, Япон. фонд /отв. ред. А. И. Кравцевич. - М.: Издат. Фирма «Вост. лит.» РАН, 1998. - 318 с.

153 Молодяков В.Э. Консервативная революция в Японии: Идеология и политика. - М.: Вост. лит., 1999. - 319 с.

154 Япония: экономика, политика, общество на заре XXI в. /отв. ред. В.Б. Рамзес. - М.: ИФ «Восточная литература» РАН, 2003. - 318 с.

155 Макаров А.А. Политическая власть в Японии. Механизм функционирования на современном этапе. - М., 1988. – 153 с.

156 Declaration of the Liberal-Democratic Party of Japan. - Tokyo, 1995. - P. 15

157 Гаджиев К.С. Введение в геополитику: учебник. – М.: Логос. 2000. - 257 с.

158 Правящие круги Японии. Механизм господства: сборник статей /отв. ред. И.А. Латышев, В.А. Попов. – М.: Наука, 1984. - 290 с.

159 Япония и современный мировой порядок /отв. ред. А.Е. Жуков, И.П. Лебедева /Центр по изучению соврем. Японии, Ин-т востоковедения, Япон. фонд. – М.: Вост. лит., 2002. – 207 с.

160 Япония: общество и культура: реф. сб. /РАН. ИНИОН /отв. ред. А.И. Фурсов. - М.: РАН. ИНИОН, 1999. - 170 с.

161 Ақын Б.Қ. Идейно-теоретические позиции Либерально-Демократической партии Японии //Профессор, ғалым, педагог және қоғам қайраткері Ким Герман Николаевичтің 60 жылдығына арналған «Қазақстандағы Корейтану: даму тенденциялары мен перспективалары» халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. - Алматы, 2013. – Б. 26-32.

162 Ақын Б.Қ. Civil Service of Kazakhstan: Status and Perspectives //The Asian Conference on the Social Sciences and Sustainability at the KKR Hotel Hiroshima. – Japan, 2014, December 1-3. – P. 93-98.

163 Илышев А. Япония: административная реформа и государственный аппарат //Проблемы теории и практики управления. - 1995. - № 5. - С. 4.

164 Цунэо Инако. Современное право Японии: пер. с яп. В.Е. Батуренко /под ред. В.Н. Еремина. - М.: Прогресс, 1981. - 270 с.

165 Гудошников Л.М. Система государственной службы в Японии //Советское государство и право. - 1971. - № 2. – 128-136 с.

166 Ақын Б.Қ. Жапонияның мемлекеттік қызметін реформалау: мәселелері мен болашағы //Адам әлемі. - 2014. - № 2. – Б. 164-169.

167 Латышев И.А. Японская бюрократия. - М., 1968. - 111 с.

168 Еремин В.Н. Политическая система современного японского общества. - М., 1992. - 215 с.

169 Макаров А.А. Политическая власть в Японии. - М., 1989.

170 『「日本文化論」の変容一戦後日本の文化とアイデンティティー』, 中央公論社. – 1990.

171 福岡国際大学紀要 No．213 〜25 （1999） 近代化論における近代の両義性と日本的特殊性 室井研二 Rethinking Modernization Theories： Ambivalence and Japan’s Specificity of Modernity Kenji Muroi.

172 日本近代化の思想 (講談社学術文庫) ペーパーバック – 1986/7.

173 Ақын Б.Қ. Жаңғыру процесіндегі жапон үкіметінің саяси реформалары //ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. – Алматы, 2015. -№ 5. – Б. 18-24.

174 Ақын Б.Қ. Implementation of civil service reforms in post-Soviet Kazakhstan: Legal framework, opportunities and challenges //Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues. – 2017, December. - Vol. 20. - № 3.

175 Байзакова К.И. Процесс политической модернизации в странах Центральной Азии и опыт европейских стран. Опыт политической и экономической трансформации: казахстанская модель //Материалы «круглого стола» /отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – 144 с.